



**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ  
ФАКУЛЬТЕТІ  
ФАКУЛЬТЕТТІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІ  
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ**

# **«ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА – 25 ДӘРІС»**

**ғылыми-әдістемелік семинар материалдарының жинағы**

**2016 жылдың 16–25 қарашасы**

**Алматы 2016**



ӘОЖ 378:8/0/81  
КБЖ 74.58:81.2Каз  
Қ18

Баспаға Филология және әлем тілдері факультетінің  
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған

**Редакция алқасы:**

Салқынбай Анар Бекмырзақызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.  
Ақымбек Съезд Шардарбекұлы – Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к.  
Иманқұлова Салтанат Меркібайқызы – Филология және әлем тілдері факультеті Әдістемелік  
кеңесінің төрағасы, ф.ғ.к.  
Аширова Анар Тишибайқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

**Жинақты құрастырушылар:**

Ақымбек Съезд Шардарбекұлы – Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к.  
Егізбаева Назыкен Жаненқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

«Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығына – 25 дәріс»: ғылыми-әдістемелік  
семинар материалдарының жинағы (2016 жылдың 16–25 қарашасы). – Алматы:  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016. –163 бет.

ISBN 978-601-278-863-1

ӘОЖ 378:8/0/81  
КБЖ 74.58:81.2Каз

ISBN 978-601-278-863-1

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

## МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	5
--------------	---

### I. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

<i>Сағындықұлы Б.</i> Түбіртек теориясының кейбір мәселелері.....	7
<i>Сағындықұлы Б.</i> Ежелгі дәуірлердегі протезалық, эпентезалық, эпитезалық дауыссыздар .....	29
<i>Сағындықұлы Б.</i> Орта ғасыр ескерткіштерінде жіктеу есімдіктерінің қолданылу ерекшеліктері.....	37
<i>Сағындықұлы Б.</i> Атау септік формасынан тәуелдік жалғауының пайда болуы .....	42
<i>Құлжанова Б.Р.</i> Көп мағыналықтың пайда болу тәсілдері .....	51

### II. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ: БІР ҒАСЫР, САН ТАҒДЫР

<i>Салқынбай А.Б.</i> О. Бөкей шығармаларындағы тілдік білік .....	58
<i>Әміров Ә.Ж.</i> Терминдердің жасалу тәсілдері.....	64
<i>Anessova U.</i> Symbol as a multi-notional conventional sign .....	69
<i>Исхан Б.Ж., Шыныбекова А.К.</i> Әліпбиіміздің дыбыстық құрамы мен емле ең басты мәселе .....	72
<i>Шыныбекова А.К.</i> Терминжасам және латын графикасы жөнінде.....	78

### III. ТІЛДІК БӘСЕКЕДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

<i>Абдрахманова Ж.Ә.</i> Көптілділік – бәсекеге қабілеттіліктің белгісі.....	86
<i>Аширова А.Т.</i> Арнайы мақсатта қолданылатын тіл мәселесі.....	89
<i>Егізбаева Н.Ж.</i> Үштұғырлы тіл жағдайында қазақ тілін оқыту мәселелері ...	95
<i>Күркебаев К.Қ.</i> Қазақстан жоғары оқу орындарында көптілді оқытудың қажеттілігі .....	99

### IV. ҚАЗАҚ ТІЛІН КӘСІБИ ДЕҢГЕЙДЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Салқынбай А.Б.</i> Қазақ тілін жаңаша оқытудың қажеттілігі.....	104
<i>Жусанбаева С.Б.</i> Сабақта бекіту мен қайталауды ұйымдастыру.....	111
<i>Иманқұлова С. М., Егізбаева Н. Ж.</i> Жоғары оқу орындарында кәсіби қазақ тілін оқыту мәселелері .....	115
<i>Иманқұлова С.М.</i> Тілді үйретудегі заманауи технологиялар .....	119
<i>Рамазанова Ш.Ә.</i> Көмекші сөздерді оқытудағы ерекшеліктер.....	125
<i>Шыныбекова А.К.</i> Мамандыққа қатысты мәтіндерді бейімдеп оқыту әдістері .....	129

<i>Шыныбекова А.К.</i> Заң саласы терминдерінің жасалу ерекшеліктері және кәсіби сөздер .....	132
<i>Ақымбек С.Ш.</i> Орфоэпиялық нормалардың негізгі принциптері .....	136
<i>Ақымбек С.Ш.</i> Ауызекі сөйлеу тіліндегі интонацияның ерекшелігі .....	141
<i>Ақымбек С.Ш.</i> Өлең сөздің орфоэпиялық және интонациялық құрылымы ...	148
<i>Ақымбек С.Ш.</i> Көркем әдебиетті мәнерлеп оқудың суперсегментті тәсілдері .....	155
<i>Тасымов А.</i> Қазақ тілінің лексика-семантикалық сипаты .....	161

## АЛҒЫСӨЗ

Еліміз Тәуелсіздігін алып, тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болғалы да ширек ғасыр уақыт өтті. Осы уақыт аралығында қазақ тіл білімі жаңа ғылыми бағыттарда дамып, тіл тарихын терең зерделеуге мүмкіндіктер туды. Қазақ тілін лингвомәдени, этнолингвистикалық тұрғыда зерттеуге арналған құнды еңбектер дүниеге келді. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде оқытылуы жаңа деңгейге көтерілді. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп дамыту барысында бірнеше бағдарламалар қабылданып, жалғасын табуда. Соның бірі – «Тілдердің үштұғырлығы» жобасын кезеңдеп іске асыру. Бүгінгі таңда қазақ тілінің үштұғырлы тіл жағдайында оқытылу барысы өзекті мәселеге айналып отыр.

Қазақ тіл білімінің жаңа бағыттарда даму барысы, үштұғырлы тіл жағдайында оқытылу жайына байланысты ғалымдардың ой-пікірлерін ортаға салып, зерделеу, пікір алмасу мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультетінің Әдістемелік кеңесі мен Қазақ тіл білімі кафедрасы 2016 жылдың 16–24 қарашасы аралығында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығына – 25 дәріс» атты ғылыми-әдістемелік семинар ұйымдастырды. Ғылыми-әдістемелік семинар жұмысы қазақ тіл білімі, қазақ тілінің тарихи даму заңдылықтары, тілдік бәсекедегі қазақ тілінің өміршеңдігі және қазақ тілін кәсіби деңгейде оқытудың мақсаты мен міндеті бағыттарында өрбіді.

Семинар барысында Қазақ тіл білімі кафедрасының оқытушы-профессорлары қоғамымызда болып жатқан іргелі өзгерістердің қазақ тілінің дамуына әсері, үштұғырлы тіл жағдайындағы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі өміршеңдігі, қазақ әдеби тілі нормасының сақталуы жайлы өзекті мәселелерге тоқталып өтті.

Кафедраның профессоры, белгілі түрколог ғалым Б. Сағындықұлы түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің тарихы, сөз құрамы өзгеруінің, дамуының заңдылықтары жайлы қызықты дәрістер оқыды, кейбір сөздердің этимологиясына тоқталды. Профессор А. Салқынбай қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуының өзектілігі, тіліміздің қолданылуы барысында кейбір грамматикалық нормалардың бұзылуы жайына тоқталып, аудиторияның талқылауына ұсынды. Профессор Д. Әлкебаева үштілділік жағдайындағы рухани экология мәселелері жайлы баяндады, тілдік бәсекеде тіліміздің сақталуы жайында көкейкесті ойлар айтып, ұтымды ұсыныстар жасады. Басқа да ғалымдардың баяндамалары жинақталып, көпшілік назарына ұсынылып отыр.

Семинарға А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары, ҚызМемПУ оқытушы-профессорлары мен магистранттары, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы менеджмент

университетінің оқытушы-профессорлары, колледж, мектеп мұғалімдері,  
докторанттар мен магистранттар, студенттер қатысты.

# I. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

## ТҮБІРТЕК ТЕОРИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Сағындықұлы Б.*

*филология ғылымдарының докторы, профессор*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Ғылым жолындағылар өз нысанын жан-жақты танып білу үшін, оның қырлары мен сырларын, сан алуан заңдылықтарын ашып-айқындау үшін, анығырақ айтқанда, белгісізді белгілі ету, ашылмағанды ашу, шешілмегенді шешу үшін зерттеудің әр түрлі амал-тәсілдерін қолданады [1.156-б]. Тілші ғалымдардың сынынан өткен сипаттама әдісі, тарихи-салыстырмалы әдіс, салғастырмалы әдіс, тарихи әдіс, құрылымдық әдіс, статистикалық әдіс, компонентті талдау әдісі, тағысын тағылар осындай амал-тәсілдердің қатарына жатады.

Соңғы жылдары бұлардан сипаты өзгеше лингвосиллабология әдісі ғылыми айналымға түсіп отыр. Сөз төркінін айқындаудың жаңа әдістемелер топтамасының басты ерекшелігі, күрделілігі мынада: зерттеушілерге замандар бойына кеңінен таныс лингвистикалық әдістер мен тәсілдерді кешенді пайдаланумен қатар, тіл біліміне бұрын-соңды қолданылмаған тың тәсілдерді іске қосады. Бүкіл тілшілер қауымына әзірге таныла қоймаған ұғым-түсініктерді рет-ретімен баяндалық.

### **Түбіртек теориясының кейбір мәселелері. Түбіртектің сипаттамасы**

Кейінгі зерттеулер тіл-тілде бір ғана дауысты дыбыс пен бір ғана дауыссыз дыбыстың тіркеуінен тұратын тілдік бірлік ( жеке бөліп алғанда тілдік бөлшек) бар екенін көрсетеді. Мұндай тілдік бірліктің қай-қайсысы да я лексикалық, я грамматикалық мағына беруімен ерекшеленеді. Бір ғана дауысты дыбыс пен бір ғана дауыссыз дыбыстың тіркесуінен тұратын тілдік бірлікке – түбірлер мен негіздердің, тіпті қосымшалардың түпкі тегі болып есептелетіндіктен – біз, өз тарапымыздан, **түбіртек** деген атау берген болатынбыз. Түбіртек – **фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем** сияқты тілдік бірлік. Күрделілігі жағынан фонема мен морфеманың аралығынан орын алады. Яғни фонемадан үлкен, морфемадан кіші.

Жаңадан мәлім болған бұл бірліктің ғылыми жұртшылыққа кеңінен таныс тілдік бірліктерден басты өзгешілігі – мен мұндалап тұрмайды, ап-айқын ажыратыла салмайды, тіл қойнауының терең қатпарларына мықтап жасырынған. Арнайы дайындалмаған жағдайда кез-келген тілші түбіртектің қыр-сырына түсіне алмайды. Тілдегі кез келген сөзді түбіртекке бөліп жіктеу, әсіресе оның лексикалық немесе грамматикалық мағынасын табу қиынның қиыны, тап-таза

этимологиялық жұмыс. Осы себепті оларды айырып-ажыратудың өзіндік іліміне жүгінуге тұра келеді [2.10-11б.].

Сөз құрамынан [сан жағынан алғанда, алтыншы тілдік бірлік, мәтіннен тыс қарастырғанда тілдік бөлшек] түбіртектегі айырып-ажыратқанда **әрбір зерттеушінің ең алдымен басшылыққа алатын басты-басты ұстанымдары мыналар**. 1) Фонемаға (дыбысқа) бөлінбейтін сөздің болмайтыны сияқты, тіл-тілде түбіртекке бөлінбейтін түбір, негіз, яки қосымша жоқ. Жоғарыда атап өткеніміздей, *қандай дыбыстық комбинацияда тұрсын, түбіртек бір ғана дауысты мен бір ғана дауыссыздың тіркесуінен тұрады да, я лексикалық, я грамматикалық мағына береді*. Лексикалық немесе грамматикалық мағынасы анықталмаған жағдайда дауысты мен дауыссыздың жай тіркесі түбіртек болып есептелмейді.

2) *Тіл-тілдегі фонемалар қаншалықты ескі болса, түбіртектер де соншалықты ескі. Қазақ тілінде де тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерден бері өмір сүріп келе жатқан түбіртектер бар*. Бірақ олар бірен-саран. Мысалы, **ақ** (судың өз арнасымен төмен қарап жылжуы, бір орында тұрмай ілгері қозғалып отыруы) **ат** (лақтыру), **ас** (тауды, белесті басып әрлі өрлеу) **аз** (арықтап жүдеу, еттен арылу), **ін** (жерді үнгіп жасаған, жабайы аңдар жататын орын, үнгір), **ұр** (сабау, соғу, тоқпақтау), **үн** (құлаққа естілетін дыбыс, дауыс), тағы басқалар.

3) Түбіртектің осы заманғы қолданыстағы көріністері, жұмсалып сипаттары түрлі-түрлі болып келеді. *Сөз құрамында түбіртектер көп жағдайда бір дауысты мен бір дауыссыздан тұрады да, өзінің байырғы табиғи қалпын сақтайды*. Мысалы, «судың өз арнасымен төмен қарай жылжуы» мағынасындағы **ақ** түбіртегі мен етістіктен есім жасайтын **ын** түбіртегі бірігіп, **ағ+ын** сын есімі жасалған. «Сабау, соғу, тоқпақтау» мағынасындағы **ұр** етістігіне етістіктен есім жасайтын **ыс** түбіртегі қосылып, **ұр+ыс** зат есімін тұдырып тұр. Бұл келтірілген мысалдардағы түбірлер мен қосымшалар өздерінің негізгі лексикалық, грамматикалық мағыналарын жоймаған. Егер **ұз+ақ** (алыс, қашық, жырақ; көп уақытқа созылған, тез емес; ұзын, шұбалаңқы), **ұз+ын** (қысқа емес, шұбатылған; аласа емес, биік), **ұз+ар** (ұзая түсу, биіктеу; мезгіл-мерзімнің тез өтпей, көпке созылуы) сөздерін өзара салыстырсақ, **ұз** түбіртегінің лексикалық мағынасы мүлде көмескіленіп, сын есім жасайтын көне **-ақ, -ын**, етістік жасайтын көне **-ар** жұрнақтарының грамматикалық мағыналарын әлсіреткен. Бірақ бұлар түбіртек сипатын жоғалтпаған. Ережеге сай бір ғана дауысты мен бір ғана дауыссыздың тіркесуі негізінде бір бүтін бірлік жасалып тұр. Енді көп түбіртекті, қазіргі түсінікті ғылыми тілмен айтсақ, – көп буынды **ұс+та+ма+лы** сын есіміне назар аударалық. Мұндағы **ұс** түбірінің лексикалық мағынасы солғындаған, дербес сөз ретінде қолданылмайды. Оған барлық сөз табынан етістік жасай алатын аса өкімді **-та** жұрнағы жалғанғанда **ұс+та** туынды негізі пайда болады. Алты түрлі лексикалық мағына береді. 1. *Бір нәрсені қолмен*



қармап тұту. 2. Бір нәрсені бекітіп жібермеу. 3. Бір нәрсенің қолда болуы ,кәсіп ету. 4. Бір затты бір жерге тұту, құру. 5. Бір затты қажетке тарату, кәдеге асыру, пайдалану. 6. Қолға түсіру, жазалап қамау, тұтқындау. **Ұста** етістігіне есім жасайтын **-ма** жұрнағы үстелгенде **ұс+та+ма** зат есімі тілдік өмірге келіп, қолданысқа түседі. Лексикалық мағынасы – *соқпа-соқпада ауыратын ауру, елірме мінез*. Бұл зат есімге есімнен есім тудыратын **-лы** жұрнағы қосылғанда *соқпа-соқпада ұстайтын, үйреншікті талма* деген мағына беретін **ұс+та+ма+лы** сын есімі жасалады. Соңғы сөз небары төрт түбіртектен құралып тұр. Алайда тіліміздегі кез келген сөз осылайша түбіртекке оп-оңай бөліне салмайды. Түбіртектерге ажырату барысында үлкен-үлкен қиындықтарға, бас қатыратын жұмбақтарға, жаңылтпаштарға жолығуға тура келеді. Бірқатарын таратып айталық.

4) *Түбіртектің дауысты сыңары сақталады да, дауыссыз сыңары элизияға ұшырап, жойылып кетеді.* Мысалы, қазақ күнәсі жоқ, таза пәк әйелдерді **ару** деп атаған. Көне түркі тілінде **аруғ-арығ** «кірленбеген, пәк, таза» деген мағынада жұмсалған. Бұдан қазақ тіліндегі **ар+у** сөзінің ертеде екі түбіртектен (**-ар** және **-уғ**) тұрғанын көреміз. Сонда «таза, пәк» деген лексикалық мағына **ар** түбіртегінен тұрса, **-уғ** – қимыл, қозғалысты, үдерісті білдіретін көне жұрнақ. Бұл сөз кезінде (екінші түбіртектің дауыссыз **ғ** дыбысы үнемделіп) етістіктен заттанған. Дауысты сыңары бірінші түбіртекке сіңісіп кеткен. *Сөз соңындағы дауысты дыбыстардың барлығы дерлік дауыссыз дыбысын жоғалтып алған жартымеш түбіртектер.* Мысалға **орта** (белгілі бір мөлшерге жетпеген, толық емес) сын есімін аламыз. Сөз соңы дауысты дыбысқа аяқталып тұр. *Ортан қол, ортан жілік* фразеологизмдерімен салыстыру арқылы ол сөздің бір кезде **н**-мен аяқталғанын білеміз. Демек, **а**-грамматикалық мағына беретін **ан** түбіртегінің (қазіргіше жұрнағының) қалдығы: көне замандарда **орт+ан**. Сол сияқты *бала, дала*- диалектілерінде *балан, далан*, яғни **баал+ан, дал+ан**. Тағысын тағылар.

5) *Түбіртектің керісінше, дауыссыз сыңары сақталады да, дауысты сыңары элизияға ұшырап, жойылып кетеді.* **Өрт** – қаулай жанған жалынды от. Қазіргі тіл білімінің тұрғысынан бір буынды түбір. Одан әрі бөлшектеуге келмейді. Түбіртек теориясы тұрғысынан, құрамындағы екі дауыссыз болғандықтан, екі түбіртекке бөлінеді. Алайда **өр** түбіртегінің құрамы толық болғанымен, екінші түбіртектің дауысты дыбысы жоқ. Оны біз **өрт** сөзінің мағыналық мазмұнына қарай анықтай аламыз. Сонда **өр от**. Тарихи даму барысында бізге белгісіз әлдеқандай себептермен (екпін түспеуі мүмкін) екінші түбіртектің дауыстысы қысқарып кеткен. Бірінші түбіртек «қаулай жану, өршіп жану» мағынасын береді. Екі түбіртектің лексикалық мағыналарын бір-біріне қоссақ: *өршіп, өрлеп жанған от*. Етістік жасайтын көне **\*уқ** /**\*уқ** түбіртегі де (қазіргіше жұрнақ) сөз құрамында көбіне дауысты дыбысын жоғалтып, **к/ғ** түрінде ұшырасады. Жалпы

алғанда, дауыссыз сыңары элизияға ұшыраған түбіртек сарқыншақтары немесе жартыкеш түбіртектер көп.

Дауысты дыбысын немесе дауыссыз дыбыс жоғалтқан жартыкеш түбіртектер сөз басында да, сөз ортасында да, сөз аяғында да жиі ұшырасады[2.14-156].

б) *Тарихи даму барысында түбіртек екіге жарылады да, дауысты сыңары бұрынғыша лексикалық немесе грамматикалық мағынасын сақтап, түбіртектің қызметін атқара береді. Ал дауыссыз сыңары өлі элементке айналып, келесі түбіртекке жылысып кетеді.* Мұны мына мысалдан анық байқауға болады. Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде тәуелдік жалғауының толық формасы – -ын/ін. Қазіргі тілдерде – -ы мен -і. Яғни -ын/-ін екіге жарылған: -ы-н/-і-ы. Енді Орхон-Енисей ескерткіштерінде көп ұшырасатын қаған сөзін тәуелдік жалғауының үшінші жағында көнеше және жаңаша септеп көрелік.

#### **Көнеше:**

А. қаған+ын үчүн

І. қаған+ын+ын

Б. қаған+ын+қа

Т. қаған+ын

Ж. қаған+ын+та

Ш. қаған+ын+тан

К. қаған+ын барлан

Кестеден байқалатындай, тәуелдік жалғауының үшінші жағы атау септігі мен көмектес септігінде шылаулардың тіркескенде ғана толық формасын сақтайды. Шылаулармен тіркеспеген жағдайда сол кездің өзінде-ақ атау септігі үшінші жақта ы формасында тәуелденіп, соңғы н дыбысын жоғалтып алған. Енді осы сөздің осы заманғы септеуіне назар аударалық.

#### **Жаңаша:**

А. қаған+ы

І. қаған+ы+ның

Б. қаған+ы+на

Т. қаған+ы+н

Ж. қаған+ы+на

Ш. қаған+ы+нан

К. қаған+ы+ мен

Кесте бізге мынадай өзгерістерді жеткізіп тұр: 1) Атау септігі мен көмектес септігінде тәуелдік жалғауы үшінші жағының толық формасы -ын элизияға ұшырап, ыдыраған. Алайда жартыкеш ы түбіртегі тәуелдік жалғауы үшінші жағының грамматикалық мағынасын толық жеткізіп тұр. 2) Көмектес септігінде бирлан шылауы мен жалғауына айналып кеткен. 3) тәуелдік жалғауы үшінші

жағының толық формасынан бөлініп шыққан өлі элемент н табыс септігінің қызметін атқарып тұр. 4) Ілік септігінде өлі ы жай жылыса салса, барыс, жатыс, шығыс септіктерінде қ,т дыбыстарын ығыстырып барып жынысқан. Сонымен кейбір түбіртектер тарихи даму барысында екіге жарылды екен де, алғашқы дауысты сыңары бұрынғыша лексикалық немесе грамматикалық мағынасын сақтап, түбіртектің қызметін атқара берсе, дауыссыз сыңары өлі элементке айналып, келесі түбіртекке жылысып кетеді екен [3.172б.].

7) *Кейбір түбіртектердің дауысты сыңары да, дауыссыз сыңары да өлі элементке айналып, алғашқы сыңары түбіртекке, екінші сыңары өзінен кейінгі түбіртекке жылысып, әбден сіңісіп кетеді.* Бұған қазақ тіліндегі далаң (иесіз жер, иен дала) зат есімі мен далаңқы (даласы мол) сын есімі мысал бола алады. Бірінші сөзде есімнен есім немесе етістіктен есім жасайтын көне -аң қосымшасы (дал түбірі лексикалық мағынасынан айрыла қалғаннан кейін) өлі түбірге сіңіскен. Екінші сөзде көне -аң қосымшасы екіге жарылған: алғашқы дауысты сыңары өлі түбірге сіңіскен қалпын сақтап қалса (яғни дал+а «кең байтақ жазық өңірі»), екінші дауыссыз сыңары н сын есім жасайтын -қы/-ғы жұрнағына жылып кеткен: дала-ңқы. Сын есімнің -ң+қы,-ң+кі күрделі жұрнағы осылайша пайда болған.

Алқа-қотан қос сөздердің бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз (түсініксіз) қосарлама түріне жатады. Алқа (топ, жиын) сөзінің соңындағы а (алқ+а), лексикалық мағынасы күнірттенген қотан сөзінің басындағы қ (қ+отан) бір замандарда белгілі бір мағына беретін бір бүтін түбіртек (ақ) болғандығы ғылыми талдау негізінде анықталып отыр [2,16-17б].

8) *Кейбір түбіртектер сөздің басында, ортасында немесе соңында үнемдеу заңының ықпалына ұшырап, мүлдем жойылып кетеді.* Көне түркі жазба ескерткіштерінде оғұл: *Оғұл* кім болса чын дәвләт ана йар (Ұл болса адал, дәулет оған жар) (4.165б). Бұл сөз қазіргі қазақ тілінде -ұл (еркек бала, ер бала). Оғ түбіртегі (қазіргіше буын) элизияға ұшырап мүлдем жойылып кеткен. Көне түркілік у дауысты сапасы өзгешерек жуан ұ дауыстысына айналған.

Қазақта «Жақсы келін – келін, жаман келін – келсап» деген мақал бар. Бұл оралымда ұғымы басқа-басқа, формасы бірдей омонимдес екі сөз келтірілген. Бірінші омоним – *жаңадан тұрмысқа шыққан қыз, ата-ана үшін баласының әйелі, жасы үлкен ағалары мен туған-туысқандар үшін інісінің әйелі* деген ұғым берсе, екінші омоним – *тары, бидай, арпа, күріш, т.б. дәнді дақылдарды түйіп уақтау, ұнтақтау үшін, немесе қабығынан тазарту үшін ағаш, темір, шойын сияқты қатты нәрседен жасалған іші қуыс зат* деген ұғымда жұмсалады. Соңғы н соноры мақалда сақталғанымен, ауызекі сөйлеу тілінде элизияға ұшырап, үнемделген, айтылмайды. Ал келсап зат есімнің лексикалық мағынасы – *келіге салынған нәрсені уататын аспап, келінің сабы, түйгіші*. Бұл сөз келін сап тіркесінің ін түбіртегі түсіріліп бір-бірімен сіңісуінен пайда болып тұр. Ол

әуелі біріккен сөзге, келе-келе кіріккен сөзге айналған. Сөз ортасында түбіртектің жойылып кетуіне мысал бола алады. Аталған мақалдың жалпы мазмұны – жақсы келіннің әр кәдеге асатын келіге ұқсайтынын мегзейді.

Тарихи даму барысында сөз соңындағы жекелеген дауыстылар мен дауысыздар да, бір дауысты мен бір дауыссыздың тіркесінен тұратын түбіртектер де элизияға ұшырап, жойылып кетіп жатады. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде ұшырайтын қой+ун, төр+үн, қос+ын, йар+ын сөздері қазіргі қазақ тілінде *қой, төр, бар, қос, жар (бол)* формасында дыбысталады. Сөз соңында түсіп қалған элементтер тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы анықталып, қалпына келеді [5, 379-384 б.].

9) *Дауысты дыбыстан аяқталатын түбіртек дауысты дыбыстан басталатын түбіртекпен біріккенде бітеу буын жасайды да, қос дауыстының бірі айтылмайды.* Мысалы, қа түбіртегі мен ат түбіртегі бір-біріне кіріккенде қат (*қабат, қатпар*) морфемасы пайда болады. Қаат түрінде екі а қабаттастырылып айтылмайды. Егер осы аталған түбіртектердің аралығына б эпитезальық сына дыбысы қыстырылса, қабат (*қат-қат болған заттың бір қатары, бір қаты*) формасы көрініс табады. Мысалдардың бірінде бір дауысты екінші дауыстыны ығыстырса, бірінде эпитезальық дыбыстың арқасында екі дауыстыны да сақтаған.

Бұл құбылыс жүйесі бөлек тілдерден сөз енгенде де байқалады. Мысалы, араб тілінен енген сағат (уақыт өлшемі), парсы тілінен енген напан (үлкен алып балық) сөздері екі-екі түбіртекке оңай ажыратылады. Екі түбіртектің аралығындағы ғ,һ сына дыбыстары түсіріліп айтылғанда, сәт (бір мезет), нән (өте үлкен) формалары түзіледі. Бұдан да кіріккенде екі дауыстының бірі элизияға ұшырайтынын көреміз. Осы заңдылықтың негізінде кейбір бітеу буындарды, керісінше, екі түбіртекке бөліп ажыратуға болады. Мысалға жақ (от жандыру), жан (от алып тұтану) етістіктерін: жа+ақ, жа+ан түбіртектеріне бөле аламыз. Енді ажыратылған түбіртектердің қандай мағына беріп тұрғанына көңіл аударалық: ақ белгілі бір істің, қозғалыстың, процестің енді ғана жүзеге асқанын білдірсе, ан сол істің, қозғалыстың, үдерістің тұрақты құбылысқа айналғанын аңлатады. Екеуіне ортақ жа осы тұрғанда ешқандай лексикалық мағына бермейтін сияқты көрінеді. Алайда жақ жан етістіктерінде «от» семасы бар. Ол семаны жа түбіртегі жеткізіп тұр. Шындығында, жа-ның ескі формасы та «от» деген лексикалық мағына бере алады. Көне түркі жазба ескерткіштерінде та+м+уқ (ДТС,531) (тозақ, жанып тұрған от) «от» деген ұғымды анық жеткізіп тұр. Ал тамдур етістігі «от жандыру» деген лексикалық мағынада жұмсалады (ДТС,530). Демек, т ~ж сәйкестігі: та мен жа – көне және жаңа варианттар.

Жоғарыда баяндалған тұжырымдардан сөз құрамында түбіртектердің тарихи даму барысында әр түрлі сипатта сақталғанын, ыдырап, екіге бөлініп, бір сыңары түбірге, бір сыңары қосымшаға жылысқанын, немесе жойылып кеткенін,

тағы басқа алуан күйлерін аңладық. Түбіртектердің бұдан басқа осы заманғы қолданыстағы көріністері болуы мүмкін. Олардық қай-қайсысы да бірте-бірте терең зерттеу барысында анықталуға тиіс. Түбіртектердің табиғатына қанығу үшін ең алдымен мына әдістер мен тәсілдерді игеру қажет.

### **Түбіртектердің айырып-ажыратудың кешенді тәсілдері**

Түбіртек тідік бірлік (бөлшек) бола тұрғанымен, фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем сияқты емін-еркін ажыратылмайды, жоғарыда атап көрсетілгендей, сан алуан қиындықтары бар. Қойылатын талап – тіл біліміндегі бүкіл озық әдістер мен тәсілдерді жете меңгеріп алғаннан кейін ғана түбіртекті пайымдауға кірісу керек. Этимологияының сыннан өткен ескі, жаңа ұстанымдары кешенді, ұтымды пайдаланғанда, сөз жоқ, түбіртектің қыр-сыры ашылады.

Түбіртектерді тілдік бірлік (бөлшек) ретінде анықтап-айқындаудың тиімді жолдары, амал-әдістері төмендегідей.

**1.Кез келген сөзде қанша дауыссыз болса, сонша түбіртек болады.** Мысалы, «ақшыл тартып көріну» деген мағына беретін ағаранда етістігіне назар аударсақ, төрт дауыссыз дыбыс бар. Демек, төрт түбіртекке бөліне алады: ағ+ар+аң+да. Сөз соңындағы да-туынды түбір етістік жасайтын аса өнімді жұрнақтардың бірі. Оның алдындағы –аң етістіктен есім жасайтын көне жұрнақ. Ағараң сөзформасы грамматикалық мағынасы көмескіленіп кеткендіктен фразеологизмдердің құрамында ғана ұшырайды. *Ағараң етті* фразеологизмі «сәл ағарып көрінді» деген мағына берсе, *ағараң тартты* «ақшылданды» деген мағынаға ие. Келесі тілдік бөлшек –ар есімінен түбір етістік жасайтын көне жұрнақ. Ағ+ар етістік. 1. *Ақ түске айналу, бозару, бозғылдану*; 2. *Таң бозарып жарық түсу*; 3. *ауыс. Айыптан ақталу, құтылу* мағыналарын береді. Ең алдыңғы түпкі бөлшек ақ сапалық сын есім – қараға қарама-қарсы қардың, сүттің, бордың түсіндей түс. Келтірілген мысалда дауыссыздарының санына қарай бөлшектенген түбіртектердің барлығы да я лексикалық, я грамматикалық мағына беріп тұр. Құрамы бұдан гөрі күрделірек тағы бір мысал келтірелік.

Ұшқыр (жүрдек, ұшпа, жүйрік) сын есімі қазіргі тіл білімі тұрғысынан екі буынға (ұш+қыр), түбір морфема мен қосымша морфемаға бөлінеді. Ұш тура мағынасында «көкке көтерілу, әуелеу» ұғымын беретін етістік болса, ауыспалы мағынасында «жүрдек, ұшпа, жүйрік» ұғымын беретін сын есім, -қыр сын есім жасайтын көне жұрнақ. Түбіртек теориясы тұрғысынан бұл сөзде үш дауыссыз бар. Демек, сын есім жасайтын көне жұрнақ қ+ыр болып екіге бөлінеді. Сөз соңындағы –ыр –*бас ұр, қадам ұр, алас ұр, құрақ ұр, құлаш ұр* сияқты фразеологизмдердің құрамында кездесетін ұр көмекші етістігінен пайда болған көне жұрнақ. Үнемі түбірге сіңіскен күйінде кездеседі. Ал қ – өлі түбіртектің сарқыншағы. Ол тарихи даму барысында өзінің дауысты сыңарын жоғалтып алған. Өлі болғанымен сөз ортасында қ дыбысы жиі кездесетіндіктен, оның

сынарын – дауысты дыбысын табу оншалықты қиынға түспейді. Үнемдеуге ұшыраған – ежелгі дәуірлерде қимыл есімін жасаған \*уқ/-уқ/-ық жұрнағының (түбіртегінің дауысты сынары. Бұл жұрнақ қазіргі тілімізде у формасында қалыптасқан. Яғни бұрын бар+уқ болса, қазір бар+у, сондай-ақ айтуқ>айту, тануқ>тану, жану>жану, жағу>жану т.б. \*уқ/уқ/ық түбіртегінің ыдырап, элизияға ұшырауы, қ қатаңының тағдырын түбегейлі шешкен. Ол дауыстыдан басталатын қосымшалардың құрамына жылысып кеткен. Нақтырақ айтқанда, тұйық буын ыр-ды бітеу буын -қыр еткен. Ұшқыр сын есімін бұрынғы қалпына келтірсек: \*ұш-уқ-ұр. Негізгі екпін ұш түбіртегіне, көмекші екпін ұр түбіртегіне түскендіктен уқ түбіртегінің у дауыстысы өзінен-өзі жойылған. Ұшқыр сын есімі өте ерте дәуірлерде пайда болған туынды сөз болғандықтан, қимыл есімінің толық формасының сарқыншағын сақтап қалып отыр.

Ұшқыр сын есімінің алғашқы екі түбіртегі ұш+уқ>ұш+ық болғандығына, оның дербес қолданылғандығына қосымша дәлел де бар. Ұшық зат есімі *дәнді дақылды қырманда ұшырғанда шығатын жартыкеш жеңіл дән немесе кебек ұғымын береді*. Олай болса, бұл сөзде «ұшу» семасы бар. Ұшқыр да, ұшық та, ұшқын (оттан бөлініп, жалын шашқан ұсақ шоқ) да бағзы заманда пайда болған туынды сөздер (2.12-б).

2.Тіл-тілде «кез келген сөзде қанша дауыссыз болса, сонша түбіртек болады» деген қағидаға бағынбайтын, кереғар фактілер де ұшырасады. Мысалы, *түркі тілдерінде түбіртек жасауға қатыспайтын, сөздерді түбіртекке айырып-ажыратуда көп қиындық келтіретін бір алуан дыбыстар бар. Олар – сөздің басында протезалық, сөздің ортасында эпентезалық, сөздің соңында эпитезалық қызмет атқаратын й,к,к,ғ,г,п,б,м сына дыбыстары*. Бұлар әрқашан дауыстыдан аяқталатын түбіртектер мен дауыстыдан басталатын түбіртектердің арасына қыстырылып, дауыстылардың фонологиялық міндетін ойдағыдай атқаруына үлес қосады. Егер й,к,к,ғ,г,п,б,м дыбыстары екі дауысты дыбыстың аралығында ұшыраса, оларды протезалық, эпентезалық, эпитезалық дыбыстар деп есептеген жөн. Басқа реттерде олар бір фонологиялық жүк арқалап, түбіртек жасауға араласса, бірде бірыңғай сыналық қызмет атқарады. Алайда түбіртек тілдік бірлігінің табиғатын толық түсінген зерттеуші бұл қиындықты тез меңгеріп алады.

Сөз құрамындағы сына дыбыстарды қалай анықтауға болады? Егер сөз басында жоғарыда саналмаған сына дыбыстардың бірі кездессе, оны сөздің қалған құрамынан бөлектеп тастау керек. Мысалы, бұршақ – *кішкене-кішкене домалақ мұз күйіне түсетін атмосфералық жауын-шашын*. Сөз құрамынан протезалық б дыбысын бөлек ажыратқанда, қалған бөліктері түбіртек ретінде мағына бере бастайды: бұршақ>б+ұр+ш+ақ. Ұр- *сабау, соғу, тоқпақтау* ұғымдарын берсе, ақ – *жоғарыдан төмен қарай жылжу* ұғымында жұмсалған. Ал ш түбіртек сарқыншағы процестің дүркінділігін білдіріп тұр. Талдау

барысында «не ұрғылап тұр» деген сұрақ туындайды. Құрамында б немесе п дыбысы бар, «домалақ» ұғымын беретін морфеманы іздестіре бастаймыз. Себебі, бұршақ сөзінің «домалақтан» басқа семалары ұр+ш+ақ бөлігінде қамтылған. Құрамында п дыбысы бар «домалақ» ұғымын беретін сөз – **доп~топ**. Бұрынғы формасын қалпына келтірсек: до+б+ұр+ш+ақ. Тілімізде осы үлгіде жаслаған сөздер бар ма? Мысалы: Су тиген соң ұн **топаршақтанып** қалыпты. *Домаланып, түйір-түйір болып қалды деген мағынада. Топаршақтарын* жарияланған мақалаларымызда **балшық, бүлдіргі** сөздерінің де төркінін ашып берген болатынбыз (3.109-б).

Протезалық, эпентезалық, эпитезалық сына дыбыстар сөз ортасында біршама оңай табылып, ерекшеленіп тұрады. Мысалы, са+б+ын, са+ғ+ым, са+й+ын, кө+ғ+ен, со+п+ақ, же+м+іс түбіртектерінің арасындағы б,ғ,й,г,п,м – сына дыбыстар. Сы+й+ыр – *төрт мүліктің бірі – мүйізді ірі қара мал*. Осы сөз кейбір түркі тілдерінде сы+ғ+ыр болып айтылады. Бұл жерде й~ғ сәйкестігін байқаймыз. Протезалық, эпентезалық, эпитезалық сына дыбыстар диалектілік (аймақтық) өзгешеліктерді көрсетіп, сөздің басында да, ортасында да, аяғында да бір-бірімен өзара алмаса береді. Сы+ғ+ыр мен сы+й+ыр – соның бір көрінісі. Алайда сына дыбыстардың бір-біріне өзара ауысқанынан сөз мағынасына ешқандай зиян келмейді.

Протезалық, эпентезалық, эпитезалық сына дыбыстар сөз аяғында тек бір буынды сөздерде, оның ішінде бітеу буынды сөздерде ғана ұшырайды. Дауыссыздан басталып, дауыстымен аяқталатын түбіртектер тілдің тарихи даму барысында дербес, жеке қолданыстан шығып қалып, өзіне таяныш іздестіргенде эпитезалық сына дыбыстарды жамап алған сияқты. Мысалы, Орхон-Енисей ескерткіштерінде жер-су қос сөзі йер-суб түрінде тасқа басылған. Сонда су түбіртегінен кейін б эпитезалық сына дыбысы тұр. Б-ның сына дыбыс екендігі өзге фактілер арқылы да анықталады. Мысалға «Оғуз-наме» ескерткішінде «Етил су+ғ+ы ақа туруп (Еділ суы ағып жатыр)» деген сөйлем бар. Ал «Һибат-ул хақайық» ескерткішінде «Халимлық су+й+ын сач ол отны очур (Жұмсақтық суын шашып, ол отты өшір)» деген өлең жолы кездеседі. Су+б, су+ғ, су+й варианттарын өзара салыстырсақ, эпитезалық дыбыстардың бір-бірімен алмасып тұрғанын көруге болады. Демек, диалектілік (аймақтық) ерекшелік өздеріне тән сына дыбыстарды талап етеді. Осыдан келеді де, әр түрлілік пайда болады.

Та+қ – жеке дара жалғыз; та+й – бір жастағы жылқы төлі (Бір жыл өтті арада, Құлыншағым тай болды). Бір буынды тақ, тай сөздерінде «бір» ұғымын та түбіртегі беріп тұр. «Бір» ұғымын та түбіртегі беретіндігін басқа да толып жатқан тілдік фактілер айғақтай алады. Та сан есімінің дерексізденуінен жасалған «дәл, нақ, қазір» ұғымдарын беретін та+п шылауы да, «нақ,тура, дәл» ұғымдарын беретін та+қ үстеуі де п мен қ эпитезалық сына дыбыстарын сақтап тұр. *Тақ өзі, тап өзі* деп айта береміз. Олай болса, қ мен й – эпитезалық сына дыбыстар.

Дауыссыздан басталып, дауыстымен аяқталатын бағзы заманғы түбіртектерге көбіне-көп эпитезалық ц дыбысы жамалған сияқты: *Жа+n, са+n, та+n, ша+n, қа+n, се+n, же+n, ше+n, де+n, дө+n, то+n, жі+n, шө+n, тү+n* т.б. бітеу буынды сөздері бұған айғақ бола алады. Бұлардың алғашқы бөлігінің қай-қайсысы да лексикалық мағына беретін түбіртектер. Күшейтпелі, үстемелі буынды сын есімдер (*қып-қызыл, сап-сары, жап-жалаңаш, доп-домалақ, қап-қара, сұп-сұр* т.б.) п эпитезалық сына дыбысы басқа сына дыбыстарға қарағанда елгезек екендігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, алдына мақсат қойған зерттеушінің сөз басында да, сөз ортасында да, сөз аяғында да протезалық, эпитезалық, эпентезалық дауыссыз сына дыбыстарды тауып ала алтындығына сенімдіміз (2.13-14бб.).

3. Одағайлар мен еліктеуіш сөздер – басқа сөз таптарына қарағанда болмыс-бітімі өзгеше, тілдік табиғаты ерекше, өзіне тән заңдылықтары бар грамматикалық категория. Осы себепті бұлар, жүйесі бөлек тілдерден түркі тілдеріне енген кірме сөздер сияқты, түбіртану ілімінің нысаны (объектісі) бола алмайды. Кірме сөздер, одағайлар мен еліктеуіштер өзіндік теориясы қалыптасқан, басқа сала ретінде танылуы қажет. Бірақ одағайлар мен еліктеуіштерден жаңадан сөз жасалғанда түбіртек теориясы іске кіріседі, олардың құрамы мен құрылысын анықтауға көмектеседі.

4. Дыбыстардың өзара тіркесу заңдылықтарын білу түбіртектерді айырып-ажырату жұмыстарын едәуір дәрежеде жеңілдетеді. Мысалы, түркі тілдерінде р, л, н, ң үнділері (сонорлары) ешқашан өзінен кейінгі дауысты дыбыстармен мағына беріп тіркеспейді. Яғни ра, ру, ри, ла, лу, ли, на, ну, ни, ңа, ңу, ңи түбіртектері жасалмайды. Аталған үнділер өзінің алдындағы дауысты дыбыстармен ғана тіркесіп, түбіртек құрай алады: *бұ+ғ+ан+а, ж+ор+ық, б+ыт+ыр+а, т+ұр+ақ* т.б. Сөз құрамында р, л, н, ң үнділері кездескен жағдайда онымен іргелес тұрған дауыстыларды келесі түбіртектің сыңары деп таныған жөн: р+а, р+у, р+и, л+а, л+у, л+и, н+а, н+у, н+и, ң+а, ң+у, ң+и т.б.

5. Белгілі бір тілдің сөздік құрамындағы түбірлер мен негіздерді түбіртекке бөліп, ажыратқанда оңнан солға, басқаша айтқанда, қосымшадан бастап түбірге қарай бөлшектеген жөн. Себебі, сөздің аяғынан басына қарай өлі қосымшалар да, тірі қосымшалар да түбіртекке оңай жіктеледі. Ас+қ+ар (*заңғар, зәулім, биік*), ас+қ+ақ (*биік, заңғар, зәулім*) сын есімдерін, ас+қ+ан (*аса, тым ерекше*) үстеуін осы ережеге орай түбіртекке ажыраталық: **ар** *алб+ар, айд+ар, жан+ар, шын+ар, сус+ар, аст+ар* т.б. сөздердің құрамында, **ақ** *қон+ақ, бун+ақ, сын+ақ, ұрп+ақ, тар+ан, тұм+ан, құм+ан, жап+ан, шап+ан, шоп+ан, саз+ан, құл+ан*, т.б. сөздердің құрамында кездесетін сөз тудырушы көне жұрнақтар.

қ-жоғарыда атап өткеніміздей, қимыл есімін жасайтын уқ/уғ түбіртегінің (қазіргіше айтсақ у жұрнағының) сарқыншағы. Сөз құрамында дерексізденіп кеткен. **Ас**-«артылу, озу, ерекшелену» ұғымдарын беретін етістік. Сөйтіп



талданған үш сөздің әрқайсысының құрамында үш дауыссыздан болғандықтан, үш-үштен түбіртекке бөлініп тұр. Осы тәртіппен сөздік құрамындағы кез келген сөз түбіртекке бөліне алады. Әр тілдің түбіртекке бөліну ережелерін сол тілдің мамандары ғана ұсына алады [2.146.].

*Б.Ізденуші түбіртектанушы – этимологқа қиындық келтіретін тағы бір тілдік құбылыс бар. Ол- сөз құрамында адам танымастай қалыпқа түсіп, андасанда елеусіз ғана белгі беретін – ішкі флекция қалдықтары.* Ішкі флекция құбылысы бағзы замандарда бүкіл дүние жүзі тілдерінде болған. Бірте-бірте өшкен. Хамит-семит тілдерінде, шамамен, 20-25 пайыз, үндіевропа тілдерінде 10-15 пайыз, түркі тілдерінде бар болғаны 3-5 пайыз сақталған. Осы себепті туркологтар ішкі флекция құбылысына көп аса назар аударма бермейді.

Ішкі флекция – сөздерді лексикалық, лексика-грамматикалық, грамматикалық өзгерістерге ұшырататын тілдік тәсіл. Араб тілінде **залым**, **зұлым** сөздерінің лексикалық-мағыналық айырмашылығы а мен ұ дыбыстары жасайды. Дәл осындай жағдаят қазақ тілінде де бар. **Асты** және **үсті** көмекші есімдерінің лексикалық-мағыналық айырмашылықтарын а мен ұ дыбыстары жасайды. Тілімізде **забыр-зәбір** фонетикалық варианттары бар. Осы жарыспалы сөздердің жуан вариантынан ішкі флекция тәсілі арқылы, яғни сөз басында еріндік о дауыстысының үстелуі арқылы, **озбыр** сөзі жасалады. **Забыр** зат есімін сын есімге айналдырып жібереді. Басқаша айтқанда, лексикалық-грамматикалық сипатын өзгертеді. Тілімізде **ат** (көбік атты, бүршік атты), **ет** көмекші етістіктерінің лексикалық мағыналарына қарағанда грамматикалық мағыналары басым. Осы көмекші етістіктер ішкі флекция жәрдемімен -та/-те, -да/-де жұрнақтарына айналғанда сол грамматикалық міндетін атқара береді. Әрі ат~та, ет~те формалары қызметтері жағынан бір-бірімен тең түседі. Етістіктің -үк/-үғ жұрнағы жалпы қозғалысты, қимыл-әрекетті білдірсе, -ақ/-ек жұрнағы сол қозғалыстың, қимыл-әрекеттің бағытын білдіреді. Мағыналық өзгерісті а мен ұ дыбыстары тудырып тұр. Ішкі флекция құбылысын бұдан да анығырақ байқататын тағы бір мысал келтірілік.

**Алтан** монғол тілдерінде «алтын» ұғымын білдіреді. Түбіртекке бөлсек – ал+та+ан. Алғашқы ал түбіртегі оттың «ал қызыл» түсін мегзейді. Екінші та – «тас», «тау» деген сөздің түбірі, ұғымы – тас. Ең соңғы ан – есім жасайтын көне жұрнақ. Өңделмеген, табиғи қалпында табылған асыл тасты ежелгі түркі-монғол халықтары **алтан** деп атаған. «Ал қызыл тас» деген мағына берген. Оны өңдеп, қажетке жарайтындай қалыпқа түсірген соң **алтун** деп атаған. Анығырақ айтқанда, «өңделген ал қызыл тас» деген мағынаға ие болды. Тілімізде у-дың ұ-ға, кейін ы-ға айналуына байланысты **алтын** формасы пайда болған. **Алтуннан** сырға, білезік, сақина, жүзік сияқты сан алуан бұйымдар жасалған. Ішкі флекция заңдылықтарын пайдаланып, ата-бабаларымыз оған **алтын** деген атау берген. **Алтин** бұйымдар европа халықтарына көптеп сатылған. Сондықтан

европалықтар алтынды қазірге дейін **алтин** дейді. Сонда **алтан** (табиғи тас), **алтун** (өңделген тас), **алтин** (алтын бұйым) сөздеріндегі лексикалық айырмашылықтарды а,у,и дауыстылары жасап тұр. Толығырақ мәліметті Жүнісбаева Жадыра Қабылқызының филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Түркі тілдеріндегі ішкі флекция қалдықтары» атты диссертациясының (2003ж.) авторефератынан алуға болады (4.9-б.).

7. *Түркі тілдеріндегі сіңісу, жылысу, ығысу, метатеза құбылыстарын жете меңгеру – түбіртектанушылардың басты міндеттерінің бірі.* Сөз құрамындағы морфемалардың мағыналары жойылып, олардың бір-біріне кірігіп кетуіне, соның нәтижесінде сөз жігінің әбден күңгірттеніп, морфемаларға мүшеленбеуіне әкелетін морфологиялық процесс **сіңісу құбылысы** деп аталады. Мысалы, тіліміздегі **апар** етістігі дербес атауыш сөз ретінде түсініледі. Төрт түрлі лексикалық мағынасы бар: 1) *белгілі бір затты бір орыннан екінші бір орынға алып бару, жеткізу*; 2) *алып кету, соңына ерту*; 3) *бастау, алып бару, ілгері дамыту*; 4) *жақындату, таяту*. Егер осы сөзді ап+ар деп түбіртекке бөлсек, екі бөлшегі де ешқандай мағына бермес еді. Мұны атауыш сөз емес, сіңіскен сөз ретінде қарастырсақ, дыбыстық құрамын бұрынғы қалпына келтіруге тура келеді: апар<алып бар. Яғни ол көп мағыналы ал етістігінің -ып көсемше жалғауының, бар көмекші етістігінің мән-мағыналары жойылып, жіктері әбден күңгірттеніп барып сіңіскен түрі. Әуелі екпін түспегендіктен көсемшенің ы дауыстысы әлсірегенін, одан соң л сонорының элизияға ұшырағанын зерделеуге болады: алып бар>ап бар. Қатаң п ұяң б-ны қатаңға айналдырады да, өзі де жойылып кетеді: ап бар>апар. Демек, түбіртекке ажыратуға **апар** емес, **алып бар** сөз тіркесі түсуге тиіс.

**Қайны** зат есімі де атауыш дербес сөз ретінде ұғынылады. Мағыналық мазмұны – *қайын жұрт жағаның ерлі-зайыптылардан жасы кіші еркектерінің жездесі мен жеңгесіне туыстық қатысы*. Шындығында, бұл сөз **қайын** және **ыны** (іні) лексемаларының сіңісуі нәтижесінде пайда болып тұр. **Қайын** мен **ыны** біріккенде: қай+ын+ын+ы. Гапология заңы бойынша екі буын бірдей болғанда бірі түсіріліп айтылуға тиіс: қай+ын+ы>қайны. Екінші буынға түспегендіктен, ы дауыстысы да элизияға ұшырайды. Бұл ретте де түбіртекке ажыратуға **қайны** сөзі емес, **қайын** және **ыны** зат есімдері түсуі тиіс. Әйтпесе тәжірибеміз зерттеуші **қайны** сөзінің құрамын былай талдауы мүмкін: -ы тәуелдік жалғауының үшінші жағы, қайын- түбір деп.

Тілдің даму барысында сөз құрамындағы морфемалардың бірінің элементі екіншісіне ауысып, ол морфемалардың бұрынғы жігі мен арақатынасының өзгеруі **жылысу құбылысы** деп аталады. Жылысу құбылысы негізінен түбір мен түбірдің, түбір мен жұрнақтың, жұрнақ пен жалғаудың аралығында болады.

Жылысқан дыбыстарды анықтай алмаған жағдайда түбіртекті зерделеу де мүмкін емес.

қ,к,ғ,г дыбыстарынан басталатын жұрнақтар мен жалғаулардың барлығы жылысу процесінің нәтижесінде пайда болған. Мысалы, -қ+ақ (-к+ек, -ғ+ақ, -г+ек), -қ+ыр (-ғ+ыр, -к+ір, -г+ір), -қ+ар (-ғ+ар, -к+ер, -г+ер), -қ+ан (-ғ+ан, -к+ен, -г+ен), -қ+ай (-ғ+ай, -к+ей, -г+ей), -қ+анақ (-ғ+анақ, -к+енек, -г+енек), -қ+аш (-ғ+аш, -к+еш, -г+еш), -қ+ыл (-ғ+ыл, -к+іл, -г+іл), -қ+ын (-ғ+ын, -к+ін, -г+ін), -қ+ыш (-ғ+ыш, -к+іш, -г+іш), -қ+ы (-ғ+ы, -к+і, -г+і), т.б. жұрнақтар, барыс септігінің жалғауы -қ+а (-ғ+а, -к+е, -г+е), қысқасы, қ,к,ғ,г дыбыстарынан басталатын бүкіл қосымшалар жылысу құбылысының жемісі. Бұларға қарағанда аздау болғанымен, т,с,д дыбыстары да дауыстыдан басталған қосымшаларға жылысқан. Бұл құбылыс әсіресе кірме сөздерден анық байқалады: бост+ан+дық>бос+т+ан+дық>бос+тандық, дост+ық>дос+т+ық>дос+тық, қаст+ық>қас+т+ық>қас+тық т.б.

Этимологиясы ең қиын болып есептелетін, етістіктен есім жасайтын –қ+ы (-ғ+ы, -к+і, -г+і) жұрнағын талдап көрелік. **Жонғы** – *ағаш жонатын құрал, сүргі; ұрғы* – *астық бастыратын ертедегі тас құрал*. «Жон», «ұр» етістіктерін ең алдымен -уқ (-уғ, -үк, -үг) жұрнағы арқылы қимыл есімі жасалған: жон+уғ (қазір *жон+у*), ұр+уғ (қазір *ұр+у*). Одан кейін есім жасайтын -ын жұрнағы қосылған. Сонда алғашқы \*жон+уғ+уң, \*ур+уғ+ын түпкітектерін (архетиптерін) қалпына келтіре аламыз. Даму кестесі: \*жон+уғ+ын>жон+ғ+ын>жон+ғы; \*ур+уғ+ын>ұр+ғ+ын>ұр+ғын>ұр+ғы. Екпін түспегеннен кейін алдымен уғ түбіртегінің дауыстысы өшіп кеткен, одан кейін ын түбіртегінің н дыбысы элизияға ұшыраған соң, қалдықтар ғ мен ы жұптасып, бір-бірімен сіңіскен. Сөйтіп, соңғы жұрнақтың қалыптасуына жылысу, сіңісу құбылыстары қатар араласқан. Бұл сипаттамадан бір жұрнақтан екінші жұрнаққа жылысқан құбылысты байқап отырмыз. Қатыстық сын есім -қ+ы (-ғ+ы, -к+і, -г+і) жұрнағы да осы заңдылықтың әсерінен қалыптасқан. Осылайша талдау арқылы барлық жылысқан дыбыстардың тарихын анықтауға болады.

Сөз құрамындағы кейбір дауыссыздардың ығысып, үнді дыбыстарға орын беруі **ығысу құбылысы** деп аталады. Ең белсенді ығыстырушы дыбыстардың қатарына й,н,л сонорлары жатады. Әсіресе й соноры сөздің басында да, ортасында да, аяғында да кез келген дауыссызды ығыстырып жіберіп, ығысқан дыбыстың орнына өзі қызмет етеді. Бұған *сөзле~сөйле*, *өг~ой*, *қоу~қой*, *құтад~құтай*, *қанда~үб~үй*, *сабра~сайра*, *түгүн~түйін* т.б. паралельдерді салыстыру арқылы көз жеткізе аламыз. Сондай-ақ *шайқалу~найқалу*, *тығыз~нығыз*, *тақ~нақ*, адам аттары *Жүсін~Нүсін*, *Жақып~Нақып*, *Сақыбай~Нақыбай*, тағы басқа паралельдер н сонорының ығыстырушылық қызметін көрсетеді. Барыс септігі жалғауындағы қ ығыстырып қалыптасқан -на, табыс септігі жалғауындағы т, д дыбыстарын ығыстырып қалыптасқан -ны,

шығыс септігі жалғауындағы т, д дыбыстарын ығыстырып қалыптасқан -нан формаларын екiнiң бiрi ығысу құбылысының нәтижесi деп есептемейдi.

д соноры да сөз басында ығыстырушылық қызмет атқарады. Түркі-монғол тiлдерiнде көптiк мағына негiзiнен т фонемасында болады. Бiрақ т-ны д соноры ығыстырып жiбергендiктен -лар көптiк жалғауы қалыптасқан. д-дан басталатын қосымшалардың барлығы осы күйдi кешкен. Ығысу құбылысының есепке алынбауы көптеген түркологтардың \*-лар-ды архетип деп тануы себеп болған. Сөз құрамындағы дыбыстардың орын ауысуы **метатеза** деп аталады. Кейбiр түркі тiлдерiнде қазақ тiлiндегi «жаңбыр» *йағмур~йамғур* болып айтылады. Түбiрi (йағ етiстiгi) алғашқы сөзде лексикалық мағына берсе, соңғыда йам формасының ешқандай ұғымы жоқ. Егер метатезаға көңiл бөлiнбесе, сөз құрамын түбiртекке ажыратқанда, зерттеушiнi шатастырып жiберуi анық.

Иргелес дауыссыздар ғана орын алмастырып қоймайды, иргелес дауысты мен дауыссыз да орын алмастыра бередi: *ес+ит~ес+тi, сiл+iк~сiл+кi, сiң+iл~сiң+лi, жұ+мақ~ұш+нақ, жар+ық+шақ~жар+ғы+шақ* т.б.

Иргелес дыбыстардың орын алмастыруы бар да, дауыссыздардың араларына дауыстыларды салып алмастырылуы бар: *қолғап~қобақ, жалаңаш~жаңалаш, айналу~айлану, селсоқ~селқос*, т.б.

Орын алмастыру алыс жағдайда да орын ала бередi: «Латынның *па+р+аво+л+а* сөзi испанша *па+л+аб+р+а* болып өзгерген (5.77-б.). Яғни р мен д дыбыстары араларына бiрнеше дыбыс салып, орын алмастырған. Араға бiр дауысты, бiр дауыссыз дыбысты салып та дауыссыздар орын ауыстыра бередi: *тарбаға+й+та>тарбаға+тай*. Қазақ тiлiндегi *ма+ға+н, са+ғ+ан, о+ға+н* барыс жалғаулы есiмдiктерiн осы топқа жатқызамыз. Бұлардың көне формасы - *ман+ға, сан+ға, ан+ға*. Жеке дыбыс пен буын алмасқан. Қысқасы, метатеза құбылысы дәл анықтаудың түбiртектану үшін маңызы зор.

8. Түркі тiлдерi дамуының тарихқа белгiсiз ежелгi дәуiрлерiнде жiңiшке дауыстылар мүлде болмаған. Мұны бiз жуанды-жiңiшкелi варианттас түбiрлердi бiр-бiрiмен салыстырғанда анықтай аламыз. Мысалы, қазақ тiлiнде *әже~ажса, әжiм~ажым, әлемiш~аламыш, әдегiрек~арағырақ, бәрi~бары, дөңгелек~дөңгалақ, жүдеу~жадау, зеңгiр~заңғар, кәнi~қаны, кеудiре~қаудыра, кәрi~қары, күлдiре~қолдыра, көл~қол, ежiрей~ажырай, екесен~орасан, үлкей~ұлғай, едiрей~одырай* сияқты тұлғасында өзгерiс болғанымен, мағынасы бiрдей, бiрi бiрыңғай жiңiшке, бiрi бiрыңғай жуан дауыстылардан тұратын толып жатқан сөздер бар. Тарихта жiңiшке дауыстыдан сөз болмаса, жiңiшке дауыстылардың да болмағаны айқын. Жүйесi бөлек тiлдерден енген кiрме сөздердi сөздiк құрамнан шығарып тастап, таза түркі тiлдерiндегi жiңiшке дауыстылардан табылады. Мысалы, қазақ әдеби тiлiнде кездеспеген жуан варианттар говорларда ұшырайды: *әрең* – оңтүстiк говорларында, *Жайық бойында* – *араң*, сол сияқты *мүжi, шәлi, шiл* – шығыс говорларында *мүжсы, салы,*

*шыл.* Немесе жер-су атауларында, кісі есімдерінде сақталған. Мысалы, түйенің өркеші тіркесіндегі *өркеш* зат есімі әдеби тілде жіңішке айтылғанымен, кісі есімі *Орқашбай* атауында жуан; *көл* – *Байынқол* (Байын көлі), *Нарынқол* (Нарын көлі) т.б.

Мағынасы тепе-тең жуанды жіңішкелі сөз варианттарынан кейде жеке-жеке лексикалық мәнге ие болған жаңа сөздер де туындап жатады: **ана** – *туған шеше*, **ене** – *ерлі-зайыптылардың анасы*, **адырай** – *көздің әдеттен тыс ашылуы*, **едірей** – *көзі шатынау*, *үрке қарау*, **сорай** – *биіктеп ұзару*, *сырию*, *сойдию*, **серей** – *ұзыннан сұлап жату*, *тыраю*, т.б. Мағыналық өң алғанымен, мұндай жуанды-жіңішкелі варианттар ортақ семаларын жоғалтпайды. Бұлардың да жуан варианттарын алғашқы деп танымыз.

Қазақ тілінде жіңішке дауыстылардан тұратын көптеген сөздер өзге түркі тілдерінде жуан дауыстылардан тұрады: **эрең-қырғыз** тілінде **араң**; **бүтін** – өзбек тілінде **бүтүн**; **ер** – чуваш тілінде **ар**; **күміс**, **мін** (ет.) – сары ұйғыр тілінде **кумус**, **мин** (ет.); **тіл** – тофалар тілінде **дыл**, т.б. Көне, ескі түркі жазба ескерткіштері де, мақалдар мен мәтелдер де, фразеологизмдер де, жүйесі бөлек шетел тілдеріне еніп кеткен лексемалар да, ономастикалық, диалектологиялық материалдар да, тағы басқа да сан алуан дереккөздер жіңішке дауыстылардан тұратын сөздердің жуан дауыстылардан тұратын варианттарын тауып алуға көмектесе алады. Тіл-тілде жіңішке айтылатын варианттардың қай-қайсысының да ежелгі дәуірлерде жуан варианттары болған.

Қорытындыда мынаны айтамыз: *Құрамында бірыңғай жуан дауысты дыбыстары бар сөздер ғана түбіртекке бөлінуі шарт. Себебі, құрамында бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстары бар сөздер жуан дыбысталатын сөздерге қарағанда әлдеқайда қиын бөлшектенеді әрі мағынасыздыққа апарады. Жіңішке дыбысталатын сөздердің жуан варианттарын іздестіріп тауып барып, түбіртекке айырып-ажыратқан дұрыс.*

Әдетте, жуан варианттардың лексикалық мағынасы көмескіленіп, тіл-тілде архаизмге айналып кетіп жатады. Алайда дәл сол сөздің жіңішке варианты лексикалық мағынаны сақтап, көмескіленген мағынаның сырын ашуға көмектеседі. Мысалы, **қүйқа** – *сойған малдың үйтілген терісі*. Осы сөздің жіңішке варианты **күйген тері**. Сонда жуанды-жіңішкелі варианттардан **қ-к**, **ү-ү**, **қ-ғ**, **а-е** сәйкестіктерін және **н** дыбысының элизияға ұшырағанын байқаймыз, әрі жіңішке вариант жуан варианттың мағынасын айқындап тұр. Бұл құрамында бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстары бар сөздер де зерттеу нысанынан тыс қалмайды деген сөз.

Қай жіңішке дауыстының қай жуан дауыстыдан шыққандығына жуанды-жіңішкелі айтылатын сингармониялық варианттар толық дерек бере алады. Мысалы, *ажә*, *аламыш* жуан варианттарының жіңішке айтылатын *әже*, *әлеміш* варианттарына назар аударсақ, бірінші буында **а** дауыстысының жіңішке **ә**

дауыстысына, екінші буындағы а дауысытысының жіңішке е дауыстысына ауысқанын зерделей аламыз. *Доңғалақ-дөңгелек* варианттарын өзара салыстырсақ, екінші, үшінші буындағы а-ның е-ге ауысқаны көрініп тұр. Осындай сан алуан фактілердің негізінде бірінші буында а-ның ә-ге, екінші, үшінші, одан да көп буындарда а-ның е-ге тұрақты ауысатындығына көз жеткіземіз. Осы ереженің негізінде жіңішке айтылатын сөздерді бұрынғы жуан айтылатын қалпына түсіріп көрелік. «Бал» деген лексикалық мағына беретін *әсел* зат есімінің алғашқы ә дыбысын а-мен, екінші е дыбысын да а-мен алмастырамыз: \***асал**. Бұл сияқты *әрең* қырғыз тілінде – *араң*, *әке* түрікмен, өзбек диалектілерінде – *ақа*, *бәкене* өзбек тілінде – *пакана*. Бірінші буында а-ның е-мен алмасуы өте сирек. Оның өзінде дербес фонетикалық себептері болуы мүмкін.

Логикалық жағынан алғанда қазақ тіліндегі а жуан дауыстысы барлық буындарда өз жұбы жіңішке ә дауыстысымен алмасуы тиіс еді. Бірақ екінші буыннан бастап бірыңғай жіңішке е дауыстысымен алмасады. Бұл ә-ге қарағанда е-нің айтылуға ыңғайлылығын көрсетеді. Ал е дыбысы и және ә дыбыстарының бір-біріне кірігіп сіңісуінен пайда болған.

Жүйелі түрде бір-біріне орын беретін дауысты дыбыстар алмасуы жоғарыда баяндалған фактілермен шектелмейді. Көне түркі тіліндегі еріндік у дауыстысы қазақ тілінде бірінші буында тұрақты түрде ұ дауысытысымен, екінші буыннан бастап езулік ы дауыстысына алмасқан. Мысалы, *буйруқ*>*бұйрық*, *бурғу*>*бұрғы*, *бурунқу*>*бұрынғы*, *тузлуқ*>*тұздық*, *тулуң*>*тұлым*, *қузғун*>*құзғын*, т.б. Осы заңдылықты пайдаланып, бірінші буынында ұ, екінші немесе үшінші буынында ы айтылатын сөздерді бұрынғы қалпына келтіруге болады. Мысалға қазақ жылқының алты айға дейінгі төлін *құлын* деп атайды. Бұл сөздегі ұ мен ы ескіше у, яғни *қулун*. *Қулун* туғса он ондын (Одан құлын туса) (6.13-б.)

Көне түркілік и дауыстысы қазақ тілінде барлық буындарда қысаң і дыбысымен алмасқан: *бир*>*бір*, *урик*>*өрік*, *уткир*>*өткір*, *калин*>*келін*, *тикән*>*тікен*, *тиры*>*тірі*, т.б. Ара-тұра ы қысаңы мен ү еріндігі де і-мен алмасады: *түтүк*>*түтін*, *түрлү*>*түрлі*, *қары*>*кәрі*, *татлы*>*тәтті*, т.б. Дауыстылардың алмасулары жинақтағанда мынадай кесте түзеді:

1. ә<\*А;
2. е<иә<иа; е<и; е<а;
3. ұ<\*У;
4. ү<ү<\*У;
5. о<уа; о<ү; о<а;
6. ө<уә; ө<о; ө<о<\*У;
7. ы<ү<\*У; ы<и; ы<ү;
8. і<и; і<ы; і<ү.

Кестеден у дауыстысының қазақ тілінде алдымен ұ айналып барып, ы-ға немесе ү айналатындығы көрініп тұр. *Уақиға*<*оқиға*, *тауба*<*тоба*, *уапат*<*опат*, *уақап*<*оқап* паралельдерінен уа немесе ау дыбыс тіркестерінің о дауыстысына айнала алатындығын байқаймыз. Қай дыбыстың қай дыбыспен алмасу заңдылығын білу арқылы да жаңа формалардың көне вариантын қалпына келтіруге болады.

9.Түркі тілдері дамуының тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерінде жіңішке дауыстылардың болмағаны сияқты, ұяң дауыссыздар да мүлдем болмаған. Ұяң дауыссыздардың барлығы қатаң дауыссыздардағы ауа қарқынның әлсізденуінен пайда болған: п<б, қ<ғ, к<г, т<д, с<з, т<ж.

Кез келген дауысты, дауыссыз дыбыстың шыққан тегі, арғы тегі, түпкі тегі болады. Сонда ұяң дауыссыздардың шыққан тегі қатаң дауыссыздар болып есептеледі. Осы қағидаға сүйеніп, жатқан *тізе*<*дізе*, *тұз*<*дұз*, *палуан*<*балуан*, *сырганақ*<*зырганақ*, *ақа*<*ага* сияқты фонетикалық варианттардың қатаң дауыссыз сыңарын алғашқы деп танымыз. Ұяң дауыссыздың орнына оның қатаң дауыссыз сыңарын алғашқы бірқатар сөздің көмескеленген мағынасын ашуға болады. Басқаша айтқанда, ұяңдар мен қатаңдардың орнын алмастыру сөздердің этимологиясын ашуды біршама дәрежеге жеңілдетеді.

Мысал келтірелік. Қазақ үйлерінің есік маңдайшасына қарама-қарсы төменгі жағындағы жерге, еденге тиіп тұратын көлденең ағашы *табалдырық* деп аталады. Заттың ұғым-түсінігі белгілі болғанымен, лексикалық мағынасы көмескіленген ескі сөз. Сонымен бірге дәл солай аталу себебін – уәжін де анықтай алмаймыз. Бұрын бұл лексема қандай ұғымда жұмсалған десе, екіншісі бірі жауап бере алмайды. Бұл сөздің құрамында жіңішке дауыстылар жоқ, бірыңғай жуан дауысты. Бірақ екі дыбыс ұяң – б,д. Олардың шыққан тегі, қатаң жұптары – п,т. Ал ы-ның көне формасы -ү. Жаңаның орнына көне дыбыстарды қойсақ, әрқайсысы орын-орнына келеді: **тапал түрүк** деген сөз тіркесі пайда болады. *Тапал* «аласа» сын есімінің синонимі, диалектілерде қолданылады. *Тұрық* сөзінің «тұрғызылып қойылған тақтайша» екендігін түсінуге болады. Басын қоссақ: *тұрғызылып қойылған аласа тақтайша*. Шындыққа толық сай келеді әрі уәжі де анықталады. Барлық дыбыстардың шыққан тегін, арғы тегін, түпкі тегін білу, міне, осындай оң нәтиже береді.

10.Түркі тілдеріндегі барлық дауыстылар мен пайда болу тарихын, олардың даму эволюциясын [көбейту кестесін жатқа білгендей] жатқа білген түбіртектанушы белгілі бір тілдегі базалық лексикаға жататын байырғы сөздердің түпкітектерін (шын мәніндегі архетиптерін) аша алатындай дәрежеге жетеді. Басқаша айтқанда, бұл – математикалық логикаға арқа сүйеу қажет деген сөз. Математикада, нақтырақ айтқанда, алгебрада белгісіз сандарды белгілі сандар арқылы табатын тәсілдер бар.  $X+5=12$  элементар теңдеуі біздің архетип табу ізденістерімізге көмектесе алады:  $x=12-5=7$ . Есептің дұрыс-

бұрыстығын тексеру үшін х-тің орнына 7 санын қоямыз:  $7+5=12$ . Дәл осы тәсілді дауыстылар мен дауыссыздардың түпкітегін анықтауға да қолдануға болады.

Жоғарыда біз жіңішке дауыстылар мен ұяң дауыссыздардың түпкітегі туралы біршама мағлұмат бердік. Олардың шыққан тегі оңай анықталатынын байқадық: дауыссыздардың да шыққан тегін табу оншалықты қиындық келтірмейді. Мысалы, келте дыбысталатын дауыссыздар **й** мен **ў** қоспасыз таза дыбысталатын дауысты **и** мен **у**-дан пайда болған: **и** > **й**, **у** > **ў**. Сірә **й** мен **ў** сыналық (протезалық, эпентезалық, эпитезалық) қызмет атқару барысында тілдік өмірге келсе керек. Көршілес тұрған **қ,к,ғ,г** дауыссыздарының әсерінен **н** сонорынан **ң** сонорының туындағаны да ғылымға белгілі. Бірақ **ң** сонорынан пайда болған **м** сонорын, тарихқа белгісіз өте ежелгі дәуірлерде вариантталғандықтан, тілшілер қауымы дербес фонема ретінде қабылдайды. Ол келе-келе фонологиялық жүк қабылдап, өзінің шыққан тегі **ж** сонорынан алшақтаған. Мағына ажыратушылық қасиетке ие болған. **м**-ның түпкітек **ң**-ның варианты екендігін көне түркі жазба ескерткіштерінде сақталып қалған бірнәрсенің фактілер негізінде ғана анықтай аламыз. Мысалы, XIV-XVI ғасыр ескерткіштерінде «құнды зат» деген мағына беретін **ердәм** атауы одан бұрын өмірге келген. «Оғуз-наме» ескерткішінде ұшырасатын **унутмақ** етістік қазіргі қазақ тілінде – **ұмытпақ**. *енді~емді, және~йәмә* варианттары да осы пікірдің дұрыс екендігін дәлелдейді. Яғни **ң**>**м**.

Сондай-ақ **р** сонорының **л** сонорына айналуы тарихы да **ң**-нің **м**-ге айналу тарихына қатты ұқсайды. Үнді дауыссыздар өзге дауыссыздарға қарағанда көп аса өзгерістерге ұшырай бермейді. Тарихтың бүкіл өн бойында өздерінің негізгі артикуляциялық, акустикалық сапаларын сақтайды. Солардың қатарына жататын **р** мен **л** – физикалық сапасы, жасалу сипаты жағынан бір-біріне өте жақын дыбыстар. Тектестігі өзара оңай алмаса беретіндігінен де, көрінеді. Мысалы, қазақ тіліндегі **шұңқыр** (қазылған, ойылған жер, шұқыр)~**шұңғыл** (түбір терең, шұңқыр) сөздерін бір-бірімен салыстырсақ, **р**-дің **л**-ге ауысқандығын бірден байқауға болады. Мағыналарындағы өзгерістер де елеусіз, ортақ семалары сақталған. Географиялық **Түлкібас** атауы бір кезде **Түркібасы** болып айтылған. Мұны тарихшы ретінде академик В.Бартольд өз уағында дәлелдеп бергенді. Қазақ тіліндегі **Үркер** (Торпақ шоқжұлдызының құрамына енетін топтанған жұлдыз шоғыры) жұлдызы көне түркі тілінде **Үлкәр** (ДТС,625) аталады. Латын тілінде – **февраль** орыс тілінде – **февраль**. Араб тіліндегі зарар қазақ тілінде – **залал** (зиян, зарар, кесір). Орыс тілінде – **соль**, қазақ тілінде **сор** (аяқ батып кететін тұзды батпақ; тұз ерітіндісінен қалған ақ таңдақ белгі). Мағыналарда азын-аулақ ауытқушылық болғанымен, түп-төркіні бір екендігінде шүбә жоқ.

Бурят-монғол тілінде кейбір сөздерді **л**-мен айтса да, **р**-мен айтса да сөз мағынасына ешқандай нұқсан келмейді. Мысалы, **суурьян~сууляан** (громкий,



ясный звук), аршуур~аршуул (тряпка), үргэн~үлгэн (широкий, ширь, широкий) (7.112-б.). Тараз қаласының **Талас** өзенінің бойына салынғаны тарихтан белгілі. Қала ретінде Тараз атауының, өзен ретінде Талас атауының әр түрлі сөздермен тіркесетіні белгілі. Дистрибуция бірте-бірте с-ні з-ге, р-ді д-ге айналдырған. Әйтпесе, екеуі де **Тарас** болуға тиіс болатын. Тарас атауын Ұлы қоныс аудару заманында Украинаға қыпшақтар алып баруы әбден мүмкін. Әйгілі есімдер – Тарас Бульба, Тарас Шевченко – осы пікірге куәлік береді. Сайып келгенде, д – р-дің бір заманындағы аллофоны. Фонологиялық тұрғыдан алғанда, тектес осы екі дыбыстың түпкітегі - \*Ф.

Ұяң дауыссыздар мен қатаң дауыссыздарға қарағанда қатаң дауыссыздардың даму тарихы әлдеқайда күрделі. Таратып айталық. \*Т[С/Ш] – т,с,ш дыбыстарының қосындысынан тұратын күрделі аффрикат. Уақыт өте келе, алтай дәуірінде-ақ, бұл күрделі аффрикат тілдік өмірден шығып қалған. Осы себепті ол гипотеза ретінде ғана болжамдалады.

Тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерде-ақ аталған күрделі аффрикат екіге жарылып, т,с дыбыстарынан тұратын ц аффрикаты мен т,ш дыбыстарынан тұратын ч аффрикатына өз орнын береді. Және сол дәуірлерде біртұтас болған алтай тілдерін екіге бөледі: солтүстік-шығыс тілдері ц аффрикатын пайдаланса, оңтүстік-батыс тілдері ч аффрикатын пайдаланады. Қазірдің өзінде тұңғыс-манчжур, монғол тілдері сөз басында к аффрикатын жұмсаса, түркі тілдері ч аффрикатын жұмсайды. Мысалы, тұңғыс-манчжур, монғол тілдерінде –**цецек**, түркі тілдерінде **чечек**. Қазіргі қазақ тілінде – **шешек** (гүл).

Түркі тілдерінде сөз басында қолданылатын ц және ч аффрикаттары алтай тілдерінде одан әрі дамиды. Солтүстік-шығыс тілдеріне тән ц аффрикатының құрамындағы т,с дыбыстарының бірі, атап айтқанда, с дыбысы бірте-бірте әлсіреп, редукцияға ұшырайды. Ақырында өз орнын һ көмей дауыссызына босатады. Сөйтіп, тарихта th қосар дыбысы пайда болады. Сонда тс(ц)>th формуласы түзіледі. Башқұрт тіліндегі һүт (сүт), һыйыр (сыйыр) тұлғалары осы өзгерістің нәтижесі. Кейде ц аффрикатының құрамындағы с дыбысы мүлдем элизияға ұшырап, т фонемасы пайда болады: тс (ц)>т.

Сондай-ақ ч аффрикатының құрамындағы т,ш дыбыстарының бірі, атап айтқанда, ш дыбысы оғыз және қарлұқ тілдерінде әлсіреп, редукцияға ұшырайды. Әлсірей-әлсірей ақырында өз орнын й сонорына босатады. Салдарында ти қосар дыбысы тілдік өмірге келеді. Бұрын **чол** (жол), **чет** (жеті) болып айтылған сөздер **тйол**, **тйети** болып айтыла бастайды. Кестеге түсірсек: тш (ч)>тй.

Түркі тілдері дамуының келесі сатысында барлық аффрикаттар мен қосар дыбыстар ұяндайды, тс (ц)~дз, тш (ч)~дж, th~dh, тй~дй сәйкестіктері түзіледі. Келе-келе сөз басында екі дауыссыз дыбыстың қатар айтылмау заңдылығынан аффрикаттар мен қосар дыбыстардың алғашқы жапсары т,д дыбыстары элизияға

ұшырап, жойылып кетеді. Олардың орнына т,с,ш қатаңдары, д,з,ж ұяңдары, h,й сына дыбыстары қызмет ете бастайды. Сонда қыпшақ тілдерінде **джол, джети** тұлғалары **жол, жеті** тұлғаларына алмасса, оғыз, қарлұқ тілдерінде **тйол, тйети** тұлғалары **йол, йети** тұлғаларына алмасады. Қазақ тілінде **жел, жыл, жылқы** сияқты толып жатқан сөздердің оғыз, қарлұқ тілдерінде **йен, йел, йылқы** формасында айтылатындығы осы себептен. Осы жерде д,з,ж ұяңдарының аффрикат құрамында пайда болғандығын ескерте кеткелі отырмыз.

Қазақ тілінде таза дыбысталатын, салдыр араласпайтын и,у дауыстылары жойылып кеткен. Оның орнына протезалық, эпентезалық, эпитезалық сына ы,і,ү,ү дауыстылары селбесіп, ый, ій, үу, үу дыбыс тіркестерді, дифтонгтері пайда болған. Сонор й осыдан басқа тілдік өзгерістерге түспейді. Ал у соноры одан әрі дамиды. Одан жүйесі бөлек тілдерде ф,в фонемалары, түркі тілдерінде п,б фонемалары пайда болады. Даму кестесі: \*у>ў>ұ[ф/п]>п>б. *Жап~жауып* сияқты дыбыстық алмасулар осы заңдылықтың әсерінен болып тұр.

Бұлардың сыртында түркі тілдерінде көмейлік қатаң h, x дауыссыздары кездеседі. Бұл екеуінің архетипі - \*h. Ол сонымен қатар к,к,ғ,г дыбыстарына да түпкітек бола алады. Ешқандай кедергісіз айтылатын \*h көкірек-көмей дауыссызы әуел баста эмоционалдық сезімдердің (қорқу, қуану, ренжу, күрсіну, жөтелу, ауыру, сырқырау т.б.) себебінен пайда болған. Келе-келе ол көмей арқылы айтылса, -ларынгалы, жұтқыншақ арқылы айтылса, -фарингалы болып екі сапаға ажыраған. Бұл фонема сонау көкірек-көмейден тіл алдынан айтылатын дәрежеге жеткенше, неше сатыдан өтеді. Көкірек-көмей дауыссызының уақыт өте келе жұтқыншаққа, одан тіл арты көрсеткіш ретінде қабылдауымызға болады. \*h дауыссызының даму жолын былайша кестеге түсіруге болады:

h<sub>1</sub> (көмей) >/>  
\*h(көкірек-көмей)>

Сөйтіп, қазақ тіліндегі қатаңдардың бірі –п таза дыбысталатын, салдыр, араласпайтын у дауыстысынан пайда болса, к мен қ қатаңы түпкітек болып есептелетін көкірек-көмей дауыссызы \*h-ден пайда болған. Ал, т,с,ш қатаңдары күрделі аффрикаттың ыдырауы себепті тілдік өмірге келген. Бұлар туралы «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» аталатын монографиялық еңбегімізде толық баяндалады (3.10-69б.).

11. *Сөйлеуші қашанда тілдік элементтердің айтуға жеңіл болуын, сөйлеу органдарына күш түстірілмеуін көздейді. Үнемдеу құбылысы да осы заңдылыққа бағынады. Үнемдеу процесінде пайда болатын соңғы нәтиже – белгілі бір дыбыстың, буынның, сөздің, тіпті сөйлемнің қысқартылып, ықшамдалып айтылуы. Үнемделу – сөз тәркінін айқындауға елеулі дәрежеде қиындық келтіреді. Алайда үнемдеу заңының ықпалына түсіп, жойылып кеткен дыбыстарды, буындарды бұрынғы қалпына келтіруге болады. Бұл үшін үнемделудің негізгі заңдылықтарын, бүкіл принциптерін меңгеру талап етіледі.*

Әсіресе белгілі бір дыбыстың, яки буынның элизияға ұшырап жойылып кетуі түбіртануы ілімі үшін аса маңызды. Сол жойылып кеткен дыбысты немесе буынды дәл қалпына келтіргенде ғана этимологияның негізгі мақсаттарының бірі орындалады. Үнемдеу заңының ықпалына белгілі бір дыбыстың яки буынның ықшамдалып қысқаруы сөздің басында да, ортасында да, аяғында да болады. Соның нәтижесінде сөз формасы адам танымастай дәрежеге жетеді.

Элизияға ұшыраған дыбыстарды, буындарды қалпына келтіру үшін ең алдымен көне түркі жазба ескерткіштеріне жүгінеміз. Мысалы, «заһар, у» ұғымын орта ғасырларда «Құтадғу билиг» ескерткішінде – *урагун* сөзі берген. Алғашқы буын түсіріліп айтылғаннан кейін *агун* формасы ол ұғымды жеткізе алатын болған. Соңғы н дыбысы қысқарған соң *агу* тұлғасы тілдік өмірге келген. Бұл форма XIV-XV ғасырларда көне жазба мұраларда жиі қолданылады. Қазіргі оғыз тілдерінде сақталып қалған. Қазақ тілінде мұның алғашқы буыны элизияға ұшырағаннан кейін бірте-бірте осы заманғы у формасы қалыптасқан. Сонда *урагун* формасы мен у формасының арасы жер мен көктей болып шыққан.

Үнемделген дыбыстарды, буындарды анықтауда тарихи-салыстырмалы әдістің мүмкіндігі үлкен. Мысалдар. Көне түркі тілінде – **йалбырғақ** лист дерева (ДТС,228), **йапурғақ** лист, лепесток (МКШ67), қазақ тілінде – **жапырақ** өсімдіктердің газ алмасу, су буландыру қызметін атқаратын органы. Осы формаларды бір-бірімен салыстырсақ, мынадай сәйкестіктерді аңғарамыз: й~ж, д~о, б~ц, у~ы, ғ~о. Осылардың арасында й~ж сәйкестігі оғыз тілдері мен қыпшақ тілдерінің айырмашылығын көрсетсе, у~ы сәйкестігі еріндік у-дың езулік ы-ға айналу процесі тіпті ертеде – орхон-енисей ескерткіштері заманында-ақ болғанын байқатады. Қазіргі кезде д мен ғ дыбыстары сөз құрамынан мүлде шығып қалса, б мен ц бір-бірімен кедергісіз алмаса береді. Осы фактілерге сүйеніп, ең көне форманы қалпына келтірейік: \*йалп+ур+(у)ғ+ақ~жалп+ур+(у)ғ+ақ. Қазақшаға бейімдесек: жалп+ұрғақ (желпілдеп тұрған нәрсе). Қазіргі қазақ тіліндегі жалбырақ сын есім – *салбырап-салбырап тұратын салпыншақ*. Бір кездегі \*жалп+ур+(у)ғ+ақ формасынан (п-ның б-ға, у+дың ы-ға айналуынан, у(ғ) буынының түсіріліп айтылуынан) пайда болған туынды сөз. Туынды сөз болғанымен **жапырақ** сөзінің мағыналық мазмұнын толық жеткізіп тұр.

Жоғарыда мысалға келтірілген екі сөзден мағыналық және тұлғалық айырмашылықтардың біраз сипаты айқындалады. Бірінші сөзде, формасы қанша өзгеріске түскенімен, мағына толық сақталған. Екінші сөздің уәжі ұмытылып, мағынасы көмескіленген. Оның *жалбырап тұрған нәрсе* екенін ескерткіш материалдарымен салыстырғанда ғана білеміз. Алайда сөздердің барлығы бірдей осылайша тарихи жазба ескерткіштерде немесе қазіргі түркі тілдерінде ұшыраса бермейді. Мұндай жағдайда жойылып кеткен дыбыстарды, буындарды қалай қалпына келтіруге болады? Сөз төркінін айқындаудың тағы бір тәсілі ретінде

сөйлем, сөз тіркесінің синтаксистік логикасы да көмекке келе алады. *Сөздің мағыналық мазмұнына, заттың, нәрсенің табиғи болмысына, жаратылысына, сапа, қасиеттеріне, т.б. сүйене отырып та, жойылып кеткен тілдік элементтерді анықтауға болады.*

Мысалы, *қамшыға, шоқпар, сойыл сабына тағылатын қайыс бау бүлдіргі* деп аталады. Түбіртек жасауға қатыспайтын **-б** дыбысын, ережеге сай бөліп тастасақ, үлдіргі>ілдіргі деген тың мағыналы сөз пайда болады. Мұны **көзгелдек, көзілдірік** сияқты сөздермен салыстырсақ, көне заманда *ілдіргі, ілдірі* сияқты модульдердің қалыпты қолданыста жұмсалғанын аңғарамыз. Не ілдіргі? Деген сұраққа сап ілдіргі деп жауап қайтаруға болады. Сонда «қамшының сабы» деген ұғым элизияға ұшыраған са түбіртегінде тұр. **б~п** сына дыбысы бірінші түбіртекке сіңіскенде **сап** формасын, екінші сөзге сіңіскенде **бүлдіргі** формасын береді. Бұл жерде бар қиындық сына дыбыстарды ажыра білуге байланысты. Тағы бір мысал. Топырақтың сумен араласқан түрі **балшық** деп аталады. **б** сына дыбысын әдеттегідей сөз құрамынан шығарып тастаймыз: **алшық** бір нәрсенің шылқып алып кеткенін білдіреді. Ол – су. Қалпына келтірсек, су+б+алшық. Орхон-енисей ескерткіштерінде **суб** қазіргі тілдердегі **су** атауының орнына жұмсалған. Осылайша жекелеген дыбыстарды да, буындарды да қалпына келтіруге аламыз. Қысқасы, сөз тұлғасын өзгертетін құбылыстардың ең бастысы үнемдеу екендігін әрқашан назарда ұстауымыз қажет. Этимолог элизияға ұшырап жойылып кеткен тілдік элементтерді тез аңғарып, орнына келтіре алса, бұл құбылыстың сырын терең меңгергені болып есептеледі.

**Жаңбыр.** Сөздіктегі мағынасы – *бұлттан бөлініп, жерге түсетін атмосфералық су тамшылары*. Бұл сөздің көне түркі жазба ескерткіштерінде **йағмур** (ДТС, 225), **йамғур** (ДТС, 231) варианттары бар. Соңғы вариант оғыз, қарлұқ-ұйғыр тілдерінде қазір де осы тұлғада қолданылады. Қазақ тіліндегі **жаңбыр** екі буын, екі морфемаға бөлінеді. Оғыз тілдерінде йағ+мур-дың алғашқы буыны йағ мағына береді: йдти, падать (о дожде, снеге) (ДТС,223). Екінші буынның мағынасы жойылып кеткен. *Йағмур~йамғур* варианттарын өзара салыстырсақ, екінші варианттың **ғм** дыбыстарының орын алмастырып (мғ), метатеза заңдылығы негізінде қалыптасқандығын байқаймыз. Сондықтан ол екі форманы бір форма ретінде қабылдауға болады.

Оғыз тілдеріндегі **йағ**, қазақ тіліндегі **жау** бірдей мағына береді: *жаңбыр, бұршақ не қардың аспаннан жерге түсуі. Жауын* (су тамшылары түріндегі атмосфералық тосап, жаңбыр) – жау етістігінен жасалған туынды сөз. Оғыз тілдеріндегі – **йағун**. **Жауын** мен **йағунды** өзара салыстырсақ, мынадай өзгерістерді байқаймыз. Й~ж сәйкестігі – оғыз тілдері мен қыпшақ тілдерінің айырмашылығын көрсететін фонетикалық белгілердің бірі. Қыпшақ тілдеріндегі сөз ортасындағы **ғ** дыбысы элизияға ұшырауы себепті бірте-бірте **жауын** формасы тілдік өмірге келген: жағун>жаун>жауын Сөз құрамындағы **ғ** дыбысы

жойылып кеткеннен кейін у мен н аралығында ы эпентезасы пайда болған. 1) й~ж сәйкестігі, 2) ғ дыбысының қосылуы талданып отырған сөздің екі формасын бір-бірінен өзгеше етіп қалыптастырған.

Енді *йағ, йағун жауын* сөздері мен қазақ тіліндегі *жаңбыр* сөзінің алғашқы буыны **жаң**-ды өзара салыстырсақ, мынадай тілдік құпияға жолығамыз. **Жаң** морфемасының соңындағы н соноры өзінен кейінгі б дыбысының әсерінен н сонорынан пайда болған. Этимологиялық тұрғыдан алғанда да, н-ның түпкітегі (архетипі) – н. Сонда *жауын* ұғымы оғыз тілдерінде **йағ+ун** формасынан ун бөлшегінің түсіріліп айтылуы негізінде ықшамдалған **йағ** түбіріне ауысқан, қыпшақ тілдерінде уы бөлшегінің түсіріліп айтылуы негізінде *жауын>жан>жаң* өлі түбіріне ауысқан. Басқаша айтқанда, **йағун=жауын=йағ=жаң** формалары лексикалық мағыналары жағынан тең. **Йағ** пен **жаң** – **йағун** мен **жауынның** қысқарған түрі.

Келесі бөлшек – **йағ+мур, жаң+быр** сөздерінің екінші буыны **мур** мен **быр**-ды талдауға көшелік. Фонетикалық заңдылықтардың негізінде б дыбысынан м дыбысының пайда болғандығы туркологияға әлдеқашан белгілі жайт. Одан кейін у~ұ~ы сәйкестігі негізінде ы дыбысының у дыбысынан пайда болғандығы анықталады. Олай болса, **мур** да, **быр** да әуелде *\*бур* формасында тұлғаланған. Қазақ тілінде **бур** формасы жоқ, бірақ оның у~ұ~ү сәйкестігі негізінде қалыптасқан жіңішке **бур** варианты **бур+ку** (сұйық зат шашырату, себу) етістігінің құрамында кездеседі. Барлық айтылғандарды жинақтасақ, оғыз тілдеріндегі **йағмур**, қазақ тіліндегі **жаңбыр** сөздерінің лексикалық мағынасы – *бүркіп жауған жауын*, екендігі айқындалды. Мұндағы басты ерекшелік анықтауыш анықтайтын сөзінен кейін келген. **Айсұлу** (қазір – *сұлу ай*), **Күнсұлу** (қазір – *сұлу күн*), **Таңжарық** (қазір – *жарық таң*), т.б. есімдер бағзы заманда синтаксистік қатынастың қазіргіден басқаша болғандығын білдіреді. Демек, **жаң** – *жауын* атауы, **быр** – *бүркіп жауған* тіркесі осы заңдылыққа бағынған.

Тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерде **жауын** сөзінен кейін келетін *бүркіп жауғаннан* басқа да анықтауыштары болғаны анық. Мысалға, **жауын-шашын**. *Жаңбыр, қар, жауын т.б. атмосфералық тосап*. Бұл қос сөздің екінші сыңары шашын лексикалық мағынасы көмескіленіп, синтаксистік анықтауыштық қызметінен айырылып, қалғаннан кейін жалпылауыш сөзге айналып кеткен сияқты. Әйтпесе, жел соғып тұрғанда жауған жаңбыр шашылып жауатыны өмірде бар құбылыс. Сонда *жауын-шашын* тіркесін *шашылып жауған жауын* деп түсінуіміз керек. **Жауын нөсер**. Тасырлатып құйылып кететін жаңбыр. Бұл тіркес ара-тура ауызекі сөйлеу тілінде кездескенімен, әдеби тілде нөсер жауын түрінде қалыптасқан. Осы сияқты тұрақты анықтауыштар қазір **жауын** зат есімінен кейін емес, бұрын айтылады. Мысалы, *ақ жауын*. Сіркіреп ұзақ жауатын қалың жаңбыр; **Қара жауын**. *Күздігүнгі толассыз ұзақ жауатын қалың жаңбыр*, тағы басқалар. Бүркіп жауған жауын, шашылып жауған жауын,

құйылып жауған жауын, сіркіреп жауған жауын, т.б. жауынның түр-түрінен хабар береді. Солардың ішінде **жанбыр** – жауынның бір түрі ғана.

**Күлдіреуіш.** *Шаңырақтың кереге көз болып түйсетін шыбықтары.* Бұл сөздің этимологиясын ашу қазіргі кездің тұрғысынан мүмкін емес сияқты көрінеді. Барлық түркі тілдерімен, оның диалектілерімен, тіпті көне түркі жазба ескерткіштерімен салыстыру да ешқандай нәтиже бермейді. Уәжі ашылмайды. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың түпкітектеріне (архетиптеріне) жүгінсек қана, аталған сөздің ескі мағынасын ашуға саңылау ашылады.

**Күлдіреуіш** құрамында екі қатаң (к,ш), үш сонор (д,р,у) және бір (д) ұяң дауыссыз бар. Қатаң дауыссыздар мен сонорларға қарағанда ұяң дауыссыздар тілдік өмірге кеш келген. Сондықтан түпкітек (архетип) табуды ұяң дауыссыздардан бастаймыз. д-ұяңының шыққан тегі –қатаң т. Қатаң т-ні өз орнына қойсақ, күл+тіреуіш болып, талданып отырған сөзді екіге бөліп тастайды: алғашқы бөлегі – күл – мағынасыз, екінші бөлегі мағыналы: **тіреуіш** – *тіреу ретінде қойылатын діңгек сырық*. Олай болса, мағынасы жойылып кеткен күл – анықтауыш, тіреуіш атауының қандай сипатта екендігін білдіруге тиіс.

Мұның да, дауыстылар мен дауыссыздардың түпкітегін табу арқылы мағынасын ашуға тырысып көрелік. Соңынан бастағанда, д-дың архетипі –р, у-нің архетипі –ү. Басын қоссақ, үр түбіртегі пайда болады. Бұл тұлғаның *алас ұрды, аһ ұрды, бас ұрды, бой ұрды, құрақ ұрды, шарқ ұрды* фразеологизмдерінің құрамындағы **үр** көмекші есімдігі екендігі түсінікті болады. Ал ү-нің алдындығы к-дауысты дыбысы жойылып кеткен түбіртек сарқыншағы. Жойылып кеткен қандай дыбыс екендігін нысанның өзіне – **күлдіреуішке** назар аударғанда ғана анықтауға болады. Зерттей қарағанда, күлдіреуіш шыбықтарының шаңыраққа иіліп барып кіргізілетіні байқаймыз. Демек, элизияға ұшыраған дыбыс –и, көне түркі жазба ескерткіштерінде –е. Ег-сгибать, наклонять (ДТС,165), егил-сгибаться, наклотняться (ДТС,165). Қалпына келтірілген \*ик \*үр, көне түркіше егил, қазақша иіл (бүгілу, майысу) мағынасы жағынан тепе-тең формалар. Қазақ тілінде \*ик \*үр түбіртектерінің даму эволюциясы: *икур>игур>игүл>игіл>иіл*. Дыбыстық өзгерістер к>г>о, ү>ү>і, р>л. Яғни к қатаңы г-ге ұяңданып барып жойылып кеткен, ү дауыстысы жіңішкеріп қысаңданса, р соноры л сонорына айналған. Архаизмге айналған *күл* бөлшегінің даму эволюциясы: \*ик \*үр>икур>күр>күл. Дыбыстық өзгерістер <sup>р</sup>ү>ү, и>ё, р>л. Бұл бағытта дамығанда к қатаңы ұяңданбаған, бірақ оның алдындағы и дауыстысы элизияға ұшыраған. Жіңішкеру үдерісі, бір сонорының екінші сонорымен алмасуы **иіл** етістігімен бірдей. Соңғы тізбектегі **күр** бөлшегі қазақ тіліндегі бү+күр~бү+кір сөзінің құрамында да кездеседі. **Бүкір** – *қалпы түзу емес, қисық, еңкіштеніп бүгілу*. Бұл сөздің түбірі – **бүк** *түзу қалпын өзгерту, ию* деген мағына береді. Бүк етістігінен жасалған **бүгіл** ырықсыз етісінің **бүкір** сөзімен тектестігін аңғару да қиын емес.

Сайып келгенде, **күлдіреуіш** атауының жұмбақ болып тұрған уәжі былайша ашылады: *иілген тіреуіш*.

Түркологтардың тәжірибесінен өтіп, әбден қалыптасқан тарихи-салыстырмалы әдіс пен әзірге зерттеушілердің тегінен өте қоймаған түбіртек табу әдісін қатар пайдаланып, этимологияда осылайша едәуір табыстарға жетуге болады.

**Жуа.** *Сөздіктегі мағынасы – сабағы қуыс келген, ұшында гүл шоғы бар, жеуге жарамды ащы өсімдік.* Көне түркі жазба ескерткіштерінде **соған** лук (ДТС, 507). Оғыз тілдерінде қазір де соған формасы пайдаланылады. Мағыналары бірдей болғанымен, формалары кереғар. Бір-біріне үйлеспейді. Осы екі форманың негізі бір десек, әуелде екінің бірі сенбейтіні анық. Талдап көрелік.

*Соған* атауының құрамындағы **ан** – есімдерден етістіктерден есім жасайтын көне жұрнақ. О-ның түпкітегі (архетип) –у. Енді *жуа* формасымен қалпына келтірілген **\*суған** формасын салыстырсақ, у мен а дыбыстарының екі сөз формасында бірдей екендігін байқаймыз. Зерттеулер бағзы заманда лексиканың жұтаң кезінде есімдердің барлығы н-мен аяқталғанын анықтап отыр. *Соған* формасында н бар, *жуа* формасында н жоқ. Демек, *жуа* формасындағы н элизияға ұшыраған. *Ау* және *уа* дыбыс тіркестерінің аралығында бұрын ғ ұяңы бар болғандығы тарихи фактілер негізінде дәлелденіледі. Яғни ау=ағу, уа=уға. Олай болса, *жуа* зат есімі **\*жуған** формасында қалпына келеді. ж-нің шыққан тегі дж аффрикаты, ал дж аффрикатының шыққан тегі -ч(тш) аффрикаты. Басқаша айтқанда, **\*жуған~\*чуған** формалары тарихи тұрғыдан тең. **\*Суған** және **\*чуған** формалары ч~с сәйкестігі негізінде пайда болғандығы дәлелдеуді қажет етпейді. **\*чуған** формасы басы ашық лексикалық мағына бермей тұрғандықтан, түбіртектерге бөліп қарастырамыз. Соңғы ан түбіртегі – есім жасайтын көне жұрнақ екендігін жоғарыда атап өттік. Одан бұрын тұрған уғ түбіртегі – есімдерден етістік жасайтын көне жұрнақ. Сөздің ұшар басындағы ч аффрикаты дауысты дыбысын жоғалтқан түбіртек. Элизияға ұшыраған қандай дауысты екендігі анықталмайынша, ол сөздің бұрынғы мағынасын да біле алмаймыз.

Әр түрлі қымбат металдар мен тастардан (алтын, күміс, гәуһар, жақұт, лағыл т.б.) жасалған, сән үшін әйелдердің құлағына тағатын затты қазақ **сырға** деп атайды. Осы сөз көне түркі ескерткіштерінде –**асырға**. Бұл сөздің басында дауыстылар да элизияға ұшырайды деген пікірге әкеледі. Демек, **\*чуған** формасының да алғашқы дауыстысы үнемдеу заңының ықпалына ұшырап, ықшамдалған. Архетип (түпкітек) а, и, у дауысыталарының ішінде а дауысытысы ғана аталған сөздің мағыналық мазмұнына үйлес келеді. **\*ач+уғ+ан**. Алғашқы екі түбіртек бірігіп, көне түркі жазба ескерткіштерінде [ачуғ~ачығ] кислый, горький (ДТС, 4) ащы деген мағына береді. Шөпті бұрынғы кезде **от** деп атаған. Қорытынды: *жуа* сөзінің бұрынғы формасы: **\*ачуған от**, мағынасы: *ащы шөп*. Даму кестесі: **\*ачуған>аджуған>джуған>джуға>жуға>жуа**. Яғни ең алдымен а

дауысытысы элизияға ұшыраған (а>о), одан кейін ч аффрикаты дж аффрикатына ұяңданған (ч>дж), сөз аяғындағы н сонорының, аффрикаттың алдыңғы жапсарының үнемделуі нәтижесінде (н>о, дж>ж) **джуған** формасы **жуға** дәрежесіне жеткен. Ең соңында ғ элизияға ұшырап осы заманғы **жуа** тұлғасы қалыптасқан. \*Ачуғ екінші бағытта былай дамыған: \*ачуғ>ачығ>ачы>ашы>ашшы>ашы. Яғни у>ы, ғ>о, ч>щ, ш>шш.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Моллова М. К истории тюркского вокализма // Вопросы языкознания, 1966, №2.
2. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы, «Қазақ университеті», 2005.
3. Сағындықұлы Б. Таңдамалы туындылар. Алматы, «Үш қиян», 2009.
4. Хасенов Ә. Тіл білімі. Алматы, «Санат», 1996.
5. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. Москва, «Высшая школа», 1962.
6. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, «Мектеп», 1978.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 тт. Алматы, 1974-1986 жж.
8. Древнетюркский словарь. Л., «Наука», 1969.

### ЕЖЕЛГІ ДӘУІРЛЕРДЕГІ ПРОТЕЗАЛЫҚ, ЭПЕНТЕЗАЛЫҚ, ЭПИТЕЗАЛЫҚ ДАУЫССЫЗДАР

*Сағындықұлы Б.*

*филология ғылымдарының докторы  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Түркі тілдері тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерде флексиялық құрылымды басынан өткерген. Мұндай құрылымның басты ерекшелігі – түбірлердің бір ғана дауысты мен бір ғана дауыссыздан тұратындығы. Лингвистикалық әдебиеттерде мұндай морфема «түбіртек» деп аталады. Алайда бұл термин өлі морфтарға ғана байланысты қолданылатындықтан, бір дауысты мен бір дауыссыздан тұратын тілдік бөлшектердің өлі, тірі тілдік элементтерге қатысы бірдей екендігін ескеріп, жаңа термин «архесиллаб» атауын ғылыми айналымға енгізіп отырмыз. Мұны қазақшаға **түбіртек** деп аудардық. Бірнеше түбіртек өзара омонимдес болғандықтан, түбіртекның құрамындағы дауысты да, дауыссыз да қытай тіліндегідей әр түрлі сапада айтылған. Түбіртек мағыналарын ішкі флексия түрлендірген. Белгілі бір дауысты дыбыстың дауыссыз дыбыстың алдында яки соңында келуі, түсіріліп айтылуы, өзара алмасуы, тағы басқа комбинациялық өзгерістері ұғым, түсінікті жеткізуде шешуші роль атқарған. Қай дыбысқа



қаншалықты акцент берілуі ішкі флексияны реттеп отырған. Дүние жүзі тілдеріндегі түрлі-түрлі екпін тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлердегі акцентологияның қалдықтары. Жеке-жеке дауыссыз дыбыстар заттардың, нәрселердің, қимыл-қозғалыстың, күйдің, сын-сапа, қасиеттердің атауы болған. Ал дауысты дыбыстар әр түрлі семантикалық өзгерістерді, реңктерді жеткізген. Осы баяндалған ерекшеліктер қазіргі түркі тілдерінде өте аз, жартымсыз дәрежеде реликт (қалдық) ретінде сақталған. Флексия құбылысы түркі тілдерінде (тіпті бүкіл алтай тілдерінде) бір буынды түбірден әрі аспағандықтан әрі қарай дамымаған. Үндіевропа, семит т.б. тілдерде ол екі, үш буынды қамтығандықтан қазірге дейін өмір сүріп отыр. Егер шартты түрде дауыстыларды А деп, дауыссыздарды Б деп белгілейтін болсақ, флексиялық кезеңнің алғашқы дәуірінде, қолда бар мәліметтерге қарағанда, буынның құрылымы бар болғаны мынадай болған: АБ, БА.

Сандық өзгеріс әрқашан да сапалық өзгерісті тудырады. Уақыт өте келе аса ежелгі алтай халықтарының /оның ішінде түркі халықтарының/ лексикасы толығып байыды. Мұның өзі грамматикалық құрылымды қайта қалыптастыруды талап етті. Флексия дәуірінің орнына полисинтетика дәуірі келді. Бұл дәуірдің басты ерекшелігі түбіртек варианттары морфема болып тұрақтанады. Мысалға **ан, ун, ин, на, ну, ни** – бір түбіртектің варианттары. Бұл ретте лексикалық мағына **н** дауыссызында тұрады да, дауыстылар оған анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш қызметінде әр түрлі реңк жамайды. Полисинтетика дәуірінде әр реңк, әр қосымша мән лексикалық мағына дәрежесіне жетеді де, **ан, ун, ин, на, ну, ни** формаларын жеке-жеке морфемаларға айналдырады. Лексикалық мағынаны бұрынғыдай жалғыз дауыссыз емес, дауысты мен дауыссыз өзара жымдаса бірлесіп жеткізетін болады. Мысалы, тіліміздегі **от, ат, ақ** түбір морфемалары сияқты.

Полисинтетикалық құрылым дегеніміз түбір тіл болғандықтан, бір түбір морфема мен екінші түбір морфема қабыса тіркеседі. Морфологиялық сипат алған түбіртек варианттарының өзара тіркесуі әр түрлі тілдік құбылыстарды туғызады. Көп жағдайда қатар келген екі дауыссыз бір-біріне сіңісіп кетеді, немесе бірін екіншісі ығыстырып жібереді. Фонологиялық жүк атқармаған жағдайда дауыстылар айтылмайтын болған. Мұның өзі (қазір мүлдем жойылып бара жатқан) сөз соңындағы **рт, рс, нт, нс** сияқты толып жатқан қос дауыссыздарды өмірге әкеледі. Қазіргі тілдерде түбір сөздердің құрамында екі дауыссыз кездесе, ол – бір кездегі түбіртектің екі вариантының сіңісуі деп түсінген жөн. Мысалға **на** мен **ун** – түбіртек варианттары. Дауыстыға аяқталған және дауыстыдан басталатын осы екі варианттың кірігуі екі түрлі жолмен өтті. Логикалық екпін қай түбіртек вариантына түсуіне қарай: **на + \*ун > нун; на\* + ун > нан** моделінде қалыптасты. Түбіртек варианттарының екеуіне де логикалық екпін түскен жағдайда эпентезалық (қыстырма, сына) дыбыстарды қажет етті.

Өйткені екі дауысты тоғысып, бір-біріне кедергі жасамауы керек болды. **й, у, һ** дауыссыздары (және оның аллофондары) дәл осы міндетті – сыналық міндетті қазіргі заманға дейін атқарып келеді. Бұл ретте шартты формалар \***на + һ + ун** сипатында тіркеседі [1. 63-68 және 157-160 бб.].

Түбір сөздердің қалыптасуында ерекше қызмет атқарған **й, у, һ** сыналық дыбыстардың қазіргі жай-күйіне осы мақалада қысқаша тоқталғалы отырмыз.

**Й.** Бұл ежелгі дәуірде таза дауысты **и**-ден пайда болған сонор фонема. Аллофондары жоқ, ең тұрақты дыбыс.

Түркологиялық еңбектерде **й** дыбысының эпентезалық қызметіне осы кезге дейін назар аударылмай келеді. Көне түркі жазба ескерткіштерінде бұл дыбыстың сөз ортасында сына, қыстырма бола алатындығы тайға таңба басқандай сайрап тұр. Мысалы, башла-/баста/ етістігіне **у** жұрнағын қосуға тура келгенде **й** сына дыбысы қажет етіледі: **башла + й + у /бастап/**. Сол сияқты **сүле + й + у /соғысып, ұрысып/, сы + й + у /сындырып/** [2. с.291-301], тағы басқалар.

Етістіктің **-ур / -үр** жұрнағы да дауыссыздан аяқталған түбірлерге тікелей жалғанады да (мысалы, бар, ур, бер + үр, т.б.), дауыстымен аяқталған түбірлерге **й** эпентезасы арқылы қосылады. Мысалы, **кизла + й + үр /жасырар/, сөзла + й + үр** (сөйлер), **йе + й + үр** (жер) [3. 27 б.], т.б. Дауысты дыбыстан аяқталатын түбірге дауыстыдан басталатын қосымша жалғануға тура келгенде осы заманғы тілдер де **й** сына дыбысын қосып алады. Мысалы, жаңа ұйғыр тілінде **йе + й + іш** (жеу), **де + й + іш** (деу, айту) т.б. [4. с.384]. Қазақ тіліндегі **де + й + ін, са + й + ын** шылаулары да осы заңдылық негізінде пайда болған.

Сыналық қыстырмалық дыбыс ретінде қызмет ету – **й**-дің табиғатына сай келетін ерекше қасиет. Осыдан да болу керек, сөз құрамындағы белгілі бір дауыссыз дыбыс айтылуда сәл-пәл қиындық тудырды дегенше, немесе ол әлдеқандай себептерден редуция, элизияға ұшырады дегенше, **й** эпентезасы орнына барып тұра қалады. Турасын айтқанда, ол алфавиттегі барлық дауыссыз дыбыстарды алмастыра алады. Атам заманнан басталған осы үдеріс біздің заманымызға дейін жалғасып келеді. Мысалы, тарихи жазба ескерткіштердегі **сөзле-, өг, қод-, қутад-, есімшенің жұрнағы -мадын, қанда, қарар, еб** формалары қазіргі қазақ тілінде – «сөйле», «ой», «қой-», «-құтай-», «-майын», «қайда», «қарай-», «үй». Бұл мысалдардан **й**-дің **з, г, д, т, н, р, б** дыбыстарын ауыстырып тұрғанын көреміз. Бұл шамамен алғанда соңғы мың жылдың көлемінде болған өзгерістер.

Біз бұларды тарихи жазба ескерткіштердің көмегі арқасында анықтап отырмыз. Тарихқа белгісіз дәуірлерде дауыссыздарды алмастырған **й** эпентезасы қазір әбден қалыптасып сіңісіп кетті. Оның сына, қыстырма дыбыс екені аңғарылмайды да. Мысалға «ойын» (ойнау үшін жасалатын әрекеттер, қимылдар) сөзі осы фонетикалық дыбыстық құрамында бағзы заманнан бері келе жатқан сияқты көрінеді. Мұның ежелгі түбірі «от» екенін жаугершілік кезде

қалыптасқан «қызын қатын етті, қатынын отын етті» фразеологизмінен анық аңғарамыз. Көне сөз ұйқас ырғағын бұзбас үшін сақталып қалса керек, қазіргі ұғымша, - «қызын қатын етті, қатынын ойын етті». Басқаша айтқанда, әңгіме «қатынды» мазақ, келеке еткендігі туралы болып отыр.

Сондай-ақ **сайра** деген сөздің түбірі «**саб**» (сөз) екендігі, **жайна**- деген сөздің түбірі – «**жаз**» (жыл мезгілі), **түйне** деген сөздің түбірі «**түг**» (түйін) екендігі қазіргі қоғам мүшелеріне беймәлім. Осы типтегі толып жатқан түбірлерді этимологиялық зерттеулердің негізінде ғана анықтауға болады.

Жоғарыда келтірілген фактілер мынадай қорытынды жасауымызға мүмкіндік береді: **й**-дің сөз құрамындағы (әсіресе бір буынды түбірлердегі) кез келген дауыссызды алмастыру қасиеті оның сыналық, қыстырмалық табиғатынан пайда болған ерекшелік. Бұл құбылысқа келешекте тиісінше назар аударылуы қажет.

**У.** Сонор дыбыс. Тарихи даму барысында таза **у** дауыстысынан пайда болған дауыссыз. **й** дыбысы сияқты сонор **у** да ежелгі дәуірден бері протезалық, эпентезалық, эпитезалық қызмет атқарып келеді. Бірақ **у** соноры өз аллофондары – **п, б, в** дыбыстарына өзгеріп, қалыптасып кеткендіктен жай көзге байқала бермейді.

Сыналық қызметі **й** сонорымен бірдей. Айырмашылығы жоғарыда көрсетілгендей, бірнеше формада (**ў, п, б, в**) қолданылатындығында. Мысал келтірелік. **Йасы** өзенінің атауы **Йасы** қаласына ат болып таңылғаны тарихтан белгілі. Осы қаладан шыққан атышулы ғұлама, машһүр машайық Қожа Ахмет атамыз **Исауи** лақап есіміне ие болды. **Йасы** атауына дауысты дыбыстан басталатын қосымша (**и**) қосылу қажеттігінен атау құрамында **у** эпентезасы пайда болған: **Йаса+у+й**.

Осы заңдылықтың негізінде көне түркілік көсемшенің -**у** жұрнағы үстіне ежелгі -**ан** жұрнағы қосылғанда – бірте-бірте -**бан, -пан** тұлғаларына айналып кеткен: **олуру+у+ан** (отырып), **йату+у+ан** (жатып), **келу+у+ен** (келіп) - **олурыпан, йатыбан, келіпен**. Бағыныңқы сөйлем соңында *йатыбан, келіпен, олурыпан* сияқты сөздерден -**ан** қосымшасы түсіріліп айтыла келе, көсемшенің қазіргі -**ып, -іп**, жұрнағы қалыптасып кетті. Көне түркілік **у** жұрнағы дауыстыдан аяқталған түбірлерге **й** эпентезасы арқылы қосылатынын жоғарыда баяндаған едік. **Башлайу, йейу, дейу** көсемшелері де бағыныңқы сөйлем соңында «башлай», «жей», «дей» түрінде ықшамдалған. Сонда көсемшенің -**ып, -іп, -й**, жұрнақтары деп жүргеніміз – бір кездегі **у** және **й** эпентезалары.

**Һ.** Бұл дыбыс тарихи даму барысында **х, қ, к, ғ, г** дыбыстарына ауысып кеткендіктен, оның қай жерде, қай ретте, сына, қыстырма болатындығын дәлелдеу өте қиын. Мысалы, көне түркілік **ағыры-** (ауыру) ежелгі заманда **ah+ур** тіркесі арқылы жасалуы әбден ықтимал. Сонда «аһылау, уһілеу» мағынасын беретін «ah» одағай да, «ур-» көмекші етістік [**бас ұр-** моделіне ұқсас]. Көне

түркілік **иг** (ауру) **h** дыбысының бірде **ғ**-ға айналса, бірде **г**-ге айналғанын көрсетеді. «Ah» түбіріндегі **h** жаңа сөз жасалғанда осы дыбыстың тарихи өзгерістерін айқын сипаттап тұр.

Түркі тілдерінде «қарбыз» - **th** арбыз формасында айтылатын болған. **th** дыбыс тіркесі **t**, **h** дауыссыздарына ажырағаннан кейін «қарбыз», «дарбыз» варианттары өмірге келген. Демек, кез келген **х, қ, к, ғ, г** дыбыстарының арғы тегін **h** дауыссызы деп түсінгеніміз жөн.

Сонымен **й, у** (аллофондары – **п, б, в**), **h** (аллофондары - **х, қ, к, ғ, г**)\_сына дыбыстары есте жоқ ежелгі дәуірлерден бері қыстырындылық қызмет атқарып келе жатқандықтан, байырғы функциясы ұмытылып, фонема дәрежесіне жеткен. Қазақ тіліндегі кез келген сөздің құрамындағы **й, у, п, б, қ, к, ғ, г** дауыссыздарын тарихи тұрғыдан сына дыбыстар деп қарастырғанымыз дұрыс (Фонетикалық дамудың нәтижесінде **б**-нің **м**-ге айналып кеткенін де ескеруіміз қажет). Мысалы, **са+ғ+ын, са+й+ын, та+б+ын** сөздерінің құрамындағы **ғ, й, б** бір замандағы сына дыбыстар. Сына дыбыстар сөздің ортаңғы позициясы түгіл бастапқы, соңғы позициясына да сіңісіп кеткен. Мысалы, «балық», «балшық» сөздерінің құрамындағы **б** бағзы замандағы сына дыбыс. Себебі, оның алдына «су» сөзі тіркескен [5.108-109 бб.].

Түркі тілдеріндегі барлық сөздер құрамындағы немесе сөздер тобындағы сына дыбыстарды айқындау – іргелі жұмыс. Мұны болашақтың міндеті деп білеміз.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы, 1994.
2. Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. Алма-Ата, изд. «Наука», 1971.
3. Ахмед Йүгінеки. Ақиқат сыйы. Алматы, «Ғылым» баспасы, 1985.
4. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. М., изд. «Наука», 1984.
5. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы, «Қазақ университеті» баспасы, 2005.

## ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕ ЖІКТЕУ ЕСІМДІКТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Сағындықұлы Б.*

*филология ғылымдарының докторы, профессор  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Есімдіктер халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан аса байырғы сөздердің қатарына жатады. Бұлар сан жағынан аз болғанымен, жиі қолданылады, атқаратын қызметі де сан алуан. Есімдіктер құрамына, мағынасына қарай бірнеше топтарға бөлініп жүр. Біз осы топтардың ішінен жіктеу есімдіктерінің белгілі бір тарихи ескерткіштегі – атап айтқанда, XII ғасыр мұрасы «Ғибат-ул хақайықта» қолданылу ерекшеліктеріне назар аударғалы отырмыз. Жіктеу есімдіктері дегенде сөз **мен, сен, ол** және олардың сыпайы, көпше түрі **біз, сіз** түбірлерінің төңірегінде болады. Мақсат – бұл сөздердің ескерткіште қанша рет қайталанатынын, қолданылу ерекшеліктерін анықтау, лексикалық мағынасы, морфологиялық құрамы, синтаксистік қызметі жағынан қазақ тілінен ұқсастығымен қатар айырмашылығы қандай деген сұрақтарға жауап беру. Мүмкіндігінше, олардың түп төркіні, шығуы, пайда болуы жайында пікір айту.

**МЕН.** Бұл сөз «Ақиқат сыйында» он үш рет қайталанған. Мынадай тіркестерде кездеседі: айайын **мен** 290 (айтайын мен), **мен** артут қылайын 42 (мен сыйлық етейін), унутма **мени** 464 (ұмытпа мені), **меңа** һадийа қылсу 466 (маған тарту қылсын). Айу бер **меңа** 314 (айтып бер маған), йары бер **меңа** 4 (жәрдем бер маған), **меңа** болса фазлың 39 (маған болса мейірімін), қатығлық **меңа** 40 (ауыр тиер маған), кулақ тут **меңа** 266 (құлағың сал маған), **манда** кедин келигли 463 (менен кейін келуші), тегсү **мендин** дуруд (жетсе менен сәлем), **мениг** демишиң нәң 198 (менікі деген затың), улуғуғ **мениг** 284 (ұлықтық менікі) [1, 1526.].

Бұл мысалдарға қарағанда, ескерткіштегі **мен** жіктеу есімдігінің лексикалық мағынасында, синтаксистік қызметінде қазіргі қазақ тіліндегі баламасынан пәлендей айырмашылығы жоқ. Айырмашылығы – қосымшалардың жалғануында. Барыс септігінде **маған** деудің орнына **меңа**, шығыс септігінде **менен** деудің орнына **мендин**, тәуелдік мағына беретін **-ікі** жұрнағы орнына **-иг** жұрнағы қолданылып, **менікі** формасы **мениг** түрінде ұшырайды. **Манда** (менде) жатыс септігі бола тұрса да, шығыс септігінің мағынасын берген. Орта ғасыр ескерткіштерінде бір септік екі септіктің, кейде үш септіктің қызметін атқара береді. Бұл жерде мұндай құбылыс ежелден бар ма еді, әлде кейін пайда болған ба деген мәселенің басын ашып алуға тура келеді. Көптеген зерттеушілер бұл септіктің жатыс және шығыс мәтінде жұмсалуды әуел бастан солай еді, бір түбірден шыққан, **-н** кейін пайда болған деп есептейді. А.М.Щербак, керісінше,

шығыс септігі әдепкіде **-дан** болған, кейін **-н** дыбысы түсіп қалады, жатыс септігімен омонимдес **-да** түрінде қалыптасқан деп дәлелдейді [2,47-б.]. **-н** дыбысы түсіп қалғаннан кейін **-да** тұлғасының әрі жатыс, әрі шығыс септігінің мәнін беретіндігі сондықтан. Біз осы пікірді дұрыс деп есептейміз. Түркологияда қалыптасқан «жатыс септігі мен шығыс септіктерінің генезисі бір» деген пікір – қате пікір. Ал барыс септігі орта ғасыр ескерткіштерінде мына формула бойынша дамыған: **менга > меңга > меңа; сенга>сеңга>сеңа** [3,123-б.]. Бұдан біз **мен, сен** жіктеу есімдігінің түбіріне әуелде **-ға, -га** барыс жалғауының тікелей жалғанғанын байқаймыз. **-ғ** дыбысының әсерінен **н** дауыссызы **ң**-ге айналғаннан кейін **ғ** элизияға ұшырап қысқарып кеткен. Жатыс септігі **-да** формасының әсерінен әрдайым жіңішке айтылатын **мен** жіктеу есімдігі ескерткіште жуан жазылған: **манда**.

**СЕН.** «Ақиқат сыйында» бұл сөз мынандай тіркестерде кездеседі: кечүр **сен** 158 (кешір сен), **сен** әдгү қыл 333 (сен игі қыл), **сениң** барлығыңға 5 (сенің бар екендігіңе), **сениң** рахматиндин 2 (сенің рақымыңнан), қылсу ду`а деп **сени** 466 (сені дұға қылсын деп), **сени** севдүрүр 260 (сені сүйгізер), **сеңда** разың сиңип турмаса 175 (**сеңде** сырың жасырынып тұрмаса), келса **сеңа** едгүлүг 335 (саған игілік келсе), **сеңа** күлмасүн 172 (саған күлмесін) т.б.

Жалпы алғанда, «Ақиқат сыйының» үшінші нұсқасындағы небары 494 бәйітте **сен** есімдігі жиырма алты рет қайталанған. Бұлар септік жалғауларынан басқа бірде-бір қосымшаны қабылдамаған. **Сен** атау септігінде үш рет, ілік септігінде бес рет, табыс септігінде төрт рет, жатыс септігінде бір рет, барыс септігінде он үш рет қолданылған. Сонда ескерткіште ең жиі қолданылатын септік – барыс септігі екенін білеміз. Форма жағынан өзгешелігі бар септік те осы септік. **Сен** есімдігіне жалғанған өзге септіктер қазіргі қазақ тіліндегі жалғаулармен ыңғайлас.

Ескерткіште **мен, сен** жіктеу есімдігі жіктік жалғауы ретінде қосымшаның қызметін де атқарған. Қазіргі қазақ тілінен айырмашылығы – толық формасында өзгеріссіз қолданылатындығы, яғни жіктік жалғау мен жіктеу есімдігі омонимдес, олар баяндауыш болатын сөздердің алдында, яки соңында келуі арқылы ғана ажыратылады. Мысалы, **мен** артут қылайын 42 (мен сыйлық етейін), **айурмен** (айтармын). Қазіргі қазақ тілінде I, II жақ жіктік жалғауларының бірнеше варианты болса, бұл ескерткіште ондай варианттар жоқ. Бұл жіктік жалғауларының жіктеу есімдігінен шыққандығының толық дәлел бола алады.

Қыпшақ тілдерінде ежелгі дәуірлерде барыс септігінде **мен манга, сен санга** болып түрленген. Жеке дыбыс пен белгілі бір буын орын алмастыруы себепті мететеза заңдылығы бойынша **маган, саган** болып қалыптасқан.

**ОЛ.** Бұл форма «Ақиқат сыйында» әрі жіктеу, әрі сілтеу есімдіктері, әрі жіктік жалғауы ретінде пайдаланылған. Үшінші жақ жіктік жалғауының мұндай

формасы қазіргі тілімізде жоқ. Ескерткіште йанут болмаз **ол** 374 (ауап болмайды), хойы көркүлүг **ол** 317 (мінезі көрікті) тіркестерінде III жақ жіктік жалғауының қызметін атқарып тұрса, **ол** умунчқа орун (ол үмітке орын), **ол** ерниң санасын тила(ол ердің тілегін тіле) тіркестерінде сілтеу есімдігі болып тұр. Ал жіктеу есімдігі мынадай тіркестерше кездеседі: **ол** пул қылу 312 (ол пұл қылады), **ол** берүр саныны 276 (ол берер санын), **аның** жауабы 290 (оның жауабы), **аның** амри 434 (оның әмірі), **аңа** кеңру йол 398 (оған кең жол), көңул тут **аңа** 371 (оған көңіл тұт), **аңар** арклиг ол 256 (ол оған ерікті), **аңар** йоқ 116 (оған жоқ), айайын **аны** 226 (айтайын оны), **аны** ер дегил 322 (оны ер де), йоқ өң **аңда** адын 116 (онда өзге енші жоқ), алды **аңдин** үлүш 244 (одан алды үлес), **аңдин** озарақ сақын 372 (одан бұрын ойла), **аңин** үз ерүр 459 (сондықтан үздік), **аңин** чықардым 455 (сондықтан шығардым), **олардин** усанмақ қачан 32 (олардан қашан селқос боп едім), қаны **аңлар** 204 (олар қайда), **аңлар** қызыл ең 26 (олар қызыл шырайлы жүз).

**Мен, сен** жіктеу есімдіктеріне қарағанда ескерткіште **ол** жіктеу есімдігі септік жалғауларымен қатар көптік жалғауларын да қабылдаған. Атап айтқанда, **ол** – алты рет, **аның** – тоғыз рет, **аңа** – жеті рет, **аңар** – үш рет, **аны** – тоғыз рет, **аңда** бір рет, **аңдин** – екі рет, **аңин** – екі рет, **олардин** – бір рет, **аңлар** – екі рет қайталанған. **Ан** – формасы өз алдына жеке дара қолданылмайды, септік, көптік жалғауларын қабылдаған кезде ғана пайда болады. Ал **ол** формасы атау септігінде көне тілде де, жаңа тілде де бірдей. Көпшенің **аңлар, олар** варианттары жарыса қолданылған. Жаңа форма **олар**-ды, сірә, кейін көшірмелер қосқан болу керек. Барыс септігінің **аңа, аңар** формалары да қатар пайдаланылған. **Аңар** ең көне форма, өйткені бұл орхон-енисей ескерткіштерінде де кездеседі. Құралдық септік **-ин** афориксі, түркологтардың пікірінше, түбірге сіңіп кеткен, кейін **аңин** формасы лексикаланып «сондықтан» деген мағынаға ие болған. Лексикалық мағынасына қарап, **-ин** шығыс септігінің (**-дин>ин**) қысқарған формасы емес пе екен деген де ой келеді. Үшінші жақтағы **аң** формасына шығыс септігінің **-дин** формасы үстеме, «сондықтан» деген мағына беруі заңды.

**БИЗ, СИЗ.** Бұл сөздер «Ақиқат сыйында» өте сирек қолданылған. Небары мына тіркестерде ғана кездеседі: **сиз** алыңма 284 (сиз алмаңыз) , **сиз** арқаң 104 (сиз іздеңіз) , көп елни көрар**биз** 487 (көп елді көріп жүрміз). Ескерткіште **біз** жіктеу есімдігі қолданылмаған. Бұл олардың орта ғасырларда синтаксистік қызметінің әлі толық қалыптасып бітпегендігін аңлатады.

Біз жоғарыда **мен, сен, ол, биз, сиз** жіктеу есімдіктерінің қайталану жиілігін толық келтіре отырып, олардың XII ғасыр ескерткішіндегі тіркесу қабілеттілігін көрсетуді мақсат еттік. Олар қанша сөзбен тіркессе де, тура мағынасында түсініледі, ауыспалы яки контекстік шартты мағынада қолданылмайды. Оның есесіне жіктеу есімдіктерімен тіркескен өзге сөздер көп

мағыналы да, тіпті шартты мағыналы да болып келе береді. Ондай сөздердің қатарында қазіргі тілімізде ұшырамайтын көнерген сөздер де бар.

Енді бұл есімдіктердің этимологиясы туралы бірер сөз. Қазақстанда есімдіктердің тарихын жан-жақты зерттеген ғалым Ә. Ибатов. Ол **мен, сен, ол** жіктеу есімдіктері туралы былай деп жазады: «Жіктеу есімдіктері – тұлғалық жағынан алып қарағанда түгелдей туынды сөздер. Мысалы, **мен** (ме-н), **сен** (се-н), **ол** (о-л) жіктеу есімдіктерінің **ме-, се-, о-** және **-н** дыбысынан құралатындығына қазір ешбір ғалым шек келтірмейді» [4.19-б]. Жіктеу есімдіктері осылайша құрамы жағынан екі бөліктен тұрса, бұлардың әрқайсысы қандай мағына береді деген сұрақ туады. Алайда бұған ғылыми әдебиеттерден жауап ала алмаймыз.

Соңғы жылдардағы зерттеулер мынадай нәтиже көрсетті: **мен, сен, ол** жіктеу есімдіктері құрамы жағынан **ме-, се-, о-** және **-н** емес, **ми-, си-, хи(?)** және **-ан** болып шықты. Ежелгі дәуірлерде нақты мағына беретін **ми** «бір» деген, **си** «екі» деген мағынада жұмсалса, дерексіз мағына беретін **хи** көзден таса тұрған адамдарды меңзеген. Тарихи даму барысында үшінші жақты білдіретін жіктеу есімдігінің түбірі **хи** үнемдеу заңының әсеріне ұшырап жойылған. Қосымша **-ан** лексикалық мағына беретін түбірінен айырылып қалғаннан кейін бірте-бірте үшінші жақ жіктеу есімдігінің қызметін атқарған. Бұл тұлға да соңғы екі мың жылдықта сілтеу есімдігі **ол**-ға жол берген. Сөйтіп, **ан** бұрынғы кейпінен мүлде айырылып қалған. Бұған дәлеліміз осы «хибат-ул хақайақ» ескерткішінің 23-бәйіт жолында «Ол ол халқда йиги киши қутлуғы» (Ол [Мұхаммед с.а.с.] тумысынан игі, адамдардың бақыттысы) деген сөйлем кездеседі. Осында жіктеу есімдігі **ол**-мен сілтеу есімдігі **ол** арасына сөз салмай қатар айтылған. Ежелгі дәуірде «**Ан** ол халқда йиги...» болып тиіс болатын. Және «ан ол халқда» сияқты тіркестер аса көп ұшырағанға ұқсайды. Мұндай тіркесімділік **ан** жіктеу есімдігін **ол** сілтеу есімдігі ығыстыруға әкелген. Осы себепті XII ғасырдың өзінде-ақ «ол ол халқда» болып қалыптасқан. Яғни омонимдес болып кеткен. **Мен**-нің **ми+ан** тұлғаларының, **сен**-нің **си+ан** тұлғаларының қосындысы екендігін көптік мағына беретін **би(і)+с(з), си(і)+с(з)** тұлғаларымен салыстырғанда да анық байқауға болады. Орыс тілінде **мен** жіктеу есімдігінің мағынасын **и+а** тұлғасы береді. Бір заманда жіктеу есімдігінің **ми+ан** болғандығына бұл да қосымша дәлел. Орыс тілінде сөздің басында **м** дыбысы, сөз соңындағы **н** дыбысы элизияға ұшырап жойылып кеткен. Үш бірдей **ми+ан, си+ан, хи+ан** жіктеу есімдігіне қосылып тұрған **-ан**, қосымшасы – тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерде есімнен есім, етістіктен есім, есімнен етістік, етістіктен етістік жасаған әмбебап көне жұрнақ. Бұған **саб+ан, қаз+ан, жыл+ан, құл+ан, шап+ан, топ+ан, бор+ан, қыр+ан, ұлт+ан, қот+ан, арқ+ан** сияқты жүздеген сөздер мысал бола алады. **Бір, екі** сан есімдіктерінің **мен, сен** жіктеу есімдіктер, сол сияқты **бұ, со** сілтеу



есімдіктерімен генетикалық байланысы бар екендігін нақты фактілермен дәлелдеп, басқа бір мақаламызда толығырақ сөз етеміз.

Сөз болып отырған ескерткіштің тілінен жіктеу есімдіктеріне байланысты мынадай ерекшеліктер айрықша көзге түседі. Мұнда барлық ескерткіштердегідей ілік септігінің **-ның, -нің** формасы орнына **-ың, -ің** формасы қолданылады. Яғни жіктеу есімдіктері ілік септігінің ең көне тұлғасын қазірге дейін сақтап қалған. «Қазіргі тілдердегі **-ның, -нің** формасы жіктеу есімдіктерінің соңындағы **н**-нің көне **-ың, -ің**-ге жылысуынан пайда болған» деген В.А. Богородицкийдің пікірі жаңсақ болып шықты. Шындығында, **н** тәуелдік жалғауы үшінші жағының толық формасы **-ын** екіге ыдырағанда өлі **н** ілік жалғауының көне формасы **-ың,-ің**-ге жылысқан [5,40-59-б].

Ескерткіште барыс септігінің ең көне **-ар** формасын **аңар** жіктеу есімдігі сақтап қалған. Бұл орхон-енесей ескерткіштерінде ұшырасатын көне **-ғару/-геру** тұлғаларының ықшамдалған түрі. Дәл осы **-ар** ежелгі, қазіргі барыс септігінің формаларына негіз болып қаланған [5,59-68-б.]

Дастан тілінде табыс септігі бір-ақ формада: **мен+и(і)**. Бірақ бұл тұлға өте ескі **-иг** формасының ықшамдалған түрі. Яғни **-иг>-и**. «Кудатғу билиг» ескерткіші тілінде бұл екі тұлға **-иг** пен **-и** жарыса қолданылады. Табыс септігінің **-и** формасы уақыт өте келе тәуелдік жалғауы үшінші жағының толық форманты **-ын/-ін** екіге ажырап ыдырағанда оның өлі **н** элементін өзіне қосып алып күрделенген. Яғни **-и>-ны/-ни** болған. Бұл форма фонетикалық заңдылықтардың әсерінен қазақ тілінде **-ны/-ні** ғана емес, **-ты/-ті, -ды/-ді** болып та қалыптасқан. Тәуелдік жалғауы үшінші жағының толық формасы **-ын** табыс септігінің грамматикалық мағынасын қабылдағанда бұрынғы өз қалпына келеді. Алдамшы құбылыстардың арқасында бұрын-соңды табыс септігінің қызметінде болмаған өлі **н**-ді қазіргі кезде табыс септігінің бір формасы деп қабылдаймыз [5,68-76-б.].

Ал **биз, сиз** есімдіктеріндегі **-з** морфемасының көне варианты **-с** екендігі зерттеушілердің еңбектерінде дәлелденілген. Мұны есімдіктердің тарихын жазған Ә. Ибатов та мақұлдайды. **-с** оморфема, есім сөздерге де, етістік сөздерге де жалғана береді. Бұл аффикстен біргелік, ортақтық, тұтастық, көптік, жинақтық мағыналарын аңғаруға болады. Ортақ етіс жұрнағы деп жүргеніміз де осы **-с** формасы. Жоғарыда санамаланған грамматикалық мағыналарды **біз, сіз** есімдіктерінен де таба аламыз. Бір шоғыр адамдардың тобын анығырақ білдіру үшін **-с** тұлғасы пайдаланылған сияқты.

Тіл фактілері осылайша сөйлейді. Тарихтың терең қойнауында біз білмейтін талай сырлар бар екенін аңғартады. Өлі, тірі тілдердің деректеріне, диалектикалық логикаға арқа сүйей отырып, мұндай құпияларды ашуға болады. Ескерткіштер де осы игілікті жұмысқа бай материал береді. Мысалы, Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» жіктік жалғауларының жіктеу есімдіктерінен

шыққандығын бұлтартпай дәлелдейді. Бұл кезеңде жіктік жалғаулары пәлендей өзгеріске ұшырай қоймаған. Көбіне жіктеу есімдіктерімен омонимдес болып келеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахмед Йүгінеки. Ақиқат сыйы. «Ғылым» баспасы, 1985.
2. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (имя). Ленинград, 1977.
3. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. «Ғылым» баспасы, Алматы, 1983.
4. Ибатов Ә. Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан. «Ғылым» баспасы, Алматы, 1966.
5. Сағындықұлы Б. Қазақ тілінің тарихы. «Қазақ университеті» баспасы, Алматы, 2011.

## АТАУ СЕПТІК ФОРМАСЫНАН ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

*Сағындықұлы Б.*

*филология ғылымдарының докторы, профессор  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Әуелде (негіз тілде) тәуелдік жалғауының III жағының формасы *-ы (-і)* болған ба, әлде *-ын(-ін)* болған ба? Қазіргі қазақ тілінде тәуелдік жалғауының III жағының жекеше түрінің формасы – *-ы(-і)*. Бірақ мұның *-сы(-сі)* варианты бар. Дауыссызға аяқталған түбірге *-ы(-і)* түрінде, дауыстыға аяқталған түбірге *-сы(-сі)* түрінде жалғанады. Бұл форма азын-аулақ фонетикалық ауытқуларды есептегенде, бүкіл түркі тілдерінің бәріне ортақ:  $\frac{-by}{-i} // \frac{-y}{-y}$  және  $\frac{-cy}{-ci}$ ,  $\frac{-cy}{-cy} // \frac{-zy}{-zi}$ ,  $\frac{-zy}{-zy} // \frac{-hy}{-hi}$ ,  $\frac{-ho}{-ho}$  [1, 32]. Көне түркі жазбаларында да негізінен осы формалар қолданылған.

Ежелгі дәуірде тәуелдік жалғауының I, II және III жағы да *-ын(-ін)* болған. Басқаша айтқанда, тәуелдік жалғауында ешқандай жақтық көрсеткіш болмаған. Жақтық көрсеткіштерді ол *мен, сен, ол* жіктеу есімдіктерімен жиі тіркеуінің нәтижесінде бірте-бірте жамап алған. Тәуелдік жалғауының соңғы дыбысы **н** үшінші жақта үнемдеу заңының әсерінен түсіріліп айтылып, *-ы(-і)* түрінде қалыптасқан. Енді осы айтылғандарды нақты тілдік фактілермен дәлелдеп көрелік.

*Негіз тілде тәуелдік жалғауының үшінші жағының көне формасы –ы(-і) емес, -ын(-ін) болғандығының бірінші дәлелі.* Табыс септігінің жалғаулары – *-ны,*

-ні, -ты, -ті, -ды, -ді. Бірақ тәуелдік жалғаулы сөз ІІІ жақ бойынша септелгенде бұлардан өзгеше *-н* форманты пайда болады. Мысалы:

- А. кітаб+**ы**
- І. кітаб+**ы**+ның
- Б. кітаб+**ы**+на
- Т. кітаб+**ы**+н
- Ж. кітаб+**ы**+нда
- Ш. кітаб+**ы**+нан
- К. кітаб+**ы**+мен

Бір қарағанда тәуелдік жалғауының ІІІ жағы мен табыс септігінің ешқандай қатысы жоқ сияқты көрінеді. Шындығында, бір-біріне жуықтаспайтын осы екі грамматикалық категорияның фонетикалық таянышы бір. Бұған төменіректе талданған фактілерді ой таразысына салса, әркімнің-ақ көзі жетеді.

Екіншіден, тәуелдік жалғаулы сөздің үшінші жағының үстіне септік жалғаулары қосылғанда кенеттен **н** элементі түзіледі: «...во всех косвенных падежах этот аффикс фактический выступает с «дополнительным» *-н*, т.е. в виде *-ын* и т.д., *-сын* и т.д.» [1, 32]. Мысалы, қазақ тілінде жатыс септігі *кітаб+ын+да*, Ахмед Йүгінекидің «Ғибат-ул хақайық» (ХІІғ.) ескерткішінде барыс септігі *ич+ин+га* (ішіне), шығыс септігі *тил+ин+дин* (тілінен). Ілгері заманда біртұтас **-ын**, **-сын** екіге жарылып, дауысты **-ы** тәуелдік жалғауының ІІІ жағының қызметін атқарса, екінші бөлегі дауыссыз **н** септік жалғауларына жылысқан. Жатыс септігінде жай ғана жылыса салса, - *кітабы+нда*, барыс, шығыс септіктерінде *г, д* дауыссыздарын ығыстырып барып жылысқан: *іші+не*, *тілі+нен*.

Бұл құбылыс В.В.Радловтан бастап түркологтардың бірнеше буынының назарын аударып келеді. Сонор **н** кездейсоқ пайда болған қыстырма дыбыс па, әлде тәуелдік жалғауы үшінші жағының бір кездегі толық формасын түзетін элемент пе? Пікір таласы қазірге дейін, негізінен, осы сұрақтардың төңірегінде болып келді.

Ғалымдардың бір тобы тәуелдік жалғауының үшінші жағы әуелде **-ын**, **-сын** болған, кейінірек **н** дыбысы элизияға ұшырап, түсіп қалған деп есептейді. Олардың пікірі бойынша, септік жалғаулары жалғанғанда **н** қалпына келеді, немесе септік жалғаулары соңғы дыбыстың түсірілмей айтылуына жағдай жасайды (Рамстедт, 1957, 69; Дмитриев, 1948, 65; Насилов, 1960, 25-26; Кондратьев, 1970, 12; Кононов, 1956, 49; Покровская, 1964, 12, т.б.). Ал В.А.Богородицкий бұдан өзгеше мынадай пікір айтқан болатын: «...корневое *н* личных местоимении сохраняющееся перед окончанием в мест. и исх. распространялось путем аналогии на членное притяжательное склонение 3-го

лица, получившее также **н** перед окончаниями названных падежей» (Богородицкий, 1953, 153).

Қыстырма **-н**-ді ілік жалғауының фонетикалық өзгеріске ұшыраған қалдығы, құралдық септіктің көне формасы деушілер де бар [2, 228]. ; [3, 70]. Осы **-н** аффиксінің шын табиғаты ашылмағандықтан, кейбір зерттеушілер оны эпентеза ретінде пайда болған қосымша дыбыс деп те түсінеді (Пенишев, 1976, 103; Щербак, 1962, 93; Мусаев, 1964, 146; Рустамов, 1971, 46, т.б.). Осы сияқты сан алуан көзқарастар болуына байланысты **-н** форманты әр түрлі аталады: «тұрақсыз **-н**» (Покровская, 1964, 7), «қалдық **-н**» (Насилов, 1974, 41), «этимологиялық **-н**» (Наджиб, 1975, 108), «аралық **-н**» (Тенищев, 1976, 59), «қыстырма **-н**» (Мусаев, 1964, 146), «**-н** инфиксі» (Благова, 1982, 33), т.б. Бұл – бірде түсіп қалатын, бірде бұрынғы қалпына келетін **-н** элементінің қыр-сыры қазірге дейін толық ашылып бітпегенін көрсетеді.

Анық-танығын растайтындай дәлел-айғақтарының жеткіліксіздігіне қарамастан, Н.К.Дмитриевтің **-н** қыстырмасы туралы аса көрегендікпен айтқан мына пікіріне танданбасқа болмайды: «Имея в виду наличие в тюркских языках основ с «факультативным» **н** и учитывая ту же особенность в языках близкой типологии (монгольских), можно попытаться объяснить это явление следующим образом. Перфоначальной формой аффикса принадлежности 3-го л. была, по-видимому, форма с конечным **н** т.е. 1) **-ын/ин, -ун/үн** (после согласных) и 2) **-сын/син, -сун/сүн** (после гласных). Конечный звук **н** этой формы мог факультативно отпадать, создавая таким образом параллельный вариант аффикса без **н**, т.е. 1) **-ы/-и, -у/ү** и 2) **-сы/си, -су/сү**. Вариант с **н** условно назовем первым, а вариант без **н** – вторым. В немногих тюркских языках (среднеазиатская группа) с течением времени получил преобладание второй вариант, который последовательно проводится по всей парадигме склонения. В большинстве же тюркских языков произошел некоторый компромисс с двумя вариантами аффиксов: конечное **н** отпало (т.е. получился второй вариант, в тех случаях, когда после аффикса принадлежности других аффиксов не было, т.е. в основном или неопределенном падеже); в других же случаях (т.е. когда аффикс принадлежности был «прикрыт» падежными аффиксами) сохранился первый вариант». Жоғарыда баяндалған тұжырымдардан түркологтардың бір бөлегінің тәуелдік жалғауы үшінші жағының толық формасы дауыссыздардан кейін - **-ын/ін, -ун/үн** түрінде, дауыстылардан кейін **-сын/-сін, -сун/-сүн** түрінде жалғанғандығына толық сенгендігін байқаймыз. Басқаша айтқанда, көрнекті ғалымдар теориялық жағынан ақиқатты тап басып тани алған болатын.

*Негіз тілде тәуелдік жалғауының үшінші жағының көне формасы -ы(-і) емес, -ын(-ін) болғандығының екінші дәлелі.* Қазіргі түркі тілдерінің қай-қайсысында да тәуелдік жалғауы үшінші жағы жекеше түрінің толық формасы **-ын/-ін** және **-сын/сін** атау септігінде қолданылмайды. Сондай-ақ изафетті

тіркестерде де **н** дыбысы түсіріліп айтылады: мысалға атау септігінде «таудың басын» демейді, «таудың басы» дейді. Осы көне жалғау (басқаша айтқанда, архаизмге айналған форма) тарихи жазба мұраларда (көлемдік септіктерге ғана емес, грамматикалық септіктерге де жүйелі түрде жалғанып), әдепкі тұтастығын сақтап қалған. Орхон-енисей ескерткіштерінде ең жиі ұшырайтын *қаған* сөзін нақты фактілерге сүйеніп, септеп көрелік.

А. қаған+**ын** үчүн

І. қаған+**ын**+ын

Б. қаған+**ын**+қа

Т. қаған+**ын**

Ж. қаған+**ын**-та

Ш. қаған+**ын**+тан

К. қаған+**ын** бирла

Ежелгі дәуірдегі септелу жүйесіне назар аударсақ, қазіргі дәуірдегі септелу жүйесінен өзгеше мына ерекшеліктерді байқаймыз: 1) тәуелдіктің **н** дыбысы атау септігінде кейбір реттерде (қазіргі тілдердегідей) түсіріліп айтылмайды; 2) атау, табыс, көмектес септіктерінің көрсеткіштері бірдей: *-ын*. (Ал қазақ тілінде атау – *қаған+ы*, табыс – *қаған+ы+н*, көмектес – *қаған+ы+мен*); 3) ілік септігінің жалғауы тәуелдік жалғауына ұқсас: *-ын* (қазақ тілінде: *-ның/-нің*); 4) жеті септіктің жетеуінде де тәуелдіктің толық формасы қандай болғандығын анық та айқын көрсетеді.

*Негіз тілде тәуелдік жалғауының үшінші жағының көне формасы -ы(-і) емес, -ын(-ін) болғандығының үшінші дәлелі.* Біз зерттеу барысында көне заманда тәуелдік жалғауы үшінші жағы жекеше түрінің толық формасы болғандығын сөзсіз дәлелдейтін тілдік фактілерді ұшырастырдық. Түркі халықтарының ата-тегі қалдырған жазба мұралардың ең ескісі – орхон-енисей ескерткіштерінде тәуелдік жалғауының үшінші жағының толық формасы, шылаулардың, көмекші сөздердің алдында келген жағдайда, атау септігінде сақталып қалған. Мысалдар келтірелік.

Теңри *йарылқадуқын үчүн* өзүм кутум бар үчүн қаған олуртым (Тәңірі жарылқағандығынан, өзімнің бақытым бар болғандығынан қаған болдым) [4,288]. Осы сөйлемдегі «*йарылқадуқ+ын үчүн*» шылаулы тіркесі тәуелдік жалғауының үшінші жағында тұр. Себебі, I жақ – *йарылқадуқ+ым үчүн*, II жақ – *йарылқадуқ+ың үчүн*, III жақ – *йарылқадуқ+ын үчүн*. Қазақшаға «жарылқағандығы үшін» болып аударылады. Бұдан аффикс құрамындағы **н** дыбысының кейін түсіп қалғандығы анық байқалып тұр.

Анта кісре інісі *еңісін тег* қылынмадуқ ерінч оғлы *қаңын тег* қылынмадуқ ерінч (Одан кейін інісі ағасы сияқты, ұлы әкесі сияқты іс істемеді); *қағанын* бирла соңа йышда сүнүсдім (Соңа жазығында қағанымен соғыстым) [4, 290, 310].

Бұл сөйлемдерде де «тег», «бирла» шылауларының арқасында тәуелдік жалғауы III жағының толық формасы – **-ын/-ін, -сін** ежелгі қалпында сақталған. Егер «ечісін тег», «қаңын тег», шылаулы тіркестерін ескі конструкциясын бұзбай «аға+сын+дай», «әке+сін+дей» түрінде аударатын болсақ, қазақ тілінде де осы жалғаудың байырғы қалыпта қолданылатынын көреміз. Сын есімнің салыстырмалы шырайының **-дай, -тай** жұрнағы «тағ», «тег» шылауларынан дамып қалыптасқаны ғылымға белгілі. Ол тұлға (*тег*) ескерткіштердегідей шылау қызметінде немесе қазіргі кездегідей жұрнақ қызметінде жұмсалсын, бәрі бір, өзінің алдындағы тәуелдік жалғауының толық формасын бұрынғы қалпында ұстап тұра алады. Егер *тег* шылауын аударма жасағанда мағыналас «сияқты» шылауымен ауыстырсақ, қазақ тілінде тәуелдіктің соңындағы **н** дыбысы түсіп қалады. Мысалы, «ағасы сияқты», «әкесі сияқты». Бұл байырғы шылаулар мен қазіргі шылаулардың арасында қолданылу, жұмсалу жағынан едәуір айырма пайда болғандығын аңлатады. Біз талдаған «йарылқадуқын», «ечісін», «қаңын» – бәрі де атау септігінде тұр. Ал «қаған+ын бирла» шылаулы тіркесі тәуелдік жалғауы үшінші жағының да, көмектес септігінің де мәнін атқарған. Қазақ тілінде **-ын** тәуелдік формасынан – **-ы, бирла** шылауынан –**мен** жалғауы пайда болған: *қаған+ы+мен*. Сонымен тарихи ескерткіштердің арқасында **н** түсірілмей айтылған вариант та, түсіріліп айтылған вариант та көз алдымызда.

Нақтырақ болу үшін тағы да екі-үш мысал келтірелік. Түрік будун *қанын болмайын* табғачда адырылты қанланы (Түркі халқы ханы болмай, табғачтан айырылып, хан сайлады); Тай білге тутуқ *йаблақын үчүн* бір екі атлығ *йаблақын үчүн* қара будуным өлтің йітдің (Тай білге тутуқтың пасықтығы үшін, бір-екі атақты кісінің пасықтығы үшін қара халқым, өлдің, жіттің); Ілтеріс қаған *білігесін үчүн алын үчүн* табғачқа йеті йегірмі сүңүсді. Қытанқа йеті сүңүсді. Оғызқа бес сүңүсді (Елтеріс данышпандығынан, алыптығынан табғашпен он жеті рет, қытанмен жеті рет, оғызбен бес рет соғысты) [4,324, 332, 346]. Түркі қағанаты дәуіріндегі бірнеше ескерткіштен теріліп алынған бұл мысалдар тәуелдік жалғауының III жағының көне формасы **-ын(-ін), -сын(-сін)** атау септігінде де бөлінбей-жарылмай толық қалпында қолданылғанын қалтқысыз дәлелдейді. Алайда орхон-енисей ескерткіштерінде көне формаға қарағанда қазіргі тілдердегідей ықшамдалған жартыкеш жаңа форма **-ы(-і), -сы(-сі)** жиі қолданылады. Мысалы, тоғыз оғуз *беглер+і* (тоғыз оғыз бектері), *саб+ы* сүчүк (сөзі тәтті), қаған *төрү+сі* (қаған заңы) т.б. Бұдан сонау V-VIII ғасырлардың өзінде-ақ **-ын/-ін, -сын/-сін** формаларының ескіріп кеткенін, ескерткіштерде ара-кідік архаизм ретінде пайдаланылғанын байқаймыз.

Қазіргі түркі тілдерінде тәуелдік жалғауы III жағының **-ы(-і), -сы(-сі)** варианттары ғана емес, **-у(-ү), -су(-сү)** сияқты варианттары да бар екені белгілі. Сонда **у~ы, ү~і** сәйкестіктеріндегі қай дыбыс архетип? Мұны анықтау үшін бізге тарихи құбылыс – сингармониялық варианттар көмекке келеді. Жуан түбірлер

мен жіңішке түбірлер немесе жуан қосымшалар мен жіңішке қосымшалар арасындағы сәйкестіктерді, әдетте, сингармониялық варианттар деп атайды. Мұндай сәйкестіктер ашық-қысаң, еріндік-езулік дауыстылардың арасында да бола береді. Мысалы, *a~ы*: дарылды-дырылды, балбыра-былбыра; *o~e*: одырай-едірей; *a~o*: жанқа-жонқа; *ы~ү*: бықсы-бүксі; *ұ~ү*: ұңғы-үңгі; *a~e*: қауақ-кеуек; *o~ө*: доңғалақ-дөңгелек, т.б. Егер ескерткіштердегі «қулақ» сөзін қазақ тіліндегі «кұлақ» сөзімен салыстырсақ, у дауыстысының ұ-ға айналғанын байқау қиын емес. «Шұңғыл көз» тіркесін, оның жіңішке варианты «шүңгіл көз» тіркесімен салыстырсақ, ұ~ү сәйкестігін ажырата аламыз. Демек, *y>ұ>ү*. Дәл осы тіркесте жуан *ы* жіңішке *i*-ге айналған: *ы>i*. Осы заңдылықтың негізінде тәуелдік жалғауы III жағының ескі формасы *-ун(-үн), -сун(-сүн)*, кейінірек пайда болған формасы *-ы(-і), -су(-сү)* деп тұжырым жасай аламыз. Түркі тілдеріндегі бүкіл жуан түбірлер мен жіңішке түбірлерді өзара салыстырғанымызда тіл білімі үшін аса маңызды мынадай жаңалық ашылды: диахрония дәуірінде бірыңғай жуан дауыстылар ғана өмір сүрген болса, синхрония дәуірінде олардың үстіне динамикалық дамудың жемісі – ұяң дауыссыздар мен жіңішке дауыстылар келіп қосылған. Қорыта айтқанда, түркі тілдеріндегі тәуелдік жалғауы III жағының ежелгі формасы – \**ун*. Ал *-сун, -су, -сү, -у, -ү, -ы, -і, -сы, -сі* т.б. тілдің тарихи дамуы барысында бірте-бірте пайда болған туынды варианттар.

1. *Тәуелдік жалғауы неліктен өзіне жақтық мағыналарды қосып алған?* Жан-жақты, әр тарапты зерттеулер мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік беріп отыр: тәуелдік мағына беретін тәуелдік жалғауының ежелгі дәуірде бір ғана формасы болған. Ол – \**ун*. Диахрония дәуірінде – бірыңғай қатаң дауыссыздар мен бірыңғай жуан дауыстылар өмір сүріп тұрған кезеңде – ең алдымен, еріндік у дауыстысы езулік *ы* дауыстысына ауысқан: *y>ы*. Мысалы, *балұқ-балық* (қала), *улуғ-ұлығ* (ұлы), *оғул-оғыл* (ұл), *уруш-ұрыс*, т.б. Ұяң дауыссыздар мен жіңішке дауыстылар пайда болған кезеңде *y>ү*-ге, *ы>i*-ге жіңішкерген. Қазақ тілінде осылайша *-ын(-ін)* варианты қолданысқа түскен. Яғни *-\*ун(-үн)>-ын(-ін)*.

Ежелгі дәуірде тәуелдік жалғауының бір ғана формасы болған болса, қазіргі дәуірде тәуелдік мағынамен қатар жақтық мағына беретін үш бірдей формасы бар. Екі түрлі грамматикалық мағына бір-біріне қалай қабысып, сіңіскен?

Тәуелдік жалғаулары қалай пайда болған деген сұраққа түркологтар әр түрлі жауап қайтарады. Бірақ олардың басты мәселе бойынша пікірі бірдей: бір ауыздан тәуелдік жіктеу есімдіктерінің энклитикаға айналуынан шыққан деп есептейді. Әр жалғау нақты алғанда қандай жолдармен қалай қалыптасқан? Бұл жайында екі түрлі болжам бар.

Н.К.Дмитриев В.В.Радловтың пікіріне сүйене отырып, тәуелдіктің жекеше I жағы *-м* мен жіктеу есімдігінен, II жағы *-ң* сен жіктеу есімдігінен шықты деп болжамдайды. Бірінің соңғы, екіншісінің басқы дыбыстары қысқаруы табиғи

жағдай екендігін якут тіліндегі басқы дыбысы қысқарған *ең* (сен) жіктеу есімдігінің болуымен түсіндіреді. Көрнекті мамандардың бірі А.М.Щербак та осы пікірді қостайды. Оның ойынша, *ман, саң, ын~ін* архетиптері тәуелдік жалғауларына негіз болған (Щербак, 1977, 76-78).

Кестеге түсірелік:

*Ежелгі дәуірде:*

I. қол ман

II. қол сан

III. қол ын

*Қазіргі дәуірде:*

I. қол (ы) м

II. қол (ы) ң

III. қолы

Тәуелдік категориясының мұндай жолмен пайда болуы мүмкін емес. Себебі, түбірде де, жіктеу есімдіктерінде де [бұл сипатта] грамматикалық мағына тудыратындай белгі жоқ. Сонымен қатар I, II жақтарда *ы* қыстырма дыбысы қалай пайда болды деген сұрақ та жауапсыз қалады. Екі сөз қабыса байланысса болды тәуелдік мағына шыға бермейді.

В.Котвич түркі тілдеріндегі тәуелдік жалғауларының үш жағы да ілік септігі жалғанған жіктеу есімдіктері негізінде пайда болған деп санайды. Мәселемен арнайы шұғылданған Ш.Х.Ақбаев та соңғы пікірді дұрыс деп табады (СИГТЯ, 1988, 25-26). Кестеге түсіргенде былай болып шығады:

*Ежелгі дәуірде:*

I. қол маның

II. қол саның

*Қазіргі дәуірде:*

I. қол (ы) м

II. қолың

В.В.Радлов, Н.К.Дмитриев, А.М.Щербак т.б. пікірлерінен мұның басты айырмашылығы – жіктеу есімдіктерінің ілік септігінде тұратындығы. Рас, мұндай жағдайда, тәуелдік мағынасы пайда болады. Бірақ көптік мағына беретін *біз, сіз* жіктеу есімдіктерін қайда қоямыз? Оларға ілік септігі жалғанбаған ба? Жалғанса, *қол бизиң, қол сизиң* болуға тиіс емес пе? Бұл ретте тәуелдік жалғауы қалайша *қолымыз, қолыңыз* болып өзгерген? Оның үстіне бірінші жақта себепсізден себепсіз *ы* қыстырма дыбысы пайда болуы керек. Бұл болжам да мәселені оң шеше алмайды. Сонда аталған тәуелдік жалғаулары қазіргі күйге келу үшін қандай жолдардан өткен?

Мәселе мынада: тәуелдік жалғауы түркі тілдерінде әуелден бар еді: формасы - *-ун* (варианттары - *-ын, -үн, -ін*). Ежелде мұның жақтық мағыналары да, жақтық формалары да болмаған. Тәуелдік жалғауының үшінші жағының көне формасы деп жүргеніміз де осы - *-ун (-ын, -үн, -ін)*. Жақтық нышандар, сөз жоқ, жіктеу есімдіктерінің тікелей әсерінен пайда болған. Екі грамматикалық мағынаның – 1) тәуелдік, 2) жақтық мағынаның бір-біріне сіңісуі де осы себептен. Жіктеу есімдіктерінің тәуелдеулі сөзден кейін тұруы – тарихи факт. Ежелгі замандарда анықтауыш анықталатын сөзден кейін тұрған (*ай жарық, кеш*



жарық, таң жарық, алтын сары, ай сұлу, күн сұлу т.б.). Жіктеу есімдіктерінің баяндауыш бола алатын сөзден кейін тұруы да мұның айқын мысалы. Біз өз тарапымыздан мынадай болжам ұсынамыз:

*Ежелгі дәуірде:*

I. Қолын маның

II. Қолын саның

III. Қолын аның

*Орта дәуірде:*

I. Қолым маным

II. Қолың саның

III. Қолы аның

*Қазіргі дәуірде:*

I. Менің қолым

II. Сенің қолың

III. Оның қолы

C. Аманжолов батыс диалектілерінде ілік септігінің *-ым (-ім)* формасында келетіндігін атап көрсеткен еді. «Кодекс куманикус» ескерткішінде «менің» деудің орнына – *мен+им*. «Мен» сөзіндегі *м* дыбысы ілік жалғауына әсер етіп қоймаған, үнемі тіркесіп, қатар жұмсалатын *-ын* тәуелдік жалғауына да ықпал жасалған. Соның салдарынан *қолым маным* тіркесі өмірге келген. Тарихи даму барысында түркі тілдерінде анықтауыштар анықталатын сөздердің алдына көшкенде қалыптасқан формалар сол күйінде қалып қойған: басқаша айтқанда, *-маным қолым*. II жақта ілік жалғауының соңғы дыбысының ықпалы болды: *қолың саның* болып үндесті. Өйткені дыбыстар бір-біріне жақыннан ғана емес, алыстан да ықпал жасай береді. Мұның айқын мысалы – *маным*. *н*-нің *ң* болып өзгеруінде етістіктің шартты райы жіктелу үлгісінің де қосқан үлесі бар сияқты. Ол әуелі ауызекі тілде *барса мен > барсам, барса сен > барсаң* болып қалыптасады. Соңғы мысалда сөз арасында екі «са» бунағы айтылуға қиындық келтіргеннен кейін, гаплогогия заңына орай, біреуі қысқарғанға ұқсайды. Осылайша *ң* екінші жақтың көрсеткіші есебінде тілде бекіген-ді. Тәуелдіктің I, II жақ жалғаулары мен шартты райдың I,II жақта жіктелу үлгісінің ұқсас болуында қалайда байқала бермейтін бір сыр бар. Тілде тәуелдік жалғауларына қарағанда жіктік жалғауларының көбірек қолданыста болатынын ескерсек, шартты райдың жіктелуінің бұрынырақ қалыптасуы және өзге категорияларға ықпал жасауы заңды. Сөйтіп, әуелде өз алдына тәуелсіз өмір сүрген грамматикалық тәуелдік мағына мен жіктеу есімдіктеріндегі грамматикалық жақтық мағына бір-біріне ажырамастай болып сіңіскеннен кейін *арнаулы тәуелдік жалғауларын берді*.

3. *Тәуелдік жалғауының көне формасы бір кездегі атау септігінің көрсеткіші болатын*. Жоғарыда тәуелдік жалғауының ең көне формасы *\*-ун* (варианттары - *-ын, -үн, -ін*) екендігін дәлелдедік. Дәл осы форма бағзы заманда

атау септігінің көрсеткіші ретінде қызмет еткен. Мұны біз көне түркі жазба ескерткіштерінің материалдары арқылы дәлелдей аламыз. Мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі *қой, төр, бар, аш, тоқ, қос* т.б. – ескі, ежелгі нұсқаларда – *қойун, төрүн, барын, ашын, тоқын, қосын*.

Арнайы шұғылданған зерттеушінің мұндай сөздердің елеулі тобын тарихи дереккөздер арқылы анықтай алатынына күман жоқ. Өз заманында **\*-ун** есім көрсеткіші болған. Атау септігінде жұмсалудың мәні осында.

Ерте дәуірлерде енген кірме сөздер де атау септігінің формасы **\*-ун** (*варианттары \*-ын, -үн, -ін*) болғандығына куәлік береді. Мысалға орыс тіліндегі *самовар* сөзі қазақ тіліне *самауыр* формасында енген. Дәл осы сөз Батыс Қазақстан облысында *самаурын* түрінде де айтылады. Араб тілінде *Зул-Карнай* «қос мүйізді» деген ұғым береді. Қазақ тілінде бұл сөз – *Зұлқарнайын*. Бұған атау септігінің көне формасы XVI-XVII ғасырларға дейін сақталған деген қорытынды шығаруға болады.

Егер атау септігінің ежелгі формасы **\*-ун** (*варианттары -ын, -ін, -үн*) болса, біздің заманымызда ол форма қалай жойылып кеткен деген сұрақ пайда болады. Атау септігінің нақты формасы тілдің сөздік қоры аз, жұтаң кезінде өмір сүрген. Сөздік қордың баюы, қоғамдық өмірдің күрделенуіне байланысты сөздік құрамға топ-тобымен жаңа сөздердің қосылуы жағдайды өзгерткен. Атау септігінің формасы ыдырай бастаған. Ол *құлын, жұлын, таутаурын, мойын, қытын, ауырын, табын, жақын* сияқты толып жатқан сөздердің түбіріне сіңісіп кеткен болса, енді бір алуан сөздер үнемдеу заңының әсеріне ұшыраған. Сөйтіп, **\*-ун** есім көрсеткіші болудан қалған. Ал изафеттік тіркестердегі **\*-ун** формасы ілік септігінің формасы мен тәуелдік жалғауының III жақ формасына айналған. Атау септігі формасының өзге септік формаларының қалыптасуына қалай әсер еткені жөнінде келесі мақаламызда баяндағалы отырмыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дмитриев М.К. Строй тюркских языков. – Москва: 1962. – 365 б.
2. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: 1962.– 240 б.
3. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Имя). – Ленинград: Наука, 1977. – 192 б.
4. Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. Алма-Ата: Наука, 1971. – 376 б.

## КӨП МАҒЫНАЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТӘСІЛДЕРІ (Түркі жазба ескерткіштері материалдары бойынша)

**Құлжанова Б.Р.**

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Әл-фараби атындағы ҚазҰУ*

Сөз мағыналарының ауысуы, келтірінді мағынада жұмсалуы әр түрлі тәсілдер арқылы іске асады. Сөздің ауыспалы, келтірінді мағынада қолданылуы бірде метафора мен метонимия тәсілі арқылы болса, бірде қызмет бірлігі мен синекдоха тәсілдері арқылы болады.

**Метафора тәсілі бойынша. Тоңа.** Махмуд Қашқари өзінің «Түркі тілдерінің сөздігі» атты еңбегінде бұл сөздің тура мағынасы жыртқыш аңдардың бірі *қабылан* екендігін көрсеткен. Бұл сөздің талданып отырған екі ескерткіштегі ауыспалы мағынасы – «асқан батыр», «батырдың батыры». Али төртиланчи ол әрсиг тоңа ҺХ 34 [1], (Төртінші Ғали теңдесі жоқ батыр); Сен өтрү көни йолда кирдиң тоңа ҚБ 14, (Ей, батырлардың батыры, сен шынайы тура жолға түстің). Қазақ тіліндегі «тоң мойын» деген фразеологиялық тіркес *өз айтқанынан басқаға көнбейтін бір беткей, қыңыр* деген жағымсыз мағына береді. Даму барысында жоғарыдағы сөзге қарама-қарсы мағынаға ие болған сияқты.

**ЙҮЗ.** Сирек болса да ескерткіштер тіліндегі ұғым-түсінігі мен қазақ тіліндегі ұғым-түсінегі толық сәйкес келетін көп мағыналы сөздер де кездеседі. Солардың бірі – **йүз~жүз**. Осы сөзден ұқсату тәсілі арқылы мынадай мағыналар туындаған: 1. *Адамның бет әлпеті, өңі деген мағынада.* Урағут йүзин өртүнди ДТС 287 [2], (Әйел жүзін жасырды); Бу Айтолды тәркин евүрди йүзин ҚБ 56 (Айтолды дереу бетін бұрып әкетті); 2. *Ажар, көрік, шырай деген мағынада.* Аның йүзи ағды ДТС 287 (Оның бет ажары солғындап кетті); Муңар меңзатү айды ша'ир сөзи Тили сөз била түзди ачты йүзи ҚБ 84 (Осыған ұқсатып ақын нақыл айтты Тілін сөзбен безендіріп, шырайлы көркін көрсетті); 3. *Бір нәрсенің беті, үсті деген мағынада.* Йағыз йер йашыл торқу йүзка бады ҚБ 18 (Бозғылт жер жасыл жібекті бетіне байлады). Көк қалығ йүзинта ДТС 287 (Көк аспанның үстінде). Санамаланған мағыналардың барлығы да қазіргі қазақ тілінде бар. Қанша уақыт өтсе де, бұл сөздің ұғым-түсінігіне өзгеріс енбеуі оның тіркесу қабілетінің өміршеңдігіне байланысты болса ерек. Бірақ қазақ тілінде құрамында жүз тұлғасы кездесетін фразеологизмдер ескерткіштердегі фразеологизмдерден әлдеқайда көп.

**ӨГҮЗ.** 1. *Белгілі арнамен тұрақты азатын, едәуір көлемді, табиғи су деген мағынада.* Бұл сөздің тура мағынасы «Қутағу билиг» және «Ғибат-ул хақайиқ» ескерткіштері тілінде жоқ. «Оғуз-наме» ескерткішінде: Көп мүрәнлар көп өгүзлар бар ДТС 382 (Көп теңіздер көп өзендер бар); 2. *Көп, молшылық деген*

*мағынада*. Арығлық тиласа арытғыл боғуз Арытса боғуз болды асғың өгүз ҚБ 384 (Адам болғың келсе өңешінді тазарт Өңешінді адал ұстасаң пайдаң көл-көсір болады). Өзен суының көптігі, таусылмайтын молдығы жаңа мағына тудыруға себеп болған.

**КӨРК.** Бұл сөз қазақ тілінде *ажар, өң, келбет, сымбат, сәулет* мағыналарын береді. Қазіргі кездің тұрғысынан мұны тура мағына, негізгі мағына деп түсінеміз. Шындығында, бір кездегі ауыспалы мағына негізгі мағынаның орнын басқан. Ұйғыр ескерткіштерінде бұл сөздің әдепкі мағынасы – *сурет, бейне, кескін*. Мениң көркүмка тапығ удуғ қылсын ДТС 317 (Мениң суретіме құдайға табынғандай табынсын). XI-XII ғасырлар ескерткіштерінде бұл сөздің тура мағынасы сақталмаған, *ажары, келбеті* сияқты ауыспалы ұғым-түсінік береді: Киши көрки сөз ол ҚБ 19 (Адамның көркі – сөз); Еран көрки ақл ЫХ 90 (Ердің көркі – ақыл). Көрікке дерексіз «сұлулық, әдемілік» мағыналары кейін үстелген. Ол «адам көркі», «елдің көркі» сияқты тіркестерде одан әрі дерексізденген. Алғашқы ұғымын жойып алғанымен, бірте-бірте мағыналық өрісін кеңейтіп келе жатқан сөз.

**УД.** 1. *Сыйыр деген мағынада*. Бұл сөздің тура мағынасы XI-XII ғасыр ескерткіштері тілінде жоқ. Махмуд Қашқари өз сөздігіне сығыр вариантын енгізген. Қазақ тілінде сиыр тұлғасында жұмсалады. диалектілік ерекшелік болуы мүмкін. 2. *Адамдарды сиырға теңегенде айтылады*. Йоры уд атанма кишилик қыл-а ҚБ 63 (Адамгершілік жаса, түзу жүр, сиыр атанба). Адамдардың жағымсыз мінез-құлқын сиырға ұқсату қазір де бар.

**ҚОРУМ.** 1. *Таудан құлай-құлай жиналған ұсақ тастар, тас сынықтары деген мағынада*. Қайу елка тегса мениң бу төрүм Ол ел барча етлүр таш ерса қорум ҚБ 34 (Мениң бұл заңым қай елге жетсе де Ол елдіңкемшілігі жиналып ұалған тастай болса да, түзеледі). 2. *Қаптаған қалың мал деген мағынада*. Бұл мағына Махмуд Қашғари сөздігінде көрсетілген. Ол *қорум* булды ДТС 460 (Ол қара-құрым қаптаған малды тапты). Бірінші сөйлемде негізгі мағына сақталса, екінші сөйлемде таудан құлаған, қордаланып жиналған ұсақ тастарға ұқсату негізінде туынды мағына пайда болып тұр. Бұл сөздің қазақ тілінде түбірі сақталған – **қор**. *Мол болып жиналған қазына, дәулет* деген мағынасында түсініледі. Қалайда аталған сөздердің түпкі тегінде «молшылық, аса көп» деген ұғым жатыр.

**КИЧИГЛИК.** Кичиг (кішкентай) сын есімінен **-лиг** жұрнағы арқылы жасалған туынды зат есім. 1. *Жас бала, боз бала мағынасында жұмсалады*. Кичигликда менсиз қалыр сен бу күн ҚБ 99 (Мен кеткеннен кейін тым жас қалғалы тұрсың); Кишигликта йандым қарыдым бу күн ҚБ 338 (Бозбалалықпен қоштастым, бұл күндері қартайдым); 2. *Кішіпейілділік, қарапайымдылық деген мағынада*. Келир ерса давлат кишика күлә Тутуп берклаүси кичиглик била ҚБ 82 (Егер бақыт пен дәулет кісіге күлімдеп келсе, Оны берік ұстау үшін

кішіпейілділік қажет). Баланың кішіпейілділігі, қарапайымдылығы жаңа сөзге уәж болып тұр. «Ұлық болсаң, кішік бол» мәтелі де көне замандардан бастау алады.

**УРУҒ.** 1. *Тұқым, дән деген мағынада.* Махмуд Қашғари уруғ екти ДТС 615 деген тіркесті «тұқым септі» деп аударады. Бұл мағына екі ескерткіште де жоқ. 2. *Негіз, түп тамыр деген мағынада.* Қамуғ егрилар есиз уруғы болур ҚБ 68 (Барлық оңбағандық, қыңырлық зұлымдықтың ұрығыболып табылады). 3. *Ұрпақ деген мағынада.* Бизнің уруғыбыз сеннің йығачыңның уруғы ДТС 615 (Біздің ұрпақ сен талдаған шежірелік ағаштың бір тарамы). Жанды және жансыз заттардың қызмет ұқсастығы үш мағынаның басын қосып тұр. *Адамдардың бір әулеттен тараған туыстық, қандастық тобы, тұқымы* деген мағына беретін ру тұлғасы да осы көне уруғ түбірінің заңды жалғасы болуы ықтимал.

**ТӨПҮ.** 1. *Бастың ең үстіңгі бөлегі деген мағынада.* Төтүдан адақнаң тыраңақ учыңа ДТС 580 (Бастың төбесінен бастап аяқтың тырнағының ұшына дейін); 2. *Бір заттың ұшар басы, ең жоғары жағы деген мағынада.* Төпүдин савылмыш Бақырсуқуна ҚБ 351 (Бақырсуқуна [Марс] көк төбесінен көкжиекке еңкейді). Метафора тәсілі арқылы мағынасын ауыстырып айтуға өте ыңғайлы сөз. Қазақ тілінде: 1) *бас киімнің үстіңгі жақ бөлшегі*, 2) *үйдің үсті, жабылған жағы* сияқты ауыспалы мағыналары бар. Орта ғасырларда бұл мағыналардың да болуы ықтимал. Алайда ескерткіштердің көлеміне, тақырыбына байланысты мәтінге ілінбей қалуы мүмкін. Бұл сөздің геометриялық фигуралардың *ең үстіңгі нүктесі* деген мағынасы ғылым-білімнің дамуына байланысты туғандығы екінің біріне мәлім. Осы «бастың төбесі» деген тура мағынаның өзі *дөңгелене біткен биіктеу дөң жер – төбе* деген ұғымнан туындаған.

**КӨШИК.** Тілімізден шығып қалған көне сөздердің бірі. Махмуд Қашғаридің көрсетуі бойынша, тура мағынасы – *жамылыш, перде*. Ауыспалы мағынасы – *жасырынатын жер, қорғанатын аспана*. Қайу сығну келди тилади көшик ҚБ 44 (Кейбіреулер жасырыну үшін келді, баспана тіледі). Орта ғасырлық бұл сөзді «жасырып қою, тығып қою» семасы бар перде сөзі ығыстырған. Қызмет ұқсастығы сөз мағынасының ауысуына себепкер болған.

**МЕҢИЗ.** 1. *Бет, жүз, дидар деген мағынада.* Аның меңзи ағды ДТС 342 (Оның беті құбылып кетті); Йаруқ дүнийа меңзи түнарса ҚБ 298 (Жарық дүние дидары түнерсе); 2. *Сыртқы сипаты, бейнесі, тұрпаты деген мағынада.* Неча көрклүг ерса қағун таш йүзи Йыды йа бедизи йа меңзи түзи ҚБ 304 (Қауынның сыртқы пішіні, иісі, порымы, бүкіл тұрпаты қанша әдемі болса да). Адамның «беті, жүзі» ұғымы жалпыланып, дерексізденіп барып, өзге жансыз заттарға ұқсатылған. Бұл көне атауды қазақ тілінде **бет** атауы ауыстырған.

Жоғарыда санамаланған заттар мен құбылыстардың барлығы да пішіні мен көлемі, қимылы, түрі мен түсі, тағы басқа сапа, қасиеттерінің ұқсастығына қарай ортақ бір атаумен аталған. Мысалы, **қабыланның** (тоңа) қайтпас қайсар мінезіне

ұқсатып, айрықша батырды «батырлардың батыры» деген ұғым беретін – **тоңа** атауымен атаған. Таудан құлай-құлай жиналған ұсақ тастардың көптігі саналуы қиын көпмалды **қорум** деп атауға мүмкіндік берген. Жансыз заттардың атауын жанды заттарға немесе керісінше ауыстырып қолдану да ежелден келе жатқан амал-әдістердің бірі [3, 67-70].

**Метонимия тәсілі бойынша.** Әдетте «екі немесе одан да көп ұғым орын, қызмет, уақыт бірлігіне қарай әрдайым бір ғана атауға телініп, ортақтасып жүреді де, көп мағыналық сипат алады [4,97-101]. Бұл заңдылық орта ғасырлардағы жазба ескерткіштерге де тән. Біз қарастырып отырған әдеби жәдігерліктер тілінде белгілі бір заттардың немесе құбылыстардың сапасы, әр алуан қасиеттері, сипаттары сол заттардың немесе құбылыстардың атауымен аталатын ұғымдар тудырып отырған. «Қутадғу билиг» пен «Ғибат-ул хақайиқ» лексикасындағы метонимдердің көпшілігі осындай қарым-қатынастардың негізінде қалыптасқан.

**ТАМУР.** 1. Қан тамырлары деген мағынада. Күр алп ер көтүрса йашын тег темүр Ағызлығ еранларда тешлүр тамур ҚБ 224 (Арыстан жүректі алып ерлер нажағай сияқты қылышын көтерсе Азуы алты қарыс жауынгерлердің өзінің қан тамырлары сөгіліп кетеді). 2. Тамыр соғысы деген мағынада. Отачы терилди тамур көрдилар Ол иг кем не ермиш айу бердилар ҚБ 88 (Дәрігерлерді жинады, аурудың тамыр соғысын көрді қандай ауру екендігін, неден пайда болғанын айтып берді). Тамырдың соғу қасиеті екінші бір ұғымның пайда болуына негіз болып тұр. Қазақ тілінде «тамыр ұстады» деген тіркес «тамырдың соғуын бақылады» деген мағына береді.

**ОТ.** Бұл сөз қазақ тілінде *малға азық боларлық шөпдеген мағына береді.* Біз зерттеп отырған орта ғасыр ескерткіштерінде тура мағынасы ұшыраспады. Махмуд қашғари өз сөздігінде «шөп шықты» деген мағынада *от өнди* (ДТС 373) тіркесін келтіріп өткен. «Қутадғу билигте» *шөптен жасалған дәрі* мағынасында қолданыс тапқан. Бу ичка еми йоқ тилама оты ҚБ 47 (Бұл ауруға ем жоқ, дәрі сұрама). Ілгеріде шөптен у дәрілер де жасалатындығы мысалдардан анық аңғарылады. Өлүм отын ичүрдүм ДТС 373 (Өлім уын ішкіздім). Ем болу қасиеті де, у болу қасиеті де, әрине, шөптің табиғи қасиетіне байланысты.

**ТИТИР.** *Түйенің бір түрі мағынасында жұмсалған.* Йана алчы болса қызыл түлкү тег Титир буғрасы тег өч сүрса кек ҚБ 174 (Қолбасшы қырдың қызыл түлкісі сияқты қу болуы керек Тітір бурасы сияқты өштескенде кек алуға даяр тұруы қажет). Махмуд Қашғари тітірдің ұрғашысын да **титир** деп атағанын сөздікке ендірген. Мұны жалпы мағынаның біршама тарылуы деп түсінуге болады.

**ИНЧЛИК.** 1. *Тыныштық деген мағынада.* Өз инчлик тиласа еражы узун ҚБ 334 (Жаның ұзақ уақытқа тыныштық тілесе); 2. *Бос уақыт деген мағынада.*

Бу күн булдум инчлик сеңа келгүка ҚБ 243 (Саған келу үшін бүгін ғана бос уақыт таптым). Уақыттың көп, аздығы екі түрлі мағынаның тууына ұйтқы болып тұр.

**КҮЧ.** 1. *Жан-жануарлардың қимыл-қозғалысын, сыртқы ортаға физикалық әсер етуін қамтамасыз ететін әл, қуат деген мағынада.* Сениңда бар еркан йигитлик күчи ҚБ38 (Сенде жігіттің күші бар екен). 2. *Зорлық, өктемдік деген мағынада.* Себап сен сен емди қамуғ езгүка Күчүз тызғука һәм төрү бергүка ҚБ 230 (Сен енді барша ізгілікке, зорлық-зомбылықты тыюға төрелік беруге себепшісің); Күч емгак тегүрма кишига халы һХ 331 (Ешқашан кісіге азар берме, зорлық-зомбылық жасама).

Тарихи жазба ескерткіштерде бұл сөздің қимыл, іс-әрекет атауы ретінде тура мағынасы және қимылдың, іс-әрекеттің нәтижесі ретінде бір ғана ауыспалы мағынасы қалыптасқан. ҚБ-те осы екі мағынаның екі мағынаның екеуі де ұшырасса, һХ-та ауыспалы мағынасы ғана сақталған. Ғылым-білімнің дамуына байланысты қазіргі қазақ тілінде бұл мағыналардың үстіне сегіз мағына қосылған. 1. Бір заттың, не бір нәрсенің өзгеге етер физикалық т. б. әсері, ықпалы; 2. Энергия, сол энергияның қуаты; 3. Бір дененің екінші денеге еткен әсерін сипаттайтын шама, сол әсердің нәтижесінде дененің жылдамдығы өзгерсе, яғни оған үдеу берілсе, күш деп аталады; 4. Армия, жасақ, әскер; 5. Мақсат-бағыты бір адамдар тобы; 6. Ауыр салмақ, қиындық; 7. Мықты, зор, алып; 8. Шама-шарық, мүмкіндік [5,ҚТТС, 5-т, 386-387-б]. Бұл мағыналардың барлығы да метонимия тәсілі арқылы жасалған.

Алғашқы екі мағына көне түркі әдебиетінде ғана емес, қазіргі әдеби тілімізде де жиі пайдаланылады. Кейінгі дәуірде пайда болған мағыналардың әрқайсысының өзіне тән стильдік мәні бар.

**КҮСҮШ.** 1. *Тілек, қалау деген мағынада.* Көңүлүң таки күсүшүң барча қанты ДТС 329 (Көңіліндегі барлық тілегің орындалды); 2. *Арман иесі, арман мұраты деген мағынада.* Билирсән ажунда бу өгди үкүш Вафалығ кишика болур ай күсүш ҚБ 412 (Ей, арманшыл дос, бұл дүниеде опалы кісіге үлкен-үлкен мақтау келеді); Йазуқсуз киши бу ажунда күсүш ҚБ 428 (Күнәсіжоқ кісі болу бұл дүниеде қол жетпейтін арман болып кетті). Бірінші сөйлемде адамның сапа, қасиетін білдірсе, екінші сөйлемде адамның өзін аңлатады.

**САҚЫНЧ.** 1. *Ой деген мағынада.* Өлүмлүг сақынч ДТС 486 (Өлімтуралы ой). 2. *Қамқорлық деген мағынада.* Оғул қыз сақынчы бу түпсүз теңиз ҚБ 95 (Ұл мен қызға қамқорлықты түпсіз теңізге ұқсатуға болады). Қамқорлық ойдан туады. Ойдың іс-әрекетке айналған формасы. Метонимия заңдылығына толық сәйкес келіп тұр.

**ТАНУҒ.** 1. *Куә, куәлік деген мағынада.* Тириглик кечарка кечар күн тануқ ҚБ 418 (Өмірдің өтіп бара жатқанына әр өткен күн куәлік береді); 2. *Куәгер деген мағынада.* Бу нишан мен тануқ Турчиниң ол ДТС 532 (Бұл белгі – менің, куәгер

Турчинің белгісі). «Куәлік» ұғымы да, «куәгер» ұғымы да бір ғана **тануғ** формасы арқылы беріліп тұр.

**ҚАЛЫҚ.** 1. Аспан деген мағынада. Қалық қашы түгди көзи йаш сачар ҚБ 18 (Аспан қабағынтүйді, көзінен жас сорғалап тұр). 2. Ауа деген мағынада. Қалық қыртышы тұтты кафур бодз'уғ ҚБ 35 (Ауа қыртысы алуан түске боялды). «Аспан» мен «ауа» ұғымдарының астасып тұрғанын көрсетеді.

**Синекдоха тәсілі бойынша.** Синекдоха да – сөзді, сөз тіркестерін мәнерлеп қолданатын көркемдеу құралдарының бірі. Ол кейбір тілшілердің пайымдауынша, метонимияның ең көп **тараған түрі [ 6, 149].**

**ТИЛ.** 1. *Жан-жануарлардың дәм сезетін, адамдардың сөйлеу дыбыстарын шығаратын ауыз қуысындағы негізгі мүше деген мағынада.* Тили бирла йаңлуқ сөзи сөзланур ҚБ 32 (Адам баласы тілі арқылы айтатын сөзін айтады). 2. *Тұтқын деген мағынада.* Қатығыланғу ашну тил алғу керак Бу тилдин йағы қылқы билгү керак ҚБ 126 (Ең алдымен тұтқын (тіл) алуға тырысу керек Ол тілден жау жағдайын білу керек). Бұл ретте адамның белгілі бір дене мүшесі «тұтқын» ұғымы арқылы бүтіннің орнына жұмсалып тұр.

**БАШ.** 1. *Адамның, жан-жануарлардың ауыз, көз, құлақ, мұрын, ми, т.б. орналасқан дене мүшесі.* Өкүз адзақы болғынча бузағу башы болса йег ДТС 86 (Өгіздің аяғы болғанша бұзаудың басы болған жақсы); Билигсиз сөзи өз башыны йейүр ҚБ 25 (Білімсіздің сөзі өзінің басын жейді). 2. *Басшы, қолбасшы деген мағынада.* Онар ерка бир бир ер башы урты ДТС 86 (Әр он адамға бір-бір адамнан басшы қойды); Негү тер ешитгил ай елчи башы ҚБ 247 (Ей, елшілердің басшысы, өмірді көрген адам не дейді, есітіп ал). «Он адамның басшысы», «елшілердің басшысы» тіркестерінен бөлшектің бүтіннің орнына жүріп тұрғанын көреміз. Сонау ежелгі дәуірден басталған бұл дәстүр қазір де өз жалғасын тауып, өрісін кеңейтіп отыр.

**МҮЙҮЗ** зат есімі орхон-енисей ескерткіштерінде *кейбір жабайы жануарлар мен малдың бас сүйегіндегі қатты өсінді* деген мағына беруімен қатар мүйізді жануарлар деген мағына да береді. Жалпы алғанда, синекдоха тарихи жазба ескерткіштер тілінде қазіргі тілдерге қарағанда әлдеқайда аз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сағындықұлы Б. «Ғибат-ул хақайиқ» – XII ғасыр ескерткіші. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 184 б.
2. ДТС. Л., 1969.
3. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 206 б.
4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 496 б.



5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық / Жалпы ред. басқ. А.Ы. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1986. – 9 т. – 560 б.
6. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 1-бөлім. – 101 б.

## II. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ: БІР ҒАСЫР, САН ТАҒДЫР

### О. БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК БІЛІК

*А.Б. Салқынбай*

*филология ғылымдарының докторы, профессор  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазіргі ғылыми түсінік бойынша, мәтін – шындық болмыстың феномені, тіл-құралмен әдіптелген өмір шындығын таңбалаушы тәсілі. Ал көркем мәтін – шындық болмысты таңбалап қана қоймай, Сізді оның бұлтарыс-қалтарысымен таныстырады, сіз аңғара қоймаған, аңғарсаңыз да ажырата мән бермеген жағдайларға үңілдіреді. Қарапайым сөз шынайы таланттың қолданысында ерекше ажарланып, мағынасы жаңара жасарып, әлем бейнесінің жаңа бір белгісін танытар көркемдікке ие болады. Кесек ойды кестелі сөзден ою жасай отырып, тамсандыра жазатын О. Бөкей шығармаларында көркем тіл мен авторлық концепция тұтаса бірігіп, ғажайып композиция түзеді. Кәдімгі күнделікті қолданыстағы атау сөздің мағынасы Оралхан қолданысында жаңаша мәнге ие болмаса да, ерекше нұрланып, контекстік нәрмен сусындалып, өзіне баурап алады. Санадағы асыл ой ақық сөзбен таңбаланып, көркемдік көкжиегіне тартып алып бара жатады.

Болмыстағы құбылыстар мен әралуан заттардың белгісі тілде таңбаланып, жаңа көпмағыналылық сипат туғызуы сөйлеудегі атаудың мазмұн байлығын танытады, олардың көркемдік қолданысы арқылы тіл дамиды. Сөздердің көпмағыналылық деңгейде дамуына әсіресе көркем шығарма тілінің қосар үлесі мол. Айталық, *Қазір-ақ біз жатып ішер жалқаулықтың бұрын-соңды болып көрмеген жаңа дәуірін кешудеміз. Өзіміз ойлап тапқан жеңілдіктер бойкүйездіктің бесігінде әлдилеген сайын маужырап, бойымыз балқып, апиын ішіп алжасқандай, дел-сал, ұйқылы-ояу хал меңдеп барады-ау. Рас миымыз жұмыс істейді, біліміміз мұхиттай, бірақ бүкіл ағзамыз қимылсыз, қозғалыссыз, тұйық су секілді борсып, бірте-бірте өле бастамағанымызға кім кепіл. Біз таңертең ерте тұрып, қайшыласқан машинамен жағаласа тыртыңдап жүгірер бірер шақырымдық ит бүлкегіміз арқылы адамзат деген алыптың тау қопарып, тас бұзар алапат күшін сақтап қала аламыз ба? Жо-жоқ, адамзатты жұмаққа жеткізер ақыл-ойы ғана емес, төртаяқтап хайуандармен бірге жайылып жүрген жерінен алып шығып, сананың сандал көгіне мінгізген қара күші де. ... (О. Бөкей). Тілге бай, ойға жүйрік жазушының тұшымды теңеулер (апиын ішіп алжасқандай, біліміміз мұхиттай) мен мәнді метафоралардан тұратын (тұйық су секілді борсып, қайшыласқан машина, бірер шақырымдық ит бүлкегіміз, тау қопарып, тас бұзар алапат күшін, адамзатты*

жұмаққа жеткізер ақыл-ойы, сананың сандал көгі, қара күш) бұл шағын мәтіндегі айтылар ой терең, қолданылған сөз мағынасы мәнді.

Адам ағзасының қозғалыстың жоғынан “тұйық су секілді борсуы” дегенді авторлық метафоралық қолданыс ретінде талдасақ, мағыналық құрылымындағы ойдың ерекше көрінер тұсын аңғаруға болады. Тұйық судың борсуына ұқсату, сәйкестендіру арқылы қозғалыстың аздығынан, бәлкім салыстырмалы түрде жоқтығынан ағзаның борсуын көз алдыңызға әкеледі. Автордың дәл тауып суреттеген бейнесі көз алдыңызға келіп, өзіңізге өзіңіз басқаша қарап, қазір жүргіріп кеткіңіз келеді. Сөз күдіреті деген де осы.

Сондай-ақ *қайшыласқан машина, бірер шақырымдық ит бүлкегіміз, тау қопарып, тас бұзар алапат күш, адамзатты жұмаққа жеткізер ақыл-ойы* сияқты қолданыстардың тек көркемдік жағы ғана емес, сонымен бірге мағыналық құрылымы күрделі, мазмұны бай.

Кез келген тілдік бірліктің жасалуы, танылуы уақыт факторына тәуелді екені белгілі. Бірнеше маңызды белгіні таңбалау қажеттігі, болмыстың ішкі қасиеті мен мәнінің адам баласына бірте-бірте танылғандығы - әлем бейнесін тілде таңбалау процесінде синоним сөздер мен көпмағыналылықты туғызады. Бірер шақырымдық жай жүріс, бірер шақырымдық жаяу жүріс демей, автор *бірер шақырымдық ит бүлкегіміз* деу арқылы қаншама ақпаратқа толы ұғымдарды қозғайды:

- иттің бүлкектеген жүрісіне ұқсауы;
- халықтық сөйлеу тіліндегі ит, бүлкек сөздерін жаңа бір қырынан танып, өзгеше қолданыста жұмсалуды;
- бірер шақырымдық ит бүлкектің тым көп еңбек еместігіне сендіру;
- түйенің, аттың т.б. жүрісі емес, иттің жүрісі арқылы көз алдыңызға ит тірлік келеді;
- әлем бейнесінің жаңа бір қыры таңбаланады.

Метафора зат пен құбылыстың негізгі белгілерін танытатын ұғымның қалыптасуы нәтижесінде жасалады. Бұл маңызды белгі – осы атау үшін ғана маңызды. Ол метафораның негізгі мәнін айқындайтын ерекше номинативтік белгі. Атаудың номинативтік белгісі өзге атаулар үшін номинативті белгі бола алмайды. Мысалы: *Киіз үйдің іргесінде иі қанбаған терідей былбырап отырған Таған жылқылы ауылдың жайма-шуақ тірлігіне құр бекер бажсырайып қарағаны болмаса, көңілі селт еткен жоқ, дүниенің қызығынан жерігендей жиіркенішпен немкеттілеу ойда еді. Кең әлемнің осыншалық тарылып, жалғыз жұтым шарапқа зар қылып қоюын кешірмейді және өзінің қазіргі халін түсінбейтіндерге аяушылық та жоқ: бір ұрттам арақ үшін танкіден де тайсалмай барар еді, несі бар, Ұлы Отан соғысында солдаттар сүйткен.*

Бұл мәтінде авторлық қолданыс арқылы жасалған *иі қанбаған терідей былбырап отырған Таған, дүниенің қызығынан жерігендей жиіркенішпен*

*немкеттілеу ой* сияқты деген тіркестер өзінің сонылығымен ерекше. Тағанның бойын әбден билеген арақ оның санасындағы дәстүрлі қалыпты да сөндіре бастағандай. Жылқы десе ішкен асын жерге қоюға даяр қазақ үшін, *ауылдың жайма-шуақ тірлігіне құр бекер бажырайып қарағаны болмаса, көңілі селт етпеді* осылайша психологиялық паралелль қою арқылы көрсетеді.

Номинациялық процестің белгілі уақыт деңгейінде өтетіндігін ескерсек, жазушылар жасаған көптеген метафоралық қолданыстар бірте-бірте тілдік метафораға айналып, номинативтік мағынаға ие болады. О. Бөкей шығармасынан келтірілген жоғарыдағы мәтінде Тағанның осы жердегі міскін келбеті иі қанбаған теріге ұқсатылады. Көз алдыңызға иі қанбаған, былжырап, сасыған тері келеді де, сол арқылы Тағанның бейнесі көз алдыңызға оралады. Мұның өзі көркем шығармада экспрессивті-эмоциялық мән туғызу үшін қолданылатын автордың тапқырлығы, оқырманға ой салып, санасына сәуле түсірудің жақсы бір жолы. *Біздің елдің өткен өрелі жолы көп елдерге сабақ. Адам өмірден сабақ алады.* Бұл сөйлемдегі сабақ сөзінің мағынасы - үлгі, өнеге, тәжірибе. Сөз мағынасының ауысуы ең алдымен оның қызметінің өзгеруімен байланысты болады. Сөздің ауызекі қолданыстағы мәнінің өзгеруі, мағыналық реңнің болуы сабақ сөзінің жұмсалу барысындағы көпмағыналылықтың жемісі. Осының нәтижесінде *сабақ* сөзі бірде предикативтік, бірде толықтауыштық қызметте жұмсала алады. Сабақ сөзінің екіншілік қызметі оның негізгі мағынасына арқылы емес, туынды мағынасының мәніне сәйкес келеді.

Көркем шығарма тіліндегі образды метафоралар арқылы өзге адам байқай бермейтін қасиеттер мен құбылыстың белгілері көрініс табады. Образды метафоралар арқылы кенеттен жасалған салыстырулар мен салғастырулар, теңеулер адамның образды қабылдау жүйесін дамытып, танымдық деңгейін арттырады. Көркем шығармаға образды метафора ойды әсерлі, әрі айқын жеткізу қажет болады. Құрылымдық-семантикалық қасиеті ерекше бейнелілікті танытатын метафоралық атаулар қазақтың белгілі жазушыларының шығармаларында молынан кездеседі: *“Қызара бөртін, шығар күнді маңдайға ала қос жолаушы атқа қонды. Ауыл әлі уыз ұйқысынан ояна қойған жоқ, иттердің басын басып кетсе де мыңқ етпейтін өлі тыныштық ұйыған”*. Келтірілген мысалдағы “уыз ұйқы”, “тыныштық ұйыған” тіркестері тек Оралхан Бөкей қолтаңбасына тән образды метафоралар. “Ұйқы” сөзі, әдетте, “қалың ұйқы”, “қатты ұйқы”, “тәтті ұйқы” т.б. деген тіркестермен келетіні белгілі. Ал “уыз ұйқы” метафоралық қолданысының өзіндік үйлесімділігі мен ішкі мағыналық сипатының уәжділігі әдемі қиюласқан. Уыз – жас төлдеген малдың сүті, піскен уыз өте қою, маңызды, тәтті болатыны белгілі, ал таңғы ұйқының уыз ұйқы делінуі халықтық дүниетаным негізінде жасалған, ішкі мәні мен уәжі терең қиюласқан образды метафора деуге толық негіз бар. “Тыныштық ұйыған” – метафоралық тіркесі де өзінің сонылығымен қоса, ұйю етітігі арқылы

көмкеріліп, ұлттық танымнан мол ақпарат беріп тұр. Әдеттегі түсінік бойынша, сүт ұйыды, әңгімені ұйып тыңдайды. Ал тыныштықтың ұйығаны – образды метафора сипатында жасалған көркем сөз қолданысы. Кестелі көркем сөздің мәнерін келтіріп, ұлттық дүниетаным арқылы көмкере сөйлететін Оралхан Бөкей шығармаларының тіліндегі образдылықтың мәні – оның тек сыртқы сұлу қолданысында ғана емес, ішкі маңызында, ішкі мәнінде де.

Мына мәтіндегі сөз қолданысы мүлде ерекше беріледі: *“Әкемнің иығындағы осынау бас маған ес білгеннен бермен таныс, көз алдымнан күн-күн сайын кетпейтін жұмыр жердің өзі сықылды: бірақ біз жұмыр жерді қаншалықты білеміз, сыралғымыз десек те, бәрін білмейміз, тіпті біле түскен сайын – білмейміз, өйткені ол (жер) – бәріміздің, бар тіршіліктің әкесі, жаратушы иеміз, тусақ та, өлсек те, қайта айналып өзін табамыз”*. Бір ғана сөйлем арқылы берілген күрделі ой мен үлкен дүнияуи философия. Образды метафоралар арқылы жазушының эстетикалық талғамы мен өзіндік түсінігі бізге айқара ашылады. *Әкемнің иығындағы осынау бас – жұмыр жердің өзі сықылды* – шындықтың метафоралы интерпретациясына негізделген адамның қабылдауы мен қоршаған әлемге деген ішкі ойы, көзқарасы.

Жер мен әке басының арасында қандай да байланыс бар деп екінің бірі ойлай алмасы түсінікті. Ал Оралхан Бөкей осы арқылы әке көрген бейнет пен зейнетті анықтап көрсете түседі, ол жайдан-жай бейнелеп, теңеп отырмағанын келесі сөйлемдерде түсіндіре баяндайды: *“Ендеше әкемнің басы анау қисықтау келген өткір көз ... осы көз баяғыда бір ... тым ертеректе, менің бала кезімде болар, жұмыла жаздап, мәңгіге жарық дүниемен қоштаса жаздап, шиеттей балашағасының көз жасы сақтап қалған еді ғой, осы көз ол шақта әлдеқайда отты, әлдеқайда ойлы ұшқын атқан жастықтың, өмірге деген іңкәрліктің жалынына толы еді”*.

Ия, қанша сыралғымыз, білеміз десек те, жердің сырын да, адамның сырын да ешкім білмейді, Тіпті қасында күнде жүрген жанның да сырын білу, ішкі болмысына үңілу тым қиын.

Әке мен жер арасынан үлкен ұқсастықты тапқан жазушы ойы – терең; кез келгенге түсініксіздеу, күңгірттеу көрінері тағы анық. *“Жер бар тіршіліктің әкесі”* деп жазады О. Бөкей. Жер - әке параллелі арқылы берілетін түсінік табиғаттың ұлылығы, өткірлігі ерекше. Бір кездегі отты да өткір, ойлы көздің жанары неге суалды екен деген ой сізді ары қарай оқуға итермелейді. Сөз құдіреті, метафораның қажеттігі де осында.

*“Әйтеуір, әкемнің үлкен бір тірі кітапхана екенін сезетінмін. Әйтеуір осы кісі...”*. “Тірі кітапхана” метафоралық тіркесі автордың өз қолданысы. Мұндай тіркесті өзге ешкімнен кездестірмедік. “Тірі кітапхана” сөзінің беретін ұғымы да, ішкі мағыналық құрылымы да кең:

1. Кітапхана ұғымы біздің ұлтқа бұрыннан таныс ұғым десек те, оның кең танылуы, қолданысқа ие болуы жиырмамыншы ғасыр. Демек, автордың кітапхана сөзін негізгі тірек сөз ретінде таңдап алуының уақыттық факторы бар;

2. Кітапхана қасиетті мекен, оның ішінен жақсылық пен ізгілік, білімділік пен біліктілік тарайды. Олай болса, кітапхана – мәңгіліктің бір өлшеміндей, ізгіліктің көрінісіндей.

3. Әдеби қарапайым нормадағы сөйлеу процесінде кітапхана ұғымы үшін тірі және өлі ұғымдары сыйыспайды. Олардың мағыналық және ұғымдық жағынан тіркесімділік валенттілігі де сәйкес келе қоймайды. Ал Оралхан шағармасын оқып отырып, осындай тіркесімдегі сыйымсыздықты, сәйкессіздікті аңғара қоймайсыз, өйткені мәтін контексіндегі “тірі кітапханаға” сіздің көңіліңіз сенеді. Әкенің солай екеніне дауыңыз болмайды.

Автор бұл жерде образды метафораны ойнатып қолданып қана қоймайды, оның сенімді қабылдануына жағдай жасайды. “Әйтеуір, осы кісі” деп сөйлемнің толымсыз қалпында берілуі де, одан кейін қойылған көп нүкте де оқырманды айтылмаған ойдың тереңіне батырады. Көркемдік ойдың мұндай шешімі О. Бөкей шығармаларында жиі қолданылатыны белгілі.

Көркем шығармада метафора көңілдегі ойды образды, әсерлі етіп беру мақсатында қолданылады да, зат пен құбылыстың өзге бір зат не құбылыс белгісімен бағаланған бейнесін танытады. Бұл туралы орыс ғалымы Н.Д. Арутюнова былай деп жазады: “из средства создания образа метафора превращается в способ формирования недостающих языку значения” [1, 336].

Образды метафоралар тілдегі таңбаланбаған белгі мен сапаны, әрекетті, затты т.б. денотаттың қасиеттерін анықтау үшін жұмсалады. Сөйтіп жазушы санасында жаңғырған жаңа ойдың ерекше көрінісін береді. *“Таңатар тасы дәл біздің үстімізде сойдақталып тұр. Не шынар, не қына бітпеген қылтанақсыз көсе тастан жақпарланған екен: түтін шалған ошақтың тасындай қап-қара боп мерез мелішеді, сонан соң үстімізге құлап кетердей үрейлі ызғар шашады. Бала кезімізде бір-ақ рет көріп едім, мұншалық оқшау бітімі мен қорқынышты сұсын байқамаған екем, ие мен ол шақта санда гани кітап оқып, сан-сапалақ түс көргенмін, әкеме еріп бармаған жерім, баспаған тауым жоқ, есейген сайын, көзіңнің еті қоса өсіп, көбін ұмытады екенсің”*.

Мәтіндегі ойдың мәнін тереңдетіп, Таңатар атанған тастың ұсқынсыз кейпін келтіру үшін *“не шынар, не қына бітпеген қылтанақсыз көсе тас”* тіркесін жасаған автор қолданысындағы *“көсе тас”* образды метафорасы керемет экспрессивті-эмоциялық мән туғызады. “Көсе” сөзі әдеби нормада ешқашан сақал не мұрт өспейтін адамға айтылады. Ал тасты осы көсеге теңеу, образды метафораның нағыз әдемі мысалы болар еді. “Ештеңе өспейтін тас, шөп шықпаған тас” т.б. деген тіркестер арқылы бере алмайтын мағынаны туғызған бұл образды метафора осы мәтіндегі негізгі мағыналық жүкті өзі көтерген.

“... *Түтін шалған ошақтың тасындай қап-қара боп мерез мелшиеді*” деген тіркестегі адам санасына соны ой салып, меңіреу тастың күйін жеткізетін сөз – “*мерез мелшиеді*”. Мәтінде образды метафораға айналған бұл тіркестің де мағынасы ерекше. Тіркесте жаңа номинативтік ерекше белгіні синтаксистік деңгейде танытатын метафора арқылы сонау күндердің белгісіндей болып қалған, сойқан оқиғалардың куәсі болған қара тастың бейнесі ашылады. *Түтін шалған ошақтың тасындай* теңеуі де көп жайттың басын ашып беретіндей, бұл теңеу қап-қара мерездің анықтаушы, сипаттаушысы. “Мерез” – жаман ауруды атайтын сөз, жекелей алғанда тасқа ешқандай қатысы жоқ.

Дегенмен көркем шығарма авторы оны сәтті пайдалану арқылы тастың өзгеше бір бейнесін туғызған. Тіпті өткен оқиғаларға тас күнәлі болғандай, іштей кінәлап, ұнатпайсың. Бұл эмоцияны автор образды метафора арқылы туғызып отырады. Мұндағы метафора арқылы берілген образдылық бейне болмыстың ішкі белгілеріне, қасиетіне тән емес, тілдік сананың қабылдауы, авторлық қайта ойлаудың жемісі.

“*Арқанның ұшын лезде күрмеп байлап жіберді де, сол ыржиган қалпы күректей алақанын жамбасына сүртіп, маған ұсына берді. Менің аппақ жіңішке бикеш саусақтарым досымның қолына шомылып шықты*”. Қарапайым сөзбен салынған әдемі сурет. “*Жіңішке бикеш саусақтар*” – метафоралық тіркесі керемет образ туғызып тұр. Саусақтарды ешкім бикеш саусақ деп атамайтыны анық, *әдемі саусақ, ақ саусақ, жіңішке саусақ, бикештің саусағындай т.б.* болып жұмсалатыны белгілі. Егер автор бикештің саусағындай десе, ол көп тіркестің бірі болар еді де, туғызатын эмоциясы тілдегі қалыптасқан үйреншікті тіркеспен берілгендіктен, әсерлі шықпас та еді. Ал *жіңішке бикеш саусақтар* дегенде бикеш сөзі анықтауыштық қатынаста тұрып, саусақтың жіңішкелігін, әдемілігін емес, керісінше, оның әлсіздігін танытады. Ер адамға лайық күштілік, мықтылық емес, әйелге тән ақ саусақтық, нәзіктіктің ер адамның қолына қатысты айтылған соң, жұмсақ күлкі шақырады, юмор аңғарылады.

*Менің аппақ жіңішке бикеш саусақтарым досымның қолына шомылып шықты* – сөйлемде сөзбен өрілген әдемі сурет бар, күлкі шақыратын жарасымды юмор бар. Сөзбен образ салу, көркем ойды кестелі сөзбен жеткізу деген осындай болуы керек болар. Қолдың немесе алақанның емес, *саусақтардың “досымның қолына шомылып шықты”* деуінің логикалық қисындылығы бар болғанымен, образды бейнемен жасалған.

“Шомылу” сөзінің ішкі мағыналық құрылымы мен “қолына шомылу” сөзінің мағынасы бір-біріне сәйкес келмейді. Образды метафоралық қолданыстың мәні де осында жатыр. Метафора адам ойының терңдігіне, абстрактілі ойлаудың күштілігіне байланысты жасалады.

Оралхан Бөкей шығармаларындағы осындай тосын қолданыстағы образды метафоралардың көптігі жазушының өзіндік терең дүниетанымы мен

шеберлігін, шығармашылық болмысының кеңдігін, тілдік білігінің молдығын танытады.

## ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ТӘСІЛДЕРІ

**Әміров Ә.Ж.**

*филология ғылымдарының кандидаты*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазақ тіл білімінде қалыптасқан негізгі дәстүр бойынша біз терминдердің жасалуының семантикалық тәсілін және сөзжасамдық тәсілін бөліп көрсетеміз. Оның ішінде түбір терминдерді олардың жалпы әдеби қолданыстағы мағынасынан терминге ауысуына немесе терминденуі барысында мағынаның таралуы не кеңеюіне қатысты негізінен семантикалық терминдер ретінде қарастырсақ, сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған терминдердің өзін туынды және күрделі деп, ал күрделінің өзін біріккен терминдер, қысқарған терминдер және сөз тіркесінен жасалған терминдер деп қарастырамыз.

Ең алдымен сөз мағынасының өзгеруі (семантикалық тәсіл) арқылы жасалған терминдерге тоқталар болсақ бұл тұрғыда жаңа сөздердің пайда болуына, сөздердің мағынасының кеңеюіне қоғамдағы жаңалық-өзгерістер негіз болатыны, ал ол сөздердің көпшілігі қазақ тілінің сөздік құрамында бұрыннан бар сөздер арқылы жасалатыны айтылады.

Мәселен, соңғы кезде жиі қолданылып жүрген «әкім» сөзінің бір кездегі мағынасы елге билік жүргізуші, әмірші болатын. Қазіргі кезде осы сөздің мағынасы әлдеқайда кеңейе келе нақтырақ мағынада, яғни белгілі бір аумақтық әкімшілік лауазым иесі деген мағынада жұмсалатын болды.

Қоғамдық ғылымдар терминінде қолданылатын «жоба» сөзінің де мағынасы кеңейді. Бұл атау бұрын түр, кескін, пішін дегенді білдіретін, ал қазір орыс тілінен енген «проект» деген сөздің мағынасын толық береді.

Кейінгі кезде белсенді түрде қолданылып жүрген «кеден» сөзі ертеде ұрыс-керіс, қақтығыс мағынасында қолданылған. Кеден кеден болды, кедергі неден болды (Мақал). Ал бүгінде «кеден» сөзінің мағынасы кеңейе келе арнаулы термин ретінде қолданысқа еніп кетті. *Кеден* сөзінің тіркесімділік қабілеті де арта түсті және оны мына мысалдардан байқаймыз: *аралық кеден, арналым кедені, әуежайлардағы кеден, жөнелтім кедені* т.б.

«Қор» сөзінің мол болып жиналған қазына, дәулет деген негізгі мағынасы да кеңейе келе қазіргі кезде осыған жақын мәндес және бір нәрсенің жинақталған мөлшері, сомасы деген мағынада қоғамдық саяси өзгерістерге байланысты қалыптасып жатқан әр түрлі ұйымдарға қаржы-басқару институттарына және т.б. қатысты қолданысқа түсті. Мәселен, әлдебір кіші кәсіпорынның немесе



серіктестіктің жарғылық қоры оған ақшалай, заттай немесе басқалай есеп айырысу түрінде енгізілетін салымдарды білдіреді.

Осы «қор» сөзінің терминденуі арқылы *ашық қор, ақшалай қор, қаражат қоры, жабық қор, жарғылық қор, мекеме қоры, қор нарығы, қор мәмілесі, қор жасаушы, қорғаныс қоры, кепілдікті қор, экономикалық қор, ынталандыру қоры* т.б. сияқты терминдік тіркес қатары пайда болғанын байқаймыз.

«Құн» сөзі қазақ тілінің сөздік қорында өте ерте кезден бері қолданылатыны мәлім. Осы сөз бұрын адамның төлеуіне берілетін мал-мүлік дегенді білдіретін атау ретінде қолданылса, қазір саяси экономикалық терминге айналып отыр.

«Құн» сөзінің негізінде жасалған сөз тіркестері: *атаулы құн, акция құны, ақшалай құн, ағымдағы құн, бағалау құны, биржалық құн, орнын толтыру құны, келтірінді құн, құрылыстық нақты құн, тұрмыс құны, сақтандыру құны* т.б.

Бұдан бөлек *баж, бәсеке, делдал, жал, нарық, несие* т.б. сөздердің де мағынасы кеңейіп, терминдік мәнге ие болғанын айта аламыз.

Ұлт тілінде термин жасау ісі ерекше қарқынмен дамып келе жатқанын ескерер болсақ басқа да тәсілдер сияқты қосымшалар арқылы терминжасау тәсілінің де өзіндік алар орны айрықша. Тілімізге қосымшалар арқылы көптеген терминдердің (*айырым, апталық, белсенділік, есімнама, дыбысхана, дәрісхана, демеуші, жарнама, тарихнама* т.б.) қалыптасып, қолданысқа енуі осының айғағы.

Дегенмен қосымшалардың ұлт тілінде терминжасаудағы белсенділік деңгейі бірдей дәрежеде емес. Себебі қоғам дамуы, қоғамдағы болып жатқан түбегейлі өзгерістер, жаңалықтар қосымшалардың да атқаратын қызметіне өз әсерін тигізбей қоймайтыны даусыз. Мәселен, ұлт тілінде термин жасауда кезінде белсенділігі төмен делініп келген біршама жұрнақтардың бүгінгі күні белсенділігі артып отырғандығы көрінсе, бұрын белсенділік танытып келген екінші бір қосымшалар жаңа сөз жасауда өнімсіздік танытып отыр, ал кейбір қосымшалардың термин жасаудағы белсенділігі барлық уақытта бір деңгейде.

Терминдердің қосымша жалғану арқылы жасалуын сөз еткенде, оларды терминжасам деңгейіне қарай өнімді, өнімсіз түрлері деп бөліп қарастырамыз.

Соңғы онжылдықта жасалып, қолданысқа ене бастаған жаңа терминдер мен сөздерді тудыруда белсенділік танытып жүрген жұрнақтар:

- *шы; -ші; хатшы, демеуші, төреші, қолдаушы* т.б.

- *лік; -лық; -дық; -дік; -тық; -тік; жарлық, куәлік, мердігерлік* т.б.

- *у; бақылау, нұсқау, тәркілеу, тіркеу, жекешелендіру* т.б.

- *ым; -ім; -м; басылым, келісім, сұраным, түсім, тіркелім* т.б.

- *нама; есімнама, жарлық, тұғырнама, тарихнама* т.б.

- *ғыш; -гіш; -қыш; -кіш; анықтағыш, ажыратқыш, көрсеткіш, қосқыш, реттегіш* т.б.

- *ма; -ме; -ба; -бе; -па; -пе; ендікпе, демікпе, нұсқама, тізбе* т.б.

Біз қарастырып отырған уақыт аралығы үшін жаңа сөз жасауда белсенділік танытатын жұрнақтардың дені осындай болып келеді.

Тілімізде бұрыннан қолданылып келе жатқан тәсілдердің енді бірі – бір сөзбен екінші сөзді біріктіру арқылы термин жасау.

Зерттеу барысында бұрынғы біріккен сөз қалпындағы атаулардан соңғы кездері жасалып, қолданысқа түскен біріккен терминдер арасында айтарлықтай өзгерістер бар екені байқалады. Мәселен, тілімізде бұрыннан қолданылып келген «асқазан» біріккен сөзінің мағынасы «ас» немесе «қазан» емес, осы екі сөздің бірігуінен басқа бір заттық ұғымды білдіріп тұрған жаңа мағына дене мүшесі пайда болған болса, ал соңғы кездері қолданылып жүрген пікірсайыс, пікірталас сияқты терминдерден үшінші бір мағыналы сөз жасалынбаған және олардың екі сыңарларының да бастапқы мағыналары сол күйінде сақталған.

Сөздердің бірігуі арқылы соңғы жылдары жасалған терминдердің мағынасының ауытқымайтын себебі аударылып жатқан терминдердің абстрактылық сипатына байланыстылығында дейміз. Бұл жағдайда аударылатын терминге қазақша балама беруде негіз етіп жеке сөздер емес, жеке сөз тіркестері алынатындығында. Бірақ сөз тіркестерін сол күйінде ала бермейміз, оларды терминге қойылатын қағидаттарға сәйкестендіру жүргізіледі. Яғни сөз тіркестерінен термин қалыптастыруда олардың мағыналық жағынан тыс формалық жағына да назар аударамыз. Терминдік талапқа қойылатын талаптардың бірі ықшамдық болғандықтан қолданыстағы сөз тіркестерінің біз орын тәртібін сақтай отырып түбір тұлғасын ғана аламыз.

Газет беттерінде қолданысқа түскен біріккен терминдердің құрамын сөз таптары жағынан жіктей келгенде олардың көрінісі төмендегідей болып келеді:

– зат есім мен зат есімнің бірігуі арқылы жасалған терминдер: *атамекен, әнұран, пікірсайыс, пікірталас, іссапар* т.б.

– сын есім мен зат есімнің бірігуі арқылы жасалған терминдер: *тікұшақ, шағынаудан, жеделхат* т.б.

– сан есім мен басқа сөз таптарының бірігуі арқылы жасалған терминдер: *біртұтас, бірауыздан* т.б.

– зат есім мен қимыл атауының бірігуінен жасалған терминдер: *құқықтану, деректану, құқықтану* т.б.

Қысқарған сөздер арқылы термин жасау әдісі де баспасөз беттерінде кеңінен қолданылған.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуына, қазақ терминологиясының жаңа бағытта қалыптасуына байланысты тіліміздегі қысқарған сөздер бүгінде «қазақы» түрде жасала бастады және олардың саны мейлінше өсті.

Қысқарған сөздерді қолдану тәсілі орын үнемдеу және көптеген ақпараттар қамту үшін өте қолайлы.

Кейінгі жылдары буындық қысқартудың жаңа үлгілері жасалып, қалыптаса бастағаны және ондай терминдердің қазақша баламаларын қалыптастыруға негіз болған – күнделікті газет-журналдардың тілі екендігі мәлім. Ал мұндай қысқарған сөздердің үлгілерін алғаш қолданған «Егемен Қазақстан» газеті болды. Қазіргі уақытта бұл қысқартулар жалпыхалыққа түсінікті болып, әдеби тілдік нормаға айналып отыр. Мысалы, кеңшар – кеңестік шаруашылық (совхоз); ұжымшар – ұжымдық шаруашылық (колхоз); т.б.

Демек қысқарған сөздердің қолданылу аясын кеңейту және олардың ұлт тілінде жасалуына назар аудару қажеттілігі көзделеді.

Синтаксистік тәсілмен термин жасаудың тағы бір амалы сөздердің тіркесуі арқылы беріледі.

Сөз тіркесі арқылы жасалған терминдер жайлы проф. Т.Сайрамбаевтың «Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен белгілі бір байланыс формасында жұмсалатындығы сияқты терминологиялық сөздер де сөз санына қарай өзара белгілі бір байланысу формасында қалыптасады» [1,83] деген пікірін негізге ала отырып, біз тіркестерден болған терминдерді байланысу ерекшелігіне қарай есімді және етістікті деп, сондай-ақ олардың өзін іштей бірнеше үлгіде талдап көрсетуге болады.

Алдымен есімді сөз тіркестеріне, оның ішінде қабыса байланысқан тіркесті терминдерге тоқталар болсақ, бұл орайда өнімді қолданылатындары – зат есім мен зат есімнің тіркесі. Бұл құрамдағы сөз тіркесі бір-бірімен тіркесе келе, алдыңғысы соңғысының анықтауышы қызметінде жұмсалады және зат есім мен зат есімнің тіркесуі арқылы жасалған терминдер: *аманат ақша, ағын су, дыбыс толқын, ғалым хатшы, қонарылыс толқын, маңдай кедергі* сияқты болып келеді.

Сын есімдер мен зат есімдер қатар тұру арқылы да өзара қабыса байланысқан есімді сөз тіркесі жасалады және мұндай тіркестердің құрамы әр алуан болатындықтан олар анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Мысалы, *шағын кәсіпорын, ортақ валюта т.б.*

Осындай тіркестердің бірі -лы,-лі, -ды,-ді, -ты,-ті жұрнақтары арқылы жасалған сын есімдердің есім сөздермен мағыналық байланысқа түсуі. Мысалы, *құнды қағазына, сулы қабат т.б.*

Сол сияқты -лық,-лік,-дық,-дік,-тық,-тік грамматикалық көрсеткіштері де тіліміздегі сөздердің тіркесу шеңберін арттыруда, яғни сөз тіркесі терминдерін жасауда өнімділік танытуда. Оны мына мысалдардан байқауға болады: *ауырлық күш, бұрыштық жылдамдық, валюталық бағам, валюталық келісім, валюталық қаражат, әкімшілік акт, әкімшілік алымдар, депутаттық кеңес, жалгерлік ақы, жауынгерлік тапсырма, заңнамалық келісімдер, материалдық игілік, механикалық қозғалыс, нарықтық экономика т.б.*

Сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарына -ғы,-гі,-қы,-кі жұрнақтары жалғана отырып басынқы сыңармен қабыса байланысудың негізінде жаңа тіркесті

терминдер қолданысқа түсіп жүр: *Ақырғы жылдамдық, бастапқы баға, бастапқы күй, Жоғарғы кеңес, кәдімгі сәуле, қосалқы мердігер, қорытқы жылдамдық, негізгі бірлік, ішкі үйкеліс* т.б.

Сондай-ақ кейінгі кезде сөз тіркесінің бағынынқы сыңары атау тұлғалы етістік болып келіп, басынқы сыңары тәуелдік жалғауында тұрып қабыса байланысқан тіркесті терминдердің қолданысқа түсіп жүргендігін айта кеткен жөн. Мұндай тіркесті терминдерге *көтерілу уақыты, кіру қарашығы, қабылдау бөлмесі, тексеру актісі, тапсыру-қабылдау актісі* т.б. жатқызуға болады.

Кейінгі жылдары *ақша қаражатының кепілі (залог денежных средств), есептің тәртібі (порядок отчета), заңның ұлықтылығы( верховенство закона), тамшының жайылуы (растекание капли), сақтанушының кінәсі (вина страхователя)* және т.б. матаса байланысқан жаңа терминдердің жасалып, қалыптаса бастағаныны осы арада айту орынды.

Ал енді етістікті сөз тіркесіне тоқталар болсақ, алдымен қабыса байланысқан тіркесті терминдерге назар аударамыз.

Есім сөздер етістіктермен тіркесе келе қабыса байланысады. Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің үлкен бір тобы зат есімді тіркес. зат есім мен етістікті сөз тіркесі терминдері: *ерік білдіру, есеп айырысу, қаржы бөлу, сенім білдіру, сенімсіздік білдіру, су тұтыну, іс жүргізу* т.б.

Сол сияқты сын есімдердің етістіктермен тіркесіп қабыса байланысқан сөз тіркесін құрауы да ұшырасып отырады. Сын есімдер етістіктермен тіркескенде тек бағынынқылы қызметте ғана жұмсалады. Мысалы, *ішкі шағылысу, ортақ қаржыландыру* т.б.

Меңгеріле байланысқан тіркесті терминдер: бағаны ырықтандыру, қалпына келтіру түрінде болып келеді.

Жалпы айтқанда кейінгі кездері жасалып, қолданысқа түсіп жүрген терминдерге шолу терминдердің жасалу тәсілдерінің ішінде семантикалық тәсілдің де, синтетикалық, аналитикалық тәсілдердің де өзіндік орны бар екендігін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. –Алматы: Мектеп, 1981. -200 б.

## SYMBOL AS A MULTI-NOTIONAL CONVENTIONAL SIGN

*Anessova Umit*

*PhD*

*Al-Farabi Kazakh National University*

We know that there are many ways in which the phenomena of language and culture are closely related. Nowadays phenomena of language and culture is considered as the subject of anthropological, sociological, and semiotics study. Language is determined by culture and in some cases vice versa. Steven Pinker gives the examples of it: “Of course, there are ways in which culture really does determine language, or at least certain facets thereof. Obviously, the ancient Romans did not have words for radios, televisions, or computers because these items were simply not part of their cultural context. In the same vein, uncivilized tribes living in Europe in the time of the Romans did not have words for tribunes, praetors, or any other trapping of Roman government because Roman law was not part of their culture. Our culture does, sometimes, restrict what we can think about efficiently in our own language. For example, some languages have only three color terms equivalent to black, white, and red; a native speaker of this language would have a difficult time expressing the concept of "purple" efficiently. Some languages are also more expressive about certain topics. For example, it is commonly acknowledged that Yiddish is a linguistic champion, with an amazing number of words referring to the simpleminded”.(1)

One of the phenomena of interaction of language and culture is the symbol. If we consider symbol from the linguistic point of view, we can find out different perception of it among scientists.

Averintsev S. S. defines a symbol through concept of an image: "Any symbol is an image (and any image is, at least to a certain extent, a symbol); but if the category of an image assumes subject identity to itself, the category of a symbol places emphasis on other part of the same essence – on going of an image out of own limits, on presence of the certain sense which has been intimately merged with an image, but not identical to it . The subject image and deep sense act in symbol structure as two poles, inconceivable one without another (because meaning loses own appearance out of an image, and the image out of sense is scattered on the components), but also divorced and generating tension among themselves in which the essence of a symbol consists. Passing to a symbol, the image becomes "transparent"; the sense "appears" through it, being given as the semantic depth, the semantic prospect demanding hard "occurrence" into it. "(2)

According to Shelestyuk symbol is a multi-notion conventional sign which represents, apart from its inherent and immediate designatum, an essentially different, usually more abstract designatum, connected with the former by a logical link.

(Shelestiuk 1997: 125)<sup>i</sup> In semantic terms, in symbols we deal with a hierarchy of meanings, where the direct meaning constitutes the first layer of sense and serves as a basis for the indirect (secondary) meaning - the second layer of sense, both of them united under the same designator (a name, a visual image, a significant object or person, etc.). (3)

There is term presented by Philip Wheelwright “immanent polysemy of a symbol” which means its innumerable implications: a cluster of conceptually disparate meanings related to a symbol. (for example, fire – hearth and home; masculine principle; passion; the sun; purification)... (6).

Sheykin gives the following definition of a symbol from a position of sociocultural sciences: “The material or ideatsionny cultural object, vystuayushchy in communicative or transmitting process as a sign, which meaning is considered as conventional analog of value of other object” (3).

E.F.Gubsky, G. V. Korablev, V.A.Lutchenko mark out one more important quality of a symbol: "The sense of a symbol, can't and shouldn't be clear for the people who aren't belonging to this group, i.e. for those who isn't devoted in meaning of a symbol (each symbol in its character is seen as a secret or at least a conventional sign), it is as a rule, a hint that is over or behind sensually perceived appearance of education (for example, a cross – a symbol of Christian belief)" (4).

According to Karasik V.I. “The symbol is opposed to allegory – to an allegory, to an image with a clear readable unambiguous rational formula of decoding of this image (for example, a skull and bones – death). The symbol is essentially multiple-valued, this polysemy represents not only possibility of multiple interpretation of a symbol, but also consecutive plurality of interpretation” (5).

Among symbols Shelestyuk specifies language and speech symbols. “Language symbols are fixed in people’s mind as stable associative complexes, existing in the lexical meaning of a word as ‘a symbolic aura’, i. e. a number of semes of cultural-stereotype and archetypal or mythological character. Cultural-stereotype symbols are contemporary and comprehensible for all the representatives of a culture, with a transparent logical connection between a direct and a secondary meaning, the latter being easily deducible. Archetypal symbols, consistent with K. G. Jung’s archetypes, are symbols based on the most ancient or primary ideas of the ambient world. In archetypes the connection between the direct and secondary meaning is often darkened” (2).

As a result of the analysis above-stated theories we can consider a symbol according to several signs.

First, it is that value which lies in a symbol. Each symbol and images which evolved from this symbol are very valuable to the person as they have stereotypical, mythological characters.

Secondly, its orientation on super sensual experience. Symbols show in us various emotions. Some symbols are universal, and some unique. The perception of the second usually depends both on life experience, and on education and nurseries experience. Here we can give an example from the novel of any author and show a language picture of the world of the personality through symbols.

Third, its interpretive depth and multidimensionality. Symbols are interpreted quite deep and as we spoke above have historical roots and are connected with mythology. Sometimes it is heavy to us to explain the reason of interpretation as here we assign the advanced role to subconscious processes.

Fourth, symbols happen multiple-valued. We can connect this sign with the following as there is a lot of cultures and all of them different, however even in one culture and native speaker language we can distinguish different meanings of any symbol.

Fifth, it's attractive for carriers of culture. In our opinion the attractiveness of a symbol is that people's emotions and thoughts can be expressed through it easier and those feelings which person has in symbolical images reach as signals of a speech and the sender, in the consciousness, in the same way or at least reproduces a similar picture and feels the same emotions as a speaker.

#### **List of used literature:**

1. The Language Instinct by Steven Pinker, 2007.
2. Averintsev S. S. Sofiya-Logos. Dictionary. the 2nd, испр. prod. - То. : Spirit of Literature, 2001.
3. Shelestiuk, Helen V. Semantics of Symbol // Semiotica. Journal of the International Association for Semiotic Studies. Vol. 144-1/4, 2003.
4. Philosophical encyclopedic dictionary, 1998.
5. V.I. Karasik, Linguistic crystallization of a meaning, Volgograd: Paradigm, 2010.
6. Wheelwright, Philip (1968). The archetypal symbol. In Perspectives in Literary Symbolism. University Park; London: The Pennsylvania State University Press. V.I.

## ӘЛІПБИІМІЗДІҢ ДЫБЫСТЫҚ ҚҰРАМЫ МЕН ЕМЛЕ ЕҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕ

**Исхан Б.Ж.**

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар  
және әлем тілдері университеті*

**Шыныбекова А.К.**

*филология ғылымдарының кандидаты  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Жер беті аймақтарының бір бөлігін ұзақ жылдар бойы мекен еткен адамдардың тұрмыс-тіршілігінің, кәсібінің, өмір сүру салтының ортақтығына, ортақ мақсат-мүдделеріне байланысты және сан алуан тарихи жағдайларға орай, өзіндік тілі мен ділі, мінез-құлқы деген сияқты т.б. өзгешеліктері айқындалып, белгілі бір ұлттың қалыптасатыны белгілі. Осы қағидаға сүйенсек, қазақ ұлтын басқалардан өзгешелендіріп тұратын өзіндік этностық белгілері, яғни ұлттық тілі мен ділі, таным-түсінігі, ұлттық ой-санасы мен салт-дәстүрі, ұлттық әдет-ғұрпы мен тұрмыс-тіршілігі сияқты т.б. белгілері мыңдаған жылдар бойы қалыптасқаны даусыз.

Ал этностық белгілердің ішінен кез келген ұлтты басқалардан ерекшелейтін басты белгі ұлттық тіл болып саналады. Алайда қалыптасу бастауын сонау түркілік дәуірден, тіпті одан да арғы замандардан алуы ықтимал қазақ әдеби тілі өзінің табиғи бітім-болмысын мыңдаған жылдар бойы жоғалтпай келсе де, патшалық Ресейдің, содан соң Кеңес өкіметінің орыстандыру саясатына душар болып, қиын жағдайда қалғаны мәлім. Осы тұста ұлттымыздың басына төніп келе жатқан зор нәубеттің ұлттық тілді құрыту арқылы болатынын түсінген Алаш азаматтары ерен еңбек еткен болатын. Оның басы-қасында Алаш ардагері Ахмет Байтұрсынұлы жүрді. Ол: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» [1],– деп тілімізді табиғи таза қалпында сақтап қалуға аса мән берді. Өзінің қазақ тіл біліміне арналған еңбектерін, соның ішінде қазақ әліпбиіне қатысты еңбектерін осы мақсат-мүддеге орай жазған еді. «Менің әліпбиім қазақ қалай айтса, соған негізделіп жасалған» дегені соның нақты дәлелі.

Ахаңның түгендеп, түзіп беріп кеткен қазақтың 28 төл дыбысын таңбалайтын араб әріптеріне негізделген әліпбиі кезінде кең қолданыста болды. Сол әліпбидегі дыбыстардың саны мен сапасы қазақ қоғамы тарапынан ешқандай дау тудырмаған болатын. Тіпті 1926-1927 жылдардағы қазақ жазуын латын әріптеріне көшіруге байланысты туындаған дау-дамай кезінде де қазақ тілі



дыбыстарының сапасы мен саны туралы үлкен әңгіме бола қойған жоқ. Тек оны сол арабша қалпында қалдыру керек пе, әлде латынға көшірген тиімді ме деген мәселе ғана көтерілген еді. Мәселен, 1926 жылы А.Байтұрсынұлының бүкілодақтық түркітанушылардың I құрылтайда араб әліпбиін жақтап жасаған баяндамасы мен сол құрылтайдың жұмысы туралы мақаласын зейін қойып оқысақ, қазақ тілі дыбыстарының саны туралы ешқандай сөз болмаған, тек оны латыншаға ауыстыру мәселесі еш қажеттіліктен туындап отырмағаны айтылған [1,399-425]. Демек, А.Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыстық жүйесін әбден зерттеп-зерделеп барып құрастырған әліпбиі сол кезде толық мойындалған.

Кеңес Одағы құрамындағы түркі тілдес халықтардың латынша жазуға көшкені дұрыс деп саналып, үстем ұстанымға айналған соң, 1928 жылы Бакуде өткен құрылтайда олардың әліпби жобалары сарапталып, әр елдің латын графикасына негізделген әліпби жобалары таныстырады. Біздің ел тарапынан 28 әріптен тұратын жобаны О.Жандосов, Ә.Байділдаұлы, Т.Шонанұлы, І.Қабылұлы, І.Жансүгірұлы, Ш.Тоқжігіттер бірлесіп дайындап ұсынды. Бұл жоба А.Байтұрсынұлының әліпбиіне негізделген болатын. Оның дыбыстық құрамын қазақ тілі дыбыстық жүйесінің қазіргі белді мамандары да мойындайды.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2013 жылғы Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз» [2],– деген сөзінен кейін елімізде жазуымызды латыншаға көшіру мәселесі қызу талқыланып жатыр. Латыншаға көшуді біреулер дұрыс десе, енді біреулер оған қарсы. Дегенмен латыншаға көшуді жақтаушылардың басымдық танытуы – болашақта жазуымыз латынша болатын айқындады. Сол себептен, біздің ойымызша, қазіргі таңда «латыншаға неліктен көшеміз, оның қандай артықшылықтары бар?» деген мәселеден гөрі «әліпбиімізді латыншаға көшірген жағдайда оның дыбыстық құрамы (саны мен сапасы) қандай болады, өзге тілдік дыбыстарға одан орын беріле ме?» деген мәселе маңызды.

Қазіргі кезде латыншаға негізделген небір әліпби нұсқасы жасалып, қоғам талқылауына ұсынылып жатыр. Солардың ішіндегі тіліміздің табиғи дыбыстық жүйесіне сәйкес келетіндері де, мүлдем лағып кеткендері де баршылық. Өз басым солардың дұрыстауы – ф.ғ.д. Әлімхан Жүнісбектікі деп есептеймін. Ә.Жүнісбек қазақ тілі дыбыстық жүйесінің білгір маманы болған соң А.Байтұрсынұлы негізін қалаған қағиданы ұстанып, өз нұсқасын дайындаған. Төл дыбыстарымызды ғана қамтитын бұл әліпбидің егер бір кемшілігі бар болса, ол – ағылшын әріптеріне негізделген қазіргі пернетақтадағы (клавиатура) 26 әріптен тыс бір-екі дыбыстың өзгеше таңбалануы ғана деп санаймыз. Ал басқадай жобалардың көпшілігі – тіліміздің дыбыстық жүйесінде жоқ

дыбыстарға да латынша таңба береміз деп шатасып, өте қатерлі жолға түсіп кеткен. Бұл орайда Ә Жүнісбектің: «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» орыс тілінен, орыс тілі арқылы енген сөздерге қосымша былай қосылады деген нұсқаулар болғанымен, оның бәрі көп жағдайда ыңғайға келе бермейді. Мұның өзі мыңдаған жылдар бойы тілдің дамуы барысында қалыптасып қалған заңдылықты бірнеше ереже шығару арқылы өзгерте саламыз деу мүмкін емес екенін көрсетіп тұр. Бұл қиындықтан шығудың бірден-бір жолы – әліпби ауыстыру. Әліпби ауыстырғанда тіліміздің табиғатына сай келмейтін *в, ф, ц, ч, ь, ъ, һ, х, и, у, э* сияқты дыбыс-әріптерді алып баратын болсақ, онда әліпби ауыстырудың түкке де қажеті жоқ» [3, 12],– деген сөзі көп нәрсені аңғартады.

Тіліміздің емле тарихына назар аударсақ, оның табиғи қалпын бұзу – латынша жазуға көшіп, өзге тілдік сөздерді қазақша жазуды енді-енді дәстүрге айналдыра бастағанымызда орыс сөздерін немесе орысшаланып енген шетел сөздерін жазуда бірізділік жоқ дегенді желеу етіп, 1929 жылы емле ережелерін өзгертуден басталған екен. Сол жылдары шетел сөздерін дұрыс жазу үшін делініп «*в, ф, х*» дыбыстары әліпбиімізге зорлықпен енгізіліп, соған сәйкес емле ережелері қабылданыпты. Бұл ережелер 1940 жылы кирилге көшу кезінде тілімізде жоқ, бірақ орыс тіліне тән барлық дыбыс-әріптердің енгізілуіне байланысты толықтырылды. 1957 жылы қайтадан өңделіп қабылданды. 1978 жылы толықтырылып, түзетіліп тағы да қолданысқа енді.

1987 жылыдың 6 наурызында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Кеңесі республикада қазақ тілі мен орыс тілін оқып-үйретуді жақсарту туралы қаулылар қабылдады [4,3]. Сәйкесінше 1983 жылы 25 тамызда Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп бекітілді [4,7]. Осы нұсқа негізге алынып, аздаған өзгешелікпен 2006 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік комиссиясы бекіуімен «Орфографиялық сөздік» жаңартылып жарық көрді.

Қарап отырсақ, аталған емле ережелері мен соған сәйкес құрастырылған сөздіктердің негізгі қағидалары өзге тілдік сөздерді орысша қалай жазылса, қазақша да солай жазуға мәжбүрлеп келген. Оған себеп – орыс тіліндегі барлық дыбыс-әріптердің қазақ әліпбиіне біртіндеп ендірілуі екені кімге де болсын түсінікті.

Қазіргі әліпбиіміз бен емле ережелерін басшылыққа алып, тәрбиеленіп өскен ұрпақтың санасынан өзге тілдік дыбыстарды өшіру қиын болып кетті. Нағыз қазақ түгілі, қазақ тілінің маманы дейтіндердің өзі соларға бауыр басып кеткені соншалық – тіліміздің латыншаға негізделетін болашақ жаңа әліпбиінің құрамында өзге тілдік дыбыс-әріптер болмауы керек десеңіз үлкен қарсылыққа тап боламыз. Әіресе «*в*», «*ф*», «*х*» дыбыстары тілімізге орныққан, оларды айтуға тіліміз келеді, сондықтан жаңа әліпбидің құрамында болу керек деушілер тым көп-ақ! Мәселен, Abai.kz сайтында Кәкімбек Аюбай: «Қазақ әліпбиінің негізін

28 төл дыбысы құрайтыны даусыз. Жаңа әліпбиге «ф», «х», «в» дыбыстары қосыла ма, жоқ па? Пікірлер әралуан. Мәселені анықтау үшін бұлардың тілімізге ену сипатын пайымдайық», – дей келе, – «арабтар Дешті Қыпшақ даласын жаулап алғаннан бастап (қашан жаулап алып еді? Автор) ислам діні мен араб жазуының үстемдігі орнайды. Нәтижесінде көне түркі жазуы қолданыстан шығарылады. Араб жазуының ықпалымен жергілікті халықтар тіліне «ф», «х», «h», «ў» дыбыстары ене бастайды. Бұлар ертедегі түркі ғұламаларының еңбектерінде және кісі есімдерінде жиі кездеседі (Фараби, Хорезми, Қожа Ахмед, т.б.). Бұл дыбыстардың тарихы түркі тілдерінде мың жылдан асады екен» [5], – деп қорытынды жасай келе, өз тұжырымын әлеуметтік, лингвистикалық тұрығыдан негіздеуге тырысып бағады.

Біздің ойымызша, бұл мүлдем қате түсінік. Тағы да өзге тілдік сөздерді өзіміздікі деп малданғандай, сол сөздердің құрамындағы жат дыбыстарды да өзіміздікі деп иемдену немесе өзіміздің төл дыбыстарымызға айналған деген құр әншейін адасу. Фараби, Хорезми, Ахмед т.б. араб-парсы тілдерінен келген есімдер мен басқадай сөздерді атам қазақ еш уақытта солар құсап айтпаған. Егер біз Аюбай Кәкімбек Қалиұлының «қазақ ол дыбыстарды (х, ф, в) айта алады немесе шетелдік сөздерді жазу үшін керек» дегенін желеу етіп, тіліміздің латыншаға негізделетін болашақ жаңа әліпбиіне енгізер болсақ, онда «ч, ц, я, ю, е, э, щ» әріптерін де енгізуге мәжбүр боламыз.

Мәселен, қазақ сөзінің құрамында айтылып-жазылатын «я» мен «ю-ды» (аян, ояу, баяу, бояу т.б., аю, жою, қою, ою т.б.) айтпағанда «ц» (т+с), «ч» (т+ш) дыбыс тіркесімдері де түбір сөздердің басы мен соңында айтылмағанмен, «айт+са», «жат+сын», «кет+ші» «серт+шіл» деген сияқты т.б. сөз бен қосымша аралығында «ц», «ч» дыбыс тіркесіміне жуық түрде айтылады емес пе, тіліміздің артикуляция заңына сәйкес айтылатын, құлаққа нақты естілетін осындай дыбыс тіркесімдері бар екен деп оларды да қабылдау қажет пе? Алайда олар қазақ тілінде түбір сөздің құрамында айтылмайды. Сол себептен болар, кезінде қазақ тіл білімінің білгірі А. Байтұрсынұлы олардың қазақ сөзі құрамындағы орны (басында, ортасында, аяғында) мен қолданылу жиілігінің аса белсенді еместігін ескере отырып, өзі құрастырған әліпбиінде оларға арнап арнайы әріп белгілеуді қажет етпеген.

Халел Досмұхамедұлы: «Тілді бүлдіретіндер – оқығандар» деп айтқандай, Кәкімбек Қалиұлына «оқу өтіп» кетсе керек! Осындай оқымыстылар өздері ғана адасып қоймай, өзгелерді де шатастырады. Мысалы, оның аталған мақаласына пікір білдірген Серікжан деген біреу: «Х» дыбысын сақтап қалу туралы пікіріңізді қолдаймын. Ол – парсы тілінен енген дыбыс. Қалай болғанда да, «халық» – «қалық» (озық, қалық), «хор қызы» – «қор қызы» (қор болу, қорлану), «хикая – қыйқайа» (қыйқай, қыйқаңдау), хат – қат (тапшы, зәру, дефицит) «хан – қан» («хан» (Абылай хан) дегеннің «қан» (аққан қан) болып кетуі тым ерсі),

Яғни, «X x» дыбысын шет тілден енген деп алып тастасақ, қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің мәні өзгеріп кетеді. Оған қоса, x дыбысы батыстан енген сөздерде кездеседі, Конгресс-холл, холестерин, хор-капелла т.б. Сондықтан X дыбысын сақтап, жоғарыдағы қазақ тілі үшін «бар дыбыс/жоқ дыбыс» санатында жүрген «h h» (қаһар - қахар, шаһар - шахар, Гауһар - Гаухар) дыбысын қазақ тілінен шығарып тастауыңызды қолдаймын» [5],– деп жазады.

Міне, қызық! Егер біз «хат, хабар, хан, хор, халық» деген сияқты бар-жоғы 10-15 сөздің басында жазылып, соның әсерінен сөйлеу (тірі!) тілімізге де көшкен «x» дыбысын өз тіліміздің ықылым заманнан бері қалыптасқан бітім-болмысына сәйкес «к» дыбысымен айтатын болсақ, «қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің мәні өзгеріп кетеді» екен. Мөлшері, Серікжан кез келген тілдің, әсіресе қазақ тілі сөздік қорындағы бір буынды сөздердің (ақ, ат, ас, аш, әр, ер, бас, қас т.б.) көпшілігінің, сондай-ақ бірсыпыра көп буынды сөздердің (мақта, қорғасын т.б.) омонимдік мағынасы болатынын және ондай сөздердің жеке тұрғандағы нақты лексикалық мағынасы мынау деп дәл айтып, анықтап көрсетуге болмайтынын білмейтін болса керек. Мен егер: «Кеше досымнан қат алдым» деп айтып-жазсам, ол осы сөйлемдегі «қат» деген зат есімді «зәру» деген сөзбен шатастырса, ал «Қазақтар өз қандарын сайлады» десем, басқаша түсініп қалуы мүмкін екен! Осы ретте қазақ тілі бойынша бір ғылым докторы қазақ радиосынан сөйлеп, «Осы біз – қазақтар «мақта» (хлопок) деп дұрыс айтпай жүрміз, өзбектер секілді «пахта» десек, «мақта» деген етістіктен өзгеше болар еді-ау!» деп соққаны еске түсті.

Серікжан сияқтыларға айтарымыз – әр сөздің лексикалық нақты немесе ауыспалы, келтірінді, синтаксистік шарты, фразеологиялық байлаулы мағынасы еркін сөз тіркесінде, сөйлем құрамында (қор болды//қор қызы//қор-капелла) ғана нақтыланады. Өз тіліміздің төл дыбыстық жүйесіне сәйкес қат-қабар, қан (түркілік көне тұлғасы – қаған), қалық т.б. деп айтып, «x» дыбысынан құтылғанымыздан ештеңеміз кетпейді. Керісінше, қазақтың қазақтығын айқындайтын, ұлттық нышанымыз секілді «к» дыбысының қолданылу аясын кеңейте түсеміз.

Осы орайда тілші-лингвист ғалым болмаса да, «к» дыбысының өзіндік мән-мағынасын терең зерделей білген атақты сазгеріміз Шәмші Қалдаяқавтың: «... Қазақ деген қасиетті халық қой. Соған орай, қасиетті сөздердің бәрі де «к» әрпінен басталады деп білемін. Мәселен: қазы, қарта, қымыз, қымыран, құймақ, құрт, қатық, қуырдақ, құтты қонақ, қазақ, Құдай қосқан құда, құдай, Құран, құлшылық, құрмет, қыран, қырғи, қаршыға, құлын, Құралай, Құртқа, Қобыланды, қаһарман, Қонаев, тіпті менің әкемнің аты – Қалдаяқ та «Қ» әрпінен басталады» [6],– дегені талайларға ой салары анық.

Шынында да «к» дыбысының тілімізден алар орны ерекше. Сол себептен болар, кеңестік саясаткерлер ұлттық тіліміздің орыс тіліне мүлдем ұқсамайтын

өзіндік қадыр-қасиетін аңғартатын, төл сөздеріміздің 30 %-ның басында және өте көп сөздің құрамында кездесетін, аса белсенді қолданыстағы «қ» дыбысының ықпалын әлсірету үшін, тіліміздегі сөз мағынасын өзгертуге еш әсері жоқ «һ» дыбыс-әрпі мен қазақ сөздерінің «ах», «ух» деген секілді бірен-саран одағайларында ғана айтылатын «х» дыбыс-әрпін «қ»-ға қосамжарлап әліпбиімізге әдейі енгізген болатын. Бұл болса, ұлттық тілімізді түбірімен өзгертуге бағытталған жымысқы саясаттың қазақтарды орыстандыру үшін жасаған бір әрекеті еді.

Сондықтан ең әуелі ұлттық-лингвистикалық мәселелерді реттеуге аса мән бере отырып, осы бағытта мандытып жұмыс істеуіміз қажет сияқты. Ал латынша жазуға көшсек, компьютерде жұмыс істеу оңай болады, ғаламторды жетік игереміз, ағылшын тілін тез үйренеміз, шетелдердегі қандастарымызбен және түркітілдес бауырларымызбен тығыз байланыс орнатамыз деп желігіп-желпінудің түкке де қажеті жоқ. Мәселен, қазақ тілі әліпбиін өзгерту, осы, кімге керек? Шетелдегі, оның өзінде Еуропадағы ағылшын, француз, неміс, түрік болып кеткен аздаған қазақтар үшін бе, әлде қазақстандық қазақтілді қазақтар үшін бе? Ғаламторда қазақша жұмыс істеу қазаққа ма, әлде басқаға да керек пе? Ғаламтордың қазақша сайтына кімдер кіреді? Ондағы қандай да болсын бір қаріппен (араб, латын, кирилл, руна т.б.) қазақша жазылған ақпарат кімдерді қызықтырады? Оның қандай таңбада (әріпте) болғандығы кімге қажет? Айналып келгенде, қазақ пен қазақ қана, оның өзінде қазақтілді қазақтар ғана бір-бірімен «қат-қабарды» қазақша алысады емес пе? Біздің ойымызша, бұның жалғыз жауабы – қазақ тілі қазақша сөйлеп-жаза алатындарға ғана керек. Сондықтан алдағы уақытта біз бір шешімге келіп, латыншаға көшетіндей болып жатсақ, өзіміз әбден жетісіп-жетіліп кеткендей болып, бүкіл түркі халықтарына ортақ әліпби жасаймыз деп бостан-босқа лағымай, тіліміздің төл дыбыстық жүйесінің ұлттық табиғи бітім-болмысын қатаң елеп-ескереуіміз қажет. Әйтпесе, ісіміздің бәрі бекер!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: «Ана тілі», 1992 жыл.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан. <http://www.akorda.kz>
3. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. –Алматы: Арыс, 2009 ж.
4. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы: «Қазақстан», 1988 жыл.
5. Аюбай К. Оңтайлы әліпби: 26+1. Abai.kz
6. Әбдірахман Асылбек. Соңғы сапар немесе Шәмшінің Таластағы күндері. «Жас Қазақ» газеті, №8 (424) 1 наурыз 2013 жыл.

## ТЕРМИНЖАСАМ ЖӘНЕ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ ЖӨНІНДЕ

*Шыныбекова А.К.*

*филология ғылымдарының кандидаты*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Латын графикасына көшу мәселесінің тікелей талаптарының бірі – терминдерді бірізділендіру болып табылады. Жүйелі жазуы, тілі бар мемлекеттің ғылыми тілінің негізі болып табылатын терминдердің алуан түрлі қорының әртүрлі атаумен жарыса қолданылуы бұл мәселенің күрделі екенін көрсетеді.

Латын жазбасына көшіру кезеңінің басы-қасында тілші ғалымдармен қатар әлеуметтанушылар, психологтар, социолінгвистер көптеп жүруі тиіс, оларды бұл іске терминтанушы ғалымдармен қатар тарту керек. Терминдердің қалыптасуында ала-құлалық болуы сияқты латын жазбасында да әп дегенде келіспеушіліктер туындауы әбден мүмкін, ол дыбыстарды таңбалау кезінде кеткен бірізділікке түспеуден шығады. Латын әліпбиіне көшу барысында халықаралық тәжірибеге, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркия елдеріндегі болған жайттарға мән беруіміз керек. Заман ағымы өз арнасында болып жатқан өзгерістерсіз дами алмайтыны сияқты латын жазбасына көшу кезеңінде көптеген басқа да мәселелер шешуін табуы тиіс. Қазақ әліпбиінің өзгеруімен бірге терминологияның да бірқатар өзекті мәселелері, ұғымдар жүйесінің тілдік прагматикасы да өз шешімін табуы тиіс. Ғылым тілі де, терминдері мен атаулары да халықтық негізде дамиды десек, терминдерді зерттегенде, оның негізгі көзі болып табылатын жалпыхалықтық тілді ешқашан естен шығармауымыз қажет. Оның қыр-сырын біліп, ондағы терминдік ұғымды білдіру мүмкіншілігі бар атауларды ажырата білу керек.

Қазақ лексикасының терминденуі туралы Ш.Құрманбайұлы қазақ тілінің терминологиялық лексикасын құрайтын терминдену тәсілімен жасалған терминдердің елеулі бөлігі – ұлттық әдеби тілінің құрамындағы жалпы қолданыстағы сөздер негізінде жасалған. Жалпы қолданыстағы сөздер терминденудің барлық жолдары арқылы терминдене алады, – дейді [1, 95]. Мәселен, ғылымның және өнеркәсіптің түрлі салаларындағы сияқты қазақ тіліндегі мұнай терминдері де мағыналық табиғаты жағынан: *байырғы сөздер* негізінде жасалған терминдер және *кірме терминдер* болып екіге бөлінеді. Байырғы сөздер негізінде қалыптасқан терминдер өнеркәсіптегі басты-басты ұғымдық категорияларды бейнелейді. Сондай-ақ кірме терминдерсіз бұл саланың сан алуан қызметтері мен әрекеттерін, категорияларын түсіну мүмкін емес. Байырғы сөздер өзінің бастапқы білдіретін лексикалық мағынасынан ажырап, жаңа ұғымды білдіретін сөздерге айналды. Мысалы: *желі – жила, сұйық*

*отын – жидкое топливо, қақпақ – клапан, қашау – долото* сияқты мұнай терминдерінің о бастағы лексикалық мағыналары басқа екендігі белгілі [2, 11].

Мұнай терминдерінің табиғи жолмен жасалған қабатының қатарында өзге ғылымдарға ортақ терминдер де кездеседі. Бұл терминологияда екінші терминдену, (В.Иванов, В.Даниленко), транстерминологизация (А.В. Суперанская, Н.В. Васильева, Н.В.Подольская) деп аталады. Ш.Құрманбайұлы мұндай терминдерге «екінші терминденуден» гөрі «транстерминологизация» терминінің қолданысы дұрыс деп санайды. Себебі, терминнің бір терминологиялық өрістен басқа терминологиялық өріске өту құбылысын «транс» терминдік элементі нақты меңзейді. «Ішкі терминдену кезінде ең алдымен терминделуші ұғым атауы терминологиялық жүйенің өз ішіндегі белгілі бір терминологиялық өрістен алынады» [1, 33], – дей келе, бұл терминдерді «ішкі терминдену» деп атауды ұсынады. Мәселен, *дифференциал*: мұнай термині, математика термині. *Динамика*: мұнай термині, философия термині. *Фаза*: мұнай термині, электротехника термині, философия термині, экономика термині. *Изоляция*: мұнай термині, заң термині, медицина термині.

Қазақ тілі білім беру мен ғылым саласындағы қызметін атқару мүмкіндігіне ие болып, терминдерді ұлт тілінде жасап, қалыптастыруға бет бұрған өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап, аталған терминнің формасы ғана емес мағынасы да өзгеріске ұшырағаны байқалады. Термин шығармашылығының отызыншы жылдардан тоқсаныншы жылдарға дейінгі кезеңінде терминдерімізді орыс терминологиясына қарап қалыптастыру дәстүрі орныққан болса, терминологиядағы біріздендіру жұмыстары да сол бағытта жүргізілді. Тілімізге қабылдаған кірме терминдердің орыс тіліндегі жазылуына нұқсан келтіріп алмау үшін әліпбиімізге өзгертулер мен толықтырулар енгізгеніміз де ешкімге кұпия емес.

Отызыншы жылдарға дейін жасалып, қалыптаса бастаған көптеген терминдер, жаңа қолданыстар отызыншы жылдардың бас кезінен бастап, қолданыстан шеттетіліп, олардың орны орыс тіліндегі нұсқасымен алмастырылды. Мәселен, 1925 жылы Мәскеуде Қошке Кеменгерұлының редакторлығымен басылып шыққан «Қазақша-орысша тілмашта» берілген төмендегідей терминдер мен атауларға мән беріп көрелік: *пленка – үлдірік, экономия – үнем, экономный – үнемшіл, экономность – үнемшілдік, экономист – үнемші, прогресс – үдеу, колонизатор – отаршыл, колонизаторство – отаршылдық, патриот – отаншыл, патриотизм – отаншылдық, федерация – құрама, экспертиза – сарап, эксперт – сарапшы, интеллигент – зиялы, центробежный – делегей, урок, лекция – дәріс, поэма – дастан, творчество – шығарғыштық, антитеза – шендестіру, чиновник – төре, чиновничество – төрешілдік, музыка – әуез өнері, администратор, правитель – әкім, административность, власть – әкімдік, методика – әдістеме* [3, 45].

Осы атаулардың барлығы дерлік қазақ терминологиясы дамуының А. Байтұрсынов кезеңінде баспасөз беттерінде кеңінен қолданылып, сол кезеңде жарық көрген оқулықтар мен оқу құралдарына, сөздіктерге еніп, тілде орныға бастаған болатын. Ұлт тілдерінде терминологияны дамытудың 30-жылдардан бастау алатын келесі кезеңінде бұл терминдердің халықаралық сипатын арттырып, орыс тіліндегі нұсқасын қалдыру қажет деп танылды. Терминдерді біріздендіру жұмысының бағыты да басқа арнаға ойысып, ұлт тілінде жасалған терминдердің арнаулы салалардан орын алу мүмкіндігі барынша шектелді. Нәтижесінде *пленка, колонизатор, патриот, экспертиза, интеллигент, творчество, антитеза, администратор* тәрізді шет тілдерінен қабылданған мыңдаған терминдер мен кірме сөздерге басымдық беріліп, олар тілімізден берік орын тепті. Терминдерді біріздендіру мәселесі терминологияны халықаралықтандыру бағытына сәйкес жүргізілді. Бір ғана ұлт тілінің ауқымында жүргізілетін *тілішілік біріздендіру (внутриязыковая унификация)* жұмысынан гөрі кеңестік тіл саясатының мүддесіне сай келетін *тіларалық біріздендіру (межязыковая унификация)* ісіне мемлекет тарапынан айырықша мән берілді.

Халықаралық біріздендірудің түпкі мақсаты екі немесе одан да көп тілдердің терминологиялық жүйесінің ортақтығы артып, жақындай түсуін көздейді. Сол себепті де кезінде бұл терминді А.В.Крыжановская «*терминологиялық интеграция*» деп атауды ұсынған болатын. Алайда ғалымның бұл ұсынысы жаппай қолдау тауып кете алған жоқ. Ғылыми-техникалық әдебиеттерде бұрынғысынша көбінесе екі тілге қатысты *тіларалық біріздендіруі*, екі немесе бірнеше тілге қатысты әңгіме қозғалғанда *халықаралық біріздендіру* термині қолданып келді [4, 19].

1981 жылы наурыз айында Мәскеуде терминология мәселелеріне арналып өткізілген бүкілодақтық семинарда жасаған бас баяндамасында Г.В. Степанов терминологияны біріздендіру жұмыстарының елеулі қиындықтарға тап болып отыруына республикаларда орыс, латын, грузин, армян графикаларына негізделген төрт түрлі әліпбидің пайдаланылуының себеп болып келе жатқандығын және орфографияның фонетикалық, фонематикалық, морфологиялық, тарихи қағидағарға негізделуі де өзара термин алмасу процесін қиындатып отырғанын айтады. Өз жазуларын сақтап қалған армян, грузин және латын графикасын пайдаланған балтық жағалауы республикалары болмаса, кириллицаға көшіп, 30-жылдары-ақ әліпбиімізді орыс сөздерін бұрмаламай жазу үшін бейімдеп, кеңейтіп, толықтырып алғандықтан, біз академик атап көрсеткендей, терминологияны біріздендіруге де, термин алмасуға да кедергі келтіргендер қатарына жатпаймыз.

Г.В. Степанов осы баяндамасында терминологиялық жұмыстардың ең негізділерінің бірі ретінде біріздендіруге айрықша мән беру қажеттігін айта



келіп, бұл жұмыстың маңызын былайша атап көрсетеді: «В многонациональном государстве важное значение приобретает работа по унификации, смысл которой состоит в достижении соотносимости научных и технических понятий, выражаемых терминами на различных национальных языках» [5, 106].

«Термин *унификация* употребляется в постановлении об унификации терминологии на языках народов СССР» – деп көрсетеді Ю.Д. Дешериев өз мақаласында [6, 3].

М. Әуезовтің де қазақ терминологиясының мәселелерімен тікелей айналысқанын көрсететін бірден бір еңбектер – «Ғылым тілі» (1917) және «Қайсысын қолданамыз?» атты мақалалары. Мұнда М.Әуезов терминологиядағы ішкі терминжасам туралы айта келіп, ғылым тілін қазақша жасау мәселесін көтереді. «Орыс тіліне қазақ сияқты барлық туысқан елдер тілінен көріп жатқан сөздер көп. Сонда джайлау, акын (ақын емес) тәрізді сан сөздер орыс тілінің фонетикалық, грамматикалық жағдайларына бейімделіп алынып отырған жоқ па?», – деп нақты мысалдар келтіре отырып, тіл заңдылығына сәйкес қабылдауды атап өтеді [7, 264].

Терминология мәселесі 1924 жылы 12-18 шілде аралығында өткен республикалық ғылыми қызметкерлердің I съезінде сөз болған. Съезд материалдары 1925 жылы жеке кітап болып жарияланды. Бұдан басқа 1926 ж. Бакуде өткен Бүкілодақтық түркологтардың алғашқы съезінің материалдарымен таныстыру мақсатымен жазған А. Байтұрсыновтың «Түрікшілер құрылтайы» атты мақаласы жарияланды. А. Байтұрсынов қазақ терминологиясын қалыптастыруда, қазақ тілінің өз мүмкіншілігін толық пайдалану және интернационалдық терминдерді қолдану тәсілдерін сөз етеді. Қазақ терминологиясын байытып, дамытуға маңызды үлес қосқан ғалымдарымыздың бірі Х. Досмұхамедов кірме сөздерді, әсіресе, орыс тілі арқылы енген сөздерді қолдануда ана тілінің ішкі дыбыстық заңын сақтап айтылуын дұрыс құбылыс деп есептеген. Кірме сөздердің тілімізге тән сингармонизм заңына лайықтап алынсын деген қағиданы сол кездегі зиялы қауым кеңінен қолдаған. Н. Төреқұлов «Жат сөздер» деген еңбегінде «қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп, жалпақ сөзі болып кірсін», – дейді [8, 19]. Бұдан сол кезең зиялыларының пән атауларын қолдануда ұлт тілінің ішкі заңдылықтарына көп көңіл бөлгендігін аңғаруға болады.

Тақырыптық салалар туралы мәлімет беру мақсатымен терминдер түрлі ғылыми және басқа да салалар бойынша лексика-семантикалық тұрғыдан топталып берілді: Оқу ағарту, педагогика саласына байланысты: *әдіс бірлігі – методическое объединение, оқу құралы – учебное пособие, руханишы – мыслитель, күн белгі – календарь, оқуқана – читальный зал* т.б.; Экономика саласына байланысты: *үнемші – экономист, жоспаршы – плановик, әлеуметшілік жәрдем–социальная помощь, үнем шаруашылығы– экономическое*

*хозяйство, өнеркәсіпші–производственник т.б.; Саясатқа байланысты: әлеуметтік жағдай – социальное положение, үгіт-насихат – агитация, өзгерісшілдер – реформаторы, ілгерішіл – прогрессивный т.б.; тіл ғылымына байланысты: дауысты дыбыс – гласные звуки, ұлы тыныс – точка, кірешек сөздер – заимствованные слова, бұралқы жұрнақ – заимствованный суффикс т.б.; Заң ғылымына байланысты: құқық – право, талапкер – истец, заң кісісі – юридическое лицо, сот алымы – судебная пошлина т.б.; Психологиялық атаулар: мінез ілімі – психология, зейін – внимание, көзқарас – мировоззрение т.б.*

Жалпы сөз қолданысында терминдердің қоғам құрылымы мен өзгерісіне тәуелді екендігі белгілі. «Белгілі бір дәуірде эволюциялық дамудан революциялық сапаға ауысып, ал кейде керісінше қалыпты күйге көшіп отырады. Тілде пәлендей революциялық өзгерістер бола қоймағанмен, ол қоғамдық құбылыстардың бәрін қамтып, соған лайықты ұғым, түсініктерді сөз түрінде таңбалап береді. Барлық өзгеріс, өрістер тілде көрініс бермей тұрмайды», – дейді терминолог-ғалым Ө. Айтбаев [9, 80].

Қазақ тіліндегі ғылым салалары бойынша қолданыстағы сөздердің 90%-ы терминдердің үлесіне түседі. Ғылымдағы жаңа ұғымдар мен қоғам өміріндегі түбегейлі өзгерістер термин сөздердің күнделікті қолданыс аясының өсіп отырғанын көрсетеді: «Дәл осы жерде біз әдеби тілдің көркемдік сипатынан гөрі стандарттық және ресмилік белгісінің арта бастағанын айқын аңғарамыз», – дейді академик Ә. Қайдар [10, 182].

Жоғарыда айтылған мысалдар терминология ғылымының 20-жылдарында-ақ салалық терминдер мәселесін көтергенін көрсетеді. Рас, 1920-1930 жылдары шет тілінен енген сөздерге балама табуға ұмтылушылық көрініс тапса, 50-70 жылдары орыс тіліндегі терминдер аударылмай, баламасыз қолданылады.

Терминологиялық лексиканы дербес лексикалық қабат ретінде қарап, салалық терминдерді әдеби тіл құрамына қатыссыз деуші ғалымдар пікіріне қарсылық білдіру ниетінде көптеген ғалымдар жүйелілік мәселесін көтеру қажет дейді. «Терминологияның күрделі теориялық мәселелерін айтпағанда салалық терминдерді жүйелеу, реттеу, қалыптау сияқты үнемі жүргізіп отыруға тиісті практикалық маңызы зор жұмыстармен тікелей айналысып отырған өкілетті орган да, бұл істің жайын жетік білетін мамандар да жоқтың қасы» [1, 23].

Мемлекеттік тіл – егеменді елдің, тәуелсіз мемлекеттің ең басты шарттарының бірі. Сондықтан тіліміздің жан-жақты дамып, күнделікті тұрмыста және ресми мемлекетаралық дәрежеде қолданылуы – өмір талабы. Академик Ә. Қайдардың «Қазақ тілі терминологиясының 50 жылдан астам тарихы бола тұрса да, оның жан-жақты даму дәрежесі бүгінгі заманның талабына сәйкес деп айтуға болмайды», – деген пікірінен кейін көптеген тіл жанашырлары ғылыми әдебиеттегі сан алуан терминдерді аударуға атсалысқанын білеміз. Академик Ә.

Қайдар «термин (атау) шығармашылығында ана тіліміздің өз мүмкіндіктерін сарқа пайдаланудың орнына термин жасаудың оңай жолы – шет тіл элементтерін қабылдауға көбірек көңіл бөлуден кірме терминдердің көбейіп, ана тіліміздің ұлттық ерекшеліктерімен табиғатына нұқсан келе бастады. Мұндай жағдайдың дами түсуіне бүгінге дейінгі қалыптасқан мына фактор себеп болып отыр: тілімізге күн санап, апта санап (соңғы кезде шығып жатқан әр түрлі пәндердің сөздігі арқылы да) еніп жатқан жүздеген, мыңдаған терминдік ұғымдардың барлығы бір орталықтан, яғни «донор – тіл» деп аталатын орыс тілінен ғана еніп, жаңа терминдер тек соның негізінде жасалып қабылдануынан сақтану керек», – дейді [1, 3].

Жаратылыстану ғылымдары бойынша халыққа түсінікті, көңілге қонымды, тілге жеңіл, тұрмыс-салтымызға, таным-түсінігімізге сәйкес терминдер жасауда атақты шығыс ғұламасы әл-Фарабидің «Аспанды жерге, ғылымды халыққа жақындатсам» деген пікірін басшылыққа алсақ ұтымды болар еді. ХХ ғасырдың басында қазақ тілінде ғылым тілін қалыптастыруда А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедов, С. Асфендияров т.б. зиялылар өсімдіктану (ботаника), тәнтану (анатомия), тәңтірлігінтану (физиология), бәсекесауда (аукцион), жандандыру (реанимация), жансыздандыру (анестезия), жалпытазалық (санитария), жекетазалық (гигиена) т.б. бірсыпыра сөздерді төл тілімізде жаңғыртып қолданды. Осы сөздерден реанимация сөзі бертінде жансақтау бөлімі болып аударылып, сәтті қолданысқа түсті. «Жандандырудан» гөрі «жан сақтау» қолайлы тіркес, өйткені мұнда шынымен де жанын алып қалуға көп күш салынады. *Фонтан* сөзі де *су бұрқағы* деп аударылып, халыққа толық түсінікті сөз қолданысы болуда. *Белок* сөзі *ақуыз* деп аударылып, өзінің төл мағынасын тура көрсете отырып, қолданысқа енді.

Табиғаттағы бар шикізат атаулары жалпы қолданыстағы сөзбен қатар терминге ұласады. *Мұнай, қарамай, жермай, жанармай, жанар-жағар май* т.б. сөздер мұнай саласы терминдеріне айналса, *әрлеу, өңдеу, жапсырмалау, қаптау* сөздері *құрылыс; уқалау, булау, сауықтыру, сылау* – медицина; *бәсекелестік, бағатізбесі, есепшот, кепілзат, делдал* – экономика; *бетперде, лаңкес, ұйымдасқан топ* – заң т.б. ғылым салалары бойынша терминдер қалыптасты. Жаратылыстану саласының терминдері өткен ғасырдың 30-жылдарында қазақшаға бір аударылып, кейіннен қайтадан сол түпнұсқада қолданылып, 90-жылдарда оңтайландыру кезеңінде тағы қазақшаланып, қазір жарыспалы немесе дублеттік сипатта қолданыста жүргендері де біршама. *Динамика* – *қозғалыс* – динамика, *мұнай* – *химия рыногы* – *мұнай* – *қимие базары (нарқы)* – *мұнай* – *химия рыногы, инвестиция мөлшері* – *инвестиция сомасы, теңіз терминалы* – *теңіз кедергісі* – *теңіз терминалы, мұнай фонтаны* – *мұнай атпасы, мұнай бұрқағы (нефтяной фонтан)* т.б. терминдер дублеттік сипатта қолданысқа ие.

Жаратылыстану саласының терминдері деңгейлік қолданыстан өтпей қалыптаспайтынын байқауға болады.

Ұғымдар арасындағы жүйелі байланыстан терминологиялық өріс пайда болатындығы жөнінде ғалым Ш. Құрманбайұлы еңбектерінен көрінеді [1, 181]. Терминология саласында еңбек етуші ғалымдардың көпшілігі ішкі көздерге мән беру туралы айта келе, А. Байтұрсыновқа соқпай өтпейді. Ішкі қор мәселесін сөз еткен орыс ғалымдары А.В. Суперанская, А. Даниленко, М.Н. Володина ойлау жүйесіне мән берген жөн дей келе, ұғымдық байланыстың термин жасаудың мәні зор екенін айтады [2, 14]. Терминденуші сөз бен ойлау жүйесі арасында белгілі бір өріс пайда болмаған жағдайда олардың лексикалық қабат құруы қиынға соғады. Тексті – мәтін, материяны – затын, кенежойғы – акарицид аудармаларымен қатар жаратылыстану ғылымдарының терминдерінен *инфауна, инстинк, кадастр, каллус, инбридинг, ихтиология, комменсализм, криофия, ксерофил, ксилофаг, клон, копрофаг, космополит, парник, адекция, абиотика, автохтон* т.б. сөздерді әлі күнге ғылыми әдебиеттерде түпнұсқадағыдай қолданамыз. Бұлардың терминдік табиғатын түсіндіру – сала ғалымдарының жұмысы. *Карантин – оқшаулау, каннибализм – адам етін пайдаланушылық, кома – естен айрылу, лавина – қар көшкіні, оползень – жер сырғымасы, эпизоотия – жануар індеті, предродовая – толғақ бөлмесі, абразивный – жемірілген, интродукция – жерсіндіру, бейімделту, координат – мекендеу мүмкіндігі* т.б. қолдануға болатын сөздерді тілшілер мағынасына қарай, оның тезаурустық сипатына сай жасады.

*Нашатыр – мұсатыр, кислота – қышқыл, торф – шымтезек, окись – тотық, насадка – қондырма, углерод – көміртек, водород – сутек, сплав – құйма, щелочь – сілте, двуокись – қостотық* болып ХХ ғасырдың басында Қ.Кемеңгерұлы аударылуы сәтті терминдердің жасалуына көңіл бөлгені белгілі. Ол көп варианттылыққа жол бермеуге тырысқан.

Қорыта айтсақ, латын жазбасының болашағының зор екенін мойындай отырып, түрлі экстралингвистикалық факторлар мен психоллингвистикалық үрдістердің термин шығармашылығына тікелей әсер ететінін көруге болады. Ендеше, терминдерді де осы латын жазбасының аясында біріздендіруіміз қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 1998. – 250 б.
2. Нұржанова А.С. Қазақ тіліндегі мұнай терминдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2000. – 24 б.
3. Терминология мәселелері / құраст. Ш. Құрманбайұлы, О. Жұбаева. – Астана, 2006. – 288 б.

4. Крыжановская А.В., Симоненко Л.А. Актуальные проблемы упорядочения научной терминологии. – Киев, 1987. – С. 19-21.
5. Степанов Г.В. Современная научно-техническая терминология на языках народов СССР и за рубежом // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. – М., 1983. – 263 с.
6. Дешериев Ю.Д.. Проблемы универсализации (интернационализации) терминологии в условиях развития национально-русского двуязычия (применительно к развитию языковой жизни советского общества) // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. – М., 1983. – С. 263.
7. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 19 т. – 369 б.
8. Төркүлүлы Н. Жат сөздер туралы. – Алматы: Өнер, 2005. – 20 б.
9. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988. – 159 б.
10. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 46 б.

### III. ТІЛДІК БӘСЕКЕДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

#### КӨПТІЛДІЛІК – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІҢ БЕЛГІСІ

*Абдрахманова Ж.Ә.*

*филология ғылымдарының кандидаты*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Бүгінгі таңда елімізде көтеріліп отырған көптілділік мәселесі заман ағысына сай келіп отыр. Өйткені, жаңа технологияны меңгеру, халықаралық қарым-қатынас жасау, әлемдік аренада пайдаланылып отырған ортақ тілдерді қажет етеді.

Осығын байланысты біз өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты білімді етіп тәрбиелеуіміз қажет. Әсіресе, көптілді болуға ықпал етуіміз тиіс. Көптілділік бәсекеге қабілетті ұлт болудың ең бірінші сатысы десек те болады.

Көптілділік деп қоғамда әртүрлі тілдердің таралуын және жеке тұлғалардың бір-бірімен бірнеше тілдік құралдар арқылы қатынасқа түсуін айтамыз.

Қазақстан көптілді болып табылады, өйткені мұнда 130 ұлт өкілі өмір сүреді. Бүгінде республикадағы этностардың мәдениеттері, тілдері дәстүрлерінің дамуына қажетті жағдайлар жасалған. Этномәдени бірлестіктердің саны тұрақты өсіп, қазір олардың саны 800-ден асады. Оның ішіндегі 28-і республикалық дәрежеге ие. Статистикаға көз жүгірсек, осы күндері 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарлама мен 7 тілде телебағдарлама тарайды. Ал білім беру саласында өзбек, тәжік, ұйғыр, және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп бар. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізілуде. Сондай-ақ, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылған. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда, елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, кәріс және неміс театрлары жұмыс істеп келеді. Жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған кітаптар жарық көреді [2].

Елбасының Қазақстан халқына 2007 жылғы Жолдауында үш тілдің орны мен мәртебесі анық көрсетіліп, атқарар қызметі айқын бөлінген: «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі [3,7-10] деп мемлекеттің тілдік саясатының маңыздылығын көрсеткен болатын.

Бұл жөнінде ғалым Н.Уәлиұлы: «...Ең алдымен, мемлекеттік тілдің үш тағаны (басқару, ақпарат, ғылым-білім саласындағы қызметі) түгелденуге тиіс.

Үштұғырлы тіл формуласында ең бірінші осы мәселе шешімін табуы қажет және мемлекеттік тіл жоғары деңгейде болғаны абзал. Өйткені қазақ тілі мемлекет құрушы этностың тілі, мемлекеттің бірден-бір тірегі деп күллі Қазақстан жұртшылығы мойындағандықтан, Ата Заңымызда конституциялық мәртебе алды. Сондықтан оның тағдыры жөнінде жауапкершілікті, әлемдік қауымдастықтың алдында, ең алдымен мемлекет өз мойнына алуы тиіс», - деп атап көрсетеді [4, 4 б.].

Ал, профессор Б.Қасым әлемдік білім кеңістігіне енудің жолдары ретінде мынаны атап көрсетеді: «Қазақ тілін үштілділіктің көлеңкесінде (ағылшын, орыс) қалмайтындай, еңбек нарығында мемлекеттік тілді білуді талап етуді бірінші орынға қою, елімізде қазір керісінше, ағылшын тілін білуді талап етуде, ғаламдану үрдісінде ол да дұрыс шығар, бірақ бәсекелестікке төтеп бере алатын қоғамның мүддесі мен мақсатына қызмет ететін қазақ тілін сол деңгейге жеткізу, барлық білім беру жүйесінде мемлекеттік тілді оқытуды саннан сапаға көшіріп, оқулықтардағы олқылықтарды орнына келтіріп, білімді де білікті мамандармен қамтамасыз ету, біліктілігін арттыру» [5, 32 б.].

АҚШ-тың Сиетла университетінің Орта Азия мен Қазақстанды зерттеу орталығының басшысы Уильям Фиерманға осы мәселеге байланысты сұрағанда, ол: «Менің ойымша осы саясат өте дұрыс және мемлекеттің дамуына үлкен пайдасын тигізбек. Алайда үш тілдің деңгейінің бірегейлігі туралы айту әлі ерте сияқты, себебі сіздерде әлі де болса орыс тілі басымырық. Менің ойымша біріншіден қазақ тілінің деңгейін жоғарлату маңызды, әсіресе қалалық жерлерде, өйткені ауылдық жерлерде қай уақытта болмасын қазақ тілінің деңгейі басым болған» деп өз көзқарасын білдірген.

Президентіміз Н.Назарбаевтің биылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі. Тәуелсіздігін алған тұста еліміздегі қазақтың саны 6,8 миллион немесе 41% болса, қазір 11 миллионға жетіп, 65 %-дан асты. Қазақтың саны 4 миллионға артты.

Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеуге ұмтылса, тіліміз әлдеқашан Ата Заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын иеленер еді. Қазақ тілі туралы айтқанда, істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігі ұмыт қалады. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс.

Тағы да қайталап айтайын: қазақ қазақпен қазақша сөйлессін. Сонда ғана қазақ тілі барша қазақстандықтардың жаппай қолданыс тіліне айналады» дей келе, «Мен 2050 жылғы қазақстандықтар – үш тілде сөйлейтін

білімді, еркін адамдардың қоғамы екеніне толық сенімдімін. Олар – әлемнің азаматтары. Олар саяхаттап жүреді. Олар жаңа білім меңгеруге құштар. Олар еңбексүйгіш. Олар – өз елінің патриоттары» дегенді айтты [6].

Осы жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, бүгінгі таңда ағылшын тілін пайдалану қажеттілігі туып отырғандығы, онсыз халықаралық қарым-қатынас, жаңа технологияларды меңгеру мүмкін еместігіне көз жеткіздік.

Көптілді болу – уақыт талабы. Тіл арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты әмбебап, жаһандық құндылықтарға қосу, әлемдік кеңістік пен көршілес мәдениеттер өкілдерімен қарым-қатынас жасап, сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыруға болады. Оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілдерде аудармасыз оқытуға, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең жоғары қажеттілік ретіндегі көптілді білім берудің маңызы айқындалды.

Еліміздің әлемнің дамыған елу мемлекеті қатарынан орын алуы үшін бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру мәселесі алға шығып отыр. Өйткені, тек бәсекеге қабілетті азаматтар ғана Отанымыздың тұрақты дамуына, бәсекеге қабілеттілігіне өз үлесін қоса алады. Көптілділік адамдар арасындағы келісім мен өзара түсінушілікті шешуге көмектеседі.

Адамның көп тіл білген сайын соғұрлым мүмкіндіктері арта түсетіндігіне, әлем кеңістігіне жол ашатындығына, ғаламтор, ақпараттық технология саласын жетік меңгеретіндігіне сенімдіміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Хасанұлы Б.Ағылшыншаны тым ерте тықпаламайық // Ана тілі.- №9. – 28 ақпан, 2008. – 4 б.
2. BNews.kz «www.bnews.kz» сайты.
3. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Ана тілі. – 2007. – № 7 (896). - 1, 7-10 Б
4. Уәлиұлы Н. Орыс тілінің тұрманы түгел // Ана тілі.- № 9. – 28 ақпан, 2008. –4-б.
5. Қасым Б. Мемлекеттік тілді кәсіби мамандыққа бағыттап оқытудың өзекті мәселелері // «Мемлекеттік тілді жетілдірудің өзекті мәселелері» атты Республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары (22-23 сәуір 2004 ж). – Абай ат.ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы№4(10). – 7- 9 б.
6. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы// «Егемен Қазақстан» – 15 желтоқсан, 2012.



## АРНАЙЫ МАҚСАТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

*Аширова А.Т.*

*филология ғылымдарының кандидаты*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Еліміздің егемендік алуы мен қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуына байланысты ана тіліміздің өз шешімін күтіп тұрған көкейкесті мәселелері жеткілікті. Қазіргі кезде күллі әлемге жайылып келе жатқан жаһандану процесі әсіресе ұлттық ерекшелікті, ұлттық құндылықтарды сақтауға орасан кедергі келтіруде. Осындай қиын кезеңде тілімізді сақтап қалу, дамытып, күшейтудің басты амалдарының бірі – ұлттық ғылым тілін, оның терминологиясын дамыту. Қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамытудың басты жолдарының бірі – ғылыми тілдің мәртебесін айқындау, терминологиялық бірліктердің құрамын реттеу, олардың мағынасын ашудың әдіс-тәсілдерін анықтау. Академик Ә. Қайдар, атап көрсеткендей, ең алдымен, ана тіліміздің тұғырына тірек болар үш тағанын – жазу-сызуын (ұрпақ арасын жалғастырар алтын көпірін), ономастикасын (жер бетіндегі ескерткішін) және терминологиясын (оның баю, жаңару көзін) берік ету қажет. Осымен байланысты терминология саласында жүргізілетін жан-жақты ғылыми зерттеулер оның ғылыми тілін дұрыс қалыптастыруға көмектеседі. Терминология мәселелері қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ж. Аймауытұлы, Х. Досмұхамедұлы, Қ. Кемеңгерұлы, С. Жиенбаев еңбектерінен бастау алса, қазақ ұлттық терминологиясының өзекті мәселелері Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ө. Айтбайұлы, Б. Қалиұлы, Ш. Құрманбайұлы зерттеулерінде жаңа сапалық та мазмұндық деңгейде шешімін тапты. Терминологияның ғылыми-теориялық мәселелері орыс тіл білімінде А.А. Реформатский, В.В. Виноградов, Н.А. Баскаков, Д.С. Лотте, В.П. Даниленко, В.М. Лейчик, А.В. Суперанская т.б. ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Терминологияның жекелеген салалық жүйелерін кешенді түрде, жан-жақты зерттеп, салалық терминдердің құрамы мен құрылымын анықтап, оларға дұрыс анықтама берудің қазақ тіл білімі үшін қаншалықты маңыздылығын С. Ақаев, Ш. Біләлов, К. Аяпбергенова, М. Молдажаров, К. Күркебаев, А. Қоңырова, Ә. Нұржанова, С. Сәрсенова т.б. ғылыми еңбектері айқын дәлелдейді. Терминологиялық сөздіктердің құрылымы мен жүйесін, жалпы терминологиялық сөздікті жасау мәселелерін қарастыратын сала ретіндегі қазақ терминографиясын қалыптастырудың негіздерін зерттеген Е. Әбдірәсіловтің, ғылыми тіл құрылымын анықтауға арналған С.Әлісжановтың, терминологиялық жүйедегі когнитивтік құрылымға назар аударған С. Исанова, М. Қожаевалардың ғылыми еңбектерін қазақ терминологиясындағы жаңа бағыттағы жақсы нәтиже деп бағалауға болады.

Қазіргі таңда, қоғамдық-әлеуметтік мүддеге сәйкес қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде ғылым саласында да толыққанды қызмет етуінің негізін қалыптастыруда, ең алдымен, ғылыми тілдің мәртебесін айқындау аса маңызды. Себебі ғылым саласындағы мәтіндердің тілін ғылыми тіл мен ғылыми стильдің қайсысына жатқызуға болады деген сауал осы күнге дейін біржақты анықталып, өзінің шешімін тапқан емес. Екіншіден, ғылыми тіл бірліктерінің ара-жігін ашып, олардың өзіндік ерекшеліктерін, сөздік түрлерінде орналасу орындарын анықтау, олардың ғылыми сипаттамаларын жасаудың қажеттілігі де белгілі болып отыр. Бұл мәселелердің ғылыми шешімін табуы терминдер мен номендерге түрлі лексикографиялық еңбектерде дұрыс анықтама беруге негіз болмақ. Үшіншіден, терминологиялық бірліктерді сөздіктердің негізгі типтері мен түрлерінде лексикографиялаудың басты заңдылықтары мен әдіс-тәсілдері қандай болатынын айқындау бүгінгі таңдағы терминология үшін де лексикография үшін де аса маңызды болып отыр.

XX ғасыр ғылымында кеңінен сөз болған жаңа проблемалардың бірі – ғылым тілі. Аталмыш термин философия және лингвистика салаларында қарастырылды. Философтардың көпшілігі оны, бір жағынан, ғылыми білім ретінде, екінші жағынан, сол ғылыми білімді игеруге қажетті ғылыми аппарат ретінде түсінді. Алғашқы, кең мағынадағы философиялық түсінік бойынша *ғылым тілі* - жүйесі мен құрылымы бар жалпы *ғылыми білім* ұғымын қамтиды. Екінші, тар мағынадағы логикалық түсінік бойынша, ғылым тілі – формалды таңбалық жүйелердің жиынтығы болып табылады. Тар мағынадағы түсінік кең мағынадағы түсініктің құрамына кіреді. Екінші, тар мағынадағы, формалды логикалық тіл бірінші, яғни кең мағынадағы ғылым тілін бейнелеудің, сипаттаудың тәсілі болып табылады.

Тіл білімі ғылымында қарастырылатын лингвистикалық түсінік бойынша, кең мағынадағы ғылым тілі - ғылыми мәтіндердің тілі. Тар мағынадағы ғылым тілі – ғылыми пәннің өзіне тән салалық метатілі. Ғылыми мәтіндерді зерттеушілердің бір тобы оларды *функционалды тіл* ретінде, екінші тобы *функционалдық стиль* ретінде қарастырып келеді. Ғылыми мәтіндерді функционалдық стиль ретінде қабылдайтын ғалымдар оны стилистиканың нысаны ретінде түсінеді. Осы мәселені арнайы қарастырған ғалымдардың бірі С.Әлісжанов «ғылыми тіл – адам қызметіндегі ғылыми аяны қамтамасыз ететін тілдің бір түрі, осы саланы сипаттайтын мәтіндердің жиынтығы. Ғылыми стиль функционалды, бұл термин тілдің ғылыми мәтіндердегі синтезделу заңдылықтарын қарастыру үшін қолданылады. Ғылым тілі ұғымы ғылыми стильдің ядросы мен шеткері аймағын құрайтын таңбалық бірліктердің, қолданыстардың грамматикалық және семантикалық құралдарының тұтас жүйесі. Бұл ұғымдар өзара байланысты, сондықтан контекстік синонимдер ретінде қолданыла береді» деген пікірді ұстанады [1, 38].

Ғылым тілі бойынша XX ғасырдың соңғы ширегінде жүргізілген зерттеулер жаңа нәтижелер әкелді. Ғылым тілінің дербестігі туралы, оның «шағын тілдің» бір түрі болып табылатындығы жөнінде кеңінен сөз бола бастады. Ғылыми қолданысқа алғаш XX ғасырдың 60-жылдары енген «шағын тіл» (sublanguage, подязык) термині жалпылама қолданымға кірді. Оның *жалпыхалықтық* тілдің функционалдық бір түрі екендігі, әрқилы кәсіби қызмет аясында қолданылатындығы белгілі болды. Жалпыхалықтық тілдің негізгі бөлігін құрайтын әдеби тіл мен жалпылама қолданымға тән емес салалық ғылым тілдерінің арақатынасы айқындала бастады. Шетелдік ғылыми ортада бұл кезде халықтық тілдің ерекше бір түрі ретіндегі *арнайы мақсатта қолданылатын тілдер* (LSP – language for special purposes) туралы зерттемелер жасалды [2]. Шынында да, ұғымдардың нақты салаларда қалыптасқан жүйесін ашып көрсету үшін қолданылатын тілдік құралдардың жиынтығын арнайы мақсатта қолданылатын тіл деп те, кәсіби тіл деп те атауға болады.

Жалпыхалықтық тіл негізгі қатынас құрал ретінде өмірдің барлық саласында қолданылады. Жалпыхалықтық тілді белгілі бір жүйелілікке, нормаға салатын әдеби тіл. Қоғамда қарым-қатынастың түрлері әр түрлі болуына байланысты тіл де бірдей пайдаланылмайды. Сондықтан тілді жүйелі түрде пайдалану үшін белгілі бір тәртіп болу қажет. Тілдік белгілердің дұрыс қолданылуын зерттейтін ғылым саласы стилистика деп аталады. Адамдар күнделікті қарым-қатынас кезінде стильдердің әр түрін қолданады. Әдеби тілде стильдерді былайша жіктеушілік бар:

1. Ресми іс қағаздар тілінің стилі
2. Публицистикалық стиль
3. Ғылыми-көпшілік әдебиет стилі
4. Көркем әдебиет стилі
5. Ауызекі сөйлеу тілінің стилі.

Ғылыми-көпшілік әдебиет стилі қоғамда кейіннен пайдаланыла бастады. Бұл стильдің пайда болуы ғылым мен техниканың дамуымен тығыз байланысты. Ғылыми-көпшілік әдебиет стилінде қолданылу үшін салалық кәсіби ғылым тіліндегі терминологиялық бірліктер жалпы халықтық қолданымға түсуі керек. Жалпы халықтық қолданымға түскен кезде олардың тар салалық кәсіби тілдегі мағынасы өзгеріске ұшырайды. Ғылыми тілдің синтаксисі де өзгеріске ұшырайды. Енді терминологиялық бірлік ұлттық әдеби тілдің синтаксистік ережелеріне бағындырылады. Енді бұл терминологиялық бірлік тар салалық ғылым тілінің бірлігі болудан қалады. Бірақ, өзінің бұрынғы мағынасында сол салада қолданыла беретіні де түсінікті. Алайда, ендігі жерде бұл екеуінің арасына теңдік белгісін қоюға болмайды.

Жоғарыда келтірілген деректер мен пікірлерді тұжырымдасақ, ғылыми тіл өзінің кең мағынасында – жалпы ғылыми мәтіндердің тілі болса, тар мағынада -

салалық ғылым тілі. Ғылыми стиль – қалың оқырманға арналып әдеби тілге көшірілген ғылыми-көпшілік әдебиеттің стилі. Нақты ғылым саласының тілінде жазылған мәтінді ғылыми стильде жазылған деп санауға болмайды. Себебі, мыңдаған ғылым салалары бар, олардың өз ғылыми тілдері бар. Осылардың бәрі де жалпыхалықтық, ұлттық тілдің құрамына кіреді.

С.Е. Никитина арнайы мақсатта қолданылатын тіл бойынша жасалатын талдаудың төрт типін атайды: философиялық, стилистикалық, терминологиялық және статистикалық. «Философиялық талдау тұрғысынан ол тілдің ғылыми идеяларды бейнелеуге жарамдылығы мәселесін қарастырғанда, кәсіби ойды беруде негізгі қызметті табиғи тілдің атқаратыны белгілі болған. Кәсіби тілдің құрамдас бөлігі ретіндегі жасанды символикалық тілдердің бұған жарамсыздығы, олардың табиғи тілдің орнын баса алмайтындығы, табиғи тілді толық ауыстыра алмайтындығы анықталған. Стилистикалық талдау жасаған кезде ғылыми тілге тән «дәлдік», «объективтілік», «экспрессияның болмауы» тәрізді белгілердің стилистикалық белгілер болып саналмайтындығы, олардың нақты мәтінге жасалған талдаудың нәтижесі болмай, керісінше, жалпы ғылыми ойлауға тән белгілер екендігі анықталған. Терминологиялық талдаудың нәтижелері кәсіби тілге өте қажетті, пайдалы болғанымен, бұл жерде ескерілуге тиісті жағдай: кәсіби тіл ұғымыменен терминология ұғымы бірдей емес, терминология кәсіби тілдің лексикалық деңгейіне кіретін құрамдас бөлік қана. Статистикалық талдау кәсіби тілдің негізгі деңгейлерінің көпшілігін қамтиды, алайда, семантикада қолданылмайды. Кәсіби тілге жасалатын толық кешенді зерттеу талдаудың аталған төрт типін сабақтастыра қолданған кезде ғана мүмкін болмақ» [2].

Қазақ лексикографиясында осы мәселені зерттеген М.М. Малбақов метатіл ұғымының лексикографияда екі түрлі мағынада қолданылатынын айтады: «Бірінші, жалпы, кең мағынадағы бірінші қатардағы метатіл - белгілі бір ұғымға берілетін сипаттаманың тілі. Лексикографияның тіліне көшіргенде бұл сөздік бірліктерге берілетін сипаттаманың тілі, яғни сөздіктің метатілі болып шығады. Екінші метатіл - тіл білімінің жекелеген салалық терминдерін зерттеуде қолданылатын метатіл. Лексикографияның тіліне көшіргенде бұл лексикографияның жалпы салалық атауларының тілі, яғни лексикографияның метатілі болып шығады [3, 82-83]. Ғылыми метатіл мәселесін зерттеуші Ж. Мұсаева ғылымның кәсіби тілі туралы төмендегідей қорытынды жасайды: «біріншіден, кәсіби ғылым тілінің негізін табиғи тілдің құрайтындығы, ал символикалық таңбалардың қосалқы ғана қызмет атқаратындығы белгілі болады. Екіншіден, кәсіби ғылым тілінің стиль болып саналмайтындығы және онда қолданылатын кәсіби белгілердің стилистикалық белгілер болып саналмайтындығы айқындалады. Демек, әдеби тіл тұрғысынан жалпылама мәнде айтылатын ғылыми стиль терминін салалық кәсіби ғылым тіліне қатысты

қолдану жөн болмайды. Салалық ғылым тілі – стиль емес. Үшіншіден, терминдердің ғылымның арнаулы, кәсіби тілінің, яғни метатілінің құрамдас бөлігі ғана болып табылатындығы, ғылыми тілдің терминдерден ғана құралмайтындығы белгілі болады. Демек, «салалық метатіл дегенше, салалық терминология деп неге айтпаймыз» деушілік ғылыми тұрғыдан дұрыс болмайды. Төртіншіден, ғылыми метатіл арқылы жасалатын семантикалық талдау нәтижелерінің статистикалық тұрғыдан есептеуге келмейтіндігі белгілі болып отыр [4, 9-10] – деген қорытындыға келеді. Бұл туралы ғылым тілін зерттеген Қ. Алтайбекованың еңбегінде де кеңінен сөз болады[5]. Аталған зерттеулер барысында «салалық ғылым тілі – стиль емес» деген тұжырым жасалады. Жазушы тілі сөздігі арнаулы мақсатпен кәсіби ғылым тілінде жасалатын жұмыс. Жоғарыда жазушы тілі сөздігінің ғылыми сөздік екендігіне, оның мәтінінің ғылыми мәтін екеніне көзімізді жеткіздік. Сонымен қатар, жазушы тілі сөздігінің арнаулы мақсатпен кәсіби ғылым тілінде жасалатын жұмыс екендігіне де иландық. Келесі кезекте арнаулы мақсатпен түзіліп отырған осы еңбек ғылымның қай саласының заңдылықтары бойынша жасалып отыр деген сұрақ қояр болсақ, оған лексикографияның, оның ішінде жазушы лексикографиясының заңдылықтары бойынша жасалып отыр деп жауап береміз. Мұсаева Жанерке Олжатайқызының «Қазақ лексикографиясында қолданылатын атаулардың метатілдік табиғаты» атты диссертациялық еңбегінде қазақ лексикографиясының метатілі туралы жан-жақты сөз болады. Еңбектің «Қазақ лексикографиясының метатілдік негіздері» деп аталатын бірінші бөлімінде металингвистика, метатіл атаулары туралы ғылыми тұжырымдар келтіріледі. Ж.Мұсаеваның жазуы бойынша, металингвистика, метатіл атаулары ғылыми айналымға XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ене бастаған. «Тіл білімі бойынша үлкен энциклопедиялық сөздікте [6, 297] және «Тіл білімі сөздігінде» [7, 219] металингвистикаға «метатілді объект-тілдің сипаттау құралы ретінде зерттейтін лингвистиканың саласы» түріндегі түсінік беріледі. Металингвистика терминіне О.С. Ахманова сөздігінде: «1. (психолінгвистика, экзолингвистика); 2. «Екінші қатарлы» тілдер (метатілдер) туралы ғылым» деген анықтама келтіріледі [1, 230]. Металингвистика және метатіл терминдері қазақ тіл білімінде соңғы кезде жарық көрген Ғ. Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі» атты еңбегінде де қамтылады [8]. Аталмыш еңбекте металингвистикаға «тілді қолданушы адамдардың санасымен, қоғамдық өмірімен байланысты тілдің ішкі мағыналық ерекшеліктерін зерттейтін тіл білімінің саласы» ретінде түсінік беріледі. Сөздікте терминнің екінші мағынасы да (табиғи адамзат тілін нысан етіп зерттейтін «екінші қатардағы» тіл туралы ғылым) келтірілген. Осы сөздік мақалада метатіл терминіне сілтеме жасалады. Метатілге байланысты сөздік мақалада оның адамзаттың табиғи тілін объект («объект-тіл») етіп зерттейтін «екінші қатардағы» тіл, методологиялық тіл

екендігі көрсетіледі [8, 213]. Бұл жердегі екінші қатардағы тіл, методологиялық тіл деген түсініктемеде аса құнды тұжырым жасалып отырғандығын айту қажет. Бұл біздің зерттеуіміздің тұжырымдарымен үндеседі. Одан әрі автор: «Тіл біліміндегі метатіл көбінесе объект тілдегідей тіл бірліктері негізінде жасалады. Сөйтіп, ол табиғи тілді сипаттай отырып, әрі өзі де табиғи тілдің бір бөлігі ретінде көрінеді. Тіл біліміндегі метатіл күрделі құбылыс, оның негізінде, бір жағынан, терминаралық жүйелі қатынастар, екінші жағынан, тілді зерттеуде қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінен тұратын жалпы ғылыми лексика жатыр» деген тұжырым жасайды. Ғалым, біріншіден, метатілдің терминаралық жүйелі қатынастарға қатысын өте дәл байқаса, екіншіден, метатіл негізінде ғылыми лексиканың жатқандығын да айқын білдіреді. Автор «ғылыми қатынас құралы ретінде терминнің метасөйлеуде нақты байқалатынын, олардың қатынасының лексикографиялық құралдарды жасауда, белгілі бір терминдерді түсіндіруде көрінетінін» жазады. Осы жерде терминнің мазмұны метатіл жүйесіндегі тіл бірлігі ретінде ашылатындығы да сөз болады. Бұдан әрі автор: «метатілде қабылданған тіл біліміндегі ұғымдар жүйесі методологиялық бағыттарға қатысты болып келеді. Белгілі бір бағыттың философиялық (методологиялық) негіздеріне байланысты бір термин әр түрлі түсіндірілуі мүмкін» деген түсініктеме жасап, фонема терминінің әр түрлі фонологиялық мектептердегі әрқилы түсіндірілуін мысалға келтіреді. Шынында да, метатілдік зерттеулер осындай әрқилылықты өзара салыстыра, зерттей отырып, ғылым саласындағы ғылыми тілдің апаратын бір ізге түсіреді. Айтылғандарды қорытар болсақ, нақты ғылым саласында кәсіби зерттеу жүргізу үшін сол саланың қалыптасқан ғылыми тілі (метатіл) болуы шарт. Салалық ұғымдарды әр автордың әрқилы атаушылығы, терминдердің тұрақсыздығы ғылымның дамуына өлшеусіз зиян келтіреді. Бұл ғылымның сол саласындағы ғылыми аппарат атауларын, терминдерді жүйелі түрде зерттеудің болмауынан, салалық ғылыми тезаурустың қалыптаспағандығынан болады. Лексикография туралы базалық білімнің қажеттілігі анықтала түседі.

Жоғарыда келтірілген деректер мен пікірлерді тұжырымдасақ, ғылыми тіл өзінің кең мағынасында – жалпы ғылыми мәтіндердің тілі болса, тар мағынада – салалық ғылым тілі. Ғылыми стиль – қалың оқырманға арналып әдеби тілге көшірілген ғылыми-көпшілік әдебиеттің стилі. Нақты ғылым саласының тілінде жазылған мәтінді ғылыми стильде жазылған деп санауға болмайды. Себебі, мыңдаған ғылым салалары бар, олардың өз ғылыми тілдері бар. Осылардың бәрі де жалпыхалықтық, ұлттық тілдің құрамына кіреді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әлісжанов С. Ғылыми прозаның синтаксисі. Алматы, 2007.

2. Никитина С.Е. Семантический анализ языка науки. На материале лингвистики. М., 1987.
3. Малбақов М. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің құрылымдық негіздері. Филология ғылымдарының докторы диссертациясы. Алматы, 2003.
4. Мұсаева Ж. Қазақ лексикографиясында қолданылатын атаулардың метатілдік табиғаты. Филология ғылымдарының кандидаты авторефераты. Алматы, 2006.
5. Алтайбекова Қ. Терминологиялық бірліктердің лексикографиялық сипаты. Канд.дисс.авторефераты. Алматы, 2009.
6. Большой энциклопедический словарь. Языкознание. М., 1990.
7. Тіл білімі сөздігі. Алматы, 1998.
8. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, Сөздік – Словарь, 2005.

## **ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

***Егізбаева Н.Ж.***

*филология ғылымдарының кандидаты*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазіргі таңда біліктілік деңгейі әлемдік стандарттарға сәйкес келетін, бәсекеге қабілетті жоғары білімді сапалы мамандарды даярлаудың маңызды шарттарының бірі – оның көп тіл білуі. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың көптілді білімді дамытуға баса назар аударып, «...еліміздің маңызды құндылықтарының бірі және басты артықшылығы – көпұлттылық пен көптілділік» деп атап көрсеткені белгілі [2]. Ондағы мақсат - білім беру жүйесінде үш тілдің - мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау. Яғни, оқу орындарына өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті жеке тұлға қалыптастыру міндеті қойылып отыр. Тілді белгілі бір деңгейде білетін студент немесе оқушы өз мамандығы бойынша белгілі бір пәнді қазақ тілінде оқып үйренетін болса, әрине мұның тіл үйренуге деген ықпалы зор болмақ.

Көптілді білім берудің екі жағы бар, бірінші жағы, өскелең ұрпақтың бірнеше тіл білуі, заман талабына сай бәсекеге қабілетті мамандар даярлау; ауыл мектептерін бітірген қазақтілді жастардың бірнеше тілді меңгеруі, олардың бәсекеге қабілетті маман болуы жүзеге асса; екінші жағы, үштұғырлы тіл жағдайына сүйеніп мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің еркін қолданылуына

кедергі жасалмаса екен дейміз; дегенмен, бұл бағыт еліміздің біраз мектептеріне де енгізіліп, тәжірибе ретінде қолға алынуда.

Көптілді білім беру жағдайы елімізде қолға алына бастауы, қазақ халқына, қазақ тіліне тағы бір сыннан немесе белестен өтуді жүктейді. Өсіп келе жатқан ұрпақ ата-бабамыздан мирас боп келе жатқан халқымыздың бай да көркем тілін, болмысын, дүниетанымын бойына сіңіріп өсуі қажет. Оларға орыс және ағылшын тілдерін шет тілдері ретінде үйреніп, керегіне жарату үшін пайдалануды санасына сіңіруіміз керек. Тәуелсіздік алғалы бері қазақ мектептерінің саны артып, қазақтілді жастардың саны көбейіп қалғаны барлығымызға аян. Одан кейінгілері көптілді білім алуға көшеді, одан қалса орыс мектептеріндегі балалардың дүниетанымы сөз жоқ орысша қалыптасуда және олар енді көптілді білім алып шығады. Осыдан олардың орыс, ағылшын тілінде сайрап, қазақ тілін шала біліп шығуына жол бермеудің жолдарын қарастырғанымыз жөн. Сондықтан, бүкіл қазақ халқы үштұғырлы тіл жағдайында бүгінгі ұрпақтың орыстанбай, батыстанбай қазақы қалпын сақтап, өсіп-өнуіне, білім алуына, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуына күш салуы қажет.

Сонымен қатар, көптілді білім беруде қазақ тілінің оқытушыларына да үлкен жүк артылары сөзсіз. Қазақ тілін басқа тілдермен қатар қоя отырып оқыту, оның дамуына да ықпалын тигізетін тұстары болуы мүмкін. Қазақ тілін оқытушы ұстаздар үшін мемлекеттік тілді басқа тілдермен қатар оқыту барысында жаңа тиімді технологияны, әдіс-тәсілдерді қолданып, өз білім-біліктілігін үнемі жетілдіру, бәсекеге қабілеттіліктің нығайту басты қағида болуы шарт. Осы орайда сапалы нәтиже көрсететін білім түрлерін қолданған жөн. Мәселен, конструктивтік(құрастырылған) білім түрі, яғни білімді құрастыру, жинақтау іздену дегенді білдіреді. Мұнда үйренуші білім алу үшін өзі белсенділік танытады. Конструктивтік білім түрінің басты қағидасы әр адамның қоршаған орта, әлем туралы өмір бойы өзіндік түсінік құрастырумен байланысты, өзінің ізденісі талпынысы арқылы білім алуы, оқытушы бағыт беруші, ұйымдастырушы. Психологтардың пайымдауынша, адам білімнің 10 %-ын оқығанда, 20 %-ын тыңдағанда, 30 %-ын көзбен көргенде, 50 %-ын көзімізбен көріп, тыңдағанда, 70 %-ын пікір таластырғанда, 80 %-ын тәжірибе жасағанда, 95 %-ын басқаларды үйреткенде игереді деп көрсетеді. Басқаларды үйрету яғни, үйренген білімді дереу қолдану, бұл сабақ үстінде қолданылатын әдіс-тәсілдерге қатысты айтылады. Жұптасып немесе шағын топ ішінде білгенімен бөлісу, бірлескен топтық жұмыс, сабақ тақырыбы бойынша өз білгендерін ортаға салу, пікіралмасу, пікірталас, рөлдік ойындар т.б. Үйренушінің белсенділігін арттыру мақсатында салыстыра оқу, талдауға үйрету, оқылған материалға түсіндірме беру, аудитория алдында ұсыныс жасау, пікірталасқа шығу сияқты идеяларды



басшылыққа ала отырып әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану өз нәтижесін берері сөзсіз.

Көп тіл білу қажеттілігі мен мүмкіндіктері еліміздің соңғы он жылдағы қарқынды даму үрдісі мен әлеуметтік жағдайының жақсаруынан, шетелдермен халықаралық байланысының нығаюынан, әлемдік қауымдастықтағы беделінің артуынан туындап отыр. Жоғары білімді маманның көп тіл білуі, оның ішінде мемлекеттік тілді толық меңгеруі және оны тәжірибе жүзінде қолдана алуы оның бәсеге қабілеттілігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік тілді оқытуда сөйлеу әрекетінің түрлерін өзара сабақтастыра оқыту, тілдік материалдарды қолданылымдық жүйемен іріктеп меңгерту, жеңілден күрделіге қарай өту ұстанымын жүзеге асыру негізге алынады. Осыдан барып тілді меңгеру деңгейлеп оқыту негізінде сатылы түрде жүргізіледі, әр деңгей түпкі мақсатына қарай тіл қолданушының коммуникативтік құзыреттілік деңгейін анықтауды қажет етеді. Қазақ тілінен білім беруде студенттің тілдің барлық саладағы, барлық жағдайдағы ауызша және жазбаша қолданыстағы құрылымдарды меңгеруі бағаланады.

Тілді ауызша және жазбаша үйрену жүйесі тілде түрлі коммуникациялық мақсаттағы қызметтерді атқаратын жалғаулардың қолданысын, сөздердің жасалуын, кез келген сұрау, сөйлем түрлерін түсіне алуын, сөздердің тура және ауыспалы мағыналардағы қолданысын меңгеруін, өз мақсаты мен ойын жеткізуде тілдік құрылымдарды қолдана білуін, жаза және айта алу деңгейін көздейді.

Мемлекеттік тілді үйрену барысында барлық лексика-грамматикалық құрылымдар және сол құрылымдарды қамтыған тілдегі материалдар қабаты, оларды бағаланушының тыңдап түсінуі, меңгеруі, оқып түсінуі, дұрыс жазу деңгейін игеруі, сөйлей білуі, айта білуі бағалау аппаратына негіз болады. Тіл білімі ғылымында тілдік тұлғаны қалыптастыру үшін қазақ тілін меңгеру әрекетінің түрлері: тыңдалым, лексика-грамматика, оқылым, жазылым, айтылым пайдаланылады.

Коммуникативтік құзыреттіліктің даму деңгейін бағалау, анықтау тілдік тұлғаның қалыптасу, даму деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Оқытудың нәтижесін бағалау әрбір деңгейдің соңында жүргізіліп отырады. Қазақ тілін коммуникативтік деңгейде білу құзыреттілігі – тілдік тұлға моделін құрайтын негізгі компонент болып табылады.

Тіл үйренушілердің деңгейі белгілі бір анықтау критерийлеріне сәйкес анықталып, сол бойынша бір деңгейден екінші деңгейге өту қарастырылады. Мәселен, А1 – қарапайым жеткілікті деңгейде айтылым дағдысы бойынша қазақ тілінің ерекше дыбыстарын қалыпты мәнерде қолдануға дағдылану; ақпарат алмасу мақсатымен таныс тақырыптар аясында ауызекі сөйлесу; отбасы, тұрмыс, білім, айналадағы адамдар туралы мәліметтерді жай сөйлем көмегімен

жеткізу сияқты құзыреттерді меңгерген болса, А2 - жеткілікті деңгейде қазақша тікелей ақпарат алмасуды талап ететін күнделікті жеңіл тілдік жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алуды, қысқа әңгімелерде бірнеше репликаларды қазақша айтып, тіл қатыса алуды; В1 - негізгі жеткілікті деңгейде көпшілікке түсінікті, нақты әрі сенімді сөйлеуді, елінің тарихы, табиғаты, өзінің қызығушылығы туралы әңгімелеп айтуды, өтінішті, бұйрықты, қолдауды, өкінішті, сенімсіздікті, болжау айтуды; В2 - негізгі стандартты деңгейде оқу, тұрмыстық, саяси-әлеуметтік тақырыптарға әңгімелесуге, түрлі тақырыптар бойынша адамдармен пікірсайысқа түсуге дағдыланады, С1 – негізгі стандарттан жоғары деңгейде сөздерді қиындықсыз таңдай отырып, өз ойын тез әрі жүйелі жеткізуге, кәсіби және ғылыми қызмет барысында тілді тиімді пайдалануға, адресаттың ерекшелігіне сәйкес тілдік стильді қолдану ерекшеліктерін меңгереді. Осылайша тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым әрекеттері бойынша тіл үйренуші белгілі бір білім дәрежесіне сөздік қорын молайта отырып жетеді. Жұмыс оқу бағдарламасы бойынша курс соңында студент қол жеткізетін нәтижелер, пәннің тақырыптық мазмұны, қатысымның әлеуметтік-мәдени саласы, қатысымның оқу-кәсіби саласы, тілдік материал, қазақ тілі пәні бойынша меңгерілетін грамматикалық құзыреттілік, тіл үйренушілердің деңгейін анықтау критерийлері, қазақ тілін меңгеру деңгейін өздері бағалауына арналған құралдар жоғарыда аталған қазақстандық тіл білімінің алты деңгейіне сәйкес тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым әрекеттері бойынша жүйеленді.

Білікті маман даярлап шығарудың бір тетігі тілді жақсы меңгерту болып табылады. Білім беру қоғаммен бірге дамып, онымен бірге үнемі өзгеріп отырады, сондықтан, пәнді 1 кезең көлемінде оқып шыққан студент тек бағасын алып қоймай, белгілі бір деңгейге көтерілгенін сезінуі тиіс. Бұл мақсатқа жету үшін оқытудың заманауи үлгілерін пайдалана отырып, сапалы білім беру басты ұстанымымыз болмақ. Мемлекеттік тілді еркін меңгерген бәсекеге қабілетті маман даярлауда жаңа үрдіс, тың идеялар, үлкен ізденіс қажет екені даусыз. Көптілді білім беру саясаты бүгінгі ұрпаққа мемлекеттік тілді халықаралық тілдер қатарында еркін меңгеріп шығуы үшін тағы бір тың бағыт бола алады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Общеввропейские компетенции владения иностранным языком: Изучение, преподавание, оценка.—Москва, 2003 г.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2007 жылғы 28 ақпан. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

## ҚАЗАҚСТАН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КӨПТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

*Күркебаев К.Қ.*

*филология ғылымдарының кандидаты*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Елбасы 2008 жылғы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын. Осыған орай ғылыми тұрғыдағы «көптілділік» ұғымы қоғамдық белсенділікке ие бола бастаған «Үш тұғырлы тіл» идеясымен түсіндіріліп келеді. Алайда социолінгвистикалық еңбектерде «үш тұғырлы тіл» термині кездеспейді, ал «көптілділік» терминіне социолінгвистика ғылымы тұрғысынан **көптілділік, мультилингвизм, полилингвизм** – нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, «нақты коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада немесе мемлекетте бірден үш немесе одан да көп тілдердің қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етуі» деген анықтама беріледі [1, с.132].

Көптілділік жеке адамның (индивидуумның) көптілдігі немесе ұлт пен ұлыстың көптілділікгі болып бөлінеді. Халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік экономикалық және саяси жағдайы, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторлар әсер етуі мүмкін.

Ұлттық құрамы бірыңғай, бір ғана этнос мекендейтін мемлекетте көптілділік сирек кездеседі. Жапония, Корея, Германия, Исландия сияқты мемлекеттерде жеке адамның ғана көптілділігі қолданылса, АҚШ, Ресей Федерациясы, Үндістан, Нигерия сияқты елдерде жүздеген ұлт пен ұлыс мекендейтіндіктен көптілділік құбылысы көрініс тапқан.

Мәселен, Ресейдің Дағыстан автономиялық республикасында 13 тіл болғандықтан көптілділік белгілі дәрежеде ұшырасады. Жаулап алу, халықтардың қоныс аударуы, көрші елдермен тығыз қарым-қатынас секілді тарихи себептер мен факторларға байланысты кейбір халық өкілдерінің жаппай көптілділігі қалыптасқаны белгілі.

Многоязычие, как отмечает Э.Д. Сулейменова, является неоспоримой и существенной характеристикой языковой ситуации Казахстана. Оно создается активным участием в нем казахского, русского, английского и других языков. Казахская, русская и английская языковые компетенции являются естественным отражением потребности практического и профессионального владения

несколькими языками для получения реальных шансов занять в обществе более престижное социальное и профессиональное положение. [2, с.117]

**Бүгінгі таңдағы ҚР ЖОО білім беру жүйесінде көптілді білім беру сипаты келесідей жоспарлармен жүзеге асып келеді.**

Еліміздің қазіргі заман талабына сай ҚР «Білім туралы» заңының 5-бабында «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және бір шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс» деп көрсетілген.

Осыған орай Еліміздің көптеген ЖОО жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген тілдік құзыреттілікке ие, халықаралық білім кеңістігі мен еңбек нарығында, мәдениетаралық коммуникацияға қабілетті де көптілді маман дайындауды мақсат етіп отыр.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің статистикалық мәліметтеріне сүйенсек 360 мың күндізгі оқу бөлімінің студенттерінің 1,4 % -ы шет тілінде білім алса, , ал 40, 5 мың адамды құрайтын профессор-оқытушы құрамының 8,3% шет тілінде дәріс жүргізеді. 2011 жылы бакалавриат деңгейінің типтік оқу бағдарламасына «Кәсіби қазақ (орыс) тілі» мен «Кәсіби шет тілі» пәндері енгізіліп, Халықаралық стандарттарға сай тілдерді оқудың деңгейлік моделі жүзеге асырылып келеді.

Бүгінде институционалды және арнайы аккредиттеуден ЖОО-ры үш тілде өтіп келеді.

Магистратура, докторантураға түсу үшін ағылшын тілінен, мамандық пәндерін қазақ, орыс тілдерінен емтихан тапсыру арқылы жүзеге асыруда.

ЖОО салалық пәндері бойынша негізгі оқулықтарды қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аудару, құрастыру мен басып шығару бойынша жүйелі жұмыстарда жүзеге асырылуда.

### **ҚР ЖОО көптілді білім беру жүйесінің тиімділігі**

▶ *Білім алушылар әлемдік ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқындылығы мен ғаламдық даму үдерістерін бағалай алады;*

▶ *Білім алушылар өркениет сұраныстарына жауап беретін жаңа ақпарат таратушы инженерлік-компьютерлік технологиялар тілін, саясат, бизнес, экономика тілін, халықаралық қатынастар мен іскерлер тілін игерген полимәдениетті көптілді тұлға ретінде қалыптасады.*

▶ *Жеке тұлғаның полимәдениеттік және ішкі әлеуетінің мүмкіндіктері ашылады;*

▶ *Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттері сияқты бірнеше тілді еркін меңгерген тілдік құзреттілікке қол жеткізеді;*

▶ *Белгілі бір әлеуметтік топтар үшін (жастар) жоғары еңбекақы мен тұрақты жұмыс орнын сақтап тұру мүмкіндігіне ие.*

► Оқу пәндерін екі немесе одан да көптілде аудармасыз оқуға қол жеткізеді;

► Бітірушілер еңбек нарығында, өмірлік қызметте тілдік кедергілерге ұшырамайды;

► Көптілді меңгерген білім алушылар өзгермелі кезеңде еркін әрекеттер жасауға бейім болады;

► Алыс және жақын шетелдерде тілдік көмекті керек етпейді.

### **ҚР тіл саясатындағы көптілділіктің тиімсіз факторлары**

► Социолингвистикалық зерттеулерге сүйенсек, кез келген әлемдік қоғамдық қауымдастықта үш тілдің бірдей бағытта, тең дәрежеде өркендеп дамуы мүмкін емес, көптілділік аясында тілдік теңсіздік пайда болуы әбден мүмкін;

► Тілдің ішкі табиғаты сөз байлығы, лексикалық құрамы, этномәдени болмысы, лингвопоэтикалық қабілеті, коммуникативтік жүйесі мономәдениеттік интеграцияға бейімделуі мүмкін;

► Орта және ортадан жоғары жастағы салалық кәсіби мамандардың біліктілік тәжірибелері мен сапалық деңгейлері ескерусіз қалуы мүмкін;

► Қазақ тілі дәл қазіргі таңдағыдай ғылым салаларындағы аударма тілі қызметін ғана атқаруы мүмкін;

► Өзге ұлт өкілдері білім алушыларының көбінесе орыс, ағылшын тілдерін меңгеру белсенділігінің артуы мүмкін;

► Қазіргі уақыттағыдай түрлі ресми іс-шаралар мен жиналыстарда, басқосуларда көптілділіктің ішінде орыс тілінің белсенді қолданылуы, жазбаша нысандағы ісқағаздар мен түрлі қаржылық, экономикалық есеп-қисаптар, келісім-шарттардың осы тілде жүргізілуінің ары қарай өсіп өркендеуі бек мүмкін;

► Қазақстанда болашақта көптілділік жеке адамның (индивидуумның) көптілдігінен жалпыхалықтық көптілділікке ұласуы мүмкін.

► ҚР «Тіл туралы» Заңында «Қазақстанда тұратын басқа да ұлт өкілдері тілдерінің қолданылуына және оларды үйренуге жағдай жасалады» деп көрсетілген. Алайда көптеген жергілікті кіші этникалық топтар ұйғыр, кәріс, тәжік, дүнген, шешен, татар, башқұрт, неміс және т.б тілдерінің ассимиляцияға ұшырауы мүмкін.

Еліміздегі көптілділік саясатында қазақ тілін жаһанның жарты әлемі (1,5 миллиард) сөйлейтін ағылшын тілімен, жер бетінде 130 миллионға жуық сөйлеушісі бар орыс тілімен бір қатарға қойып бәсекелестіру қисынға келмейді. Сондықтан Қазақстандағы тіл саясатын жоспарлауда **қазақ тілінің өміршендігін** арттыратын тетіктерге баса көңіл бөлінуі тиіс.

Әлеуметтік тіл білімінде «тілдің өміршеңдігі» (**витальность языка**) терминінің мәні - ол қандай да бір тілдің қоғам мұқтажығын атқара алатын қызметі, бәсекелестікке түскендегі өмір сүруге қабілеттілігі, тұрақтылығы, қажеттілігі дегенді білдіреді. Көп жағдайда тілдің өміршеңдігі сол елдегі жүргізіліп отырған тіл саясатының қызметінен туындайды. Әрине, ел өміріндегі қоғамдық-саяси, экономикалық, өркениеттік, жаһандық өзгерістерге басты мән беріліп, ел ішіндегі тілдік ахуал мен тілдік жағдаятқа ғылыми сараптама жүргізілмейтін болса, көптілділік аясында тілдік теңсіздік пайда болуы мүмкін. Демек, жоғарыда аталған қостілділік салдарынан пайда болған кемшіліктердің етене еніп келе жатқан көптілділік жағдайында да қайталанбасына кім кепіл ?

Сондықтан дамыған елдердегі әлемдік тәжірибені үлгі ете отырып, көптілділіктің даму бағыттары мен қоғамдық қызметін, тілдердің бір-біріне тигізетін оң және кері әсерінің шынайы бейнесін саралап, нақты жүргізілген статистикалық мәліметтер мен зерттеулер негізінде қадағалап отыратын социологиялық және әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу орталықтарын құрып, оларға ресми мәртебе берілуі тиіс.

Екіншіден, белгілі бір кезеңдік мерзімге сәйкес ел ішіндегі тілдік жағдаят пен тілдік ахуалдың шынайы диагнозы сараланып, сол зерттеулердің негізінде тиімді заңнамалық өзгерістер енгізілгені жөн.

**ҚР ЖОО көптілді білім беру саясатын жетілдіруге қажетті ұсыныстар:**

▶ Қазақстандық білім беру жүйесінде көптілді және билингвалды білім берудің халықаралық іс-тәжірибесінде қолданыс тапқан моделдерін енгізу;

▶ ҚР ЖОО мен серіктес шетел жоғары оқу орындарының негізінде отандық және шетел мамандарының қатысуымен қарқынды кәсіби-лингвистикалық курстар ұйымдастыру;

▶ ҚР ЖОО тілдерді оқытудың методикалық сапасын әлемдік тіл үйрету стандарттары негізінде дамыта отырып қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің сағат санын арттыру керек;

▶ Шетел жоғары оқу орындарымен бірлескен ғылыми социоллингвистикалық сараптама бағдарламаларын жасау;

▶ Тіл үйрету оқу-әдістемелік орталығы, арнайы жабдықталған Ресурс орталықтарымен аудиториялар, аудио және бейне материалдар, оқу бағдарламаларын оқу үдерісінде кеңінен қолданылуды жүзеге асыру;

▶ Орта мектеп пен ЖОО арасындағы көптілділіктің құзыреттіліктік сабақтастығын дамыту;

▶ Профессор-оқытушылар құрамының көптілділік біліктіліктерін көтеретін тиімді оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету және оларға сыйақы жүйесін енгізу ;

► Қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша студенттер мен оқытушылардың халықаралық форумдар мен конференцияларына, студенттік олимпиадаларға қатысу;

► Профессор - оқытушылар құрамы үшін шетел жоғары оқу орындарында тілдік тағылымдамалар ұйымдастыру.

► Шетелдердегі жетекші ЖОО базасы негізінде ғылыми іс-тәжірибеден өту арқылы университеттің жас педагогикалық кадрларын тілдік қайта даярлаудан өткізу.

► Республиканың жетекші университеттеріне шетел тілін жоғары дәрежеде меңгерген және пәндерді үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жүргізуге дайындалған магистратура, PhD докторантура бітірген мамандарды және «Болашақ» бағдарламасының шәкірттерін оқу үдерісіне жұмылдыру.

Дүние жүзінің 26 мемлекеті өздерінің білім жүйесінің озық үлгілерімен ерекшеленеді. «Әулиелер мен оқымыстылар аралы» аталған Ирландияда білім беру жүйесі қоғаммен, қоршаған ортамен, өз ортасымен теориялық және практикалық байланыс негізінде жүзеге асырылады екен. Осындай озық модельдерді ҚР ЖОО көптілділік мәселелерімен үйлестіре отырып енгізу орынды болар еді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Словарь социолингвистических терминов. (Ответственный редактор : доктор филологических наук В. Ю. Михальченко). - М., 2006. 312 с.
2. Сулейменова Э.Д. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. - Алматы, Қазақ университеті, 2005. - 343 с.

## IV. ҚАЗАҚ ТІЛІН КӘСІБИ ДЕҢГЕЙДЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАҢАША ОҚЫТУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

*Салқынбай А.Б.*

*филология ғылымдарының докторы, профессор*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Бүгінгі күні қазақ тілін мектепте, жоғары оқу орындарында оқытудың басты бағыты – тұлғалық (формальды) бағыт. Бұл ешкімге жасырын емес. Қазақ тіл білімінің бастауында тұрған құрылымдық тіл білімі тілді формальды құрылым ретінде қарастырып, негізінен оның сыртқы тұлғалық көрінісі мен мазмұндық сипатын талдайды. Қазақ тілінің зерттелуінде сөздердің, сөз тұлғаларының, сөйлемнің мағыналық қырларын ашу семантикалық топтарға жіктеу, олардың сөйлемде қолданылуы аясы мен қызметін көрсететін көптеген салмақты еңбектің бары рас. Әйтсе де, қазақ тілінің зерттелуінде және оқытылуында сөз мағынасы мен мәнінің айқындалуы, семантикалық, когнитивтік, функционалдық бағыттағы зерттеулердің кенжелеп отырғаны кім-кімге болса да жаңалық емес.

Құрылымдық тіл білімінің екі жағы саналатын форма мен мағынаның «мағынасын» алып тастап, тек формамен оқытып, материалистік бағыт қалыптастырған Сталиннің идеясы XX ғасырдағы қазақ тіл білімінің дамуына идеялық басшы болған еді [1]. Өткен ғасырдың 40-50 жылдарында қазақ тілінің мағыналық құрылымын зерттеген аға буын тілші ғалымдардың еңбектері материализмге жат бағыт ретінде сыналған соң [2]], бұдан кейінгі ғылыми жұмыстар да, солардың негізінде жазылған оқулықтар мен оқу құралдары да тілді қазақ тілін тек тұлғалық бағытта зерттеуге мәжбүр болды. Осылайша кеңестік кеңістіктегі қазақ тіл білімінің ұстанған басты және негізгі бағыты тек «формадан мазмұнға» қағидасы бойынша жазылып, формальды тіл білімі бағытын негізге алды. Шынын айтқанда, қазақ тілін оқытуда және зерттеуде біз күні бүгінге дейін кеңестік кезеңдегі коммунизмнің елесімен келе жатырмыз.

Қазіргі оқу ісіндегі жүргізіліп жатқан реформаларға сәйкес мемлекеттік тілді өз мәртебесіне сәйкес дұрыс оқыту үшін, ең бірінші, оқытудың басты тұжырымдары мен бағытын айқындап алу қажет. Ең алдымен, формальдық лингвистика бойынша зерттеу мен оқытудан бас тартып, әлемдік тіл білімінде қалыптасқан функционалды-семантикалық, когнитивтік бағытқа қарай оқытуды және ғылыми зерттеуді бағыттау – бүгінгі заман талабы деп есептейміз.

Мәңгілік Қазақ Елінің тәуелсіздігінің негізгі және басты айғағы саналатын мемлекеттік тілдің зерттелуі мен оқытылуындағы басты принциптер мен бағытты анықтап алудың маңызы зор. Ол үшін әлемдік кеңістіктегі тілді зерттеу



мен оқытудың басты үлгілерін, инновациялық оқыту әдіс-тәсілдерін айқындап алу қажет.

Тілді абстрактілі грамматикалық жүйе ретінде қабылдап, оны қазіргі оқулықтарымыздағы сияқты топтап, таптастырып, ажыратып, грамматикалық көрсеткіштерін жіктеп, жалғаулары мен жұрнақтарын бөліп алып, оларды тағы да іштей жіктеп, сөз тіркестері мен күрделі сөздерді де бөлек бөліп, сөйлемді мүшелеп, формальды бағытта зерттегеннен, лебізде тіліміздің ішкі күш-қуаты да, қасиеті де көрінбейді. Біздің оқулықтарымыздың кемшілігі де осында. Байқап қараңызшы, қазақ тілі оқулықтарында сөздер мен сөзтұлғаларды, сөйлемдерді тұлғасына қарай бөлуден, ажыратудан басқа біз не жасадық? Дыбыстарды бөлдік, оның ішінде дауыстыны алтыға, дауыссызды алдымен үшке, кейін тоғызға бөлдік; сөздерді тоғыз, кейін он сөз табына бөлдік, сөз тіркестерін беске, сөйлемді сөйлем мүшелеріне т.б. Бөлдік, бөлдік, осылай жалғаса береді. Бұл формальды грамматиканың жемісі. Тілдік құрылымды жүйеледік. Қыздың жиған жүгіндей етіп, бөліп-бөліп жинадық, көз алдымызда тұр. Бірақ бұл грамматикалық құрылымда күш, қуат, сезім жоқ. Танымдық ақпарат бере алмайды. Осы жүйемен оқушыларды оқытып келе жатырмыз да, біздің балалар шешен сөйлемейді, олар лебізде мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді, тұрақты тіркесті қоспайды дейміз. Ал мақал-мәтел ше? Оларды да үйретеміз. Бірақ бөліп-бөліп, бөліп. Мақал-мәтелді жаттатамыз, мектепте, үйде, университетте. Бірақ сөйлете алмаймыз.

Бұл формальды грамматикалық бағыттың көрінісі.

Неміс лингвисті Август Шлейхер (1821-1868) «тіл - тірі организм» деп атап, оны биологиялық құбылыстардың қатарына жатқызып, тіл ғылымын жаратылыс тану ғылымдарының қатарына қосты, кеңестік кезеңдегі тіл білімінде бұл бағыт қатты сыналды. Мәселе бұл жерде тіл ғылымының қай ғылым қатарына жатуында емес, оны Әл-Фараби бабамыз ғылымдар жүйесінде логиканың алдына бірінші орынға қойған, одан асып жүйе жасаған ғалым аз, мәселе - тілді зерттеу мен оқытудың құрылыс-форма ішінде қамалуында, сондықтан он бір жыл оқып шыққан ұрпақтың сауатсыздығында, әдеби тілде көсіліп сөйлей алмағанында, сөйлете алмағанымызда. Себебі сөз өзінің басты қасиеті, күші саналатын лебізден бөлініп қалды. Тілді құрылымдарға жіктеу арқылы, оны пропозициядан бөліп алдық. Яғни мағына арқылы берілетін мән ескерілмеді. Сөздің басты қызметі – лебізде ақпарат беру, ақпараттың ішкі мәнін түсіну десек, оларды бөліп, жіктеп емес, керісінше, сөздер мен сөзтұлғалардың басын қосып, лебіздегі мәнін үйрету қажет еді. Қазіргі ағылшын тілі грамматикалық құрылымды оқытпай-ақ, яғни зат есім, етістікке, жалғау мен жұрнаққа бөлмей, лебіздегі мәнді оқытып, дүниенің бәріне таратылып отыр. Август Шлейхер айтқандай, тірі тілді бөлмей, сол қалпында бағалай оқыту арқылы жетістікке жеткен.

А. Шлейхер ғылыми зерттеулерінде В. Фон Гумбольдт тұжырымдамаларының негізінде салыстырмалы-тарихи әдісті тереңдетіп (кейін басқаша бағыт ұстағанымен), реконструкциялық әдісті жасап, компаративистиканың негізін қалаушылардың бірі болды. Тілді тірі организм ретінде бағалаудың әсерінен көптеген терім сөздерді биологиядан қабылдап енгізді. Мәселен қазіргі таңда жалпы тіл білімінде қолданылатын «организм», *тіл – тірі организм, тілдер семьясы, тілдер туыстығы, тілдік бұтақтар, генеалогиялық тіл жүйесі, генеалогиялық шежіре (древо)* сынды терімсөздер А. Шлейхердікі. Ғалым тілдің даму жолын, тілдік топтардың бөлінісінен, жіктелісінен деп есептеп, үндіеуропалық тілдердің бір ғана ататілден тарайтынына сенімді болған. Үнді еуропалық ататіл ұғымын бірінші рет нақтылаған ғалым да осы Шлейхер.

Тілдің жанды құбылыс екені қазіргі тіл ғылымында да жоққа шығарылған жоқ, ғылыми тұрғыдан мойындалған дүние. Тіл лебінде өмір сүреді, лебінде дамиды. Оның мағыналық дамуы, құбылуы, құлпыруы, сол арқылы эмоциялық-экспрессиялық, танымдық-тағылымдық мән иеленуі тек лебін ішінде. Тіл лебін арқылы ғана өмір сүреді. Күнделікті әлеуметтік өмірдегі қолданыс аясы кеңіген сайын ұлттық тіл нақты әлем бейнесін танытудағы маңызын шыңдап, жетіліп, әр сөздің мәні мен мағынасы арта түседі.

XXI ғасыр оқулығы лебінде, қолданысқа, күнделікті жұмсалымға негізделіп, функционалдық-семантикалық бағытта жазылуы тиіс. Жазба әдебиетте қалыптасқан сөйлем мен ауызекі сөйлеудегі айтылым арасында айырма бар. Бізге айтылым мен сөйлемнің ара-жігін ашып, олардың өзіндік ерекшеліктерін саралау да қажет. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі сөйлемнің функционалдық ерекшеліктері ретінде қарастырылып жүрген бұл мәселе терең зерттелді деуге ертерек. Қалай десек те, XX ғасырда жазылған Ы. Маманов [3], Р. Әмір [4], Ж. Жақып [5] зерттеулерінде айтылған құнды пікірлер маңызды. Біз функционалды грамматиканың теориялық мәселелерін бүге-шігесіне дейін терең қарастыруды мақалада мақсат етпейміз. Жаңадан жазылатын оқулықтар мен оқу құралдарының ерекшеліктері анықталып, сараланып, жазылу әдіснамасы мен басты концептуалды бағыты нақтыланғаны жөн. Ең алдымен, сөйлем – тілдік бөлшек, ал айтылым – лебінде анықталады. Сөйлемде де, айтылымда да белгілі ой таңбаланады. Айтылымдағы ойдың көрінісі қолданыста жұмсалатындықтан, әрі қызметтік сипаты басым болғандықтан, сөйлемнен мағынасы жағынан да, қызметі жағынан да, тұлғалық жағынан да, айтылудағы дауыс ырғағымен де ерекшеленеді. Сондықтан, тыңдаушының қабылдауында, түсінуінде, бағалауында өзгешелік бар.

Әдетте сөйлемге мынадай анықтама беріледі. «Сөйлем предикаттық қатынастың негізінде құрылған, мағыналық бірлікте жұмсалған, біршама аяқталған ойды білдіретін синтаксистік тұтастық. Сөйлемнің ең басты сипаты

оның коммуникативтік (қатынас құралы) қызметімен айқындалады. Осыған орай да сөйлем адамдар арасында бір-бірімен қарым-қатынас жасауда грамматикалық категория ретінде айрықша қызмет атқарады» [6]. Сөйлем біршама аяқталған ойды білдіреді, әрбір сөйлем аяқталғанда біршама тоқтап, келесі жалғас ойға ауысу үшін, пауза жасалады да, екінші сөйлемге ауысады. Сөйлемнің құрылысын немесе мағынасын грамматикалық талдау үшін, оның мәтінде тұруы міндетті болмайды. Мысалы: «Балалар жазғы демалысқа шықты» деген сөйлемді осы қалпында тұрып сөйлем мүшелеріне, сөйлемнің түріне, ондағы сөз тіркестерінің сипатына т.б. қарап анықтау, талдауға болады. Грамматикалық жағынан, мағыналық жағынан да аяқталған сөйлем болғандықтан, оған өзгеше түсінік беру қажет етілмейді.

Ал лебіздегі айтылымның түрі өзгеше. Бір ғана сөйлеммен лебіз жасалмайды. Кейде жағдайға байланысты айтылған сөзге сөзбен емес, әрекетпен не ишарамен жауап берілуі де ықтимал. Лебіздегі паузаның да грамматикалық көрсеткіші жоқ, нақты дауыс ырғағы, лебізді екпін арқылы анықталады. Сұрау немесе құптату мағынасында айтылған айтылымдарда толық мәндік қызмет атқаратын арнайы дауыс ырғағы қойылады. Мұндай қасиет грамматикалық сөйлемде болмайды. Грамматикалық сөйлемдерге жауап алу маңыздылығы болмайды да, айтылымда жауап алу, пікірін білу, әсіресе, маңызды. Тілдік бірлік ретіндегі сөйлемнің грамматикалық табиғаты, грамматикалық шегі мен грамматикалық аяқталуы болады. Лебіздегі айтылымның табиғаты бұдан ерекше. Кісінің эмоциясы сөздің әрбір дыбысталуынан айқындалып, ой көркі бұзылмай, мән нақты, анық көрінеді. Қазақтың «көз көрсе, жүз ұялады», «бетіне айту», «бетпе-бет айту», «көзіне айту» т.б. сияқты фразалық тіркестерінің мәні бар. Ақпаратты оқып алу бір басқа да, оны нақты тыңдау, есту бір басқа. Сырттай қарағанда екеуі де сөйлем сипатты болып көрінгенімен, олардың ғылыми негізі де, коммуникативтік мүмкіндігі де ерекше. Сөйлем тиянақты, орнықты, әр сөз тіркесі, әр сөйлем мүшесі өз орында, қалыптасқан грамматикалық жүйе мен стандартты сақтайды. Ал айтылымда ой бір сөзбен де, сөз тіркесімен де, толық сөйлеммен де берілуі ықтимал. Мұнда кісінің қимылы, дауысы қатысып, ақпаратты жеткізуде синкреттілік сипат алатындықтан да, негізгі МӨН түсінікті болуы үшін сөйлемнің грамматикалық құрылысы барлық уақытта толық әрі дәстүрлі қалыпты сақтай бермейді.

Синтаксистің негізгі грамматикалық бірлігі ретінде танылатын сөйлемнің біршама аяқталған ойды білдіруі белгілі уақыт ширегінде берілетін ақпараттың мазмұнын анықтайды. Сондай-ақ, жай сөйлем құрмалас сөйлем жасауға да қатысып, ондағы ақпараттың мәнін анықтайды. Жай сөйлемнің ерекше синтаксистік бірлік ретінде өзіндік грамматикалық ерекшелігі бар:

- жай сөйлемнің өзіне тән құрылымы бар;
- мағына береді;

- тұлғалық ерекше сипатты белгілері бар;
- өзіндік ерекше интонацияға ие;
- коммуникативтік міндет атқарады.

Лебіздегі айтылымның грамматикалық сөйлемнен айырмасы:

- айтылым контекстік жағдайға байланысты интонациямен берілген толық сөзтұлға да, одағай да, шылау да, модаль сөз де болуы ықтимал (Ия! Жоқ! Олай емес. Ал. Мә! Тыңда! т.б.);
- айтылым грамматикалық жағынан толық таңбаланбаса да, қандай тұлғамен келсе де, белгілі хабар береді;
- айтылым нақты коммуникативтік қызмет атқарады.

М. Бахтин былай деп жазады: «Родной язык - его словарный состав и грамматический строй - мы узнаем не из словарей и грамматик, а из конкретных высказываний, которые мы слышим и которые мы сами воспроизводим в живом речевом общении с окружающими нас людьми. Формы языка мы усваиваем только в формах высказываний и вместе с этими формами. Формы языка и типические формы высказываний, то есть речевые жанры, приходят в наш опыт и в наше сознание вместе и в тесной связи друг с другом. Научиться говорить - значит научиться строить высказывания (потому что говорим мы высказываниями, а не отдельными предложениями и, уж конечно, не отдельными словами)» [7].

Әдеби тіл, сөйлеу тілі, жазба тіл деп бөлеміз, бұл да дұрыс! Өзіндік ерекшелігі бар, тұлғалық жағынан да, ұғымды таңбалап, ойды бейнелеу жағынан да, тілдік-грамматикалық және экспрессия-эмоциялық сипаты жағынан да бір-бірінен ерекшеленеді. Бұл бөлініс ойлау жүйесінің ерекшелігімен, астасып жатады. Тілдегі лексикологиялық, семантикалық, синтаксистік ерекшеліктер арқылы көрінетін мұндай жіктелістің орын алуы тілдің, лебіздің дамуымен, жоғары деңгейде әдеби тіл жасауға ұмтылысымен тығыз байланысты. Сөз қолданысындағы өзгерістердің өзі де ұшан-теңіз. Бір грамматикалық құрылымға, бір семантикалық жүйеге негізделген лебіздің өзінде сөйлеушінің білімі мен білігіне, мамандығына байланысты алуан түрлі өзгешеліктер болатыны анық. Мәселен, мамандығына сай қолданылатын термин сөздерді ескермегеннің өзінде, дәрігердің сөйлеу тілі мен адвокаттың сөйлеу тілінде, мұғалімнің сөзі мен жүргізушінің сөйлеуінде, ғалым мен кеңсе қызметкерінің сөйлеу тілінде де өзгешелік болады. Кәсібіне, мамандығына қарай сөйлеу тіліне енген ерекшеліктерді зерттеу үлкен ғылыми ізденісті қажет ететін өзекті тақырыптардың бірі.

Көркем әдебиет тілі өзінің логикалық, тілдік, көркемдік, танымдық, эстетикалық жағынан әлеуметтік топқа бөлінбейді. Ол сол тілді түсінетін, сол тілде сөйлейтін кез келген адамға ортақ тілде сөйлейді, бірдей ақпарат береді, бірақ өзі әртүрлі түсініледі. Екінші сөзбен айтар болсақ, авторлық интенция

ортақ болғанымен, оның түсінігі, қабылдануы бірдей емес. Әртүрлі әлеуметтік топтардың сөйлеу тілі әртүрлі болғанындай, олардың қабылдауы да әр алуан. Сөз біреу, жазушы біреу, жазылған шығарма біреу, ал оның қабылдануы, түсінілуі әркімнің патша көңілінің түкпірінде жатқан таныммен, дәстүрмен сіңген ділмен, дінмен, білімімен, білігімен байланысты. Сондай-ақ, қазіргі таңдағы интернет желілеріндегі әлеуметтік желілердің тілі де лебіздің қасандануына әкелерінде дау жоқ. Айтылар сөзді бағаламау, «айтқан өз аузым» психологиясы лебізде жаргондарды, диалектілерді қолдандырып қана қоймай, сонымен бірге сөзді бұрыс қолдануға, қалай болса солай сөзді бұзып жұмсауға әкеледі.

Тіл табиғатынан әлеуметтік құбылыс болғандықтан, бұған бей-жай қарауға болмайды. Фейсбукке екі сөйлемді қате жазғаннан, немесе бір сөзді, мақалды, тұрақты тіркесті бұрыс қолданып қойдым деп, қазір ешкімнің де басы ауырып, қиналып жатқан жоқ. «Мен қате жазғаннан қазақ тілі бұзылып кетпейді» деген ой әр санада орын тепсе не болармыз. Сонда бәріміз де солай бұрыс жазып, бұрыс қолданыстарды тұрақтатып, тұрақты тіркестерді орынды-орынсыз қолданып, варваризмді күшейте берсек, тілдік қолданыс қайда барады?

Әлеуметтік мәні бар кез келген ақпарат құралының лебізі, әлеуметтік желілерде жазылған ақпараттар, тіпті ол бірер ауыз пікір қосу үшін жазылған сөйлемнен тұрса да, кең ауқымды қамтитын қауымға арналғандықтан, өзіндік лебіздік құндылыққа ие. Ақпаратты тыңдаушы мен оқушының ниеті де, деңгейі де, білігі де әртүрлі болғандықтан, әркім одан өзінше пікір түйері анық. Сондықтан да әр замандағы сөйлеу тілінің деңгейіне де, жазба тілдің деңгейіне де сол тілде сөйлейтін әрбір адам жауапты болады.

Тіл - ұлттық құндылық болғанда, лебіз - әлеуметтік-идеологиялық нақтылық. Әр түрлі мінберден айтылған сөз де, әртүрлі ақпарат құралдарында жазылған не айтылған ақпарат та сол уақытта қолданылып тұрған тілдің жағдайынан, тілдік ахуалдан хабар береді. Сөйлеушінің немесе жазушының, ғалымның тілі сақау болса, сол уақытта қолданған тіл (лебіз) сақау деген сөз, немесе таза сөйлеп, сөз қолданысы дұрыс болса, сол уақыттағы сөйлеу не жазба тілдің деңгейі жоғары деген сөз. Тек аты белгілі үлкен ғалым немесе жазушы ғана тілдік ахуалды анықтап қоймайды, біздің кез келгеніміз тілдік ахуалды қалыптастыруға және оны дұрыс қолдануға қызмет етеміз және өз заманымыздағы сөздің құнын арттырып, мәнін келтіретін де Біз. Өйткені бәріміз жиналып «халық» атты ұлылықты құраймыз.

Біз күнделікті ақпараттарды жеткізетін, қуаныш-сүйінішімізді, жақсылықтарымызды бөлісетін лебіз – ана тіліміздің дамуының кепілі. Ақын-жазушы тілінде жасалған керемет метафоралар мен метонимияны, айшықты сөз қолданыстарын оқушы немесе студент мақсатты қолданса ғана, орнығып, тұрақтап, нағыз халықтық қолданысқа ие болып, тілімізді дамытады. Олай болмаған күнде, сөз зергерлерінің кітабының ішінде ғана қалған сөз кестелерінен

не пайда, ол - жоққа тән. Осы күнге дейін сөздіктерді пайдаланып сөз үйренген қазақты көрген де, естіген де, оқыған да жоқпыз. Шешен сөйлеуді үйрену үшін, сөздікті пайдаланып емес, жүйелі сөзді тыңдап, көркем сөзді оқып үйренер болар. Бұл үшін тілді оқыту – функционалдық-семантикалық бағытта жүргізілуі тиіс.

Лебіз - бейтарап құбылыс емес, онда кісінің сезімі, сенімі, күйініші, сүйініші жатыр. Әрі жазылған, тілдік таңбаға түскен мәтін де тыңдаушысын бейтарап қалдырмайды, оның қандай да бір эмоциясын (жақсы болсын, жаман болсын, жақтырсын, жақтырмасын) туғызады. Яғни айтылған немесе жазылған мәтін автордың ерекше бір интенциясын білдіру арқылы күрделі процеске айналады.

Әдеби тіл мен ауызекі сөйлеу тілі бірдей емес, бір-бірінен үлкен айырмашылығы бар. Алайда оларды бір-бірінен бөліп тастауға да болмайды. Әдеби тіл өздігінен өмір сүре алмайды. Әдеби тіл ауызекі сөйлеу тілін және керісінше, ауызекі сөйлеу тілі әдеби тілді байытып, дамытып жатуы керек те, әдеби тілді жасалған терең сөз қолданыстары мен айшықты тіркестер ауызекі тілде қолданып, оны байытуы шарт. Әдеби тіл өзімен-өзі тұйықталмай, оқығанның санасына сәуле шашып, нұр құйып, кәсібі мен мамандығына қарамай, жалпы халыққа ортақ лебізде сыр шертеді.

Қорыта айтқанда, ең алдымен, қазақ тілін оқытудың бағытын, тұжырымдамасын өзгерту керек. Кеңестік кезеңнен сіңіп қалған формальдық бағыттан аулақтап, сөздің ішкі мағыналық құрылымын дүниетанымдық бағытта, когнитивтік негізде саралап, ауызекі сөйлеу тілінің деректері арқылы сөйлеуді функционалдық-семантикалық аспектіден оқыту қажет. Қазіргі жаһандану уақытында әрбір қазақстандықтың қазақ тіліндегі грамматикалық категорияларды жаттап алғаны емес, қазақ тілінде сөйлеуі маңызды. Осы тұрғыдағы оқытудың жаңа инновациялық әдістерін тереңдете пайдалану لازم.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сталин И. В. Марксизм и вопросы языкознания. Относительно марксизма в языкознании. Правда. - М., 1950, 20 июнь.
2. Ысқақов А. «Зиянды кітап», «Лениншіл жас», 1946, 11 сентябрь, Э. Севортян «Об ошибках казахских языковедов». «Вопросы языкознания», 1953, №2.
3. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. — 640 бет.
4. Әміров Р.С. Жай сөйлем синтаксисі: [университеттер мен педагогика институттарының филология факультеттеріне арналған оқулық] / – Алматы: Мектеп, 1996. – 154 б.
5. Синтаксис строфы. Монография. - Омск (РФ), 2008.

6. Қазақ тілі. Энциклопедия, 1998. 365-бет.
7. Проблема речевых жанров. // Бахтин М.М. Собр. Соч. – М.: Русские словари, 1996. – Т.5: Работы 1940-1960 гг. – С.159-206.

## САБАҚТА БЕКІТУ МЕН ҚАЙТАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Жусанбаева С.Б.**

*филология ғылымдарының кандидаты*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Сабақта үнемі бірыңғай қайталанатын операцияларды жасаудан мұғалім де, оқушы да жалығады. Жалықпау үшін не істеу керек? Мұғалімдердің көпшілігі бұдан шығу үшін әр түрлі сөзжұмбақ, ребустар, ойындар т.б. тапсырма түрлерін орындатады. Сабақта жалықпау үшін жаңа тақырыпты бекітуде қолдануға болатын мынадай кеңестер ұсынуға болады:

1) Жаңа материалдың елеусіз, маңызды емес, белгілерін түрлендіру әдісі. Тапсырма: *Бастауыштың астын сыз. Осы тапсырма қанша рет бір сыныпқа берілді десеңізші! Осы тапсырманы қалай түрлендіруге болады? Сөйлемдер арқылы түрлендіре аласыз ?*. Сөйлемдердің мағыналары терең де қызықты, әрі оқушы бастауышты табу үшін біраз қиналатындай, ойланатындай болу керек. «Қылышты көтерген қылыштан өледі», «Бала баланың ісі шала». «Жақсы ісімен жақсы», «Бес жердегі бес жиырма бес». Осы секілді сөйлемдерден бастауышты тапқызу. 5-8 сынып аралығындағы “Әдебиет” сабағы қалай өтетінін көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші? Көбіне ақын-жазушының көркем шығармасының мазмұнын әңгімелеумен өтеді. Мәтінге жақын әңгімелеу, өз сөзіңмен әңгімелеу. Осы екі әңгімелеудің қайсысын таңдаған дұрыс деп ойлайсыздар? Біздіңше, таңдау мәтіннің мазмұнына байланысты. Қарапайым, күлкілі, қызық оқиғалы мәтінді өз сөзіңмен немесе әртүрлі жақтан, кейіпкердің атынан т.б. түрде әңгімелеуге болады, ал кейбір күрделі ой-толғауы көбірек мәтіндерді әңгімелеу – қиындық туғызары анық.

2. Жаңа материал жаңа байланыстар мен қатынастарда көрінеді.

Мұғалім іс-әрекетінің мәні – құбылысқа үнемі жаңа жағынан келуі. «Сөйлем» тақырыбын өткенде оқушыларға шағын мәтін беріп, *сөйлемдерге ажыратып, тыныс белгілерін қойыңдар. Немесе үтір мен сызықшаның айырмашылығы және т.б. тапсырмалармен сабақты бекітіп қайталауды ұйымдастыруға болады.*

3. Жарыстар мен конкурстар.

Мысалы, «Кім жақсы, қатесіз жазады?» Жарыс ешбір оқушының құқығын бұзбауы керек. Баға тек ең жақсыларына ғана қойылады. Немесе

топтарға бөлінеді. Нашар жұмыстар бағаланбайды. Тапсырмаларды нақты оқушыларға бағыттау керек. Әр түрлі тапсырмалар беріп, содан кейін оның жауабын басқалар да тыңдап, жауабын бағалауға қатысады. Мысалы, қазақ тілі сабағында оқушылардың барлығы бірдей өзі тұратын елді мекендердің ауа-райын, табиғаты туралы жазады. Ал енді осы тапсырманы қалай өзгертуге болады? Әр оқушыға өзінің ұнататын жерінің табиғатын суреттейтін тапсырмалар берген орынды болады.

#### 4. Таңдау.

Оқушыға бекіту мен қайталау тапсырмаларын таңдауға ерік беріледі. Мысалы, әдебиет сабағында әрбір оқушыға белгілі бір автордың өзінің қалаған өлеңін, әңгімесін оқуға, жаттауға мүмкіндік туғызу. Таңдау мұғалімге оқушыны терең білуге, тануға жағдай туғызады. Жоғары сынып оқушыларымен әдебиет сабағында көркем шығарма негізінде киносценарий жазуға тапсырма, оқу телебағдарламаларын жасау, әңгімеге музыка таңдау, әңгіме бойынша сурет салуға тапсырма беруге болады. Л.Толстойға «Азбука» мен «Книга для чтения» кітаптарын жазуға оның оқушылары көмектескен екен. «Оқулықты өзгерту» тапсырмасын жоғары сынып оқушыларына беруге болады.

5. Бекіту немесе қайталауға арналған сабақтарда оқушыларға сейілту кезеңдері ұйымдастыру.

Бұған бір-екі минуттық ойындар, әзіл-қалжың түрінде тапсырмалар ұйымдастыруға болады. Мысалы, *бір минут ішінде бірдей әріптен басталатын қала, өзен, тамақ атауларын кім көп жазады ?* Немесе *«Сен маған әкесің, бірақ мен саған ұл емеспін».* Сонда ол әкесіне кім болады? Бұл 1-сыныптың тапсырмасынан алынған. Немесе *«Сен менің немерембісің ?»* дейді үлкен кісі. *Кішкентай оған: «Бірақ сен маған ата емессің», - дейді. Сонда жаңағы кішкентайға үлкен кісі кім болады?*

Жаңашыл Е.Ильин мұғалімдерге, сабаққа жауап беретін оқушыларға, т.б. әңгімені, жауапты ең соңында отырған балаларға қараудан бастау керек, орталарында отырғандар өздері-ақ қимылдайды, содан кейін алдында отырғандарға қарау керек.

Оқушы жауап беріп отырған кезде басқа оқушылардың ойлануы, жауапты қадағалау, бағалау үшін де белгілі бір әдістер қолданылады. Ғалым Л. М. Фридман оқушы жауабын қалай тыңдайсың деген сұраққа 500 оқушының 15 пайызы жауапты тыңдаған, 54 пайызы сабақтан басқа нәрселерді ойлаған. 54 пайызды сабаққа қатыстыру үшін, жауапты тыңдату үшін не істеу керек?

Жолдасының жауабын рецензиялауға даяр болу.

Оқушы тақтада жазып тұрғанда, басқалары не істейді? Жаттығу әр түрлі болу керек. Бақылау мен бағалау қандай болады. Бағалау жиі әрі объективті болғаны дұрыс. Мұғалім ғана бағаламай, өзара тексеруді, өзін-өзі тексеруді ұйымдастыру.



Тірек сызбалар пайдаланылған жерде тексеру үнемі жүреді [1]. Жаман бағаларды түзетуге мүмкіндік беріліп тұрады.

#### *Өзара тексеру*

Екеуара жұмыс. 3-4 минут сұрақ-жауап түрінде, әр сабақ сайын жұптар ауысып тұрады. Жұпта «мұғалім» болған оқушы сыныптың бағалау дәптеріне баға қойып, қолын қояды. В.Ф.Шаталовта күшті оқушы – кеңесшілер қиын тапсырмадан кейін команда берілген соң нашар оқитындардың қасына отырып, әр түрлі тапсырмалардың шешуіне көмектеседі [2].

Е. Ильин бойынша оқушылар бір-бірінің шығармасына рецензия жазады. Немесе алгоритмдер бойынша өзара тексеру: 1.Мағынасыз құрылған сөйлемнің болуы немесе болмауы. 2. Талдау жасау – түсіндіру, мазмұндау емес. 3. Негізгі ойдың болуы немесе болмауы. 4. Азат жол. 5.Сөздің дәл мағынасында қолданылмауы. 6. Фактілерден қателесу, т.б. Кабинетте осы қателерді көрсететін шартты-белгілердің барлығы ілулі тұруы қажет. Осындай өзара тексеру мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен қатар тексерушілерді дұрыс, қатесіз жазуға үйретеді [1].

#### *Өзін-өзі тексеру*

«Өзімді тексеремін» диктантының ерекшелігі – мұғалім диктантты оқығанда немесе өтілген ережеге қатысты орындарға көп нүкте қойылған мәтіндерді көшіргенде, оқушы өзі күманданған орындарды белгілеп қояды. Мұғалімнен дұрыс жазылуы қалай болатынын сұрап жазып отырады. Мұғалім жұмысты тексергенде оқушының түзетілмеген қателерін ғана есептейді.

Жалпы алғанда, оқушы білімін бақылау түрлері туралы жазылғандардың өте көп екендігін ескертеміз.

Кейбір тәжірибелі мұғалімдердің ойынша, сабақта тек қана өз бетінше жұмыс беріп отырған мұғалім уақытын текке жібереді. Себебі кейбір оқушылар қалай, неден бастарын білмей отырады, қате жіберіп қоямын деп күманданады және т.б. Мұғалім де бекер отырмай оқушыларға көмектесіп, қателерін түзеп, бірақ кейін оны қатеге есептемей тексерген дұрыс дейді.

Мұғалім қайталау мен бекітуді ұйымдастырғанда мыналарды ескергені дұрыс: жалықтыратын бірізді тапсырма – сұрақтардың орнына жаңа материалдың елеусіз тұстарын түрлендіру; тақырыпты жаңа байланыстар мен қатынастарда көрсету; әр түрлі жарыстар, конкурстар және т.б. енгізу, оқушыларға тапсырмаларды таңдау құқығын енгізу және т.б.

Сабақта өтілген тақырыпты қайталаудың кең таралған әдісі – дәстүрлі репродуктивті әдіс. Бұл әдіс бойынша мұғалімнің айтқанын немесе оқулықта жазылғанды қайталау.

Біздің ойымызша, қайталау оқушының белсенділігін жоғарылататын әрі дамытатын қызмет атқарады. Мұндай қайталаудың басты қағидасы қайталауда

репродуктивті әдістен оқушының іс – әрекетіне ауысу, яғни алған білімін қолдануы және алған білімін өзгертуге бағытталуы маңызды.

1. Әрбір оқушы жаңа тақырып бойынша өзінің тірек конспектісін құрайды. Мұғалім де өзінің осыған ұқсас конспектісін қолданып, оқушыларына конспектіні пайдалануды үйретіп отырады. Сабақ барысында оқушылар тірек конспектілерімен алмасып, көршісінің тірек конспектімен тақырыпты түсіндіреді.

2. Сабақта өтілген жаңа тақырыпқа оқушылар өздерінің сұрақтарын құрайды. Одан кейін ол сұрақтарды бір-біріне немесе тақтаға жауап беруге шыққан оқушыға қояды. Оқушылардың тақырып бойынша қоятын сұрақтары бүкіл материалды қамтуын мұғалім қадағалап отырады.

3. Жаңа тақырып бойынша алған білімдерін толықтыратын қосымша сұрақтарды оқушылар тағы да дайындайды. Оған жауапты барлығы бірігіп іздеуі мүмкін. Жауапты таба алмаса, ол тақырыптың ашық қалған келелі мәселесі болады.

4. Оқушылар жаңа тақырыпқа өздерінің мысалдарын дайындайды.

*Бұрын өтілген тақырыптарды қайталау*

Пән бойынша терең білім қалыптастыру үшін өтіп кеткен тақырыптарды үнемі қайталау және оны әр түрлі мән мәтінде, байланыстыра қарастыруды талап етеді. Мысалы, В. Ушинский кезінде жаңа тақырып оқушының есінде сақталуы үшін екі рет қайталаса жеткілікті деген, ал жаңашыл мұғалім В. Шаталов әр түрлі әдіс-тәсілмен және түрлі жағдайларда 6-7 реттен қайталанғанда ғана оқушы жадында қалатынын дәлелдеген [2].

Ол үшін жаңа тақырыпты өткен соң, оқушылар оның бұрын өтілген қандай тақырыппен байланысын мұғалім көмегімен анықтаған соң, оқушылар өз тарапынан мысалдар, тапсырмалар, сұрақтар іздеп табады. Бұл тәсілдің артықшылығы – бұрын өтілген тақырып қайталанатын әрі оқушылар өз білімдеріне басқа қырынан қарайды. Мысалы, әдебиет сабағында өтіп жатқан көркем шығармадан құрмалас сөйлемді және оның түрлерін табу немесе көнерген сөздерді, неологизмдерді іздеу.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Е. Ильин. Путь к ученику. – М., 1988.
2. Шаталов В.Ф. Эксперимент продолжается. – М.: Педагогика, 1989.

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Иманқұлова С. М.*

*Егізбаева Н. Ж.*

*филология ғылымдарының кандидаттары*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту Тұжырымдамасында: «Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне жаңа сапа мен қоғамдық мәртебе беру және оны айрықша сала ретінде қабылдау қажет, оның бірінші кезектегі міндеті – жоғары білікті мамандарды оздыра даярлау, икемділік пен білімділік болуға тиісті», – деп көрсетілгендей, маманның біліктілігі мен кәсіби деңгейінің жоғары болуы оқытуды дұрыс ұйымдастыра білумен байланысты. Бүгінгі қазақстандық білім беру жүйесіндегі айрықша өзгерістер «адамның еркін дамуына», оның жоғары мәдениетін, шығармашылық белсенділігін, дербестігін, бәсекеге қабілеттілігін, икемділігін дамытуға басым бағыт береді. Жоғары кәсіптік білімді дамытудың қабылданған тұжырымдамасына үшдеңгейлі білім жүйесіне сәйкес бакалавриат, магистратура, PhD докторантура стандарттары жасалды. Тұжырымдамада *«маман моделі»* кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарда кәсіби тұлғаны қалыптастыру маңызды міндет ретінде қарастырылады.

Соған орай қызмет етудің барлық саласында нақты бір білім, шеберлік, дағдыға, жеке адами қасиетке ие, өзінің кәсіби қызметін жоғары деңгейде атқаратын білікті мамандарға сұраныс артып келеді. Қоғамдағы жағдай еңбек нарығының нақты сұраныстарына сай мамандардан тек қазақ тілінде сөйлеу дағдысын талап етіп қана қоймайды, өз саласындағы қызметтік құжаттарды дұрыс түсініп, сауатты жаза білуге әсер етеді. Яғни кәсіби салаға қажетті тілдік құрылымдарды, терминдерді жетік меңгеруге мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ алған тілдік білімін қатысымда (іскерлік кездесулерде, қызмет барысында, мәжіліс, жиындарды және т.б. ) ұтымды пайдалана алу дағдысын да қалыптастырады.

Бұл өз кезегінде қазіргі студенттің кәсіби қазақ тіліне деген сұранысының артуына ықпалын тигізіп, тілдік тұлғаның сөздік қорын, кәсіби лексикасын дамытуға жол ашады. Бүгінгі студент – болашақ маман өзінің алға қойған мақсатына жетуі үшін үнемі ізденіп, білімі мен біліктілігін арттырып, бірнеше тілді жетік үйренуге, әсіресе қызметіне қажетті кәсіби тілді үйренуге қатты мән береді.

Кәсіби қазақ тілін меңгеру арқылы тілдік пайымдаулар жасауға, сөйлеу әрекеттері арқылы логикалық тұжырым (түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, салыстыру, қорыту) жасауға, айналадағы құбылыстарды көзбен көріп, олармен

қарым-қатынас жасауға қызығушылық танытуға және қабылдауға үйренеді. Сөйтіп еңбексүйгіштік, жігерлілік, мақсатқа жетушілік, белсенділік сынды қасиеттері қалыптаса отырып, тілді меңгеруге құлшынысы артады.

Қазақ тілінің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның қоғамның барлық саласында қолдану аясының кеңі түсуі тіл үйренушілердің болашақ мамандығымен тығыз байланысты екендігі баршамызға дау туғызбаса керек. Осыдан бәсекеге қабілетті, мемлекетіміздің мақсаты мен мүддесіне қызмет ететін білікті маман даярлауда **бұл пәннің өзекті екендігі** айқындалады.

ЖОО-дағы қазақ тілі курсы коммуникативті-бағдарлы және кәсіби бағдарлы қасиетке ие. Оның міндеттері мамандардың өз саласы бойынша, немесе болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған коммуникативтік және танымдық қажеттіліктері бойынша анықталады.

Кәсіби қазақ тілін меңгеретін студенттер үшін «коммуникативтік құзырет» ұғымы:

*лингвистикалық құзырет* (ЛҚ), қазақ тілін тілдік ойлау қызметі ретінде пайдалана білу (тілдік білім);

*прагматикалық құзырет* (ПҚ), қатысым жағдайындағы коммуникативтік мазмұнды жеткізе білуге дайындық (стратегия);

*когнитивтік құзырет* (КҚ), коммуникативті ойлау қызметіне дайындық (тілдік ойлау);

*ақпараттық құзырет* (АҚ), яғни қатысым құралының мазмұнына ие болу.

Тіл үйренушілер кәсіби тілді меңгеру барысында сөйлеу әрекетінің: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым түрлерін дамыта отырып, белгілі бір құзыреттілік дағдыға ие болуы керек.

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқытудағы коммуникативтік құзыреттілік дағды төмендегідей негізгі міндеттер бойынша анықталады:

**лингвистикалық құзыретті қалыптастыру** – тақырыпқа қатысты лексикалық бірлікті дамыту дағдысы; негізгі терминдер мен ұғымдардан тұратын пәрменді сөздіктердің дамуы; грамматикалық дағдыларды жетілдіру;

**прагматикалық құзыретті қалыптастыру** – кәсіби мазмұндағы мәтіндер негізіндегі диалогтік және монологтік айтылымдарды қалыптастыру шеберлігі, жазылым дағдыларын жетілдіру, коммуникативтік стратегияны өңдеу шеберлігі (нақты бір сөйлесім жағдайына бейімделу);

**когнитивтік құзыретті қалыптастыру** – мәселелік тапсырмалар, ойын тапсырмалары, мәтіндер бойынша: мәтінді біріздендіру дағдысы (мазмұнның мәнін анықтау, сыни ойлау, негізгі және қосымша ақпараттарды айыра білу); мәтіннің мазмұнын ұғыну (сәйкестендіру, түсіндіру, жинақтау) дағдысы; мәтіннің мазмұнын өзгерту (толықтыру, қайта құру, қажетті мазмұнды таңдау);

**ақпараттық құзыретті қалыптастыру** – тілдік тұлғаның кәсіби шеңберіндегі, сондай-ақ қоршаған әлем туралы ақпаратты қолдана білу дағдылары. Түрлі

нысандар (теледидар, ұнтаспа, смартфон, компьютер) және ақпараттық технологиялар (бейне, электрондық почта, әлеуметтік желілер, Интернет т.б.) көмегімен ізденімпаздық біліктері қалыптасып, ақпаратты талдау, саралау, сараптау, сақтау және оны тарата білуге үйренеді.

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін жүргізу үшін алдымен «Кәсіби бағдарлы қазақ тілі» пәні өтіледі. Еліміздегі орта білім беру жүйесінің 12 жылдық білім беруге көшуі, әлемдік білім беру кеңістігіне бағдар тұтуы білімге деген көзқарасты жаңаша тұрғыдан қарастыруды көздейді. Соған орай бұл курс мектеп бағдарламасы аясында қазақ тілінің А1, А2, В1 деңгейіндегі тілді меңгеріп келген «бакалаврға» түскен студенттерге арналады. Яғни, ЖОО-на түскен студент тілдік стандарт бойынша В2 деңгейінен бастап жалғастырады. Оның тілдік біліміне байланысты (мүмкін В2-С1) оқытылады. Яғни, студент ЖОО-на келгенде, тілдік білімі орташа деңгейде, мектеп бағдарламасы бойынша сөздік қоры жеткілікті, тілдік дағды мен шеберлікке, тілдік құзірет талаптарына жауап бере алатын болып келуі талап етіледі. Әйтпесе, «Кәсіби бағдарлы қазақ тілі», «Кәсіби қазақ тілі», «Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас» сынды пәндерді өту ауыр соғады. Болашақ маманның кәсіби дағдыларды қолдану салаларына байланысты арнаулы тілдік білім жиынтығы өте кең болуы керек. Себебі, өндіріске барғанда арнаулы терминдерді қолдану жиілігі артады. Сөйтіп кәсіби тілдік дағдысы дамиды, жетіледі.

«Кәсіби қазақ тілі» пәні инновациялық технологияны кең қолдану мақсатында модульдік оқыту жүйесіне сәйкес жүргізіледі. «Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқып меңгерудің алдында студент «Кәсіби бағдарлы қазақ тілі», «Қазақ тілі» пәнін меңгеруі керек, содан кейін модульдік оқыту жүйесі бойынша «Кәсіби қазақ тілін» оқып үйренеді. Байқап отырғандай, пән арасындағы сабақтастық қатаң сақталады. Сабақ тақырыбы тілдің грамматикалық құрылымына негізделгендіктен, тілдік норма, тілдік заңдылықтар қатаң сақталынады. Салаға қатысты белсенді қолданылатын терминдер іріктелініп алынады. Қатысым жасаудағы тілдік клишелер мен тілдік құрылымдар сұрыпталынады.

**Пәннің мақсаты** – студенттердің қатысымдық құзыреттілік деңгейін көтеріп, қазақ тілін кәсіби (іскери және ғылыми) қызметте, сондай-ақ өз білімін жетілдіру мақсатында пайдалана алуына жөн сілтеу. Болашақ маманды таңдаған саласына қатысты терминдермен жұмыс істеуіне, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдана білуіне, яғни кәсіби құзыреттілік талаптарына жауап беруге дайындау.

Басқаша айтқанда, кәсіби тақырыптардағы мәтіндер негізінде тіл үйренушілердің сөйлеу біліктілігін жетілдіру, лексикалық қорын, грамматикалық білік-дағдыларын қалыптастыру, қазақ тілі грамматикасы туралы білімін дамыту. Кәсіби қазақ тілін меңгерудің әрбір деңгейіндегі негізгі

міндеттерді сөйлеу түрлеріндегі модельдер мен қатысым түрлері арқылы жүзеге асыру.

Кәсіби қазақ тілі жалпы білім берудің «филология» саласына жатады. Студенттердің филологиялық білімдерін, тілдік мәдениет пен тілдік құзіреттілік деңгейін жетілдіру «Қазақ тілінің» жалпы білім беру бағдарламасындағы оқу пәні ретінде маңызын арттырады.

Пән «Кәсіби қазақ тілі» деп аталады. «Кәсіпке кіріспе» деп тұрған жоқ. Әр пәннің өз ерекшеліктері мен заңдылықтары болады. Ондай заңдылықтарды сол пәнді оқытып жүрген мамандар ғана ажыратып, түсіндіре алады. Қазақ тілін білген кез келген сала маманы кәсіби қазақ тілін бере алмайды. Қазір лингвистика салалары ерекше дамып келеді. Тілімізге еніп жатқан көптеген терминдерді тілдің заңдылығын ескере отырып қолдану да тек филолог мамандардың құзырындағы шаруа. Сала маманы терминдердің аудармасын бергенімен, оның мағынасын, тіркесімділігін, сөйлем жүйесіндегі орнын, тілдік құрылымдарды, сөздің қолдану дәлдігін филолог маман сияқты ажырата алмайды. Осыдан келіп сөзді орынды жұмсамау, мағынасын жете түсінбеу, сөйлемдегі шұбалаңқылық орын алады. Тіл үйренушіге қиындық тудырып, ынтасын төмендетеді. Оған мысал ретінде жаратылыстану салаларына арналған оқу құралдарын алуға болады. Сөйлемдері шұбалаңқы, мағынасы бұлыңғыр, сөйлемдегі ой шашыраңқы.

Қорыта келгенде, «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің негізгі мақсаты коммуникативтік құзыреттілік дағдыны қалыптастыру және дамыту, бәсекеге қабілетті әрі құзыреттілігі жоғары тұлғаның кәсіптік маңызы бар ортада қазақша ойын толық және анық жеткізуі үшін кәсіби тілдік дайындықты қамтамасыз ету болғандықтан, бұл пәнді қазақ тілі маманы жүргізуі керек деп санаймыз.

«Үш тілде білім беруді оқу және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету CEFR негізінде (2016 – 2017 жылдар) тілді деңгейлеп оқыту (қазақ, орыс, ағылшын) бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу шеңберінде жүзеге асырылатын болса» [1], қазақ тілінің жетекші рөл атқаратындығын ескере отырып, бұл пән тек орыс бөлімінде ғана емес, қазақ бөлімдерінде де оқытылуы керек деген тұжырым жасаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2016 жыл.

## ТІЛДІ ҮЙРЕТУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

*Иманқұлова С.М.*

*филология ғылымдарының кандидаты*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазіргі таңда еліміздің даму кезеңі қоғамның барлық саласындағы терең интеграциялық үдерістермен ерекшеленуде. Ал тілдік білім сол ақпараттарды жариялап, тұлғаның санасын қалыптастыруға, оның қоғамдағы өзгерістерге тез бейімделіп, ашық ақпараттық кеңістікке еркін кіру қабілетін дамытуға мол мүмкіндік беруде. Осы мәселеге профессор Р.С. Әмір: «Қазақ тілінің келешегі, болмысы қазақ халқының жаңа формацияға сай жаңаша өмір сүру дәстүрін игеруіне байланысты. Әлеуметтану ғылымында халықтың өрісі, өресі оның ой жұмысының, еңбектенуінің қажырлығына (ол еңбектерде «напряженность» деп аталған) тәуелді деген тұжырым бар. Ендігі тірлігіміз ғаламдану қатынас, жағдайына көшетіні анық. Осы байланысқа біз өзіміз де, тіліміз де түседі» [1, 177 б], – деп өз пікірін білдірген болатын.

Шынында да, қазіргі өмірімізге дендей еніп кеткен Интернеттің қарыштап дамуымен онлайн режиміндегі қарым-қатынастың негізінде пайда болған виртуалды әлем, әлеуметтік қарым-қатынастың жаңа модельдері тұтынушының тілдік біліміне, тілдік жағдайына елеулі әсерін тигізуде. Қазіргі таңдағы ең үлкен ақпараттар көзі – Интернеттің арқасында адамдар жаңа түр, жаңа мазмұнда виртуалды қарым-қатынасқа түсіп, айналасына құндылықтары мен қызығушылықтары ортақ қолданушыларды топтастырды.

Электронды құралдардың көмегімен байланыс орнатып, шегарасыз ақпараттық кеңістікті қалыптастырды. Сөйтіп тілді жүзеге асыру аясының жаңа коммуникативті ортасы – Интернет – тілдің өмір сүру формасы мен қарым-қатынас жасаудың жаңа әдіс-тәсілдеріне жол ашты.

Тілді оқыту мен бақылау үдерісін ұйымдастырудың осындай бір түрі – **мобильді оқыту** болып табылады. Ол мобильді байланыс құралдарын (смартфон, планшетті компьютер және т.б.) пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Студенттердің аталған құралдар арқылы кез келген орында, қалаған уақытында тілдік дағдыларды, сонымен қатар сөйлеу шеберлігін дамытуына және жетілдіруіне болады.

«Мобильді оқыту» термині «қашықтықтан білім беру» ұғымымен тығыз байланысты. Мұнда оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасы қашықтықтан жүзеге асып, оқу үдерісіне тән компоненттер (мақсаты, мазмұны, әдіс-тәсілі, ұйымдастыру формасы, оқыту құралдары) түгел қамтылады.

Шетел тілін оқыту практикасындағы мобильдік технологиялар: **электронды пошта, блог-технология, викитехнология, подкаст, веб-форум,**

**лингвистикалық корпус, электронды сөздіктер, ақпараттық-анықтамалық Интернет-ресурстар, синхронды видео-интернет-коммуникация құралдары мен навигаторлардың** біразы қазақ тілін оқытуда да қолданылады. Оның әрқайсысы өзінің керемет дидактикалық ерекшеліктерімен, әдістемелік қызметтерімен танымал. Тілді үйретуде қатысымның: әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіби білім және т.б саласын және тілдік тұлғаның сөйлеу шеберлігі мен дағдысын қалыптастыруда таптырмас құрал.

Алайда осы заманауи технологиялардың бар екенін білгенімізбен, жеткілікті қолдана алмайтынымыз өкінішті. Ол үшін сабақ беретін аудитория заманауи құралдармен жарақталып, интернет-ресурсқа жылдам қолжетімділік қажет. Профессор Р.Әмір айтқандай: «Қазақ тілінің бұдан былайғы өрісі оның ақпараттық мазмұнының құнарлығына, сол ақпаратты жеткізу, хабарлау, мәдениетінің дәрежесіне бағынышты» [1, 177 б]. Сонда «республикадағы білім беру жүйесінің сапасына көңіл толмайтын» көзқарастар өзгеріп, «қазақ тілінің позициясына нұқсан келмес» [1, 177 б] еді.

Бір мақала көлемінде аталған мобильді технологиялардың барлығына тоқталу мүмкін емес, сондықтан алғашқы үшеуін қарастырып, олардың тіл аспектісі мен сөйлеу әрекеті түрлерін дамытуға тигізетін ықпалына назар аударайық.

**1. Электронды пошта** – қолданушылар арасындағы **жазбаша** хабарламалар мен хат алмасатын Интернет-қызметтің бір түрі. Қазір әрбір екінші тұтынушы ақпарат алмасу үшін электронды поштаның көмегіне жүгінеді. Еліміз mail.ru әлеуметтік желісін ең көп пайдаланушы елдер арасында Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орында тұр екен. Қазақстанда бұл сайтты аптасына 5 млн.-ға жуық адам қолданады. Осыншама көп тұтынушылары бар майл.ру-дың бірнеше қазақша нұсқасы болғанымен, қазақ жастары ұялы телефонның көмегіне көбірек жүгінеді екен. Ал ұялы телефонда қазақ тіліне тән әріптер толық орналаспағандықтан, сол тілде хабарлама жазбайды. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің қолданыс аясын шектейді. Дегенмен бұл олқылықтың да шешімі табылыпты. Интернеттегі қазақ тілінің қолданысына мүмкіндік беретін UTF-8 деген арнайы кодтың арқасында сайттарды қазақша ашуға мүмкіндік жасалыпты. Сондай-ақ [nur.kz](http://nur.kz), [www.yandex.kz](http://www.yandex.kz) және т.б. электронды поштаның қазіргі мүмкіндіктері жетерлік.

Электронды пошта арқылы хат алмасу әдетте екі адамның арасында жүреді, алайда адресат санын арттыруға болады. Тілдік тұлғаның жазылым әрекетін қалыптастыру үшін одан басқа да мүмкіндіктерін қарастыруға болады. Мысалы, телекоммуникациялық жобалар және т.б. елімізде, әлемде болып жатқан елеулі жаңалықтармен бөлісіп, пікір білдіру. Ол үшін студенттерге төмендегідей тапсырма беруге болады:

- мәдени-танымдық материалдарды талдау, салыстыру, салғастыру;



- өз елі, туған жері туралы ақпараттармен бөлісу;
- ұлттық құндылықтар туралы диалогке түсу және т.б.

**2. Блог-технология** (ағылшынша «blog», «web log» сөзінен шыққан) – мәтін, көрініс немесе мультимедиадан тұратын, жиі ауыстырылып отыратын контенті бар веб-сайт. Блог-технология – Интернет желісіндегі кез келген қолданушы күнделік не журнал түріндегі өзінің жеке блог-парағын ашып алуға болатын Веб 2.0 технологиясының бірі. Оған мәтін де, сурет те, аудио- және бейнежазбалар да орналастырып, басқа Интернет желісіндегі ресурстарға сілтеме жасауға болады. Блогқа кірген қолданушы сайт мазмұнымен таныса отырып, ондағы жарияланымдарға, салынған суреттерге түсініктеме беруіне болады. Барлық жазбалар хронологиялық тәртіппен (бірінен соң бірі) беріледі.

Ақпараттық кеңістікте қазақ тілінде блогтар үлкен қарқынмен дамып, қазақ тілінде мәліметтердің көбеюіне мүмкіндік жасауға септесуде. Мәселен, блог әлемінде қазақ блогшылары өз еріктерімен «WordPress.com» блогтұғырын қазақ тіліне аудару арқылы интернетте қазақ тілінде мәлімет бөлісетін алаңдардың көбеюіне түрткі болды. Қазақ тілді блогшылар интернеттегі қазақ тілінің жағдайын ғана жақсартып жатқан жоқ, сонымен қатар ақпараттық технология саласында қазақ тілінің кең қанат жаюына, тілдік өзгерістер мен оның дамуына өз үлесін қосуда. Атап айтқанда, [urimtal.yvision.kz/](http://urimtal.yvision.kz/), [Massagan.com](http://Massagan.com), [Zhastar.biz](http://Zhastar.biz), [zhasqazaq.wordpress.com](http://zhasqazaq.wordpress.com), [contentmaster.kz/](http://contentmaster.kz/), [aitaber.kz](http://aitaber.kz), [zhanaoi.kz](http://zhanaoi.kz), [kerekinfo.kz](http://kerekinfo.kz), [qazaqblogger.kz](http://qazaqblogger.kz), [massaget.kz](http://massaget.kz) және т.б. блогтардың саны да, мазмұны да күн сайын толығып келеді.

Блог-технологияның тілді үйретудегі әдістемелік қызметі мен дидактикалық қызметіне назар аударайық:

<b>Блог-технологияның дидактикалық қызметі</b>	<b>Блог-технологияның тілді үйретудегі әдістемелік қызметі</b>
<b>Жариялылық</b> (Блог бір-бірінен қашықтықта орналасқан жобаға қатысушылардың барлығына қолжетімді)	Блог кез келген нүктедегі Интернет-жобаға қатысушыға қолжетімді болғандықтан, аудиториядан тыс топтық жұмыстарды ұйымдастыруға, тіл аспектісінің (лексика, грамматика), сөйлеу әрекетінің (оқылым, жазылым) түрлерін дамытуға, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени, мәдениаралық құзыретті дамытуға қолайлы.
<b>Желілік</b> (өзгертулер мен толықтырулар хронологиялық)	Блогта автордың (модератордың) ақпараты (мәтіндік, фото-, видео-, аудио-) хронологиялық тәртіппен беріледі. Блогтағы бұрын жарияланған мәліметтер түзетілмейді, өзгерту жасауға

реттілікпен орналасқан)	болмайды. Модератор оны тек өшіре алады. Блог-технологияның мұндай дидактикалық қасиеті тіл үйренушінің сөйлеу әрекетін дамытуға мүмкіндік беріп, әрбір тілдік тұлғаның жеке жұмыс жасауына және қолданушылар арасындағы желілік қатынасты ұйымдастыруға жол ашады.
<b>Авторлық және модерациялау</b> (Блог авторы да, модератор да бір ғана адамнан тұрады)	Блог авторы бір ғана адамнан тұратындықтан, модератор қызметін де атқарады. Ол блогтың мақсатын, тақырыптық бағытын анықтап, басқа да қолданушылардың материалдарын (мәтіндік, графикалық, аудио-, бейне-) орналастыруды үйлестіреді. Қажет деп тапса, талапқа сай емес материалдарды өшіре алады. Сөйтіп блог-технология оқыту үдерісіне қатысушының әрқайсысының «үніне» назар аударады, жеке, топтық жұмыс жасауға ықпал етеді.
<b>Мультимедиалық</b> (блог контентін құруда түрлі форматтағы материалдарды (мәтіндік, графикалық, сурет-, бейне-, аудиоматериалдар) қолдану мүмкіндігі	Блог-технология түрлі форматтағы материалдарды (мәтіндік, графикалық, сурет-, бейне-, аудиоматериалдар) пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл – тіл байлығын арттыруға және әлеуметтік-мәдени материалдарды пайдалануға, эссе, пікір жазуға, шолу жасауға берілетін мүмкіндік.
<i>Кесте П.В. Сыроевтің «Блог-технология в обучении иностранному языку» мақаласынан алынды.</i>	

Студенттер жеке блогпен жұмыс барысында төмендегідей сөйлеу әрекеттерін жетілдіреді.

**Жазылым әрекеті:**

- жазбаша түрде өзі (блог авторы) туралы жеке мәліметтерді бергенде қажетті тілдік құралдарды пайдалану;
- туған елі, жері, оқу орны және т.б. мәліметтерді бергенде қажетті тілдік құралдарды пайдалану;
- пікір білдіргенде, келісім беру/бермеу кезінде (басқа қолданушылардың блогтарына пікір беруде) тілдік құралдарды пайдалану;
  - жеке сипаттағы хат жазуда;
  - түрлі типтегі эссе жазу барысында;

- фильм мен кітапқа пікір жазуда;
- өз пікірін білдіруде қажетті тілдік құралдарды пайдаланады.

### **Оқылым әрекеті:**

- қажетті факті мәліметтерді айқындау;
- қызықты/қажетті мәліметтерді алу;
- мәліметтердің маңыздылығын бағалау.

**3. Вики-технология** – белгісіз қашықтықта орналасқан бір немесе бір топ адамдардың ортақ жазба (мультимедиалық) құжаттарын құруға мүмкіндік беретін заманауи Интернет-технологияның бірі. Вики қызметінің атауы гавай тілінен («wiki-wiki») аударылғанда «тез» – мәліметтерге жылдам, тез қол жеткізу дегенді білдіреді. Бұл жүйе материалдармен жұмыс істеу барысында өзін толық ақтады деп айтуға болады. Вики қызметін алғаш рет 1995 жылы мәліметтер базасы ретінде құрған бағдарламашы Уорд Каннингем (Ward Cunningham) екен. 2000 жылдан бастап алғашқы желілік (онлайн) «Википедия» (Wikipedia) [www.wikipedia.org](http://www.wikipedia.org) энциклопедиясы пайда болды. Оған кез келген адам автор болуға мүмкіндік алып, вики қызметі әлемге танымал болды.

Википедия да вики-сервер сияқты танымал, оның өз қауіпсіздік қызметі бар, қолданушылар желіде орналасқан мақалаға толықтырулар мен өзгертулер енгізе алады. Мәтін, сондай-ақ сурет және бейнематериалдар көпшілік қауымға бірден жетпейді, желілік әкімшілік рұқсат еткен соң ғана шығады. Сондықтан Википедияның бетінде жарық көрген мәліметтер жоғары деңгейде сенімді. Тілді меңгертуде Википедия тілдік практиканы мәдени танымдық тұрғыдан байыту үшін ақпараттық ресурстар ретінде тиімді пайдаланылады.

Ал Қазақстандағы «WikiBilim» Қоғамдық қоры – қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, мәдениет және білім беру саласын дамыту мақсатында ерікті жастардың бастамасымен 2011 жылдың мамыр айында құрылған коммерциялық емес ұйым. Мемлекеттік тіл, білім беру, мәдениет және инновациялық технологияларды дамыту, қазақтілді контент пен интернет жүйесін дамыту мақсатын және т.б. көздеген ұйымның «Қазақша Википедия», «Қазақстанның ашық кітапханасы» және «Викимедиа» қорымен байланыс орнату т.б. жобалары бар. «WikiBilim қоғамдық қоры» дайындаған «Қазақстанның ашық кітапханасында» жиналған шығармалар саны 3000-нан асты. Жақын арада кітаптар мен аудиокітаптарды оқуға және тыңдауға арналған қосымшалар дайындалып жатыр. Ал [kk.wikipedia.org](http://kk.wikipedia.org), <http://kazakh.ru> беттерінде өзіңізге қажетті мәселелермен бөлісуге болады.

Тіл үйренушілерді оқыту мақсатында басқа вики-серверлерді тегін пайдалануға болады. Мысалы, Pbworks ([www.pbworks.com](http://www.pbworks.com)), MediaWiki ([www.mediawiki.com](http://www.mediawiki.com)), Wikihost ([www.wikihost.org](http://www.wikihost.org)).

Вики-технологиялар арқылы қалыптасатын сөйлеу әрекеттеріне назар аударайық.

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Сөйлеу шеберлігі
<p align="center"><b>Жазылым</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқиғалар/факті/жағдайларды сипаттау;</li> <li>- мәліметтерді хабарлау;</li> <li>- жеке көзқарасын білдіру;</li> <li>- өз елінің және басқа елдің әлеуметтік-мәдени келбетін көрсету;</li> <li>- өз көзқарасын айту және дәлелдеу;</li> <li>- оқыған/тыңдаған/көрген ақпараттардан өзіне қажеттісін белгілеп алу;</li> <li>- түсініктеме/толықтыру жасау;</li> <li>- түрлі дереккөздерден алған ақпаратты жинақтау;</li> <li>- әдеби кейіпкерлер мен тарихи тұлғаларға мінездеме беру. Қорытынды жасау.</li> <li>- қазіргі кезеңдегі факті/оқиғаларды бағалау;</li> <li>- түрлі сауалнамаларды (вики-серверге тіркелгенде), үлгілемелерді толтыру;</li> <li>- шағын/толық жоспар (вики-парақшаны жоспарлағанда) құру;</li> <li>- іскери хаттар жазу;</li> <li>- баяндама мен хабарлама жазу;</li> <li>- пікір жазу және шолу жасау;</li> <li>- эссе (сипаттама, хабарлама, дәйектеме, салыстырма түріндегі) жазу;</li> <li>- кәсіби және әлеуметтік тақырыптарға шағын мақала жазу.</li> </ul>
<p align="center"><b>Айтылым</b> (вики-құжаттармен жұмыс істеу барысында)</p>	<p>Әңгімеге қатысу; оқиғаларды сипаттау, фактіні айту; өз елінің және басқа елдің әлеуметтік-мәдени келбетін айту; өз көзқарасын айту және дәлелдеу; мәлімет сұрау және алмасу, қызықтырған ақпаратты нақтылау үшін әңгімелесушіден сұрау; әңгімелесу барысында бастама көтеру; түсініктеме/толықтыру енгізу; түрлі жағдайдағы көңіл-күйін білдіру; оқыған/тыңдаған/көрген ақпараттардан қысқаша толық айтып беру;</p>

	<p>әдеби кейіпкерлер мен тарихи тұлғаларға мінездеме беру;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шешім жасау;</li> <li>- қазіргі кезеңдегі факті/оқиғаларды бағалау.</li> </ul>
--	--

Қорыта келгенде, қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгертуде заман көшінен қалмай мобильді технологияларды жиі қолданып отыру коммуникативтік құзыреттілік аспектілерін қалыптастыруға септігін тигізеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Р.С. Әмір. Егемендік және қазақ тілі. «Тіл таным», – 2002. №3.
2. Капранчикова К.В. Мобильные технологии в обучении иностранному языку студентов нелингвистических направлений подготовки // Язык и культура. 2008. № 1 (25). С. 85–94.
3. Сысоев П.В. Современные информационные и коммуникационные технологии: дидактические свойства и функции // Язык и культура. 2012. № 1 (17). С. 120–133.
4. Сысоев П.В. Блог-технология в обучении иностранному языку // Язык и культура. 2012. № 4 (20). С. 115–127.
5. Сысоев П.В., Евстигнеев М.Н. Технологии Веб 2.0: Социальный сервис блогов в обучении иностранному языку // Иностранные языки в школе. 2009. № 4. С. 12–18.
6. Сысоев П.В. Вики-технология в обучении иностранному языку // Язык и культура. 2013. № 3 (23). С. 140–152.

### **КӨМЕКШІ СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

***Рамазанова Ш.Ә.***

*филология ғылымдарының кандидаты*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазақ тілінің грамматикасында толық мағыналы сөздермен қатар жеке тұрғанда мағына иеленбейтін, бірақ сөз тіркесінің құрамында көмекші қызмет атқаратын сөз таптары бар екені баршамызға мәлім. Солардың бірі – шылаулар.

Тіл қолданысымызда сөз табының осы түрінің жиі кездесетіні қалыпты құбылыс десек қателеспейміз. Алайда, орыс тілді ортада ұсынылып жүрген оқу құралдарында шылауларға көп мән беріле бермейді. Оның жалпы түрлері аталғанымен, өзіндік ерекшеліктері, реңктік мәндері, орыс тіліндегі мәндес нысандары толық қамтылмай қалып жүр.

... В казахском языке существуют категории слов, не имеющих самостоятельного значения и не обладающих самостоятельной функцией в предложении. Они называются шылау сөздер и делятся на септеуліктер (послелогои), жалғаулықтар (союзы) и демеуліктер (частицы) дейміз де, әрқайсысына бір мысал берумен шектелеміз. Өйткені бұл сөз табының орыс тілі грамматикасында балама нұсқасы барлығына арқа сүйейміз. Студенттер қиындықсыз қабылдайтынына сеніміміз болады. Шындығында солай ма? Қазақ тіліндегі «жалғаулықтар» мен орыс тіліндегі «союздардың» сөз табы ретінде атқаратын қызметтері бірдей емес. Жалғаулық шылаулар байланыстыру қызметі жағынан сөз бен сөйлемге қатысты ерекшеленеді. Сондықтан оларды оқытқан кезде байланыстыру қабілеттерін үш түрлі қызметте көрсеткеніміз орынды.

Жалғаулық шылау: 1) Сөз бен сөзде байланыстыратын; 2) Сөзді де, сөйлемді де байланыстыратын; 3) Сөйлемді байланыстыратын.

Бұдан әрі салаласақ, сөз бен сөзді ғана байланыстыратын жалғаулықтар – мен, бен, пен. Сөзді де, сөйлемді де байланыстыратын жалғаулық шылаулар – және, да, де, та, те, не, немесе, я, әлде. Сөйлемдерді ғана байланыстыратын жалғаулықтар – бірақ, өйткені, себебі, сондықтан, сонан соң, ал, егер.

Енді жалғаулықтарды байланыстыру қызметі тұрғысында бір-біріне жақын деген мен, бен, пен, және шылауларының (орысша нұсқасы) өздерін орнын ауыстырып қолдануға болмайтындығына назар аударайық:

а) және шылауын мен, бен, пен, жалғаулықтарымен ауыстыруға болмайды.

Мысалы:

- экономикалық және құқықтық білім
- орта және жоғары деңгей
- табиғи және моральдық шығын
- Омар, Айдар және Асқар
- жеке және мемлекеттік меншіктер
- салт және сабақты етістіктер.

ә) мен, бен, пен шылауларын және жалғаулығымен ауыстыруға болмайды.

Мысалы:

- Тау мен тау кездеспейді,  
Адам мен адам кездеседі.
- Жер мен көктің арасындай

- Жақсылық пен жамандық, кәрілік пен жастық антонимдер. Берілген мысалдар арқылы жалғаулық шылаулардың қандай грамматикалық тұлғадағы сөздерді байланыстыруға бейімділігін көруге болады және оларды жеке-жеке анықтамалар төңірегіне топтауға да ыңғайлы. «Жалғаулықтар» мен «союздардың» өзіндік ерекшеліктерін осылай айқындап, демеулік шылаулардың да кейбір айырықша тұстарына тоқталайық.

Оқулықтардың бірқатары демеуліктердің ішінен сұраулық шылауларға ерекше мән береді. Өйткені, тіл дамытуда сұрақ-жауап түріндегі әдіс тиімділігі назарға алынады. Орыс тіліндегі «ли» демеулігінің баламасы – ма, ме, ба, бе, па, пе шылаулары сөз табы қызметінен сұраулы сөйлем жасау қызметіне ауысады. Демеуліктердің міндеті - өзінің алдында тұрған негізгі сөзге (тек, әсіресе демеулігінен басқалары) реңктік мән беру. Кез келген мәтінде демеулік шылауларды кездестіруге болатындығы сияқты, оларды тіркескен сөздерімен қоса түсіндіруге тура келеді. Орыс тілі грамматикасында берілген «частицаның» бәрі қазақ тілінде демеулік шылау бола бермейді. Қазақ тіліндегі демеуліктердің ерекшеліктерін ескере отырып, сұраулық шылаулардан кейінгі жиі қолданылатын – ақ, ғана, қана, тек, ғой сияқта негізгі сөз табына қатысты түрлену сипатына қарай сараптай ұсынған жөн.

- ақ, ғана, қана, тек демеуліктері негізгі сөзге шектеу, тежеу мәнін (выделительно – ограничительные частицы) береді.

Мысалы:

1. Сен-ақ бәрін білгің келіп отырады.
2. Маған ғана керек сияқты.
3. Тек көп сөйлемесең болғаны.

Келтірілген сөйлемдердегі демеуліктердің орысша нұсқасы – только.

- ақ демеулігі сан есімдермен тіркескен кезде шектеулі мағынаның шегіне жетеді. Бесеу-ақ, жетеу-ақ, тоғыз-ақ, он-ақ, т.б. Бұл тұста – ақ демеулігінің орысша нұсқасы – всего. Яғни, демеуліктер өзі тіркескен сөз табына қарай реңктік қызметін өзгертеді. Ойымызды – ғой демеулігі арқылы толықтыра түсейік.

- ғой демеулігі сөздерге көңіл-күй, тілек мәнін (эмоционально усилительные частицы) үстемелейді:

Сонымен қатар, алдында келетін сөз табының түрлеріне байланысты үстеме мағынасы да өзгертінін байқаймыз. Есім сөздерден кейін қолданғанда нақтылау, мәжбүрлеу немесе ұдайылық реңк иеленеді:

*Бүгін кешігіп келгендердің бірі – сен ғой.*

*Е, бұны орындайтын мен емес, Асқар ғой.*

*Сағат бес емес, алты ғой.*

*Оның тілейтіні менің амандығым ғой.*

Етістіктерден кейін қолданылғанда ғой тілек, өтініш мәнін білдіреді:

*Бұл тапсырманы келесі жолы орындап келе ғой.*

*Білетіңді ғана ала ғой.*

*Бүгін таппаса, ертең таба ғой.*

*Алғаның рас болса, қайтып бере ғой.*

Есім сөздерден кейінгі ғой шылауының орысша баламасы «же» демеулігіне жақын болса, етістіктен кейінгі аудармасы «қа» нұсқасына сай келеді.

Шылаулардың үшінші түрі – септеуліктер қызметі жағынан негізгі сөздің арнайы септік жалғауында тұруын талап етеді.

Орыс тілді ортаға арналған оқулықтарда ...послелоги (септеуліктер) по своему значению, в основном, соответствуют русским предлогам и многие на них требуют определенных падежей – делінеді де, арнайы септіктен кейін қолданылатын септеулік шылауларды ұсынумен шектеледі. Негізінде, септеулік шылауларсыз-ақ, септік жалғауларының өзі орыс тіліндегі «предлогтардың» қызметін атқаратынын ескере бермейміз. Төрт септік – *атау, барыс, шығыс, көмектес* септіктерінен кейін қолданатын септеулік шылау етістіктің есімше формасынан соң да тіркеседі. *Сияқты, секілді* тәрізді септеулік шылауларды есімшемен тіркесіп күрделі баяндауыш қызметін атқарады. Септеуліктің бұл қызметін (болжалдық мән) ерекшелеп көрсеткен жөн.

Септеулік шылаулардың тағы бір ерекшелігі – мағыналық ұқсастығы жағынан (бірдей қызмет атқармаса да) топталу мүмкіншілігі.

1-топ	туралы жайында жөнінде жайлы	- о, об, про
2-топ	сияқты секілді	вроде,
3-топ	қарай таман салым	к
4-топ	кейін соң	после
5-топ	дейін шейін	до

Көмектес септіктен кейінгі септеуліктерді де (бірге, қабат, қатар) жеке топтауға болады. Әр топта қолданылу жиілігіне қарай белсенділік сипатқа ие болатын септеуліктерді даралап көрсеткен де тиімді. Мысалы: *Кешке қарай, кешке салым, кешке таман* тіркестері кездескенімен, барыс септігінен соң ұдайы ұшырасатыны - қарай септеулігі. Өйткені түнге қарай дегенімізбен, түнге таман немесе түнге салым дей алмаймыз. Сонымен қатар, кейін және соң септеуліктері де есім сөздермен тіркескенде шығыс септігінің жазылуын қажет етсе (сабақтан кейін, сабақтан соң), есімшемен тіркескенде соң шылауы шығыс септігінің анайылығын талап ете бермейді. Салыстырып көрейік:

**кейін септеулігі:**

**соң септеулігі:**



білгеннен кейін  
айтқаннан кейін  
көргеннен кейін  
тапқаннан кейін

тапсырғаннан кейін

білген соң  
айтқан соң  
көрген соң  
тапқан соң

тапсырған соң

Қазақ тіліндегі көмекші есімдер де (аст, үст, алд т.б.) орыс тіліндегі «предлогтар» қызметіне ауысып кетеді. Осы тұрғыдан келгенде, септеулік шылаулардың негізгі сөзге беретін үстеме мағынасын сөйлем құрамында ерекшелеп, тиянақты түсіндіру орынды сияқты.

Тіл үйрету әдістемесі негізгі сөз топтарына бағытталғанымен, көмекші сөздерсіз ой жеткізу, мағына айқындау қиындық туғызады. Шылау сөздердің түрлерін реңктік қызметіне қарай оқытып-үйрету де әдістемелік талаптан тыс қалмауы керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бектұров Ш., Бектұрова А. Қазақ тілі. –Алматы: Жазушы, 1994.
2. Исаев С. Қазақ тілі. –Алматы: Өнер, 2007.
3. Күзекова З., Әбдіқұлова Р. Қазақ тілі. –Алматы, 2004.
4. Рысбаева ГД. Қазақ тілі (грамматикалық анықтағыш). – Алматы: Сөздік-Словарь, 2000.

## **МАМАНДЫҚҚА ҚАТЫСТЫ МӘТІНДЕРДІ БЕЙІМДЕП ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ**

***Шыныбекова А.К.***

*филология ғылымдарының кандидаты  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазақ тілі пәнін оқыту барысында біраз жылдар еңбек ете жүріп, тіл үйретуде тек бір бағытты оқытудан гөрі, студенттерді қызықтыру үшін түрлі әдіс керек екенін түсіндім. Әдіс – ғылым емес, жай ғана тәсіл деушілердің қалай қателесетінін де осы арада ұқтым.

Әр жылдары университет студенттерінің құрамы да өзгеріп отырады. Бір жылдары нағыз білімге сусап отырған жас буын алдыңызға келсе, енді бірде, жаттанды білімі тұрмақ, қазақ тілін білуі бастауыш деңгейден аса алмаған өрендермен де жұмыс істейсіз.

Топ деңгейі де алуан түрлі болып келеді. Бір мамандықты таңдаған әр адамның тілдік санасы, түсінігі, көзғарасы, талабы, қабылдауы да бірдей болмайды. Алайда, бұл біздің жұмыс тәжірибеміз көрсеткендей, басшылық тарапынан өз есебі шықса болды желеуімен топ жасақталатынын да айта кеткен

жөн. Топта қазіргі кезде шетелдік студенттер бөлек оқытылмайтыны қынжылтса да, қолды бір сілтеудің қажеті жоқ. Ауғанстан, Қытай, Тәжікстан, Оңтүстік Корея елдерінен келген студенттер қазақ тілінде әріптерден бастап үйренуіне тура келсе де, орыс топтарындағы жергілікті студенттермен тең бағдарламаны меңгеруіне тура келеді. Оларды бөлек оқытуға жағдай жасалмаған.

Мұндайда оқыту әдістерінің алдыңғы қатарлы технологиясынан да ежелгі оқу әдістерін қайталау жөн. Жаттығуды талдап, мәтіннің ең ұзақ түрін беріп, аудартып, оны мазмұндатқаннан да, сөз таптарын қайталанғаннан да гөрі, өзі жайлы мәліметті бірнеше рет қайталатып көшірткен маңызды. Алғашында бір тапсырманы бірнеше көшіруге ерінсе де, біртіндеп жазуға қолы жаттығып, әріптерді салуға икемденіп, жазуы көркемделе түседі. Тасымал жасап үйренуге де көшіру әдісінің маңызы зор, студент шыдамдылыққа да үйренеді. Бұл әдісті орыс тобындағы сауаты төмен барлық студенттерге де қолдануға болады, оларға мәтінді бірнеше рет көшіртіп жазғызу арқылы есте сақтау қабілетін дамытуға болады. Сауатты жазу үшін бірнеше рет мәтінді көшіре берсе, мәтін мазмұны да оңай есте қалады. Алғашында ерінсе де, бара-бара ұзақ мәтіндерді де үнемі көшіре отырып, көзі де, қолы да, мұқият болуға жаттығады. Бұл әдіс қарабайыр, ескі, қазіргі заманауи технологиялар кезінде кітаптағы бар мәтінді қайта-қайта көшіру дұрыс емес деушілер де табылар, алайда, әдістеме – бәрі де өзіндік жол табу емес пе? Қолда бар мүмкіндіктерді қолданып, арнайы жабдықталған лингофонды кабинеттерде, мультимедиялық оқу құралдары мен дискілер, проэкторлар, арнайы тақталар бар аудиторияда отырсақ бір жөн, бізге кейде әуелі тақтасы бар жер де арман боп қалатыны да жасырын емес.... Босқа жылағанша, алдымыздағы студенттердің тіл үйренуге деген талабын жасытпай, барымен базар етіп оқытамыз. Кешегінің бәрі жаман, бүгінгінің бәрі – жақсы емес екенін білеміз.

Аталған әдіс қазақ тілін үйрету функциясында басты роль атқарады. Функция дегеніміз қызмет болса, бұл арада мақсат та болады. Психологиялық экспанция заманында тілдің орны ерекше, ендеше, тіл үйретуде синонимдермен жұмыс істете білу керек. Студент үнемі көшіре беріп, машықтанған соң, мәтін мазмұнын синонимдер арқылы баяндап үйренуі тиіс. Мәтіннің фаатикалық қызметіне осы сәттен бастап тіл үйренуші енеді. Әтін мазмұнын сақтай отырып, етістік, зат есі, сын есімдерді басқа сөзбен аластыру арқылы сөздік қоры артады.

Платонның сөзімен айтсақ, «ненің жақсы, ненін жаман екенін алдымен адам біледі». Студент осы арада мәтін мазмұнын басқа сөздермен аластыра отырып, скриптор міндетін ойнына жүктейді. Ол мәтіндегі біраз сөздерді басқа сөзге алмастырғаны болмаса, мәтінді толық талдауға оған әлі ерте. Бұл кезде оған мамандыққа қатысты мәтін де, жалпыға ортақ тақырып та, әзіл әңгіме де, батырлар жырынан үзінді де, ақын өлеңдері де көмекке келеді. Үнемі қайталау арқылы ол біраз сөздердің жазылуын есте сақтап қана қоймай, жекелеген

лексикалармен танысады. Мәтінмен жұмыс барысында студент дивинатор індетін атқарады. Дивинатор – автор ойы мен пікірін, көзғарасын түсініп оқитын адам.

Мамандыққа қатысты мәтіндерді біртіндеп енгізу арқылы кәсіби сөздер мен терминдерді теріп жазғызып, оларды жаттатып, жасалу жолын түсіндіріп, болашақта жиі кездесетін жағдаяттық сұхбаттар құрастырту арқылы жадында сақтатуға болады. Кез келген тақырыпты прагматикалық тұрғыдан қабылдау әдістері болады. Тақырып мәтіннің өзегі, ендеше, мәтін тақырыбын ести сала, тіл үйренуші сол тақырыпқа қатысты сөздерді ассоциация құру ретімен жазуы керек. Мысалы, «Алматы» атты мәтін жасауымыз керек. Ассоциация болатын сөздер: қала, оңтүстік, оңтістік-шығыс, Іле Алатауы, Алмалы, Верный, бекініс,сауда үйлері, оқу ғимараттары, көк базар, қара базар, жайма базар, «Алтын орда» көтерме сауда орталығы, ағаштар, жасыл желектер, апорт, тау, Медеу, мегаполис, жастар, қаржы орталығы, пәтер жалдау, қалаға қосылған аудандар т.б. Тура сол сияқты, «Астана қаласы» атты мәтін жасау үшін тірек сөздер: астана, солтүстік, Есіл өзені,солтүстік және оңтүстік жағалау, Үкімет үйі, Парламент, Әзірет Сұлтан мешіті, «Думан», «Бәйтерек» , «Хан шатыр» т.б. Бұл сөздерді топтық жұмыста оқытушы айтса да, студенттер өздері тапса да болады. Ендігі кезекте осы сөздерді қолдана отырып, мәтін жасау керек. Жасалған мәтінге сұрақ қою кажет. Сұрақты әркім өзі жазғанымен, жауап берушіні оқытушы таңдайды, ауызша жылдам жауап бере отырып, байқампаздыққа үйренеді. Келесі жұмыс осы сөздерді пысықтаудан тұрады, бұл арада аудармасын табу, олармен сөйлем не сөз тіркесін құрастыру, термин сөздерді есте сақтау үшін ғылыми тіркес жасауға талпыну, әдеби тілдегі метафоралық атауын білу т.б.

Мұнай, газ, мақта, мал шаруашылығына қатысты қалыптасқан терминдерді үйрету барысында қара алтын, ақ алтын, көгілдір отын т.б.да аталымдары бар екенін түсіндіру керек.Осы сiтте студент мәтiнмен таныса отырып, редактор, сыншы, рецептор мiндетiн де атқарады. Мұның бәрi де мәтiнмен жұмыс iстеу барысында жүредi.

Әдетте, топта аралас деңгейлi студенттер отырғандықтан, бiр сабақта арнайы жоспар болмаса да түрлi жұмыстар жүргiзуге болады. Сауатты жазу, тыңдау, тiлдесу, сұхбаттасу – бәрi де тиiмдi әдiстер. Аралас деңгейлi топтарда жұмыс iстеу оқытушыға көп мiндет жүктейдi, мұнда әр студенттiң бос отырмауына және сабаққа құлықты қатысуына жағдай жасап отыру қажет болғандықтан, ол үнемі барлығына да тартымды жаңа жол таба бiлуге ұмтылады. Бiрi көшiрумен айналысса, екiншiсi мазмұнын сақтап өзгертумен айналысады, келесiсi сұрақ қоюмен, ендiгiсi азмұндаумен – ең соңында оқытушы оларды бағалау үшiн қосымша сұраққа мән бередi.

Мемлекеттік тілді үйретуде барлық әдіс тиімді. Мәтінмен жұмыс жүргізуде елімізде қалыптасқан психолінгвистикалық ахуалды да ескеру керек. Мамандыққа қатысты мәтінді оқытуда сол салаға дендеп еніп кетпей, тілдік тапсырмаларды көбірек орындату керек. Оқытушы өзі түсінбеген терминдерді студенттерге қабылдатуы екіталай, ал өзі маманданған тілдік сананы қолдана отырып, грамматикаға көңіл бөліп, ауыз әдебиетін (мысалы, мақал-мәтелдерді, танымал ақын-жазушылардың еңбектерінен үзінді оқуы) , тіл үйретуі – оның ұтымды жол таба білуі болып табылады. Қарапайымнан күрделіге қарай жүрген сабақ – студенттердің есінде мәңгі қалады. Жалпылама мәтіндерден гөрі тәрбиелік және танымдық маңызы зор мәтіндерге назар аудару керек. Мамандыққа кіре алмауы да мүмкін, бірақ теринжасамды, сөзжасамды түсіндіре алардай тапсыралар орындағаны жөн. Математика, физика, техника, экономика, география, биология, заң сияқты іргелі ғылымдарға және қоғаммен байланыс, туризм, дене шынықтыру , спорт, денсаулық сақтау сияқты қоғамдық мамандықтарға қатысты мәтіндерен жұмыс істеуде біраз тер төгуге тура келеді. Қорыта айтсақ, мәтінді бейімдеп оқыту – оқытушының ізденісі мен шеберлігін шыңдайды, тіл үйренушінің қызығушылығын туғызады.

## **ЗАҢ САЛАСЫ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ КӘСІБИ СӨЗДЕР**

***Шыныбекова А.К.***

*филология ғылымдарының кандидаты*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазіргі кезеңде мемлекеттік тілді барлық мамандық бойынша білім алушыларға үйретумен қатар кәсіби бағытта тілді үйрету мәселесі басты өзектілікке айналып отырғаны баршаға мәлім. Қазақ елінің әлемдік қауымдастықта беделінің артуы мен шетелдік мамандар арасындағы халықаралық байланысының нығаюы - мамандардың кәсіби тілді толық меңгеруіне жол ашуда. Мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгерту мәселесі – бүгінгі таңда аса өзектілікке ие болды.

Заңгер мамандығы тек қана заңдарды білумен шектелмейді, ол сондай-ақ сөз құрауын сөйлеу және жазу түрінде дұрыс қолданудан тұрады. Кез келген заңгер құжатсыз жұмыс істеуі мүмкін емес, ол мейлі сот, прокурор, тергеуші, қорғаушы, құжат құрастырушы қызметінде жүрсе де көптеген құжаттар қалыптастыратын жауапты тұлға болып табылады. Өз кезегінде заңгерге көп сөйлеуге тура келеді, оған түсіндіру, баяндау, жеткізу шеберлігі де қажет. Кеңес бергенде, түсіндіргенде, ұсыныс айтқанда заңгер көбінесе ауызша сөйлескенде де кәсіби тілді қолданады. Ал талап арызы, келісім-шарт, шағым, өсиет, қаулы,

шешім, хаттама, айыптау қорытындысы, үкім, ұйғарым, қадағалау хаты, наразылық құжаты сияқты арнайы заңгерлік құжат түрлерін жасау барысында заңгер-маман арнайы тілдік стандарттарға сүйенеді. Тілдік стандарттар орыс тілінде жасалғанымен қазақ тілінде енді қалыптасып келеді. Парламент қабырғасындағы заң шығару ісімен айналысушы депутаттар парламенттік жарыссөздерде, заң шығару ісінде көптеген қиындықтарды мемлекеттік тілде дайын тілдік стандарттардың қалыптаспауынан кездестіреді.

Баршамызға белгілі болғандай, заңгерлер тілі бір ғана күнде қалыптаспайды. Алайда, орыс тілінің функционалдық қызметі әлі де үстем болып тұрған мемлекеттік-әлеуметтік саланың бірі – заң болады. Студенттердің көптеген ғылыми әдебиеті де орыс тіліндегі басылымдардан, шетелдік ғалымдардың орыс тіліне аударылған оқу-әдістемелік құралдарынан тұрады. Осыдан келіп, мемлекеттік тілде заң шығарудан бастап іс жүргізудегі қиындықтар орысша ойлау мәселесімен астасып жатады. Мәселен, *отобрать лицензию, приобщить к делу, составить протокол, причинить вред, доказать виновность, осуществлять надзор* тіркестері орыс тілінде *взять лицензию, присоединить к делу, сделать протокол, делать вред, показать виновность, проводить надзор* түрінде қолданылмайды. Ал, ендеше неге ол тіркестер қазақ тілінде әр түрлі қолданыста болуы керек? *Отобрать лицензию* – рұқсаттаманы (лицензияны) кері шақыру – алып қою; *приобщить к делу* – іске қоса тіркеу – іске қосымша тіркеу; *доказать виновность* – кінәсін дәлелдеу – кінәсін мойындату; *осуществлять надзор* – қадағалауды жүзеге асыру – қадағалауды іске (іс жүзіне) асыру деп қалыптаспай отырған тілдік стандарттарды көрсетеді.

Сөйлеу тілінде орыс тілінде *убить, лишать жизни – прикончить; мошенник – проходимец; лицо – рожка, морда; кушать – жрать, хавать, слопать; замолчать – заткнуться; толкаться – пихаться; доносить – настучать; влюбиться – втюриться; обманывать – врать, надувать; деньги – бабки, капуста; подделка – липа, фальшивка; аферист – проходимец, жулик, прохиндей; расторжение брака-развод; умышленно-нарочно; командировать – послать; уведомить – сообщить* т.б. сөздер жарыспалы қолданылса да жазба тілде ресми-іскери стильде тек алдыңғысы ғана қолданылады. Бұл қалыптасқан үрдіс. Ал қазақ тіліндегі заң әдебиеттері мен заңнамаларда тіпті келеңсіз қолданыстардан көз сүрінеді. Мұның өзі заң саласында лексикалық стандарттардың әлі қалыптаспағанын көрсетеді.

Кітаби, бейтарап және сөйлеу тілі лексикасы арасында жаргондардың алар орны ерекше. Қай халықтың болмасын өзіндік сөз қолдану ерекшеліктеріне сәйкес жаргон сөздері болады. Студенттер де тілдік ортаның белсенді мүшесі болғандықтан өзіндік жаргондарға, олардың қалыптасуына үлес қосады. Әр түрлі маман иелерінің өз кәсіби сөздерімен қатар жаргондары да болады. Мәселен, *оқытушы – мұғалімдердегі «окно» – сабақ кестесіндегі бос уақытты*

айтса, дәрігер – хирургтер көптеген жарақат алған науқасты «сложный череп» (күрделі бас қаңқасы) дейді. Мұндай жаргондар заң бұзушылар арасында жиі кездеседі. Мысалы, *перо – пышақ, конверт – қап немесе киім-кешек салынған дорба, фара – көз, поперхнуться – ұрлығын істеп үлгермей қалу, пацан – түрмеде беделге ие адам; пахан – қылмыстық топ басшысы, бригада – қылмыстық іспен айналысушы топ мүшелері, западло-түрме ішкі тәртібін бұзу; легавый – заң орындарына айтып қоюшы; писарь – қалтаны не сумканы кесіп тонаушы; телка – қыз; дело – қылмыстық іс; лох – қолынан іс келмейтін бос адам; базар – аңгіме; наезжать – сөзбен тиісіп кірісу* т.б. Заң мәтіндерінде, баспасөз бетіндегі қылмыс әлемі туралы мақалаларда бұл сөздер аудармасыз беріледі, олар өз бояуын аударма тілмен жеткізе алмайды. *Мент, мусор, счетчик, крыша, танк, разборка, кинуть, беспредел, бардак, терпила* сөздері де қылмыс әлемінің өзіндік жаргондары. Бұл сөздерге қоса заң қызметкерлері арасында қолданылатын кәсіби жаргондар да баршылық. Мысалы, *износ (износилование) – әйел зорлау ісі; подснежники – қар ерігенде табылатын қысқы мәйіттер; важняк – аса қауіпті әрі ауыр қылмыстарды тергеу ісімен айналысушы заң қызметкері; всяк, глухарь – ашылуы қиын немесе мүлде ашылмайтын қылмыстық іс, громкое дело – атышулы іс, ксива – қызметтік куәлік; проходить по делу – тергеуден өту; пришить дело – қорқыту арқылы істі басқа адамға жабу; замочить – жою; вещдок – заттай айғақ* т.б. Бұлардың бірсыпырасы орыс тілінде *воровское арго* деп аталады, қазақша қылмыс әлемінің сөздері, яғни кез келген адам түсіне бермейді.

Заң мәтіндері, өз кезегінде, жоғарыда айтылған жаргондарды баспасөзден аударып беруге тырысады, алайда, одан оның эмоциялық бояуы бәсеңдеп, түсіндіруі тиіс көп сөзділікке барады.

Жоғарыда келтірілген мысалдар орнына *майталман, кәнігі, құныққан, әдетке айналдырған, кәсіби, баукеспе* сөздері қолданылады. Осы сөздер арқылы заң тіліне ерекше бояулар беріледі. *Өкілетті мемлекеттік органдарға* заң мекемелері, заң шығару органдары, жергілікті өзін өзі басқару органдары мен жергілікті басқару органдары жатады. Ал заңдық күші бар нормативтік актілерге: Президент жарлықтары мен үкімет қаулылары жатады. *Тәртіптік жазалау түрлері:* ескерту, сөгіс, жеке еңбек келісімшартын бұзу кіреді. *Қызметтік қару түрлеріне* шолақ қару, тапанша, ұзын дүмді тегіс және кесілген қару; *сот сараптамасына енетін түрлерге* алғашқы, комиссиялық, кешенді, қосымша, қайта сараптамалар кіреді. Аталмыш сөз қолданыстары мәтіндерді мазмұндауда жүзеге асырылады, іс тоқтатылады, жауапқа тартылады т.б. сөз тіркестері жүйелі қолданылады.

Соңғы кезде қазақ тіліндегі заңдардың қоғамда қолдануға қолайлы, тиімді болуы үшін олардың бірінші кезекте сапалы жазылуы талап етіледі. Кейбір заңдардың мәтіндеріндегі ойды түсіну қарапайым халыққа қиын түсетіні де рас.

Заң саласында орыс заңгерлері С.С.Алексеев, И. Грязин, С.А.Боголюбовтің еңбектерімен қатар Н.А.Власенконың «Құқық тілі» (1997), А.С.Пиголкиннің редакциясын басқаруымен «Заң тілі» (1990) атты іргелі зерттеулері арнайы заң мәтіндерінің, заңнамалық актілердің тілін, қылмыс әлемі лексикасын қарастырды.

Қылмыс туралы мәтіннің тілдік қабылдану, пайымдау ерекшелігі тұрғысынан сөз ете отырып, оның көпшілік қолданысына негізделіп жасалған мәтін болғандықтан, күнделікті құқық саласының өмірінде жиі пайдаланатындықтан, екіншіден, қабылдауға икемді, жеткізу жағы сапалы болғаны орынды. Бұл тұрғыдан осы қылмыстық құқық мәтіндері арқылы ойлау мен тіл бірлігін екінші қырынан қарастыра отырып, яғни, ойдың тілде берілу деңгейін оның қабылдаушы тарапынан қабылданушы деңгейін қарастыра отырып дәлелдеуге болады. Тіл қандай да бір ойды жеткізу құралы екені белгілі. Бұл оның негізгі қызметі болып саналады. Тілші-ғалым З.М.Шаляпина «тілдің белгілі қызметті атқарып, ойды жеткізуі барысында «мағына мәтін» моделдерінің арасындағы байланыс қатаң сақталады», – дегені осы орайда орынды айтылған [1, 25 б.].

Тіл арқылы берілген ойды беруге негізделген мәтіннің қабылдануы оның түсініктілік деңгейіне байланысты. Түсініктілік деңгей туралы Г.Е.Крейдман, А.К.Поливанова еңбектерінде айтылады. «Бір мәтіндер жеңіл түсініледі, екінші мәтіндер қиындықпен түсіндіріледі, ал үшіншілері «түсініксіз мәтіндерге» жатады», – дей келе, ішкі құрылымдық тілдік құралдардың орналасу тәртібімен байланысты екенін айтады [2, 191 б.].

Заң мәтіндері, оның ішінде, қылмыстық кодекс мәтіндері ойды беру тұрғысынан суық қабылданатын ерекшеліктерге толы келеді. Заң мәтіндері жекелеген салаларға қатысты құқықтар мен ерекшеліктерді анықтап берумен шектеледі. Жеке сала мәтіндермен салыстырғанда қылмыстық құқық кодексінде тікелей барлық қылмыс түрлерін қамти отырып, сол қылмыс түрлері жасалған жағдайда соларға қатысты қарым-қатынасты реттеп беретін болғандықтан қылмыстық кодекс мәтіндерінің тілі барынша суық үдерісте жазылып, тыңдаушы немесе оқушы тарапынан да сол бағытта қабылданады.

ҚР Қылмыстық кодексінің 56-бабының 4-тармағында: «Қылмыс жасауға дайындалғаны үшін және қылмыс жасауға оңталғаны үшін өлім жазасы мен өмір бойы бас бостандығынан айыру тағайындалмайды», – деген бап мәтінінде болымсыздық мағынада жазылған сөйлемнің өзі суық қабылданады [3, 280 б.].

*Қамау, оқшаулау, мәжбүрлеу, кісі өлтіру, өзін-өзі өлтіру, өзіне-өзі қол салу, әскери қызметтен жалтару, ұрып-соғу, психикалық зардап шегу, зорлау, науқасқа көмек көрсетпеу* т.б. суық стильді сөздер мен сөз тіркестері халық арасында «жаман» ұғымын түсіндіруге бағытталады.

Заң мәтіндері ресми мәтіндер қатарына жатады, сондықтан да лексикалық тұлғалар қайталанып келе береді. Бір мәтіннің бойындағы ұдайы қайталанатын тұлғаларды «сериялық қолданыстар», «стандарттар», «біртектілік, штамп» деген атаулармен беруге болады [4, 23 б.]. Бұл ресми-іскери стильдің басты сипаты болса, заң мәтіндеріндегі міндеттеуші пайымдау да осы қайталанба сөздерді басшылыққа алады. *Айқындау, қолдану, жүзеге асыру, шектеу, болып табылады, босатылады, құқылы, жауапқа тартылады* т.б. сөздер мен сөз тіркестері заң мәтіндеріндегі «жауаптылық» пайымдауын көрсету үшін қолданылады. *Немқұрайдылық, салғырттық* сөздерінің заң мәтіндерінде қолданылуы қазақ тіліндегі салақтық сөзінің орнына қолданылып, «жауапсыздықпен қарау» мағынасының прагматикалық мәнін аша түседі, бұл *небрежность, халатность* сөздерінің мағынасын толыққанды түсіндіреді.

Қылмыс - қоғам айнасы болса, адам қоғамы қылмыссыз болмайды. Жауапкер сөзінің орнына ертеде құныкер сөзі қолданылған. Заң мәтіндері тым қарапайым жазылуы мүмкін емес, өйткені ол ойдағы дәлдік пен нақтылықты басқаша түсіндіре алмайды, эмоция-экспрессиясыз жинақы жеткізу үшін де тілдегі ойды қабылдау ерекшелігі керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Шаляпина З.М. К проблеме моделирования языковой компетенции и языковой деятельности человека в рамках общей модели языковой действительности // Референция и проблема текстообразования. – М.: Наука, 1988. – С.214-232.
2. Крейман Г.Е., Поливанова А.К. Дедуктивная правильность текста // Референция и проблемы текстообразования. – М.: Наука, 1988. – С. 191-213.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – ҚР заңы. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 280 б.

### **ОРФОЭПИЯЛЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ**

*С.Ақымбек  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
доценті, филол. ғ. к.*

Қоғамдық өмірде әр түрлі қарым-қатынасты жүзеге асыру барысында тіл екшеліп, өзіндік сипат ала бастайды. Жазба тілде әдеби тілдің сөздік қоры дамитын болса, ауызша тілде оның айтылым нормалары қалыптасып белгілі бір ортада белсенді қолданысқа түседі. Уақыт өте келе кейбір нормалар бұрмаланып өзгеше сипат ала бастайды. Оған түрлі экстралингвистикалық факторлар мен



өзге тілдердің сөйлеу нормалары әсер етуі мүмкін. Көркем әрі мәнерлі сөйлеу мен дыбыстық заңдылықтардың арасындағы сабақтастықты тауып болашақ ұрпақтың тілін дұрыс қалыптастыру тілші мамандардың негізгі мақсаттарын көрсетеді.

*Көпшілік қауым сөздің дыбысы құлаққа анық естіліп жатса немесе сөйлеуші құлақтың құрышын қандыратындай етіп сөйлеп жатар болса да оны тіл мәдениетін керемет меңгерген кісі ретінде санап жатады. Ал көкірегі ояу адамдар орфоэпиялық нормаларды дұрыс сөйлеудің кілті деп, ал орфоэпиялық сөздіктерді сол нормалардың қайнар көзі ретінде түсініп келе жатқаны рас. Дегенмен сол сөздікте берілген сөздер мен сөз тіркестерін сөйлеу кезінде қалай қолдану керектігін біле бермейді.*

*Сөздікте берілген сөздер мен сөз тіркестері сөйлеу барысында, сөз ағымында бір-бірімен тұтасып мағына сәйкес сөйлемге, пікір түрінде лебізге айналып шыға келеді. Сөйлемнің құрамындағы бөлшектердің тұтас алғанда мағыналық бөліктердің де атқаратын қызметі ерекше. Мысалы, «қонақ үй» орфоэпиялық нормаға сәйкес «қонағ үй» болып айтылады. Бірақ «Қонақ үйге кірді» дегенді кідірістің орнын өзгерту арқылы екі басқа мағынада түсінуге болады. Біріншісі «Қонағүйгө // кірді», ал екіншісі «Қонақ // үйгөгірді» болып шығады. Алғашқы сөйлемнің бастауышы «ол» деген жасырын тұлға болса, келесі сөйлемде «қазақ» екенін аңғарамыз. Ал кідіріспен ажыратылып тұрған ырғақтың ішінде қаншама сөз болмасын олар бір әуенмен, бір деммен айтылғандықтан, олардың арасына жік салмай тіркестіріп көрсеткен дұрыс деп есептейміз. Әрине, мұндай жайттардан көпшіліктің хабары бола бермейтіні белгілі. Сонда мәтіннің орфоэпиялық жазбасын жасаудың қандай да бір жолдары бар ма деген заңды сауал туындайды.*

Ол үшін орфоэпиялық нормалардың негізгі критерийлерін табу қажетігі туындайды. Көркем сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін нормаларды дағдыға айналдырудың жаңа технологияларын табу да күн тәртібінде тұруы қажет болады. Сөздіктер мен анықтағыштар бойынша әдіснамалық жұмыстар жүргізу тілші мамандардың еншісінде болады. Өлең құрылымы мен мәтін деңгейіндегі заңдылықтарды тауып, оларды игерудің оңтайлы жолдарын іздестіру бүгінгі күннің талабында тұруы қажет болады. Сонда орфоэпиялық нормаларды белгілі бір жүйе ретінде танытып, болашақ азаматтардың санасында дағды ретінде қалыптастырудың жолдарын көрсету мамандардың мақсатына айналады. Осыған жету үшін келесі мақсаттарды шешу көзделеді:

- Сөз мәдениетінің бір бөлшегі ретінде танылатын орфоэпиялық нормалардың критерийлерін бөліп алу;
- Сөз деңгейінде, сөз тіркесі деңгейінде, тіпті тұтасқан тілдік бірлік мәтін деңгейінде орфоэпиялық нормалардың іске асу тетіктерін табу;

- Орфоэпиялық норманың құрамдас бөлігі болып табылатын кідірістің мағынаға әсер ету деңгейі анықтау;

- Сөздің дыбыстарын жазылуы бойынша емес айтылуы бойынша талдау қажеттілігі орфоэпиялық норманы игертудің бір жолы ретінде ұсыну;

- Орфоэпиялық норманың бұзылуы салдарынан сөйлем мағынасының өзгеруінің себептері мен оған жол бермеудің тәсілдері қарастыру.

Біріншіден, сөздің дұрыс айтылуын анықтауда, орфоэпиялық, норманы тануда ұстанатын негізгі критерийдің де басы ашылып болған жоқ. Бұл мәселеге байланысты көзқарастар мынадай болып келеді. Мәселен, *сөзді неғұрлым жазылуына жуық дыбыстау; ірі елді-мекендегі халықтың сөйлеу машығын негізге алу; сахна шеберлерінің сөйлеуін үлгі ету; теледидар хабарларын жүргізушілердің сөйлеу мәнеріне еліктеу; мәдени-тарихи дәстүрді басшылыққа алу; тілдің ішкі даму заңдары қуаттайтын форманы мойындау* секілді көзқарастар қалыптасқан.

Қазіргі сөйлеу тәжірибеміз алғашқы пункттермен үндес келетінін, мұның өзі орфоэпиялық үгіт-насихаттың жоқтығынан өріс алып отырған бір жақты, теріс тәжірибе екенін кезінде ғалым С.Мырзабеков айтып өткен болатын. Ғалым ең дұрысы соңғы екеуі болса керек деп ой түйіндеген болатын. Әр ұлттың айту нормасы артикуляциялық, базасы ұзақ тарихи дамудың нәтижесінде қалыптасатыны белгілі. Қазақ тілі туыстас түркі тілдерінен лексика-грамматикалық ерекшеліктерімен оқшауланбайды, алдымен осы өзіндік айтуымен, өзіндік артикуляциялық, базасымен дараланады. Сонда орфоэпиялық норманың өзі белгілі бір тіл иесі адамның сөйлеу мүшелерінің ерекшелігімен сабақтасып жатады.

Екіншіден, ауызша сөздің интонациялық ерекшеліктерін, кідіріс, сөз ырғағы мен бунақтарын сақтап, оларды орын-орнына қойып айту орфоэпиялық норманың негізгі шарты. Сөздің дыбыстық құрылымына, әуездік құрылымына қатысты мұндай шарттылық бұзылса, айтылған сөзді дұрыс ұғыну мүмкін болмай қалады.

Мәселен, сөз құрамы бірдей мына тіркестерді екі түрлі ырғақпен (екпінмен) айтып, екі түрлі түсінуге болады:

*қазақтілін сүйеді*

*қазақ тілінсүйеді*

*қазақжерін сағынды*

*қазақ жерінсағынады*

Үшіншіден, тіркестерді кідіріссіз айтсаңыз бір мағына, кідіріспен айтсаңыз басқаша мағына, мәнге ие болады.

Олай болмаған жағдайда сөздердің байланыс реті бұзылады да, тіл табиғи жарасымынан айырылады, құлаққа жағымсыз естіледі, әрбірден соң айтылған ой көмескіленіп, тіпті түсініксіз болып кетуі де қиын емес.

Мәселен, бір бунаққа енетін мынадай тіркестердің басқы сөзін бөліп айтып көрейік:

*тасбауыр болды*  
*тасжүрек еді*

*тас бауұрболдұ*  
*тас жүрөгеді*

Бұдан қалыпты ырғақ, екпіннен айырылған тіркестердің мағынасыздыққа ұшырайтынын аңғару қиын емес.

Төртіншіден, сондай-ақ сөз екпінін дұрыс қойып айтудың да мәні ерекше:

- Тартп[а] - т[а]ртпа
- Бөлм[е] - б[ө]лме
- Оралм[а]н - ор[а]лман

Алайда бұл қосымша екпін қабылдамайды дегенді бір жақты түсінуге болмайды. Қазақ тілінің кейбір деректеріне қарап тұрсақ, *-ма* қосымшалы етістік тұлғасының кейде сөйлеушінің бұйрық емес, өтініш, жалыныс тәрізді көңіл күйімен байланысты айтылатын кездері бар. Осындай жағдайда екпін басқа емес, дәл *-ма* қосымшаның өзіне түседі. Мәселен, *Мұндай сөзді а:йтпа!* деген сөйлем бұйрық интонациямен айтылса, екпін *айтпа* тұлғасының бірінші буынына түседі де, ал өтініш, жалыныш интонациямен айтылса, екпін оның соңғы буынына (*-ма* қосымшасына) түседі - *Мұндай сөзді айтпа:!* Мұнда екпін буынның уақыт жағынан алғанда созылыңқы айтылуымен көрінеді.

Бесіншіден, сөйлеу кезінде бір бунақ құрап, бір ырғақтық топпен айтылатындар алдымен күрделі сөздер және әр түрлі жолдармен тіркескен сөздер. Атап айтқанда:

1. Біріккен сөздер: *әргім (жазылуы – әркім), әрғашан (әрқашан).*
2. Қос сөздер: *қорағора (қора-қора), көрөгөрө (көре-көре),.*

Еліктеуіш қос сөздердің құрамындағы қатаң дыбыстар өзгеріске ұшырамайды: *жарқ-жұрқ, жалп-жалп, дүңк-дүңк, ыңқ-ыңқ, зып-зып.* Тез айтқанда қатаңдану, ұяңдануы мүмкін.

3. Өзара тіркескен (күрделі) зат есімдер: *малғора (мал қора), қонағүй (қонақ үй), темірғасық (темір қасық).*

4. Күрделі сын есімдер: *қарала (қара ала), көгала (көк ала).*

5. Күрделі сан есімдер: *омбір (он бір), омбес (он бес).*

Мұнда бунаққа енетін сөздердің саны үш-төрттен аспауға тиіс. Одан асса, іштей ажырап кетеді. Мәселен: *мыңтоғұжжүз қырықпес (1945).*

6. Есімдік тіркестер: *бұлгім (бұл кім), олғайда (ол қайда).*

7. Етістік тіркестер: *жазыпполдұ (жазып болды), жазыбжатыр (жазып жатыр).*

8. Негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі: *үйгөғарай (үйге қарай), үйдүңғасында (үйдің қасында).*

9. Тұрақты тіркестер: *жүрөгжұтқан (жүрек жұтқан), таишшүрек (тас жүрек).*

Алтыншыдан, ырғақтық топтар мен бунақтардың ара жігін ашып алу. Ырғақ – кейбір белгілері жағынан өзара бірдей, немесе біршама жуық элементтердің

қайталануы. Бұл әсіресе өлең жолдарынан жақсы аңғарылады. Өлеңге тән буын, бунақ, ырғақ сияқты негізгі элементтердің әр тармақ, шумақта қайталануында белгілі бір тәртіп, жүйе болады.

Сөйлемде *ырғақтық топтар* болса, өлең тармақтарында *бунақтар* сап түзейді. Кейде екеуі бірінің орнына бірі ауыстырылып айтыла береді. Сонда сөйлем бунақтарға, бунақ сөздерге, сөздер буындарға, буын дыбыстарға ажырайды. Әрине, қара сөздегі бунақ пен өлеңдегі бунақтың ұқсастығымен қатар өзіндік ерекшелігі бар.

Жетіншіден, орфоэпиялық нормалардың мәтін деңгейінде іске асуын «өлең сөз» және «қара сөз» деп екі түрлі жолмен қарастырған абзал. Мысалы қара қазақтың қара өлеңінің әр тармағы (жолы) үнемі үш бунақты болып, он бір буыннан құралады және әр бунақтағы буындардың қайталануында да заңдылық бар. Олар көбіне 4-4-3, 3-4-4 және 4-3-4 буынды болып келеді де, өзара ырғақ, әуені жағынан ерекшеленеді. Енді бір шумақ өлең қарастырып көрейік:

*Ай қабақ, // алтын кірпік, // қызыл ерін,  
Кел десең, // неге аяйын // аттың терін  
Сары ағаш // сазға біткен // секілденіп,  
Қай жерде // отыр екен // бұраң белім (Халық өлеңі)*

Сонда әлгі шумағымыздың айтылуы мынандай болып шығады:

*Ай ↪абақ<sup>3</sup> // алтың ↻гірпік<sup>4</sup> // қызыл↷ерін<sup>4</sup> (11)  
Кел↷десең<sup>3</sup> // нег 'айайын<sup>4</sup> // аттың↷терін<sup>4</sup> (11)  
Сар'ағаш<sup>3</sup> // сазға↷біткен<sup>4</sup> // секілденіп<sup>4</sup> (11)  
Қай↷жерде<sup>3</sup> // отұр↷екен<sup>4</sup> // бұраң↷белім<sup>4</sup> (11)*

Дыбыстардың бірін бірі бунақ ішінде акустикалық жақтан игеруін таңбалау үшін ↪ және ↵ белгілерін пайдалануға болады. Мұндағы бағыттамадың нұсқауына қарап қай дыбыстың қай дыбысқа әсер етіп тұрғанын аңғару қиын емес. Осы жүйені негізге ала отырып дыбыстардың бірін бірі артикуляциялық жақтан игергенін көрсету үшін ↗ және ↖ белгілерін пайдаланамыз. Игерудің осы екі түрі қоса жүзеге асса ↻ белгісін қолдануға болады. Айтып отырған тәсілдерің тәжірибелік маңызы зор. Бір бунақ ішіне енген сөздердің тұтасып бірге айтылуын ↷ – белгісі арқылы беруге болады. Жылысу құбылысы арқылы жүзеге асқан дауысты дыбыстардың түсіп қалуын ' – белгісімен таңбаланған жөн деп табамыз. Сөз шекесіндегі сан ырғақтағы буын санын, ал тармақ соңындағы жақшада тұрған сан сол тармақтағы буындардың жалпы санын көрсетеді.

Енді «қара сөздің» орфоэпиялық жазбасына тоқталып көрейік. Мұнда ырғақтық топтарды синтагма немесе мағыналық бөлшектер топтастыратыны түсінікті болып шығады.

Жазылымы:

Бір күні Қожанасыр досының үйіне келсе ол үйін тазалап жатыр екен. Қожа одан:

- Е, достым! Не істеп жатырсың? – деп сұрапты.

- Ә, Қожа екенсің ғой! Мына ескірген киім, қағаз, кітап бәрін өртейін деп жатыр едім, - дейді досы.

- Қой, достым! Киім ескіргенмен, кітап ескірмейді. Кітаптың сырты ескіргенмен ішіндегі асыл сөзі ескірмейді, - депті Қожа.

Айтылымы:

*Бір ↪ гүнү // Қожанасыр / досұнұң үйүнө ↪ гелсе // ол // үйүн / тазалаб ↪ жатыр екен /// Қожа / одан ///*

*- Е /// достұм /// Не істеб ↪ жатырсың? // деп сұрапты ///*

*- Ә /// Қож' екенсің ғой /// Мына / ескіргең ↪ гийім / қағаз / кітап // бәрін өртөйүн деб ↪ жатыр едім // дейді досұ ///*

*- Қой /// достұм /// Кийім ескіргенмен // кітаб ↪ ескірмейд /// Кітаптың сырты / ескіргенмен // ішіндег' асыл сөзү / ескірмейд // депті ↪ Қожа ///*

Сөйлеу кезінде жоғарыда көрсетілген бунақтар бір-бірімен өзара қатынасқа түсіп айтылады да, синтаксистік талдау кезінде сөйлем мүшелері түрінде көрінеді. Сонда бастауыш пен баяндауыш, анықтауыш пен анықталатын сөз, толықтауыш пен толықталатын сөз, пысықтауыш пен пысықталатын сөз бір ырғақпен айтылады да, ырғақтық топ құрайды. Соның өзінде олар міндетті түрде іргелес, көрші тұруға тиіс, араларына көбірек сөз енген сайын олар тұтастығынан айырылып, ажырап кетеді.

Қорыта келгенде, мәтінді орфоэпиялық жағынан өрнектегенде түре шартты белгілердің қолданылуы маңызды. Мынадай тұжырымдар ұсынуға болады:

- Сөз ағымында орфоэпиялық жағынан түрленетін ең кіші бөлшек бунақ немесе ырғақтық топ болып шығады.

- Ырғақ аралық шекте ешқандай фонетикалық құбылыстар жүзеге аспайды.

- Сонымен бірге мәтіндегі кідірісті дұрыс аңғару орфоэпиялық нормаларды іске асырудың тікелей тетігі болып шығады.

## АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ ИНТОНАЦИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Ақымбек Съезд Шардарбекұлы  
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің доценті, филол.ғ.к.*

Қазақ тіл білімінде «ауызекі сөйлеу тілінің интонациясына қатысты» арнайы зерттеулер жоқ. Әйтсе де тіл мен сөйлеудің өзара қарым-қатынасын,

айырым тұстарын анықтайтын, жазбаша әдеби тіл және ауызекі тілдің ара қатынасын көрсету, нормалану мен бейнормалылық, әдебилік пен қарапайымдылық, ескі классикалық дәстүр мен жаңашыл үрдістің қарама-қайшылығы сынды мәселелердің бір шоғыры жинақталып қалғаны анық. Онда динамиканың әлеуметтік топтар тілінің өмір сүруіне тигізетін әсерін немесе кері үдерістің өтетінін, мұндай үдерістердің қандай жағдай туғызатындығына елеңдейтін мезгілдің, сөйлеу тілінің әдеби тілге ықпалын зерттейтін уақыттың жеткендігі баяндалады.

Қазіргі сөйлеу тілі – үлкен-кішінің ауызекі тілі, себебі олар ауызша қарым-қатынаста сөз қолданысының әр түрлі дәстүрін араластырып отырады. Халық тіліндегі қарапайым тіл әдеби тілден тыс тұратын, нормаланбаған, әлеуметтік шектелген тіл болып саналады. Қарапайым тіл күнделікті қолданылатын тіл ретінде соңғы жылдары функционалдық стильдердің ішіндегі публицистикалық стильде, газет беттерінде де жиі бой көрсетіп келеді. Сөйлеу тілі элементтерінің сипаттамалық рөлі оқырманға кейіпкер бейнесін ашып көрсетуде көркем әдебиетте экспрессивтік мақсатта қолданылады.

Ауызекі сөйлеу тілінің стильдік мәнерін қалыптастыратын нәрсе оның өзіндік коммуникативтік сипаты болады. Стильдің бұл түріндегі коммуникативтік жағдай барлық тілдерде бірдей көрінеді. Белгілі ғалым Р.Әмір ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыратын жағдайлардың бастылары ретінде мыналарды атайды:

1. Пікір айту ауызша әрі сөйлеуші мен тыңдаушының жүзбе-жүз отырып қатысуы үстінде болады.
2. Пікір айту диалог түрінде, яғни екі немесе бірнеше адамның қатысуы арқылы жүреді.
3. Пікір айту ешқандай дайындықсыз, емін-еркін әңгіме үстінде құралады [1, 78].

Спонтанды түрде пікір алысу болған жерде адамның түрлі эмоциясын көрсететін тілдік амалдар қатар жүреді. Ал сөйлеу ағымына түрліше қосымша рең мен бояу қосылып пікір білдірушінің ішкі сезімдерін жеткізіп отырады.

Ауызекі сөйлеу туралы қазақстандағы арнайы білімі порталы <http://kk.wikipedia.org/> өзіндік пікірін былайша жеткізеді: «Ауызекі сөйлеу тілінің стилі өзіндік ерекшеліктерін жасайтын айрықша белгісі жағдайға байланысты сөйлеу мәнері, эмоцияға қарай тілдік бірліктерін қолдану өзгешелігі болады. Бұл ерекшелік ең алдымен, ондағы лексика-фразеологиядан байқалады; а) ауызекі сөйлеу тілі диалогқа құрылады. Қатысушы екі адам. Интонация ерекше қызмет атқарады» [2].

Екеуара тіл қатысуда сұхбатта тіпті сөздің арқауы мүлде айтылмауы мүмкін. Алайда сөз арқауы арнайы айтылмаса да, әңгіменің не жөнінде екендігі көбіне сөйлеушіге де, тыңдаушыға да белгілі болып жатады. Сондықтан тіл амалдары егжей-тегжейлі қолданыла бермейді де эллипсиске ұшырап отырады. Бұндай

құбылыстарды тілдік қатысымындағы көптеген коммуникативтік жағдаяттардан көруге болады. Мысалы:

– *Айттың ба?*

– *Жоқ.*

– *Неге?*

– *Уақыты келген жоқ қой, әлі!*

Екеуара тілдесуге жол-жөнекей сырттан қосылған үшінші адам әңгіменің не жөнінде екендігін бірден түсіне қоймайды. Өйткені мұндай сұхбатта сөз арқауы арнайы айтылмаған. Сөз арқауының бұлайша айтылмауы жағдаятқа байланысты. Өйткені жағдай сөйлеуші екі адамға ортақ, әрі белгілі. Ал белгілі нәрсені жауаптасу сайын қайталап айта беру, сөйлеу тілінің нормасына жанасымды болып шықпайды. Сонымен ауызша тілдің тағы бір үлкен ерекшелігі – жағдайға байланыстылығы. Сондай-ақ сөйлемдегі сөз тіркестері сыңарларының жазба тілдегідей толық айтылмай, біршама ықшамдалып отыруы сөйлеу тілінің жағдаяттығымен байланысты. Сөзді жазба тілдегідей толық түрде айту сөйлеу тілі нормасына тән емес. Мысалы:

– *Қалай екен?*

– *Жақсы, болды.*

– *Қайсысы?*

– *Анау күнгісі.*

Мұндай сұхбатта сөз, сөйлем құрамына енген тіркестер толық сипатта емес. Егер оны толығырақ айтсақ әңгіменің белгілі бір зат жөнінде екендігін байқаймыз. Сөйлеу тіліне тән мұндай ерекшелік жазба тілге лайық емес. Жазба тілде сөзді бұлай қолдану, мысалы, сөз арқау болған зат не мүлікті көрсетпеу, сөз жоқ, оқырманға түсініксіз болып шығар еді. Сондықтан сөйлеу тіліне қарағанда жазба тілде тіл-амалдарын біршама толық қолдану принципін ұстанып отыру айтылатын ойдың, сезімнің оқырманға түсінікті болуын қамтамасыз етіп отырады. Сонымен бірге ойды нығырлап жеткізу үшін, интонацияның түрліше амалдары қоса қабат жүреді. «*Анау күнгісін айтам*» деген репликаны түрліше реңмен айтып көруге болады. Егер жылдам әрі жоғары әуенмен айтып келіп бірден кіл төмендетіп шорт кессек, жауап берген адамның пікірді одан әрі жалғастырғысы келмейтіні байқалады. Ал төменгі әуенмен және бәсең қарқынмен созылыңқы түрде айтар болсақ әңгіме арқауы басқа арнаға ауып кетуі мүмкін. Ауызша сөздің табиғатына тән осындай ерекшелікке назар аудармай, парқын айырмай, оны жазба тілде қолдану сөздің коммуникациялық сапасын мүлдем төмендетеді. Ал тілдің коммуникациялық сапалары қандай дегенде жазба тіл мен ауызша айтылған лебіз (устная речь) тепе-тең емес деп кесіп айтуға болады.

Ауызекі сөйлеу тіліндегі осындай коммуникативтік мақсатты іске асыратындарға интонацияның негізгі функциялары жатады. Себебі

интонацияның тілдегі функциясын анықтап алмайынша, оның жалпы тіл жүйесінде өзіне тән ерекшеліктері бар құбылыс екенін дәлелдеу қиын.

Осы күнге дейін жалпы тіл білімінде интонацияның функцияларына деген көзқарас біркелкі емес. Интонацияның функциясына қатысты неше түрлі пікірлер мен классификацияларды кездестіруге болады. Зерттеу еңбектердің кейбірінде интонацияның бірлі жарым функциясы аталғанмен, олардың ерекшеліктері, мән-мазмұны толық ашылмайды. Интонацияға қатысты ғылыми еңбектерде интонацияны әр қырынан жеңіл-желпі қарастырып, оның әр түрлі бөлшектерін зерттеп, функцияларын бөлшектеп, майда схемаға айналдырып жіберген.

Қолданбалы бағдарламалар арқылы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін зерттеудің біршама тәжірибесі қалыптасты. Фонетикадағы тәжірибе (және фонетикада ғана емес) – тіл маманы жұмысының өте маңызды тәсілі, бірақ бұл сала үшін сол немесе өзге тілдің фонетикалық құрамын дұрыс түсіну үшін бір эксперименталды-фонетикалық әдістің мәліметтері жеткіліксіз. Ол үшін сөйлеу ағымына кешенді түрде физикалық зерттеулер жүргізу қажеттігі туындайды.

Дегенмен, дыбыстардың акустикалық мінездемесін – *күшін, қарқынын, созыңқылығын*, сондай-ақ оның *артикуляциялық табиғатын*, яғни қандай мүшелердің қатысуымен және қалай жасалып тұрғанын нақты білу үшін қабылдау мүшелері арқылы зерттеу жеткіліксіз, оны тиісті аппараттардың көмегімен қарастыру керек.


Сөз бен сөйлемдердің интонациясын, қарқынын, әуенін, екпінін, буындардың реңін табу үшін, сонымен бірге өленді бунаққа, ырғаққа, кідіріске ажырату үшін фонетикалық сараптау бағдарламасы Praat-ты қолдануға болады [3]. Бағдарлама Windows операциялық жүйесінде оңай жұмыс жасайды және бағдарламаның тәжірибелік мақсаттарды шешудегі мүмкіндігі мол. Бағдарлама құралдарының мүмкіндіктері келесі баяндауда талқыға түседі.

Сөйлемнің коммуникативтік мағынасымен бірге эмоциялық-экспрессивтік түрлерін анықтайды. Бұл функция адамдардың түрлі ой-сезімін, оның құбылуын, өзгеруін білдіреді. Кейде сөйлемнің реңі ғана өзгеріп қоймай, оның негізгі мағынасы да өзгеріп кетуі әбден мүмкін. Мысалы, *Мен сені жақсы танимын* деген сөйлем әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Бұл сөйлем жағымды, көтеріңкі әуенмен, қуаныш сезімді интонациямен айтылса, ол дұрыс жай-күйді білдіреді де, ал жағымсыз, төмен, созылыңқы интонациямен айтылса, ол кекесін, жағымсыз мағынаға ие болады. Сондай-ақ интонация сөйлеп тұрған адамның хәлі мен оның айтылып тұрған ойға, жағдайға қалай қарайтынын да білдіреді. Мысалы, сөйлеушінің айтылған ойды, жағдайды қолдайтын-қолдамайтыны, оған қуаныш және ренішпен, не мысқыл сезіммен қарайтыны интонация арқылы анықталады. Интонацияның бұл рөлі тілдегі модальдылық категориямен шектесіп жатыр [4.36].



Қанша айтқанмен әдеби тілге қарағанда ауызекі сөйлеу тіліндегі интонацияның қарымы кең келетініне дау жоқ. Мысалы; «Айттың ба?» деген сөйлемі түрлі эмоционалды-экспрессивтік реңмен айтып көрейік.


### 1. Өктем дауыспен жекіріп айту:



//А й тт ы ң б а//

Бұл кескіннен біз интонацияның бірте-бірте көтеріле беретін әуенмен айтылып келіп, содан соң кілт төмендегенін көріп отырмыз. Әуен 3 және 4-буында ең жоғары шекке – 4 деңгейге жетеді. Ал спектограмма мен палатограммадағы қою қара бояқ 3 буын санын, яғни сөздердің айтылуында ауа толқыны үзіліп-үзіліп шығуын көрсетеді. Ал синтагма ішіндегі кідіріс қатар келген дауыссыз «тт» дыбыстарын нығарлап айту үшін қолданылады. Сөйлемдегі қарқындылық бірінше буыннан бастап көтеріледі, ал үшінші буында 3 деңгейге дейін көтеріліп, синтагма соңында бәсеңдейді. Сөйлем соңында біржола тынады. Синтагманың айтылу ұзақтығы – 0,7 мс. Дауыс биіктігінің ең жоғарғысы – 50 Гц. Форманттар бірінші және екінші буынның аса жоғары екпінмен айтылғанын көрсетіп тұр. Ал екінші буындағы дауыстының тонмен құбылып тұрғаны байқалады.


### 2. Оқыс ақпаратты естігендей таңырқап айту:



//А й тт ы ң б а//

Бұл кескіннен біз интонацияның 2-деңгейден бірқалыпты әуенмен айтылып келіп, содан соң синтагма соңында бірден көтерілгенін көріп отырмыз. Әуен 3-буында ең жоғары шекке – 4 деңгейге жетеді. Ал спектограмма мен палатограммадағы қою қара бояқ 3 буын санын, яғни сөздердің айтылуында ауа толқыны үзіліп-үзіліп шығуын көрсетеді. Ал синтагма ішіндегі кідіріс қатар келген дауыссыз «тт» дыбыстарын нығарлап айту үшін қолданылады. Сөйлемдегі қарқындылық бірінші буыннан бастап ал үшінші буынға дейін бірқалыпты, синтагма соңында тіпті бәсеңдейді. Сөйлем соңында біржола тынады. Синтагманың айтылу ұзақтығы – 0,82 мс. Дауыс биіктігінің ең жоғарғысы – 47 Гц. Форманттар бірінші буынның жоғары екпінмен айтылғанын көрсетіп тұр. Сонымен бірге екінші буындағы дауыстының ерекше тонмен құбылып тұрғаны байқалады.

### 3. Бәсең дауыспен мысқылдап кекесін мәнде айту:



//А й тт ы н б а//

Бұл кескіннен біз интонацияның 1-деңгейден бірқалыпты әуенмен айтылып келіп, содан соң синтагма соңында бірден көтерілгенін көріп отырмыз. Әуен 3-буында ең жоғары шекке – 4 деңгейге жетеді. Ал спектограмма мен палатограммадағы қою қара бояқ 3 буын санын, яғни сөздердің айтылуында ауа толқыны үзіліп-үзіліп шығуын көрсетеді. Ал синтагма ішіндегі кідіріс қатар келген дауыссыз «тт» дыбыстарын нығарлап айту үшін қолданылады. Сөйлемдегі қарқындылық бірінші, екінші буындарда бір қалыпты, ал үшінші буында көтеріліп синтагма соңында бәсеңдейді. Сөйлем соңында біржола тынады. Синтагманың айтылу ұзақтығы – 0,77 мс. Дауыс биіктігінің ең жоғарғысы – 42 Гц. Форманттар барлық буынның бірқалыпты екпінмен айтылғанын көрсетіп тұр. Сонымен бірге соңғы буындағы дауыстының өзегеше тонмен құбылып тұрғаны байқалады.

Жоғарыда көрсетілген эксперименттің өзара тығыз байланыста болып келетін интонацияның функцияларын ешқашан бір-бірінен ажыратып, бөлек қарауға болмайды. Сөйлеушінің алдына қойған мақсаттарына қарай, сөйлемдегі

интонация функциясының қолданылуы да түрленіп тұрады. Ол кейде жай хабарлы коммуникативті мағынаны білдірсе, кейде хабарға үстеме эмоциялық мағынаны, ал кейде фактілер туралы айтылған ойлардың мағыналық ақиқаттылығының бір-бірімен сәйкестігін, тағы да басқа сезімге, түйсікке байланысты факторларын айқындап тұрады. Жалпы сөйлемдерді белгілейтін негізгі құрал ретінде интонацияның синтездеу (басын қосу) және делимитативтік (шектеу) функциясын сөйлеу тілінің ағысын сөйлемдерге, ал сөйлемдерді синтагмаға, синтагманы сөздерге бөлудегі және олардың бәрінің басын қосудағы рөлі өте зор. Сөйлем ішіндегі синтагмалар мен ырғақтық топтардың тұтастығын сақтауда фонетикалық құбылыстардың атқаратын қызметін назардан тыс қалдыруға болмайды.

Интонацияның көп қырлы қызметі бір-бірімен тығыз байланыста болып, бірлесе әрекет жасайтыны белгілі және интонацияның сөйлемдегі қызметі туралы айтқанда оның тіл жүйесіндегі көп деңгейлі иерархиялық қызметін баса айтып кету керек. Просодикалық тәсілдердің мәтін мен сөйлемдегі қызметі әмбебап екені белгілі. Интонацияның синтаксистегі синтездеу функциясын, яғни сөзді синтагмаға құрастыру, синтагманы сөйлемге құрастыру, сөйлемді күрделі фразалық тұтастыққа құрастыру рөлін айта келіп, интонацияның барлық тілдік деңгейлерге тән универсалды құбылыс екенін мойындаймыз. Бірақ сөйлем интонациясының сөйлемнің мағынасымен, оның синтаксистік, ырғақты құрылымымен байланысты тілден тілге өзгеріп, олардың стильдерінде де көп аспектілі көрініс тауып, әр алуан қырымен ерекшеленеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Сөйлеу қызметінде көрінетін интонацияның синтездеу (басын қосу) және делимитативтік (шектеу) функциясы туралы баяндаңыз.
2. Логикалық тұтастықты білдіретін бірнеше тілдік құралдарды өзара әрекеттестіріп функционалды грамматиканың модальдік ұғымына мысалдар келтіріңіз.
3. «Ұршықтай үйіріліп жүр», «төтесінен қойып қалды», «үнжырғасы түсті», «сойып қаптап қойғандай» деген фразалық тұтастықтарды семантика функционалдық грамматиканың қандай ұғымдарына жататынын анықтаңыз.
4. Дыбыстардың акустикалық мінездемесі – *күші, қарқыны, созыңқылығы* т.б. қасиеттері функционалды грамматиканың ұғымдарын беруде қандай қызмет атқарады.
5. Сөйлеу қызметіндегі кідірістің синтагмамен байланысын анықтай отырып, мағынаны даралаушы қасиетін ашыңыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Амиров Р. Особенности синтаксиса казахской разговорной речи. – А.: Наука, 1972. –180 с.

2 <http://kk.wikipedia.org/wiki>

3. <http://www.praat.org>

4. Базарбаева З. Қазақ тілі. Интонология, фонология: [жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, ізденушілерге, аспиранттарға арналған]. – Алматы : Жібек жолы, 2008. – 326 б.

### *Резюме*

В статье рассматривается проблемы комплексного компьютерного анализа казахской интонации разговорной речи.

### *Resum*

In article it is considered problems of the complex computer analysis of the Kazakh intonation of informal conversation.

## **ӨЛЕҢ СӨЗДІҢ ОРФОЭПИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИНТОНАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ**

*С.Ақымбек*

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
доценті, филол. ғ. к.*

Тілші ғалымдар арасында өлең жолдарының орфоэпиялық құрылымы, айтылу сазы, оның лингвистикалық табиғаты туралы бір пікірге келген ортақ түйін жоқ, аз-кем болғанның өзінде ұсынылатын ғылыми-әдістемелік пікірлер әр қилы келеді. Оның себебін қазақ поэзиясын арнайы түрде әдеби және тілдік тұрғыдан зерттеудің, соның ішінде орфоэпиялық және интонациялық жағынан түгендеп талдаудың болмағандығымен түсіндіруге болады. Бұл мәселе қазақ тіл білімінде ұйқас деңгейінде Абай поэзиясының негізінде қарастырылғанмен, түбегейлі де, тұлғалы түрде зерттелуі жағынан толыққанды дәрежеге жете қойған жоқ [1]. Нақтырақ айтқанда, ақын-жыраулар поэзиясындағы ұйқас сипатының ерекшеліктері мен даму заңдылықтары, оның фонеморфологиясы қарастырылғанмен, өлең тармақтары мен бунақтары, буын сандары мен тармақтардағы бунақтардың ерекше ырғаққа еніп үндесім табуы, ондағы орфоэпиялық нормалардың жүзеге асуы, сондай-ақ тілтанушылар үшін қажетті тұстары жеке аспектілерде қаралмай келеді. Бұл талдаудағы Сыр сүлейі Т.Ізтілеуұлы өлеңдерінің орфоэпиялық құрылымы өз алдына белгілі бір ғылыми ізденістердің арқауы бола алады десек те, аталған жұмыс алдағы іргелі

зерттеудің бір бөлшегі болғандықтан, оның лингвистикалық анықтамасы, құрылымы, құрылымдық бөлшектері, жүйелі заңдылық ережесі бар тілдің дыбыстық құрылымы ретінде талдану міндетке алынады.

Өлеңге тән басты ерекшелік бунақтардың өзара бір ырғаққа еніп, дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекше кешендері арқылы бұлжымайтын тұтастықты құрауында. Олай болмаған жағдайда өлеңнің айтылу ағымында ақаулық байқалып, өлеңге тән бунақ, тармақ, шумақтың тігісі сөгіледі. Өлең – бірінші кезекте ауызша айтылатын жыр моншақтары. Ондағы дыбыстық үндесім тыңдаушысына жол тауып бунақтар мен тармақтар арқылы қиюласып берілгенде ғана ерекше әуез өлеңің мазмұнына ерекше мән үстейтін болады. Өлең жолдарын тілдің табиғатына сай сөз ағымында өрнектеу айтылым қағидалары арқылы іске асады. Өлең жолдарының басты ерекшелігі сол – үндестік бунақ деңгейін қамтиды. Ал бунақтар өзара ұйқас құрап, тұтасқан жыр тармақтарын, шумақтарын жасайды. Тармақтардағы буын санына байланысты әрбір бунақта қаншалықты буын саны болуы керектігі нақты тәртіппен жүзеге асады. Яғни өлеңнің өлшеуіші бунақ пен буын, сонымен бірге маңызды рол атқаратын компонент интонация. Аталған мәселелерді өлең-жырдың дүлділі Т.Ізтілеуұлы өлеңдері арқылы шешімін табу ақынның өлеңдерін мәнерлеп айту сайыстарына да әдістемелік көмек болатыны да сөзсіз.

Ақынның өлеңдерін айтылым табиғатына жуықтатып транскрипциялау үшін соңғы кезде қазақ тіл білімінде тұрақтала бастаған арнайы шартты белгілерді пайдаланудың мәні зор. *Мәтін терімінде бунақтар мен ырғақтық топтардың ара жігін, жалпы кідірістерді /, //, /// – белгілері арқылы көрсету тәжірибесі байқалып отыр [2,67]. Біздің талдауымызға аталған белгілердің екіншісі сәйкес келеді.* Ал бір бунақ ішіне енген сөздердің тұтасып бірге айтылуын  $\cap$  – белгісі арқылы беруге болады. Жылысу құбылысы арқылы жүзеге асқан дауысты дыбыстардың түсіп қалуын ' – белгісімен таңбаланған жөн деп табамыз. Әуеннің бір қалыпты болуына, жоғарылауы немесе төмендеуіне байланысты оларды синтагмалардың жоғарғы жағынан  $\rightarrow$   $\nearrow$   $\searrow$  белгілері арқылы белгілеу тәжірибесі ұсынамыз. Мұнда таңбаның сырты бейнесі әуеннің мәніне сәйкес келеді.

Қазақ тіліндегі өлең ұйқасы тармақ ішінде буын санының бірдей келтірумен орындалады десек, ол буынды қай тілде болмасын дауысты дыбыстар құрайды. Сондықтан да дауысты дыбыстар өлең сөзге (ұйқасымына) бейне бір жан бітірерліктей әуезділік, әрі келісімді, әрі ширақ ырғақ дарытады. Сөздің сыңғырлаған үнділігі мен әуенділігі, әсерлілігі мен көркі неғұрлым мол көрінуіне мүмкіндік береді [3,130]. Ұйқас тудыруда сөз ішіндегі буыннан бастап, жекелеген дыбыстарға дейін қызмет атқарады. Яғни олар акустикалық және артикуляциялық жағынан бірдей немесе ұқсас болып келуі шарт.

Поэтикалық шығармада дауысты және дауыссыз дыбыстардың белгілі бір рет, тәртіппен тізіліп келуі ондағы ырғақтың сақталуына арқау болып, сөз әуезділігін, сөйлеу әуезділігін, жалпы өлең үйлесімділігін тудырады. Әсіресе тармақтардағы буын санының бірдей болып келуі қатаң сақталатыны бесенеден белгілі. Буын сандарының жазба тілде артып кетуі көп жағдайда сөз ағымында дауысты дыбыстардың жылысу, көмескіленуі арқылы реттеліп отырады. Байқағанымыздай, ақынның өлеңдерінде осындай ерекшеліктер молынан ұшырасады. Жоғарыда аталған шартты белгілерді пайдалану арқылы осы мәселерді ақынның өлеңдерінен нақты мысалдар негізінде шешуге күш салып көруге болады. Әрине, ол үшін Т.Ізтілеу өлеңдерінің жазылым нұсқасы мен айтылым нұсқасын жарыстыра бергенді дұрыс санаймыз. Бұл салыстыруды жеңілдету мақсатында жасалып отыр. Ал бунақтардағы буын санын жоғары регистрлі санмен көрсетіп отыру тәжірибесін қолданамыз. Осы жолмен мына өлеңді оқып көрейік.

Жазылымы: Болсандар, балаларым, хатқа ұста,  
Төрден жай аларсыңдар, тұрмай тыста.

Төр түгіл, төменнен де тимейді орын

Жүрсендер жалқаулықпен жазы-қыста. [4,30]

Айтылымы:

$\overrightarrow{\text{Болсандар}}^3 // \overrightarrow{\text{балаларым}}^4 // \overrightarrow{\text{қатқа}} \overrightarrow{\text{ұста}}^4, (11)$

$\overrightarrow{\text{Төрдөн}} \overrightarrow{\text{жай}}^3 // \overrightarrow{\text{аларсыңдар}}^4 // \overrightarrow{\text{тұрмай}} \overrightarrow{\text{тыста}}^4. (11)$

$\overrightarrow{\text{Төр}} \overrightarrow{\text{түгүл}}^3 // \overrightarrow{\text{төменнен}} \overrightarrow{\text{дө}}^4 // \overrightarrow{\text{тіймейд}} \overrightarrow{\text{орұн}}^4 (11)$

$\overrightarrow{\text{Жүрсөңдөр}}^3 // \overrightarrow{\text{жалқаулұқпен}}^4 // \overrightarrow{\text{жазы}} \overrightarrow{\text{ғыста}}^4. (11) -$

деген шумақтың бірінші тармағының үшінші бунағында қос дауысты дыбыс бір бунақ ішінде қатар тұрып айтыла береді. Олардың мұндағы басты шартты буын санын толтыру. Бұл бунақтың интонациясы да басқалардан жоғарылап барып бәсеңденуі арқылы ерекшеленіп тұрады. Ал үшінші тармақтың үшінші бунағында буын санының толымдығына байланысты дауысты дыбыстың түсіп қалуы сөз ағымында сақталуы тиісті.

Өлең тармақтарындағы бунақтардың буын санының сақталуында тұтастық заңы бар. «Қазақ поэзиясында ең көп қолданылатын өлең өлшемдері – жеті буынды, сегіз буынды, он бір буынды, алты буынды өлең, онан да қысқарақ төрт буынды өлең сиректеу кездеседі. Он төрт – он бес буынды өлеңдердің тармағы құрама болып келеді. Яғни жеті буынды екі тармақтан құралады. Тармақтың көлемінде, мөлшерінде үлкен мән бар. Айталық, төрт буынды келте тармақтар бірыңғай қолданғанда сөйлемді, сөйлемшелерді тым қысқа-қысқа құрап интонациялық, синтаксистік құрылымы жағынан үзік-үзік етіп алуға тура келер еді» [3,125] – дейді белгілі әдебиеттанушы ғалым З.Ахметов. Ақын Т.Ізтілеуұлының кестелі өлеңдерін аталған талап деңгейінде қарағанда әрбір тамақта жеті, сегіз және он бір буынды болып келетінін аңғарамыз. Соларға талдау жасап көрейік.

Жеті буынды өлең –

Жазылымы: Қас масаты қағылса,  
Күннен-күнге құлпырар.  
Шыны жүйрік наз бедеу,  
Шапқан сайын жұлқынар. [4,27]

Айтылымы:  $\overrightarrow{Қас} \overrightarrow{масаты}^4 // \overrightarrow{қағылса}^3, (7)$   
 $\overrightarrow{Күннөң} \overleftarrow{гүң} \overleftarrow{гө}^4 // \overrightarrow{құлпырар}^3, (7)$   
 $\overrightarrow{Шыны} \overrightarrow{жүйрік}^4 // \overrightarrow{наз} \overrightarrow{бедеу}^3, (7)$   
 $\overrightarrow{Шапқан} \overrightarrow{сайын}^4 // \overrightarrow{жұлқынар}^3, (7)$

Жеті-сегіз буынды өлең –

Жазылымы: Жаз болғаннан жадыға ал,  
Алдындағы қысыңды!  
Бақ құсы қонса басыға,  
Қадір тұт келген кісінді! [4,37]

Айтылымы:  $\overrightarrow{Жаз} \overrightarrow{болғаннан}^4 // \overrightarrow{жадығы} \overrightarrow{ғал}^3, (7)$   
 $\overrightarrow{Алдындағы}^4 // \overrightarrow{қысыңды}^3! (7)$   
 $\overrightarrow{Бақ} \overrightarrow{құсы} \overrightarrow{қонса}^5 // \overrightarrow{басыға}^3, (8)$   
 $\overrightarrow{Қадір} \overrightarrow{тұт}^3 // \overrightarrow{келген} \overrightarrow{кісінді}^5! (8)$

Он бір буынды өлең –

Жазылымы: Қабанға қарсы ұмтылма «ер» дегенге,  
Сортапқа тұқым шашпа «жер» дегенге!  
Отырып өрт алдында, өртенбеңдер,  
«Сабырлы, саспайтұғын кер» дегенге. [4,40]

Айтылымы:  $\overrightarrow{Қабан} \overleftarrow{ға}^3 // \overrightarrow{қарс} \overrightarrow{ұмтылма}^4 // \overrightarrow{ер} \overrightarrow{дегенге}^4, (11)$   
 $\overrightarrow{Сортапқа}^3 // \overrightarrow{тұқым} \overrightarrow{шашпа}^4 // \overrightarrow{жер} \overrightarrow{дегенге}^4! (11)$   
 $\overrightarrow{Отұрұп}^3 // \overrightarrow{өрт} \overrightarrow{алдында}^4 // \overrightarrow{өртөм} \overleftarrow{беңдер}^4, (11)$   
 $\overrightarrow{Сабырлы}^3 // \overrightarrow{саспайтұғын}^4 // \overrightarrow{кер} \overrightarrow{дегенге}^4. (11)$

Дыбыстардың бірін бірі бунақ ішінде акустикалық жақтан игеруін таңбалау үшін  $\rightarrow$  және  $\leftarrow$  белгілерін пайдалануға болады. Мұндағы бағыттамаңың нұсқауына қарап қай дыбыстың қай дыбысқа әсер етіп тұрғанын аңғару қиын емес. Осы жүйені негізге ала отырып дыбыстардың бірін бірі артикуляциялық жақтан игергенін көрсету үшін  $\rightarrow$  және  $\leftarrow$  белгілерін пайдаланамыз. Игерудің осы екі түрі қоса жүзеге асса  $\leftrightarrow$  белгісін қолдануға болады. Айтып отырған тәсілдерің тәжірибелік маңызы зор. Ықпалдардың түрлерін шартты белгілермен өрнектеу үлгілерін белгілі фонетист ғалым С.Мырзабеков ұсынған болатын [5.141].

Ақынның кейбір өлеңдері ерекше тармақты өрнекті болып келеді. Тармақаралық буын сандарының әртүрлі болып келуіне байланысты әдебиетші М.Мағауин: «...өлеңді ұзынды-қысқалы тармақтарға құру және екпінге мән беру – жырау поэзиясының ішкі мазмұнының қажеттерінен туған. Жырау

туындыларындағы әр рух, зор пафосты беруде таза 7-8 буыннан немесе 11 буыннан құрылған өлеңдер тарлық көрсетер еді», - деп өзіндік соны пікір білдіреді [6,143-144]. Аталған мәселені былай талдауға болады.

Жазылымы: Ұшқын ұшып,  
Көкті құшып,  
Тұтанбас па жарық боп!  
От жарқылдап,  
Шоқ шартылдап,  
Жалынбас па халық көп?! [4,121]

Айтылымы:  $\overrightarrow{\text{Ұшқын} \curvearrowright \text{ұшын}^4}, (4)$   
 $\overrightarrow{\text{Көктү} \curvearrowright \text{құшын}^4}, (4)$   
 $\overrightarrow{\text{Тұтам} \curvearrowleft \text{бас} \curvearrowright \text{па}^4 // \text{жарық} \curvearrowright \text{ноп}^3!}, (7)$   
 $\overrightarrow{\text{От} \curvearrowleft \text{шарқылдап}^4}, (4)$   
 $\overrightarrow{\text{Шоқ} \curvearrowleft \text{шартылдап}^4}, (4)$   
 $\overrightarrow{\text{Жалым} \curvearrowleft \text{бас} \curvearrowright \text{па}^4 // \text{халық} \curvearrowright \text{көп}^3?!}, (8)$

Мұндай буын саны әр түрлі өлеңді тыңдарманына «айналасын жұмырлап» әуезді жеткізуде интонацияның да алар орны айрықша. Аталған өрнектер арқылы тыңдарманды ой жетегіне сүйреп қана қоймай ырғақ әуені арқылы ерекше рухқа бөленеді. Тармақ ішіндегі буындардың екпінмен айтылуы да өлеңнің уытын арттырып тұр.

Т.Ізтілеуұлы өлеңдерінде қайталама тұлғалардың өзара үйлесімділігі де сақталады. Қайталама редифтердің жалпы түркі жырларында кеңінен қолданылуын белгілі зерттеуші И.В.Стеблева: «Следует специально отметить, что редиф как повторение одного того же слова на концах полустихий в тюркоязычной поэзии широко использовался потому, что многие глагольные формы являлись составными их именную часть образовывали арабские и персидские слова, а в качестве вспомогательных глаголов употреблялись слова қилмоқ, этмоқ («делать»), булмоқ, улмоқ («быть, являться»). Согласно же нормативному порядку слов тюркского предложения сказуемое (особенно его глагольная часть) всегда должно находиться в конце предложения. Поэтому использование глагола – сказуемого в качестве редифа для тюркской поэтической речи было вполне естественным, ибо сохранялись правильная синтаксическая конструкция тюркского предложения» [7,93], – деп түсіндіреді. Т.Ізтілеуов өлеңдеріндегі аяққы қайталаулардың өзіндік ерекшеліктері бар. Жалпы түсінік бойынша қазақ тіліндегі сөздің соңғы буындарында еріндік дауысты дыбыстар кездеспейді. Бұл жазылым мен айтылымның ара қатынасын жете аңғармағандықтан болған түсінік. Ал айтылымда, сөз ағымында еріндіктер буын санын қамту жағынан ешқандай шектеуге ұшырамайды. Ақынның мына өлеңіне құлақ салайық.

Жазылымы: Ақыл – тон, аңлағанға тозбайтұғын,



Ғалым – кен, күнде өніп қоздайтұғын.

Иелік екеуіне еткендердің

Жаны жоқ жер жүзінде озбайтұғын. [4,43]

Айтылымы

$\overrightarrow{Ақыл} \overrightarrow{тон}^3 // \overrightarrow{аңлаған} \overrightarrow{га}^4 // \overrightarrow{тозбайтұғұн}^4,$

$\overrightarrow{Ғалым} \overrightarrow{кен}^3 // \overrightarrow{күндө} \overrightarrow{өнүп}^4 // \overrightarrow{қоздайтұғұн}^4.$

$\overrightarrow{Ійелік}^3 // \overrightarrow{екеуінө}^4 // \overrightarrow{еткендердің}^4$

$\overrightarrow{Жаны} \overrightarrow{жоқ}^3 // \overrightarrow{жер} \overrightarrow{жүзүндө}^4 // \overrightarrow{озбайтұғұн}^4.$

Қайталама тұлғасындар еріндік жағынан үндестік тауып өлеңнің көркемдігін ерекше асырып тұр деуге болады. Болашақта қазақ тіліндегі ерін үндестігінің әсемдігін сақтап, өлеңді мәнерлеп оқу дағдылы қалыпқа айналуы қажет-ақ. Өлеңнің екінші тармағындағы екінші буында буын санын сақтап тұру үшін қос дауысты дыбыстар қатар тұр. Мұнда ырғақтың ерекше әуенге еніп көтеріңкі бәсең қалыпқа енетіні де байқалады. Бұл жоғарыда айтылған пікірімізді қуаттай түседі.

Т.Ізтілеу өлеңдеріндегі синтаксистік ерекшеліктің біріне инверсия құбылысын жатқызуға болады. Аталған құбылысты Абай тілінен зерделеген ғалым Рәбиға Сыздық былай дейді: «әдеттегі (прозадағы) синтаксистік норманы бұзып, өлең синтаксисін ерекшелендіріп тұратын фактордың бірі – ондағы сөздердің орын ауысқан тәртібі, яғни инверсия. Өлеңді сөздегі инверсияның сипаты мен себебі әрқилы: ұйқасқа бола жасалатын инверсия, белгілі бір логикалық мақсатпен орны ауыстырылған баяндауышқа байланысты пайда болған инверсия, белгілі трафаретпен кеткен инверсия т.б. болады» [8, 17].

Жалпы, бір тармақ ішінде бастауыш пен баяндауыштың және пысықтауыш, толықтауыш пен олар бағынатын мүшенің әдеттегі орындарын алмастырып келуі – жиі қолданылатын тәсіл. Қазақ поэзиясы синтаксисіне қатысты құбылыстардың бірі. Бұл инверсияны тудыратын мотивтер көбінесе – ырғақ пен ұйқас. Ал ырғақ пен ұйқас өз кезегінде орфоэпиялық нормаларды сақтап жүзеге асады. Мысалы:

Жазылымы: Не көзелдер қор болар,  
«Жақанды жолдас білем» деп.

Жиырма-отызды өткізер,  
«Жүйрік пен жорға мінем» деп.

Өзінен-өзі ұялар,

Орынсыз «ойнап-күлем» деп. [4,79],

Айтылымы:

$\overrightarrow{Не} \overrightarrow{гөзөлдөр}^4 // \overrightarrow{қор} \overrightarrow{болар}^4, (8)$

$\overrightarrow{Жақанды} \overrightarrow{жолдас}^5 // \overrightarrow{білем} \overrightarrow{деп}^3 (8).$

$\overrightarrow{Жыйырма} \overrightarrow{отыздү}^5 // \overrightarrow{өткүзөр}^3 (8),$

$\overrightarrow{«Жүйрүк} \overrightarrow{пен} \overrightarrow{жорға}^5 // \overrightarrow{мінем} \overrightarrow{деп}^3 (8).$

$\overrightarrow{Өзүнөн} \overrightarrow{өзү}^5 // \overrightarrow{ұялар}^3 (8),$

$\overrightarrow{Орұнсұз} \overrightarrow{ойнап}^5 // \overrightarrow{күлем} \overrightarrow{деп}^3 (8)–$

шумағында сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы, басыңқы сыңарларының орны алмасып тұр. Инверсиялы өлеңдерде я жолдарда ұйқас, негізінен, фонетикалық ұйқасқа құрылады. Жоғарыда көрініп тұрғандай ол – қор<sup>↗</sup>болар // білем<sup>↘</sup>деп, өткүз<sup>↗</sup>өр // мінем<sup>↘</sup>деп, ұйалар<sup>↗</sup> // күлем<sup>↘</sup>деп – көтеріңкі - бәсең, бәсең - көтеріңкі интонациямен құбылып келеді, ұйқас үнді - қатаң дыбыстардың әуенге енуі арқылы жүзеге асып тұр. Осыдан барып өлең тармақтары прозалық сөйлем жүйесімен құрылмай, ырғақ жігіне бөлініп, әуендік үйлесім құрады. Дәлірек айтқанда, тармақ ішіндегі белгілі бір сөздер ұйқастық позицияға шығады да, қалған сөздер осы ұйқас ыңғайымен тармақ ішілік әуездік үйлесіммен қайта құрылады.

Осы шағын талдауымызда Т.Ізтелеуұлы өлеңдерін мысалға ала отырып, жиі қозғалатын дыбыстық заңдылықты сөз етуге тырыстық. Аталған нормаларды сақтағанда ғана қазақы әуезге құрылған өлең шумақтары төгілетіні анық. Қарастырылған мәселелерден басқа ақынның өлеңдерінде кездесетін кірме сөздердің айтылу нормалары, толымсыз ұйқастардың интонациялық ерекшеліктері, нақыл сөздерінің айтылым жүйесі, бунақтардың айтылу қарқындылығы турасында зерттеу жасауды болашақтың еншісіне қалдырып отырмыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қалиев Б.А. Абай өлеңдеріндегі ұйқастың фонеморфологиялық құрылымы: фил. ғыл. канд. дис. – Астана, 2007. –125 б.
2. Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. –Арыс, 2004. –200 б.
3. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. –211б.
4. Ізтілеуұлы Т. Шығармалары – I том. –Алматы: Жазушы, 2007. –312 бет.
5. Мырзабектен С. Қазақ тілі фонетикасы: оқу құралы. –Алматы: Қазақ университеті, 2004. –277 б.
6. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы, 1991. – 432 б.
7. Стеблева И.В. Ритм и смысл в классической тюркоязычной поэзии. – Москва: Наука, 1993. –180 с.
8. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы: Ғылым, 1971. –175 б.

## КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ МӘНЕРЛЕП ОҚУДЫҢ СУПЕРСЕГМЕНТТІ ТӘСІЛДЕРІ

*Ақымбек Съезд*

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, филол.ғ.к.,*

*қазақ тіл білімі кафедрасының доценті*

*sezd.akymbek@kaznu.kz*

*akimbek\_sezd@mail.ru*

Қазақ тіліндегі мәнерлеп оқудың негізін құрайтын интонациялық жүйесін анықтауда оның синтагма арқылы тұтастықта тұратын просодикалық тәсілдерінің маңызын көрсеткен дұрыс. Әуен, қарқын, ұзақтылық, кідіріс, үдемелілік, тембр – интонацияның негізгі компоненттері ретінде зерттеліп келеді. Оны басқаша просодикалық тәсілдер деп те атайды [1, 35 б.]. Интонацияның аталған компоненттері сөз ағымында бірімен-бірі тығыз байланысты болып көркем сөйлеудің негізін құрайды. Сөйлеуші мен тыңдаушының тілдік бейініне қарай олардың барлық түрлері әр уақытта бәрі бірдей орын алады және бәрі бірдей тыңдаушыға анық естіледі деп айта алмаймыз. Жалпы алғанда интонацияның компоненттері тіл-тілдердің бәрінде қолданылатын ортақ просодикалық тәсіл болып табылады. Бұл компоненттер негізінен тілдердегі сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай ажыратуға қатысады.

Интонацияның компоненттері сөйлеу ағымында жеке-жеке емес, тұтасып, бір-бірімен бірігіп, кейде біреуі басым түсіп, кейде барлығы бірдей деңгейден көрініп сөйлемді ұйымдастырып, безендіріп тұрады. Әуен, ырғақ, кідіріс, қарқын сияқты танымдық тәсілдер қолданыс тілі стилистикасының барлық саласында өзінің стильдік бояуымен, көркемдігімен ерекше рөл атқарады. Көркем мәтінді дауыстап дыбыстап оқығанда просодикалық тәсілдер маңызды орынға ие. Стильдік заңдылықтар сөз сазымен сабақтасып мағынасыз, мәнсіз ойдан тазартады. Просодикалық тәсілдер арқылы кез келген сөйлеу үрдісінде, шығарма тілінде, мәтінде, тіл дыбыстарында стилистикалық бояу анық байқалады.

Интонацияның маңызды да белгілі компоненттерінің бірі – пауза немесе кідіріс. Сөйлеу ағымында болатын үзілісті пауза дейді. Кідіріс қызметіне қарай синтагмалық, физиологиялық, эмоциялық, жағдаяттық, логикалық деген түрлерге бөлінеді. Кідірістің тілдегі қызметі дегеніміз, оның бір бүтін мәтінді фразаларға, синтагма, ырғақты топ, сөздерге бөлу ғана болып қоймай, сонымен бірге интонацияның басқа компоненттерімен қосылып сөйлемдердің түрлі мазмұндық, эмоциялық т.б. қарым-қатынастарын анықтауға қатысуы деп айтуға болады.

Кідіріс акустикалық жағынан дыбысталудың тоқтағанын, физиология тарапынан артикуляцияның тыйылғанын білдіреді.

Сөйлемдегі кідірістің орнына байланысты сөздердің өзара қарым-қатынасы мен функциясы өзгеріп отыратынын С.Мырзабеков, Ә.Жүнісбек дәлелдеген. Мысалы ретінде *ағашүйдөғой және ағаш // үйдөғой* деген тіркестердің ара жігін ашып немесе жауып айтып көруге болады. Сонда ырғақтық топтар аралығындағы кідіріс ритмикалық топтар ішіндегі кідірістен 1,5 және 2 есе артық болады екен. Фразалар аралығындағы кідірістер синтагмалар арасындағы кідірістен әлдеқайда көлемдірек болып келеді. Қазір тәжірибеде кідірісті транскрипциялау үшін /, //, /// белгілерін пайдалану дәстүрі қалыптасқан. Сонымен бірге ой екпінін (~) көрсету де кездеседі.

Сөйлеу ағымын дыбыстап айту дағдысының нәтижесінде қарқынды түрлендіруге мүмкіндік аламыз. Көркемсөз шеберлері мәтіннің тегіне байланысты қарқынды жылдам өзгерте алады. Мысалы бір жайтты нақтырақ айту қажет болғанда сөзбен сөйлемдерді анық айтуды сақтаумен қатар өте жоғары жылдамдықпен айту қажет болады. Басқа жағдайда мәтін жанры сөзді дыбыстау жылдамдығын баяулатуды талап етеді. Сөзді дыбыстағанда баяу дыбыстау – қарапайым әрі кең таралған тәсіл болып шығады. Осындай тәсілмен дыбысталған сөздер ерекшеленеді және қосалқы эмоцияға немесе мағынаға ие болады.

Қарқынның құбылып тұруы көркем әдебиет стиліне тән болып келеді. Негізінен бұл мәтіндердің қарқыны орташа деп анықталады, минутына 70-80 сөз. Ал ойнақылықты қажет ететін әзіл әңгімелерде минутына 90 сөзден асады. Ауызекі сөйлеу тілі стилінің қарқыны 70–80 сөз аралығын қамтып отырады. Сонымен бірге қарқынның мөлшері туралы сөз қозғағанда сөйлеушінің жеке бас қасиеттері мен экстралингвистикалық себептерге назар аударып отыру да қажет. Қазір тәжірибеде қарқынды жазба мәтінде транскрипциялау үшін \_ \_ \_ \_ \_ , , ..... белгілерін пайдалану дәстүрі қалыптасқан. Таңбалардың тәртібі баяудан жылдамға қарай орналасқан.

Интонацияның басты құрамдас бөлігі – әуен. Әуенсіз ауызекі сөйлеу тіліндегі сөйлем ешбір тиянақты ойды білдіре алмайды. Түптеп келгенде, сөйлеу тілінің ағысын бөлшектерге мүшелеп жіктейтін де, олардың басын қосатын да әуен мен кідіріс. Екіншіден, сөйлемдердің коммуникативтік түрлерін анықтауда, яғни олардың айтылу мақсатына қарай (хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті) бөлінуінде үлкен қызмет атқарады. Үшіншіден, грамматикалық және лексикалық тәсілдермен қосылып сөйлемдердің жалпы мағынасын беруге, оның стильдік ерекшеліктерін анықтауға қатысады. Төртіншіден, сөз тізбектерінің синтагмалық жинақталуымен қосылып, сөйлемнің логикалық және эмоциялық мазмұнын жеткізуде маңызы зор. Қазір тәжірибеде әуенді жазба мәтінде транскрипциялау үшін —→, —→, —→ белгілерін пайдалану дәстүрі қалыптасқан. Таңбалардың пішіні қалыпты, жоғары немесе төмендейтінін көрсетеді.

Аталған просодикалық тәсілдер экспрессивтік қызмет атқарады, осы сөйлеудің дыбыстық жағы барлық сөйлеу мәтіндерінде тыңдаушыға алуан түрлі эмоционалды әрі экспрессивті әсер бере алады. Көркем әдебиет тілінің де, әдеби тілдің де негізгі материалы – халық тілі, халық тілі байлығының барлық қатқабаты. Сондықтан дәуірлер бойы қалыптасқан нешеме түрлі көркемдік амалдар сөз орайына сәйкес үйлесімін тауып қолданысқа түсіп жатады.

Мәнерлеп оқу кезінде барлық стильдік ресурстар пайдаланылады, оның басты белгілеріне аса бейнелі тілдік бірліктер: метафора, фразеологиялық тіркестер; тура мағынадағы сөздің ауыспалы мағынаға ауысу қабілетінің күштілігі, сөз тіркестерінің семантикалық қызметінің шексіздігі жатады. Көркем оқуда ұтымды сөздер, фразалар мен мақал-мәтелдермен қатар лексиканың түрлі қатпарлары да пайдаланылады. Онда әдеби нормадан жөнді-жөңсіз және мақсатты-мақсатсыз ауытқулар да көп ұшырайды, сондықтан мәнерлеп оқу үлгісінің нақты бір жалпыға ортақ үлгісі қалыптаспағаны көрінеді.

Сөйлеу ағымында мәтін құрылуы мен жасалуында қызмет атқарып, әрі ондағы айтылған сөздің коммуникативтік мағынасын, эмоциялық-экспрессивтік қырларын анықтауда сөз әуенінің жоғарылауы мен төмендеуі, сөз бөлшектерінің белгілі бір уақыт аралығындағы ұзақтылығы мен, сөз ағымындағы кідіріс, айтылымының қайсыбір бірлігін ерекшелеп тұлғаландырудағы қарқын және де адамның көңіл-күйі ахуалын жеткізудегі тембр деген тәрізді интонация компоненттерінің, яғни просодикалық тәсілдердің орны бөлек.

Көркем әдебиетті мәнерлеп оқу кезіндегі просодикалық тәсілдерді дұрыс пайдалана білу, сөздің мағыналы әрі мәнді болуына әсер етеді. Осының қаншалықты іске асыруға болатынын тексеру үшін білім алушылармен біріге отырып мәтінге мынадай транскрипция жасап көрдік.

Жазба нұсқасы:

*Ертеректе жасы тоқсанға келген бір хан елінің аса көрікті жас қызына көңілі ауып, сол қызды жар етпек оймен құда түсуге адамын жіберіпті. Қыздың әке-шешесі жаушыдан хабарды естіп, не деп жауап беруге сөз таба алмапты. Сонда қыз хан жаушыларына жұмбақтап былай деген екен:*

*– Менің құным – он қозы, жиырма бөрі, отыз нар, қырық ардагер, тоқсан дорба.*

*– Қыздың бұл жұмбағын құда түсуге барғандар ханға айтып келеді. Бұны хан да, нөкерлері де шеше алмапты. Кейін сол елдің бір ділмар шешені былайша шешкен екен:*

*– Он қозы дегені – адам он жасында секірген қозыдай болады. Жиырма жасында қайтпас қасқырдай, отызда толысып, нардай болады дегені, ал қырықта елге қадірі артады, елуде елде арқыраған айғырдай боласың, алтыс жаста ат тайса, жетпісте ноқталы малдай, сексенде шідерлі аттай*

тұсаласың. Тоқсан дорба дегені тоқсанға келгенде ілініп қалған қу сүйекке теңелесің дегендерді меңзеген.

Бұл шешуді естіген хан өз уақытының өткенін, кәріліктің жеңгенін мойындағандай «аһ ұрып» төсегіне құлаған екен.

Айтылу нұсқасы:

Ертеректе // жасы тоқсанға гелген / бір хан // елінің аса гөрүктү /  
жас қызына / көңіл ауу // сол гызды / жар етпег оймен / құда түсүүгө /  
адамын жіберіпті /// Қыздың әке-шешесі // жаушыдан хабард° естіп //  
не деб жауап перүүгө // сөс таб алмапты /// Сонда гыз //  
хан жаушыларына / жұмбақтап / былай деген екен ///

- Менің гүнүм ~ // оң гозү // жиырма бөрү // отыз нар // қырыг ардагер  
// тоқсан дорба ///

- Қыздың / бұл жұмбағын /// құда түсүүгө барғандар /  
ханг° айтып келет° /// Бүнү // хан да ~ // нөкөрлөрү де ~ // шеш алмапты.  
Кейін / сол елдің / бір ділмар шешені ~ / былайша шешкен екен ///

- Оң гозү дегені ~ // адам / он жасында / секіргең гозұдай болат° ///  
Жиырма жасында // қайтпас қасқырдай // отызда тол°сұп //  
нардай болат° / дегені // ал / қырықта / елге / қадірі артат° // елүүдө / елде  
/ арқыраған айғырдай боласың // алпыш шаста // ат тайса // жетпісте /  
ноқталы малдай // сексенде / шідерл° аттай тұсаласың ///  
Тоқсан дорба дегені ~ // тоқсанға гелгенде // ілініп қалған /  
қуу сүйөккө теңелесің // дегендерді меңзеген ///

Бұл шешүүдү / естіген хан // өз уақытының өткөнүн //  
кәріліктің жеңгенін / мойындағандай // «аһ ұрып» ~ //  
төсөгүнө құлаған екен ///

Бұл мәтіндердің көркем шығармадан алынғандығын аңғару қиын емес. Бұл стильдің мынадай ерекшеліктерін танытуға болады: 1. Оқиғаны, баяндап қана қоймай, сезімге де әсер етеді. Мысалы: қуану, өкіну, тандану т. б. сияқты сезімдер тебіренуден туындайды. 2. Кейіпкердің өз сөздерін де қолданылады. Тілдің суреттеме және көркемдегіш сөздері жиі кездеседі. 3. Тілдік барлық қасиеттерін еркін қолданады. Ал бұл мәтінді оқырман дұрыс оқып түсінуде тыныс белгілерімен қатар, әуен, қарқын, ұзақтылық, кідіріс, тәрізді

просодикалық тәсілдер, сонымен бірге кейде орфоэпиялық нормалар қатарында қарастырылатын түрлі үнем заңдарының маңызы өте зор.

Сөйлеу тілінің басқа да бірліктері сияқты мәтін интонациялық тұрғыдан қарастырғанда да бір бүтін тұтастық болып саналады. Ол өз алдына бір-бірінен мәтінішілік басқа кідірістерден ұзақтылығы жағынан көлемдірек дауыс кідірістерімен ажыратылатын күрделі синтаксистік тұтастықтардан тұрады. Ал әрбір синтаксистік тұтастықтардан да өзіндік интонациясы байқалады. Әңгіменің бастауы мен аяғын білдіретін, яғни оны көмкеріп тұратын сөйлемдердің интонациясы оның тақырып өрбуіне қызмет ететін ортаңғы бөлімнің құрамындағы бірліктердің айтылу сазына баяуырақ, анағұрлым бәсең, ұзақтылығы молырақ, едәуір күшті, салмақтырақ болады. Суперсегменттік деңгей болып саналатын интонацияның көрініс табатын жері – мәтін. «Жазба тілдегі шығармашылық үрдісте әр автор, әр жазушы жазып отырған мәтінді, яғни жазба тілін әр уақытта ритмикалық топтарға бөліп қана қоймай, оның интонациясын да «естіп» отыратыны табиғи жайт», «...бір мәтінді әркімнің әр түрлі оқуы сол мәтіннің мазмұнын жете түсінбеуінен болатын сияқты. Мұндай жағдайда ол мәтіннің мазмұны да ауытқып кетуі әбден мүмкін» деп атайды [1, 94 б.].

Күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы біркелкі, бірыңғай, бір сарынмен жасалған байланыстарды көрсететін интонация бірыңғай мүшелердің интонациясымен ұқсас, сәйкес келіп отырады. Ал созылыңқылығы ұзынырақ синтаксистік кідірістен соң жалпылауыш мағына үстеп тұрған немесе ой қорытындысын білдіріп тұрған сөйлемдер айтылады. Кейде мұндай кідірістер күрделі синтаксистік тұтастықтардың мағыналық топтарының ара жігінде, әсіресе қарама-қайшылық, салыстыру, салғастыру және градация көріністерінде болуы мүмкін.

Дегенмен, интонация мен синтаксис арасындағы тығыз байланыс бар, өйткені тілдің суперсегменттік деңгейі болып қарастырылатын интонация бірліктері сегменттік деңгейдің үстінен келіп, мәтіндегі синтагма мен сөйлемдерде көрініс табады. Бірақ ол екеуі арасындағы күрделі қатынас айтылған ойдың мағынасын бірді-біреуінің, бірде екіншісінің тура жеткізіп отыратынымен ерекшеленеді.

Просодикалық тәсілдер басқа тілдік бірліктерден оқшауланып көрініп тұрады. Дыбыстың айтылу сазы, стильдік мәнер, оқырманға әсер ету, дыбыстық үйлесімділік көркем әдебиет стилінде басты рөлді атқарды. Дыбыс үйлесімділігі буындардың әуенділігі, эстетикалық мақсатқа сай іріктеліп, ойды жеткізудегі амал ретінде қызмет атқарады. Көріп отырғанымыздай интонация көркем мәтін стилінде де үлкен рөл атқарады: әр түрлі стиль мен жанр түрін ыңғайда безендіреді, мәтінді әр түрлі мағыналық бөліктерге бөледі, тыңдаушыға эмоционалды-эстетикалық қырынан әсер етеді, фразалық

байланысты қамтамасыз етеді. Интонация көркем мәтінді бейнелеу қызметін атқарады. Жеке тілдегі интонация ерекшелігі, ең алдымен, сөздік екпін типімен тығыз байланысты: бұның өзі интонация бөліктерінің функциялық жүгінің әр түрлі бөлінуіне байланысты болады.

Г. Смағұлова: «Суреттеу - оқиғаның бір детальдық сипатын беруде және шектеулігі бар, сондай-ақ кейіпкердің іс-әрекетімен қатар баяндалуы» дейді. Берілген анықтамалардың ең нақтысы осы болып табылады. Көркем туындыдағы қаһарманның характереологиялық-психологиялық болмысы көркемдіктің көптеген бояулары арқылы көрініс табатыны белгілі. Баяндау ағымында кездесіп отыратын түрлі монолог, диалог және суреттеу амалдарының барлығы кейіпкердің характерін сомдап, психологиясына үңілдіруге ұмтылатыны мәлім [2,13 б.]. Осындай ерекшелікті жоғарыда талданған мәтіннен көрінетін ханның амал-әрекетін байқауға болады.

Б. Шалабай: «Ірі тұрғыдан әңгімелеу мен суреттеу – болмысты жақын қашықтықтан шектеулі кеңістік пен уақыт ішінде бейнелеу деген сөз. Баяндаудың өз алдына бөлек формасы түріндегі суреттеуде оқиға жақын қашықтықтан алынады. Ол ірі орта және жалпылама түрде беріледі. Ірі тұрғыда суреттеу табиғатты, қоршаған ортаны бейнелеуде, кейіпкер портретін жасауда, оның ішкі көңіл-күйін беруде қолданылады. Ірі тұрғыдан алу жоғары дәлдікке, толықтай бейнелеуге жеткізеді» дейді [3,20 б.]. Осындай жағдайды ашып көрсету үшін мәтіндегі қыздың айтқан сауалына қосымша тон қосып, салмақтап, дыбыстың күшін арттыруға болады.

«Интонация синтаксистік және лексика-семантикалық құралдарымен тығыз байланысты бола отырып, сөйлесім мен мәтінді жасайды» деп жазады Г.М. Әзімжанова [4, 40 б.]. Сөйлеу кезінде жоғарыда көрсетілген бунақтар бір-бірімен өзара қатынасқа түсіп айтылады да, синтаксистік талдау кезінде сөйлем мүшелері түрінде көрінеді. Сонда бастауыш пен баяндауыш, анықтауыш пен анықталатын сөз, толықтауыш пен толықталатын сөз, пысықтауыш пен пысықталатын сөз бір ырғақпен айтылады да, ритмикалық топ құрайды. Соның өзінде олар міндетті түрде іргелес, көрші тұруға тиіс, араларына көбірек сөз енген сайын олар тұтастығынан айырылып, ажырап кетеді. Жоғарыда аталған мәтінге қарай отырып бастауыш пен баяндауыштың алшақ немесе іргелес тұрып қиысуына байланысты кідрістің те қойылу тәртібі өзгеруін байқауға болады. Әрине, мәтінде көрініс тапқан басқа да дыбыстық құбылыстарға қатысты талдау жұмысын толық бергенмен, сараптауда көрсетпегеніміз рас. Жалпы осы саламен айналысып жүрген тілші ғалымдарға түсінікті болғандықтан қалдырып отырмыз.

Қорыта келгенде, қазақ тілінің интонологиялық жүйесі көркем оқылған мәтінді толық транскрипциялаудың әдістемелік жағын толық жетілдіріп болды деуге болады. Оны болашақта оқу үдерісінде пайдаланып насихаттау уақыт еншісінде.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Базарбаева З.М Қазақ тілі интонациясының негіздері. – Алматы, 2002. – 202 б.
- 2 Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 112 б.
- 3 Шалабай Б. Көркем проза тілі. – Алматы, 1994. – 206.
- 4 Әзімжанова Г.М. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті.– Алматы: 2007. – 40б.

*Резюме: Статье рассматривается роль просодических способов выразительной чтении художественной литературы. Дается четкое описание возможности пути решения.*

*Resume: The resume: to Article the role prosodics expressive fiction reading is considered ways. The accurate description of possibility of a way of the decision is given.*

### Қазақ тілінің лексика-семантикалық сипаты

**А.Тасымов**

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, филол.ғ.к.,  
қазақ тіл білімі кафедрасының доценті*

*В данной статье рассматривается вопрос лексико-семантического строя и фонетики казахского языка. Автор уделяет внимание правописанию и на правильное произношение казахских слов, на орфоэпию слов, приводит примеры из научных трудов указанных авторов.*

*This article considered the question of a lexico-semantic system and phonetics of kazakh language. The author pays attention to spelling and on the correct pronunciation of the kazakh words, on orthoepy of words, gives examples from scientific works of the specified authors.*

Қазақ тілінің лексика-семантикалық сипаты фонетикалық жүйесі жағынан көп қырлы екені белгілі. Оны үйрену, игерудің өзі бірнеше сатыға бөлінеді. Тіл дыбыстарының табиғатын тануда біз А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбановтардың еңбектерінен аттап өте алмаймыз. (А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш», Қ.Жұбанов «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер»). Аталған ғалымдардың еңбектері өткен ғасырдың алғашқы жартысында сауатсыздықты жоюда үлкен рөл атқарды.

Тілдік қарым-қатынасында қызмет ететін негізгі тұлға – **сөз**. Сөздің сөйлеу үрдісіне қатысты тілдік, қатысымдық қасиеттеріне тоқтала келіп, оны әр қырынан қарастырады. Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі академик І.Кеңесбаев: «Сөз – дыбыстық форма мен мағынаның тұтастығы, заттың, құбылыстың жинақтық белгісі», - дейді. Сөздің ішкі бірлігі оның тек фонетикалық және грамматикалық құрамын ғана емес, сонымен бірге оның мағыналық жүйесінің бірлігін қамтамасыз етеді. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы, көп мағыналы сөздер, олардың ерекшеліктері – тілдің ұзақ даму кезеңдерінің нәтижесі деп түсінген жөн. Тілдің қарым-қатынастың басты ұйытқысы **сөз** болғандықтан тілді меңгеру ең алдымен сөздік қорға байланысты. Сөйлеу атаулының барлығы да сөзден басталатыны белгілі. Сөз мәдениеті, дұрыс сөйлеу мәдениеті, сауатты жазу дағдысы дегендерді тек бөлінген сағаттың бойында үйреніп шығуға болмайды. Бұл тақырып академик Р.Сыздықованың «Сөз сазы» (сөзді дұрыс айту нормалары) 1995 ж. «Санат» атты кітабында толық түсіндіріледі.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін алғаш негіздеген ғалым А.Байтұрсынов «Тіл құрал» атты еңбегінде тіл дыбыстарын тілдің негізінде емес, сөйлеудің негізінде түсіндіреді. Сөйлеудің сөйлемнен, сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстардан тұратынына ерекше мән беріп, нақты ғылыми дәлдікпен айқындайды. Әр дыбыстың сөз басында, сөз ішінде, сөз аяғында келу тәртібі мен естілу жолына ерекше назар аударады. Академик Ә.Қайдаров «Толғауы тоқсан қызыл тіл» деп марапаттағанда біз көбінесе тіліміздегі сөздердің санын, айтылатын ой-пікірімізді жан-жақты түсіндіруге қажетті сөздердің одан табылуын ескереміз. Бірақ ана тіліміздің қорында қанша сөз барлығын және оның қандай бұлақтардың қайнар көзінен нәр алып, толассыз байып отыратынын баршамыз біле бермейміз. Сөз бен тіл әдетте синоним ретінде қолданылады. Бірақ тіл, әрине, ауқымы жағынан сөзден әлдеқайда кең ұғым. Қоғамдағы барша жанның қауымдаса өмір сүруіне қажетті қатынас құралы – тіл десек, сөз соның ең негізгі элементі болып саналады. Дегенмен, тіл мен сөз соның «тіл байлығы» деген ұғымдарға байланысты бірінің орнына бірі айтыла береді. Ұғым логикалық категория да, сөздің формасы мен мағынасы грамматикалық категория. Ұғым мен сөз бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ органикалық бірлікте емес. Сондықтан да әр халықтың тілі әр басқа. Тілде қолданылатын атауыш сөздер бір-бірімен тіркесіп сөйлем құрамында қолданылу процесінде әр тіл өзінің ішкі даму заңына сәйкес әр алуан өзгеріске түсіп, тілдің грамматикалық құрылымы қалыптасады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздардың қолында» деп бекер айтпаса керек. Қазіргі таңда қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық өзгерістер білім саласына да өз әсерін тигізуде. Заман талабына жастардың, студенттердің шығармашылық ойлауын, жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыту негізгі мәселе болып отыр. Сол себепті оқу үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану қажеттілігі туындады. Білім беру стандартына сай дәстүрлі оқытудың орнына оқытудың жаңа технологияларын қолдану басымдылық алуда. Әр халықтың тілінің өзіне ғана тән дыбысталу заңдылықтары болады. Ол ерекшеліктер сақталмаса, сол

сөздің табиғатына нұқсан келеді деген сөз. Осындай құнды, әрі қымбатты тіліміздің қазіргі жағдайын, әсіресе үндестік заңымыздың бұзылып, қазақы сөздерін дұрыс айта алмаушылық етек алып, сөздерді қалай жазылса солай оқу, айту қалыптасып барады. Бұл жағдай күнделікті көріп, естіп жүрген радио, телехабарларда жиі кездесетіні өкінішті-ақ. Мысалы: *Сіздің репертуарыңыз оныға жетті.* (дұрыс айтылуы – *оңға жетті*). *Мен сіздің әндеріңізді өте жақсы көремін.* (дұрыс айтылуы – *мен сіздің әндеріңізді өте жақсы гөрөмүн*). Күнделікті телехабарлардан естіп жүрген мұндай орашалақ сөздер мен сөз тіркестерін жалғастыра беруге болады.

Профессор Р.Сыздықова – сөздерді сөйлеу ретінде бір-бірімен қиюластырып, екпінін дұрыс қойып, дұрыс дыбыстай білу керек дейді. Тілдегі дыбыстардың санын, сапасын айыру, дыбыстық заңдарды білу, дұрыс жазу және дұрыс айту – тілді меңгерудегі ең негізгі шарттар. Қазақтың тіл меңгеруді мектептен аяқтайтынын ескерсек, фонетикалық білім, біліктің маңызын жете түсінуге тиістіміз. Мектеп бітірушілердің кейбіреулері (бәрі деуге болмас) сөзді дыбысқа, буынға ажырата алмайды; дыбыс пен әріптің арасын парықтай алмайды; айтылымнан (орфоэпия) хабары да жоқ деуге болады; дыбыстық заңдардың мәнін түсінбейді. Бұған мектеп шәкірті кінәлі емес. Бұған оқытатын мұғалімдеріміз кінәлі екендігін мойындағанмыз жөн, жоғары оқу орнын бітіргендердің көбі ауылды жерде жағдайы болмағандықтан қалада қалып әр түрлі қызметтерде жүргендері жасырын емес. Ал ауыл балаларының деңгейі өте төмен, түк білмейді деп жалпылама айтылатын пікіріне қосыла алмаймыз. Ауылда да небір талантты да талапты, озат оқытын балалар көптеп кездеседі. Оған мысал ретінде атақты ақын-жазушыларымыз, академиктеріміздің ауыл мектептерінің түлегі екендігінен хабардармыз. Олардың аты-жөндерін еліміз білетіндіктен қайталамадық.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Ә.Қайдар «Ғылымдағы ғұмыр». Алматы: «Атамұра», 2014.
2. Р.Сыздық «Қазақ тілінің анықтағышы». Астана: «Елорда», 2000.
3. С.Мырзабеков «Қазақ тілінің дыбыс жүйесі». Алматы, 1999.